Жылдық

Тұрақты даму туралы Есеп



FREEDOM

2024

Мазмұны

1

Кіріспе

Есеп туралы 4

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының үндеуі 6

Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі 8

Компанияның даму тарихы 10

2

Freedom Holding Corp. бүгінгі таңда

Компания туралы 13

Қызмет географиясы 14

Цифрлық экожүйені құру 15

Құрылған және бөлінген экономикалық құн 23

Мүдделі тараптармен өзара әрекет 24

3

Тұрақты дамуды басқару жүйесі

Тұрақты дамуды басқару тәсілі 29

Маңыздылықты бағалау 33

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес 34

4

Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жүйесі 41

Тәуекелдерді басқару 52

Климаттық тәуекелдерді бағалау 54

Іскерлік этика және комплаенс 60

5

Қызметкерлерге қамқорлық

Қызметкерлерді басқару жүйесі 67

Адам құқықтары 75

Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау 78

6

Қызмет ету өңірлері мен жергілікті қауымдастықтардың дамуына

Әлеуметтік инфрақұрылым және қауымдастықтарды қолдау 80

Білім беру және технологиялар 83

Спорт және салауатты өмір салты 87

Экологиялық бастамалар 90

Мәдениет және өнер 91

Өзге жобалар 92

7

Қоршаған орта

Экологиялық әсерді басқару тәсілі 94

Климаттың өзгеруі 98

Энергия тұтыну және энергия тиімділігі 104

Су ресурстарын пайдалану 106

Қалдықтарды басқару 107

8

Қосымшалар

1-қосымша: GRI көрсеткіші 109

2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі 122

3-Қосымша. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар 125

4-қосымша: Терминдер сөздігі 126

5-қосымша: Тәуелсіз тәжірибеші маманның есебі 128

FREEDOM

Ескертпе: Тұрақты даму есебінің осы мәтіні аударма болып табылады.

Кіріспе



Есеп туралы 4

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының үндеуі 6

Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі 8


Компанияның даму тарихы 10

Есеп туралы

GRI 2–3

Осы Тұрақты даму туралы есеп (бұдан әрі – «Есеп») Freedom Holding Corp.компаниясының (бұдан әрі – Компания) төртінші есебі болып табылады және онда Компанияның 2025 жылғы 1 сәуірден 2026 жылғы 31 наурызға дейінгі есепті кезеңдегі (бұдан әрі – «есепті кезең») тұрақты даму саласындағы қызметінің нәтижелері туралы ақпарат қамтылған. Ашылатын деректердің сапасы мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында Есеп Жаһандық есептілік бастамасының (Global Reporting Initiative, GRI) 2021 жылғы GRI стандарттарының шоғырландырылған жиынтығына сәйкес дайындалды. Есепті дайындау кезінде мүдделі тараптарды тұрақты даму саласындағы көрсеткіштер туралы хабардар ету үшін Тұрақты даму саласындағы есеп стандарттары жөніндегі кеңестің (SASB) стандарттары да пайдаланылды. Сонымен қатар, Есеп мынадай бастамалардың ережелері ескеріле отырып дайындалды:

- БҰҰ-ның Жаһандық шарты (БҰҰ ЖШ);
- БҰҰ Бас Ассамблеясы 2015 жылы қабылдаған БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібі.



Есептің шекаралары

GRI 2–2

Есептің шекаралары қоршаған ортаға, қоғамға және/немесе экономикаға елеулі әсер ететін еншілес ұйымдарды қамтиды. Шоғырландырылған деректер мынадай компанияларға қатысты ашылды (бұдан әрі – Есептік топ):

- Freedom Holding Corp.;
- «Фридом Финанс» АҚ;
- «Freedom Finance Global PLC» ЖК;
- Freedom Finance Europe Ltd.;
- Freedom Finance Armenia LLC;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ;
- «Freedom Life» ӨСК» АҚ;
- «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ;
- «Freedom Technologies» ЖШС;
- Freedom Telecom Holding Ltd.;
- «Arbuz Group» ЖШС;
- «Freedom Шапағат» КҚ.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдары, оның ішінде осы Есептің қамту шекараларынан тыс орналасқан еншілес ұйымдар бұдан әрі Топ деп аталады.

Тәуелсіз растау

Freedom Holding Corp. компаниясы 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 2025 жылғы 1 сәуірден 2026 жылғы 31 наурызға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму туралы есебіндегі тұрақты даму көрсеткіштері бойынша ашылған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділік деңгейімен сыртқы растау рәсімін жүргізу үшін «Делойт» ЖШС-ні тартты. Растаудың бұдан әрі мән-жайы 5-Қосымша: Тәуелсіз тәжірибеші маманның есебінде берілген.

Болжамды деректерді жариялауға қатысты жауапкершілікті шектеу туралы мәлімдеме

Осы Есепте және оған байланысты кез келген талқылауларда АҚШ-тың 1995 жылғы Жеке бағалы қағаздар бойынша сот ісін жүргізуді реформалау туралы заңының мағынасындағы болжамды сипаттағы белгілі бір мәлімдемелер қамтылған. Тарихи фактілер туралы мәлімдемелерді қоспағанда, барлық мәлімдемелер болжамды сипатқа ие. Мұндай мәлімдемелерді «ұмтыламыз», «ниеттіміз», «күтеміз», «назар аударамыз», «сенеміз», «міндеттенеміз», «қолымыздан келеді», «қол жеткізуге ұмтыламыз», «қамтамасыз етеміз», «бағалаймыз», «мақсат», «мүмкін», «мүмкін болар еді», «іздейміз», «стратегия», «нысаналы көрсеткіш», «басымдық», «міндет», «ұсынамыз» және «болады» деген сөздер мен сөз тіркестері, сондай-ақ мағынасы ұқсас сөздер мен сөз тіркестері арқылы тануға болады. Болжамды сипаттағы мәлімдемелерге біздің болашақ нәтижелерге қатысты ұмтылыстарымызды немесе пайымдарымызды, сондай-ақ жоспарларымызды, мақсаттарымызды, стратегияларымызды және нысаналы көрсеткіштерімізді көрсететін мәлімдемелер жатады. Олардың ішінде ESG мақсаттары, нысаналы көрсеткіштер, міндеттер, басымдықтар, қағидаттар, ұмтылыстар, стратегиялар мен саясаттар; Компанияның тұрақты даму саласындағы мақсаттары, міндеттемелері мен бағдарламалары; саясаттардың күтілетін енгізілуі және оларды енгізудің күтілетін салдары; әлеуметтік мақсаттар, бағдарламалар мен міндеттер; ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерінің ауқымы және әсері; сондай-ақ үшінші тұлғалардың стандарттары мен күтулері, басшылықтың этика, адам құқықтары, тұрақты даму және қоршаған орта, қызметкерлер, бизнес, деректердің құпиялылығы мәселелері және тарихи фактілерге жатпайтын өзге де мәселелер жөніндегі жоспарлары мен стратегиялары қамтылады.

Болжамды сипаттағы мәлімдемелер біздің ағымдағы болжамдарымыз бен күтулерімізге негізделеді, болашақ нәтижелерге кепілдік бермейді және белгілі әрі белгісіз тәуекелдер мен белгісіздіктерге байланысты, олардың көпшілігі біздің бақылауымыздан тыс болуы мүмкін. Оқырмандар мұндай мәлімдемелерге шамадан тыс сүйенбеуі тиіс. Көптеген тәуекелдер, белгісіздіктер мен жорамалдар нақты нәтижелердің, оның ішінде нысаналы көрсеткіштерге, мақсаттарға немесе міндеттемелерге қол жеткізу нәтижелерінің болжамды сипаттағы мәлімдемелерде көрсетілген нәтижелерден елеулі түрде ерекшеленуіне әкелуі мүмкін. Мұндай тәуекелдерге, басқалармен қатар, Компанияның мәлімделген ESG мақсаттарына және тұрақты даму саласындағы мақсаттарға, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу, стратегияларды, міндеттемелер мен ұмтылыстарды іске асыру қабілеті; Компанияның ESG жоспарлары мен көзделген іс-қимылдарын іске асыру мүмкіндігі немесе олардың тиімділігі; сондай-ақ Компанияның 10-К нысаны бойынша соңғы Жылдық есебінің 1А-бөлімінде, кейінгі тоқсандық есептерінде және АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясына (SEC) ұсынылған өзге де құжаттарда көрсетілген тәуекелдер жатады. Компания болжамды сипаттағы қандай да бір мәлімдемеде көрсетілген немесе тұспалданған нәтижелерге қол жеткізілетініне немесе оларға елеулі дәрежеде қол жеткізілген күннің өзінде, мұндай нәтижелердің болжанған немесе күтілетін салдарлар мен әсерлерге әкелетініне кепілдік бере алмайды. Компания өзінің есептілігіндегі болжамды сипаттағы мәлімдемелерді бағалау кезінде жоғарыда көрсетілген немесе осы және өзге де есептерде қарастырылған барлық тәуекелдерді, белгісіздіктер мен факторларды мұқият ескеруге шақырады. Болжамды сипаттағы мәлімдемелер олар ұсынылған күнгі жағдай бойынша жасалған және Компания жаңа ақпаратқа, кейінгі оқиғаларға, мән-жайларға немесе өзге де себептерге байланысты оларды жаңарту міндеттемесін өзіне алмайды. Компания сондай-ақ мезгіл-мезгіл қосымша болжамды сипаттағы мәлімдемелер жасай алады. Біз немесе біздің атымыздан кейіннен жасалған барлық осындай жазбаша немесе ауызша мәлімдемелерге де осы ескерту ережелері тікелей қолданылады.

Есептегі деректер әртүрлі дереккөздерден, оның ішінде ішкі және жалпыға қолжетімді дереккөздерден алынған әрі бағалаулар мен жорамалдарға негізделген, сондықтан оларда сөзсіз белгілі бір дәрежеде белгісіздік бар. Мұндай деректер сыртқы аудиттен, растаудан немесе тексеруден өтпеген. Оларға шамадан тыс мән беру ұсынылмайды.

Есептегі ақпарат Компанияға ішкі және сыртқы дереккөздер ұсынатын деректердің сапасы мен толықтығына байланысты және шамамен алынған немесе бағалау сипатындағы болуы мүмкін. Есептің бөлімдері бойынша деректердің қолжетімділігі әртүрлі болуы мүмкін. Компанияның мақсаттары мен міндеттемелерінде оларға қол жеткізу үшін жылдар немесе ондаған жылдар қажет болуы мүмкін әрі мүлдем қол жеткізілмеуі де ықтимал ұзақ мерзімді сипаттағы элементтер қамтылған.

Есепте сондай-ақ әртүрлі ESG көрсеткіштері, оның ішінде Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша шығарындылар туралы деректер келтірілген. Бұл деректердің бір бөлігі Есеп жасалған күнгі бағалауларға, жорамалдар мен белгісіздіктерге негізделген. Scope 1 және Scope 2 бойынша шығарындылар туралы деректер негізінен біздің өз қызметімізден туындайтын шығарындыларға қатысты болса, Scope 3 бойынша деректер басқа ұйымдардың шығарындыларына қатысты, сондықтан олар бірқатар қосымша белгісіздіктермен байланысты.

Егер өзгеше көрсетілмесе, Есепте қамтылған парниктік газдар шығарындылары туралы ақпарат біздің ішкі жүйелеріміздің деректеріне, сондай-ақ жалпыға қолжетімді ақпаратқа, оның ішінде Парниктік газдардың ұлттық кадастрларына арналған 2006 жылғы КӨҮСТ нұсқаулығына, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерін бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ жекелеген қайта есептеу коэффициенттеріне негізделген. Мұндай деректер әртүрлі дереккөздерден алынатындықтан және белгілі бір бағалаулар мен жорамалдарға тәуелді болғанықтан, тиісті бағалауларға белгісіздіктің сөзсіз белгілі бір дәрежесі тән. Сонымен қатар Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша шығарындыларды есептеуге және жіктеуге қатысты халықаралық стандарттар мен хаттамалар әртүрлі болуы мүмкін әрі әлі де дамып келеді, бұл осы деректерге қатысты қосымша белгісіздік туғызуы мүмкін. Бұдан бөлек, Компания қолданатын деректерді жинау және талдау әдістерінің дәлдігіне байланысты тәуекелдер мен белгісіздіктер бар және бұл әдістер алдағы уақытта дамып, нақтылануы мүмкін. Мұндай ақпарат қосымша белгісіздікпен байланысты, өйткені деректерді жинау және талдау әдістеріне белгілі бір шектеулер тән. Мұндай деректерге шамадан тыс мән бермеу керек.

Осы Есепте сипатталған еңбек және жұмыспен қамту саласындағы бағдарламалар мен бастамалар оларды қолдану тиісті заңдарды, өкімдерді немесе нормативтік талаптарды бұзатын шамада АҚШ-тағы қызметімізге қолданылмайды. «Маңызды» және «маңыздылық» терминдері Есепте GRI стандарттарына сәйкес мүдделі тараптар үшін маңыздылық мағынасында қолданылады және 1933 жылғы Бағалы қағаздар туралы заңға, 1934 жылғы Биржалар туралы заңға және бағалы қағаздарға немесе ақпаратты ашуға қатысты өзге де қолданылатын заңдарға сәйкес «маңызды» терминінің мағынасынан, сондай-ақ US GAAP және өзге де қаржылық есептілік стандарттарындағы мағынасынан ерекшеленеді. Кейбір терминдер, соның ішінде «Тікелей құрылған экономикалық құн», «Бөлінген экономикалық құн» және «Бөлінбеген экономикалық құн» GRI стандарттарында көзделген мағыналарда қолданылады.

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының үндеуі

GRI 2-14, 2-22

Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Өткен жылы біз Қазақстандағы — өзіміздің негізгі әрі басты нарығымыздағы позицияларымызды нығайтуды жалғастыра отырып, халықаралық қатысу ауқымымызды да кеңейттік. 2026 қаржы жылының қорытындысы бойынша түсім 2,2 млрд АҚШ долларына жетті. Топ 22 елде қызмет атқарды, ал оның желісі 230 кеңседен тұрды. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштер бизнесіміздің ауқымын ғана емес, біз таңдаған бағытты да көрсетеді: интеграцияланған экожүйе құру, технологиялық мүмкіндіктерді кеңейту және ұзақ мерзімді даму үшін берік негіз қалыптастыру.



ТИМУР ТУРЛОВ

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры



Құрметпен,

ТИМУР ТУРЛОВ

Freedom SuperApp осы бағытты айқын көрсетеді. Есепті кезеңнің соңына қарай қосымшаны пайдаланушылар саны 5,2 млн-ға жетті, бұл 2025 жылғы наурыздағы көрсеткіштен 3,2 млн-ға артық. Сонымен қатар біз Орталық Азияда, Кавказда, Еуропада, Таяу Шығыста және АҚШ-тағы қатысуымызды нығайтуды жалғастырдық. Бұл өсімнің негізінде сервистері бір-бірін күшейтіп, әрбір клиентпен қарым-қатынастың құндылығын арттыратын қуатты экожүйе жатыр.

Біздің ілгерілеуіміз капитал нарықтарында да мойындалды. BlackRock Компания капиталына қатысу үлестері туралы мәліметтерді ашатын инвесторлар арасында Компанияның екінші ірі акционері атанды, бұл жаһандық институционалдық инвесторлар тарапынан қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Freedom Holding Corp. акциялары сондай-ақ АҚШ-тың шамамен 1 000 ірі жария компаниясын қамтитын Russell 1000 индексіне енгізілді.

Жасанды интеллект бизнесіміздің маңызды элементіне айналды. Біз оны өнімдер мен бизнес-процестерге, соның ішінде комплаенс, аналитика және клиенттер күнделікті пайдаланатын сервистерге белсенді түрде интеграциялап келеміз. Қаржы жылы ішінде біз Freedom Business құрамында Freedom AI Assistant қызметін іске қостық. Ол кәсіпкерлерге бір қосымшада күнделікті банктік операцияларды орындауға және ассистентпен табиғи тілде дауыстық немесе мәтіндік форматта өзара әрекеттесе отырып, салықтар мен банк өнімдері бойынша консультациялар алуға мүмкіндік береді. Практикалық тәсіл біздің стратегиялық серіктестіктерімізге де қолданылады. Біз Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен NVIDIA инфрақұрылымы базасында егеменді ЖИ-хаб құру туралы келісімге, сондай-ақ Қазақстан Үкіметімен және OpenAI-мен ЖИ қолданылатын білім беруді және цифрлық дағдыларды дамыту туралы меморандумға қол қойдық.

Компания өскен сайын біздің жауапкершілігіміз де арта түседі. Біз үшін тұрақты даму жеке күн тәртібі емес және тек есептілікпен шектелмейді. Ол мықты әрі сенімді компания құру тәсіліміздің бір бөлігі болып табылады: қабылданатын шешімдерге ықпал етеді, артып келе жатқан күтулерге жауап беруге, ұзақ мерзімді құндылық жасауға және әртүрлі нарықтар мен мүдделі тараптардың түрлі топтары арасында сенімді қолдауға көмектеседі.

Өткен қаржы жылында біз бүкіл Топ ауқымында тұрақты даму тәжірибелерін нығайтуды, ішкі сараптаманы тереңдетуді және тұрақты даму қағидаттарын басқару процестері мен шешім қабылдау жүйесіне енгізуді жалғастырдық.

Дәл осы тәсіл біздің әлеуметтік инвестицияларымыздан да көрініс табады. Есепті кезең ішінде FRHC БҰҰ ТДМ-на[1] бағдарланған білім беру, спорт, экология, мәдениет және әлеуметтік инфрақұрылым салаларындағы сыртқы бастамаларға 70 млн АҚШ долларынан астам қаражат бағыттады. Біз бұл инвестицияларды өзіміз қызмет ететін елдер мен өңірлердің ұзақ мерзімді дамуына қосқан үлесіміз деп қарастырамыз.

Білім беру біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі болып қала береді. Өңірдің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен адамдарға: олардың даярлық сапасына, мүмкіндіктерге қолжетімділігіне және цифрлық экономикаға дайындығына байланысты. Сондықтан біз білімге қолжетімділікті ғана емес, оқыту сапасын арттыруды, қаржылық сауаттылық пен технологиялық дағдыларды дамытуды, сондай-ақ жастарға нақты құзыреттерді қалыптастыруға көмектесетін оқытудың практикалық форматтарын да қолдаймыз. Біз мұны өңірлердің адами капиталына — бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін жасалатын ұзақ мерзімді инвестиция деп қарастырамыз.

Мен Қазақстан шахмат федерациясын басқаратынымды да мақтан тұтамын. 2025 жылы қазақстандық спортшылар 162 халықаралық медаль, оның ішінде 64 алтын медаль жеңіп алды. Бұл нәтижелер зияткерлік спортқа жүйелі түрде инвестиция салудың жарыстарда ғана емес, жас ұрпақтың аналитикалық ойлауын, тәртібін және мақсаткерлігін дамытуда да өз жемісін беретінін растайды.

Біздің жұмысымызда спорт та маңызды орын алады. 2025 жылы Freedom Holding Corp. Üzdik-2025 сыйлығы аясында Қазақстанның үздік спорт меценаты деп танылды. Біз үшін негізгі бағыттардың бірі — ұлттық футболды дамыту. Біз Freedom QJ League аясында жасөспірімдер футболын қолдауды жалғастырдық, сондай-ақ есепті жылы Қарағанды облысында жаңа өңірлік жасөспірімдер лигасының іске қосылуына қолдау көрсетіп, ұйымдастырылған жарыстарға қолжетімділікті кеңейттік және жас футболшылардың ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасадық.

Өңірдің футбол инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде «Шахтер» ФК-ны қолдау маңызды қадам болды. Облыс әкімдігімен бірлесіп, клубты дамыту, жастарды даярлау және инфрақұрылымды біріктіретін жаңа футбол экожүйесін қалыптастыруға кірістік.

Біздің экологиялық күн тәртібіміз нақты әрі ұзақ мерзімді әсері бар практикалық жобаларға негізделген. Арал маңында біз Арал теңізінің құрғаған табанындағы экожүйелерді қалпына келтіруге қолдау көрсетеміз. Сонымен қатар алюминий және пластик қалдықтарды бөлек жинау мен қайта өңдеуді қолдай отырып және жауапты тұтынуды күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдыруға ықпал ете отырып, Freedom Fandomat желісін кеңейтуді жалғастырып келеміз.

Әлеуметтік инфрақұрылым мен қалалық ортаға инвестиция салу кезінде де біз дәл осы — нақты әрі ұзақ мерзімді әсері бар жобаларды қолдау қағидатын басшылыққа аламыз. Біз күнделікті өмір сапасын тікелей әрі елеулі түрде жақсартатын жобаларды — спорттық және қоғамдық нысандардан бастап қалалық кеңістіктерге, цифрлық байланысқа және қолжетімді қоғамдық инфрақұрылымға дейін қолдаймыз. Бұл инвестициялар қалалар мен өңірлерді барынша жайлы, инклюзивті және ұзақ мерзімді дамуға дайын етеді.

Біз сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесімен өзара іс-қимылды нығайтуды жалғастырдық. 2023 жылдан бері Freedom БҰҰ Жаһандық шартына қол қоюшы тарап болып табылады және оның қағидаттарының сақталуы туралы есеп береді. Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының апталығы аясында біз Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірінің инновациялар, инвестициялар және технологияларға негізделген тұрақты өсу жөніндегі халықаралық диалогқа қатысуына мүмкіндік берген сессия ұйымдастырдық.

Алдағы уақытта біз экожүйені кеңейтуді, технологияларға инвестиция салуды және халықаралық қатысуымызды нығайтуды жалғастырамыз. Біз Freedom-ды өңірдегі берік позицияларды жаһандық амбициялармен ұштастыратын және қарқынды өсімді оны қолдауға қажетті инфрақұрылыммен, серіктестіктермен және институционалдық кемелдікпен нығайтуға ұмтылатын компания ретінде құрып келеміз.

[1] БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары

Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі

GRI 2-14, 2-22

Құрметті достар!

Есепті кезеңде біз Freedom Holding Corp.-тағы тұрақты даму күн тәртібін нығайтуды жалғастырып, Топтың осы саладағы бейінін одан әрі дамытуға, тиісті қағидаттарды операциялық қызметке тереңірек енгізуге және БҰҰ ТДМ-на бағдарланған сыртқы бастамаларды қолдауды кеңейтуге ерекше назар аудардық. Біздің мақсатымыз — тиісті тетіктер мен процестерді дамыту ғана емес, сонымен қатар Топ қызмет ететін өңірлерде нақты операциялық жақсартуларға және елеулі экологиялық әрі әлеуметтік әсерге қол жеткізуге ықпал ету.



БАГЛАНА МУСИНА

Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директоры



Құрметпен,

БАГЛАНА МУСИНА

2026 қаржы жылы ішінде Есептік топ қызметкерлерінің саны 26%-ға өсіп, 9 500 адамнан асты. Қызметкерлермен жұмыс барысында біз олардың кәсіби даму мүмкіндіктерін кеңейтуге және құқықтарын қорғауға басты назар аудардық. Біз қызметкерлерге ықпал етуі мүмкін ықтимал теріс әсерлерді анықтау мен бағалауға басымдық бере отырып, адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру рәсімін қолдануды жалғастырдық. Оқыту мен дамыту ауқымы да айтарлықтай өсті: бір қызметкерге шаққандағы оқытудың орташа сағат саны 2025 қаржы жылындағы көрсеткіштен шамамен 2,4 есе жоғары болды. Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және көшбасшылық мәдениетті дамыту мақсатында біз «әйелдер әйелдерді қолдайды» қағидатына негізделген және тәлімгерлікті, оқытуды және кәсіби байланыстарды дамытуды біріктіретін Freedom Voices: Women әйелдер көшбасшылығына арналған арнайы бағдарламасын іске қостық. Іске қосылған сәттен бастап бағдарлама кең қолдау тауып, Топтағы ең ірі ішкі қауымдастықтардың біріне айналды. Есептік топ қызметкерлерінің жалпы санының шамамен 48%-ын әйелдер құрайтынын атап өткен жөн.

Қаржы жылы ішінде біздің экологиялық тәжірибелеріміз одан әрі дамыды. Біз климаттық тәуекелдер мен қаржыландырылатын шығарындыларды тұрақты түрде бағалауды жалғастырдық. Freedom Travel компаниясы ESG департаментімен бірлесіп, клиенттерге әуе сапарларының көміртегі ізіне байланысты орманды қалпына келтіру жобаларын қолдауға мүмкіндік беретін функция әзірледі[2]. Еншілес ұйымдар қызметкерлерінің ішкі сараптамасын дамыту үшін парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша оқыту да өткізілді.

Жылдың маңызды нәтижелерінің бірі Топтың қаржылық емес есептілігін одан әрі дамыту болды. Біз ашылатын ақпаратты мүдделі тараптардың күтулеріне жүйелі түрде сәйкестендірдік, есептілік мақсаттары үшін пайдаланылатын экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық көрсеткіштердің тізбесін кеңейттік және бүкіл Топ бойынша тұрақты даму саласындағы деректердің сапасы мен үйлесімділігін арттырдық. Сыртқы растау рәсімі біз үшін деректеріміздің сапасы мен сенімділігін арттыруға ықпал ететін маңызды рәсім болып қала береді.

Сонымен қатар біз БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын қолдауға бағытталған әлеуметтік және экологиялық бастамаларға үлес қосуды жалғастырып, қызмет ететін өңірлеріміздегі практикалық әрі ұзақ мерзімді әсерге бағдарландық. Біздің тәсіліміз мүмкіндіктерге қолжетімділікті кеңейтетін, адами капиталды нығайтатын және адамдардың күнделікті өмір сүретін ортасын жақсартатын бастамаларға бағытталған. Білім беру саласында бұл — білім алу траекторияларын қолдау, таланттарды дамыту және білім мен дағдыларға қолжетімділікті кеңейту. Спорт саласында — спортпен айналысу мүмкіндіктерін кеңейту, жастарды қолдау және футбол мен шахмат төңірегінде ұзақ мерзімді экожүйелер қалыптастыру. Экология саласында — экожүйелерді қалпына келтіруден бастап қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымына және күнделікті неғұрлым жауапты мінез-құлықты ынталандыратын бастамаларға дейін нақты әрі ұзақ мерзімді нәтиже беретін жобаларды қолдау. Қоғамдық инфрақұрылым саласында — адамдар күнделікті пайдаланатын қоғамдық кеңістіктерге, цифрлық байланысқа және аса маңызды инфрақұрылым нысандарына инвестиция салу. Біз сондай-ақ жергілікті бірегейлікті, қоғамдық өмірді және әлеуметтік бірлікті нығайтатын мәдени және қоғамдық институттарды қолдаймыз. Осы бастамалардың барлығы жиынтығында тұрақты дамуды кең мағынада түсінетінімізді көрсетеді: ол біз үшін стандарттар мен ақпаратты ашу мәселесі ғана емес, сонымен бірге өмір сүру сапасын ұзақ мерзімді жақсартуға және бізді қоршаған қауымдастықтардың тұрақтылығына қосылатын үлес.

БҰҰ Жаһандық шартына қол қоюшы ретінде біз оның қағидаттарын Топтың тәжірибелеріне интеграциялауға және жеке сектор мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән береміз. Есепті кезең аяқталғаннан кейін Алматыда БҰҰ Жаһандық шартының Орталық Азиядағы өңірлік кеңсесі ашылды, оны құру бастамашыларының бірі Freedom Holding Corp. болды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясының жоғары деңгейдегі апталығы аясында біз сондай-ақ Орталық Азиядағы тұрақты дамуды ілгерілетудегі технологиялар, қаржы және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің рөлі туралы халықаралық диалогтың дамуына ықпал еттік. Кеңсенің ашылуы және халықаралық диалогқа қатысу жауапты іскерлік тәжірибелер мен өңірлік ынтымақтастықты нығайту жолындағы маңызды қадамдарға айналды.

Кеңірек тұрғыдан алғанда, біздің тұрақты даму тәсіліміз дәйекті түрде алға жылжуға: ішкі сараптаманы арттыруға, есептілік сапасын жақсартуға, әдіснамаларды жетілдіруге және Топ шеңберіндегі функцияаралық үйлестіруді күшейтуге бағытталған. Біз мұны басқару жүйелеріміздің сапасын да, қызметіміздің ұзақ мерзімді әсерін де нығайтатын үздіксіз процесс ретінде қарастырамыз.

[2] Іске қосылуы 2026 жылғы сәуірде жүзеге асырылды.

Компанияның даму тарихы

2010

Тимур Турлов Ресейдегі «Белый Город» ЖШҚ сатып алды (кейінірек атауы «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ болып өзгертілді).

2013

- «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ Қазақстандағы брокерлік компанияны сатып алды (кейінірек атауы «Фридом Финанс» АҚ болып өзгертілді).
- Еуропада брокерлік компания құрылды.

2014

«Фридом Финанс» АҚ Қазақстанда 14 кеңсе ашты

2015

- Компания кері жұту туралы келісім жасады және өз атауын BNB Munai Inc. атауынан Freedom Holding Corp. деген атауға өзгертті және Freedom Finance Europe Ltd, «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ (Ресей) және «Фридом Финанс» АҚ компанияларын сатып алды.
- Freedom Finance Europe Ltd. реттеушілік лицензиялауды аяқтап, реттеуші орган лицензиясын алды (20.05.2015 жылы Бағалы қағаздар және биржалар туралы Кипр комиссиясы (CySEC) берген CIF 275/15 лицензиясы)

2019

Freedom Holding Corp. акциялары Nasdaq-та листинг үшін мақұлданып, 15 қазанда олардың саудасы басталды.

Компанияның даму тарихы

2020

- Компания Қазақстандағы коммерциялық банкті сатып алды, ол кейіннен «Фридом Банк Қазақстан» АҚ болып атауын өзгертті.
- Компания Нью-Йорк қор биржасында брокерлік дилер ретінде тіркелген Prime Executions Inc.-ті сатып алды.

2022

- Компания екі сақтандыру компаниясын сатып алу бойынша мәмілені аяқтады: «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Life» ӨСК» АҚ.
- Арменияда және Әзербайжанда брокерлік компаниялары құрылды.

2023

Ақпан айында Компания өзінің ресейлік еншілес ұйымдарын сатуды аяқтады.


2024

- Компания Қазақстанның телекоммуникация нарығына шығу арқылы өзінің бизнесін кеңейтіп, Freedom Telecom Holding Limited («Freedom Telecom») еншілес компаниясын ашты.
- Қырғызстан Республикасында брокерлік компания ашылды.
- Тәжікстан Республикасында банк қызметі басталды.
- Банктік, төлем және инвестициялық қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ететін әмбебап қаржы платформасы – Freedom SuperApp банктік қосымшасы іске қосылды.

2025

- Американдық BlackRock компания капиталына қатысу үлестері туралы мәліметтерді ашатын инвесторлар арасында Компанияның екінші ірі акционері атанды.
- Компанияның акциялары Russell 1000 индексіне енгізілді.
- Түркияда брокерлік компания құрылды және Қазақстанның реттеуші органынан Грузияда банк ашуға рұқсат алынды.
- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен Қазақстанда NVIDIA жасанды интеллект инфрақұрылымы базасында Sovereign AI Hub құру туралы келісімге қол қойылды.
- Қазақстан Республикасының Үкіметімен және OpenAI-мен Қазақстанда цифрлық білім беруді дамыту туралы стратегиялық келісімге қол қойылды.

Freedom Holding Corp. бүгінгі таңда



Компания туралы 13

Қызмет географиясы 14

Цифрлық экожүйені құру 15

Құрылған және бөлінген экономикалық құн 23

Мүдделі тараптармен өзара әрекет 24

Компания туралы

GRI 2-1, 2-6

Freedom Holding Corp. — бас кеңсесі Нью-Йоркте, АҚШ-та орналасқан жария холдингтік компания болып табылады. Топ қызметінің негізгі нарығы — Қазақстан. Freedom Holding Corp. бағалы қағаздармен брокерлік операцияларды, клиенттер үшін және Топтың меншікті қаражаты есебінен бағалы қағаздар саудасын, маркет-мейкинг операцияларын, инвестициялық зерттеулерді, инвестициялық консультация беруді, инвестициялық-банктік қызметтерді, бөлшек және коммерциялық банктік қызметтерді, сақтандыру өнімдерін, төлем қызметтерін және төлем ақпаратын өңдеу қызметтерін қоса алғанда, қаржылық қызметтердің кең ауқымын көрсетуге маманданған еншілес ұйымдары арқылы халықаралық деңгейде қызметін жүзеге асырады. Компания сондай-ақ телекоммуникация саласын, туризмді, билет сатуды, медианы, жарнаманы және цифрлық сауда алаңдарын қамтитын қаржылық емес сектордағы бірқатар жобаларды іске асырады. Топтың өнімдері мен қызметтері бағдарланған нысаналы клиенттер — жеке тұлғалар, шағын және орта бизнес ұйымдары.

Компания акцияларының листингі

Компанияның акциялары Nasdaq Capital Market, Қазақстан қор биржасы және Астана халықаралық биржасының листингіне енгізілген.

KASE

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ (KASE)

Тикер FRHC_KZ

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИРЖАСЫ (AIX)

Тикер FRHC

Nasdaq

NASDAQ ҚОР БИРЖАСЫ

Тикер FRHC


Қызмет географиясы[3]

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың Қазақстанда, Кипрде, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Арменияда, Біріккен Араб Әмірліктерінде, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Әзербайжанда, Түркияда, Болгарияда, Германияда, Грекияда, Литвада, Нидерландта, Португалияда, Испанияда және Австрияда операциялық еншілес ұйымдары, сондай-ақ Францияда, Польшада және Италияда өкілдік кеңселері болды.

230

кеңсе

Топтың кеңселері бүкіл әлем бойынша орналасқан



[3] Ұсынылған деректер Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарына, оның ішінде осы Есептің қамту шекараларынан тыс орналасқан еншілес ұйымдарға қатысты.

Цифрлық экожүйені құру

Топ құрамына кіретін барлық компаниялар арасындағы өзара іс-қимылды дамыту Freedom Holding Corp. компаниясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сенімді цифрлық экожүйе құру Компанияға нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарын сақтауға және цифрлық операцияларды үнемі кеңейту, жүйелерді мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау және негізделген әрі бизнеске бағдарланған шешімдер қабылдау үшін Big Data технологияларын пайдалану арқылы өсімді жеделдетуге көмектеседі.

Freedom Holding Corp. қаржы секторындағы заманауи үрдістерден озық болуға ұмтылады. Компания сенімді технологиялық инфрақұрылым құруға, инновацияларды ынталандыруға және пайдаланушы тәжірибесін жақсартуға бағытталған Технологиялық стратегияны енгізді. Бұл стратегия технологияларды бүкіл Топ табысының негізгі факторы ретінде пайдалануға бағытталған. Компания қарқынды өзгеріп жатқан цифрлық ортаға үнемі бейімделуге және технологиялық мүмкіндіктерді клиенттер мен мүдделі тараптардың өзгеріп отыратын қажеттіліктерімен үйлестіруге ұмтылады. Есептік топ деректер құпиялылығының қатаң стандарттарын сақтай отырып, цифрландыру тәсілін үнемі жетілдіріп отырады. Келесі бөлімде Freedom Holding Corp. экожүйесінде әзірленген флагмандық цифрлық өнімдер сипатталған.

[4] Ұсынылған деректер Freedom цифрлық экожүйесін, оның ішінде осы Есептің қамту шекараларынан тыс орналасқан еншілес ұйымдарды қамтиды.

1-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕСІ[4]



Цифрлық өнімдер

Экожүйелік шешімдер

Freedom SuperApp

Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдары ұсынатын банктік, төлем және инвестициялық қызметтерді біріктіретін бірыңғай платформа. Freedom SuperApp арқылы пайдаланушылар төлемдер мен аударымдарды лезде жүзеге асыра алады, карталар мен депозиттер аша алады, кредиттік өнімдерді рәсімдей алады, валютаны бәсекеге қабілетті бағамдар бойынша айырбастай алады, өз активтерін басқара алады және брокерлік шоттағы теңгерімді оңай бақылай алады. Қосымша сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің 20-дан астам түріне қол жеткізуге, сондай-ақ сақтандыру полистерін, әуе және теміржол билеттерін сатып алуға мүмкіндік береді — барлығы бір жерде.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша SuperApp жоғары нәтижелер көрсетіп, пайдаланушылар саны 5,2 млн-ға жетті. Бұл маңызды белес болды: пайдаланушылар базасы 2025 жылғы наурызбен салыстырғанда 3,2 млн-ға ұлғайды. Есепті кезең ішінде қосымша Қазақстандағы App Store-дағы тегін қосымшалар арасында бірінші орынды, ал Google Play-де үшінші орынды иеленді. Мұндай өсім цифрлық арнаның қарқынды ауқымдалуын және Топтың клиенттік базасының одан әрі кеңеюін көрсетеді.

Freedom дебеттік карталары

8,7

млн дебеттік карта

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Фридом Банк Қазақстан» АҚ құрылған сәтінен бастап 8,7 млн-нан астам дебеттік карта шығарды, оның 5,1 млн-нан астамы есепті кезең ішінде шығарылды.

SuperCard

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның жеке дизайнды таңдау мүмкіндігі бар флагмандық карточкалық өнімі, оның ішінде DC Comics әлемі, «Рик пен Морти», «Наруто» аниме-сагасы, «Тақтар ойыны» сериалы және «Сақиналар әміршісі» трилогиясы тақырыптарындағы дизайндар ұсынылады. Келесі есепті кезеңде әлемдік футбол жанкүйерлері үшін Mastercard-пен серіктестікте шығарылған Лионель Месси бейнеленген карта қолжетімді болады. Сондай-ақ минималистік дизайн ұсынылады. Карта мультивалюталық болып табылады және клиенттерге қаражатты жеті валютада сақтауға және басқаруға мүмкіндік береді: KZT, USD, RUB, EUR, CNY, TRY және AED.



Premium SuperCard

SuperCard картасының премиум нұсқасы VIP-клиент мәртебесін, Банк бөлімшелеріндегі арнайы менеджер арқылы дербес қызмет көрсетуді, кезексіз басымдықпен қызмет көрсетуді және байланыс орталығындағы жеке VIP-қолдау желісін ұсынады. Карта ұстаушылары таңдауы бойынша екі төлем жүйесінің бірі — Visa Infinite немесе MasterCard World Elite аясындағы эксклюзивті артықшылықтарды пайдалана алады.



Deposit Card

Депозиттік және төлем функцияларын біріктіретін гибридті өнім. Карта депозиттік шотқа байланыстырылған және оның теңгерімін автоматты түрде көрсетеді. Карта бойынша төлемдер тікелей депозиттен есептен шығарылады, ал келіп түсетін қаражат депозиттік шотқа аударылады. Сыйақы күнделікті қалдық негізінде ай сайын есептеледі.



Invest Card

Freedom Broker[5] брокерлік шотына байланыстырылған, инвестициялар мен күнделікті шығыстарды ыңғайлы басқаруға арналған инвестициялық карта. Картадағы бос қаражат пассивті кіріс әкеледі және инвестициялық операцияларды жүзеге асыру үшін кез келген уақытта сауда шотына тегін аударылуы мүмкін. Мәмілелер жасалғаннан кейін қаражатты қайтадан картаға аударып, бүкіл әлем бойынша төлемдер жасау үшін пайдалануға болады. Карта Apple Pay, Google Pay және Samsung Wallet жүйелерін қолдайды және кез келген қолма-қол ақшасыз сатып алулар үшін пайдаланылуы мүмкін.



[5] «Фридом Финанс» АҚ және «Freedom Finance Global PLC» ЖК Freedom Broker ортақ брендімен қызмет көрсетеді.

Freedom дебеттік карталары

Invest Prestige Card

Freedom Broker брокерлік шотына байланыстырылған, жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуді және басымдықпен қол жеткізуді ұсынатын премиум инвестициялық карта. Карта ұстаушылары инвестициялар мен күнделікті төлемдерді ыңғайлы басқара алады, сондай-ақ таңдауы бойынша екі премиум төлем жүйесінің бірі — Visa Infinite немесе MasterCard World Elite аясындағы эксклюзивті артықшылықтарды пайдалана алады.



QJ League Card

QJ League-пен серіктестікте жасалған, күнделікті төлемдерді футбол экожүйесіне қатысумен ұштастыратын кобрендингтік дебеттік карта. Карта ұстаушылары Freedom QJ League ойыншылары атанып, матчтарға қатысқаны үшін сыйақыларды бірегей QJ League дизайны бар картаға тікелей ала алады. Карта сондай-ақ Freedom валютасымен 25%-ға дейін кешбэк ұсынады және депозит пен мультивалюталық картаның функцияларын біріктіріп, клиенттерге өз қаражатын ыңғайлы басқаруға мүмкіндік береді. Барынша ыңғайлы болу үшін картаны Apple Wallet, Google Pay, Samsung Pay және Garmin Pay жүйелерімен интеграциялауға болады, бұл төлемдерді жылдам әрі кез келген форматта қолжетімді етеді.



Student Card

Күнделікті төлемдер мен жинақ жасаудың ыңғайлылығын біріктіретін депозиттік функциясы бар мультивалюталық карта. Әдепкі бойынша негізгі шоттар KZT және USD валюталарында ашылады, сондай-ақ EUR, RUB, CNY, TRY және AED валюталарындағы шоттарды қосу мүмкіндігі бар. Карта цифрлық және физикалық форматтарда қолжетімді, карточкалық операциялардың толық спектрін қолдайды және Банктің SuperApp қосымшасы немесе бөлімшелері арқылы шығарылуы мүмкін.

Карта Freedom инвестициялық валютасымен 25%-ға дейін кешбэк, сондай-ақ 500 000 теңгеге дейін тегін аударымдар мен қолма-қол ақша алуды ұсынады. Өнім DC, «Рик пен Морти», «Наруто» кейіпкерлері бейнеленген креативті дизайндарымен ерекшеленеді.




Power Card

5 пен 18 жас аралығындағы балаларға арналған, ата-ананың толық бақылауымен тапсырмалар мен сыйақылар функционалын ұсынатын мультивалюталық карта. Әдепкі бойынша KZT және USD валюталарында шығарылады және қосымша бес валютаға дейін (EUR, RUB, CNY, TRY, AED) қосуға мүмкіндік береді. Жеке дизайндарда DC суперқаһармандары мен «Наруто» кейіпкерлері ұсынылған. Карта Freedom SuperApp-та қолжетімді оқушының цифрлық күнделігі — BilimClass-пен интеграцияланған, бұл ата-аналарға бағаларды, сабақ кестесін және үй тапсырмаларын бақылауға мүмкіндік береді.



Araldy Saqta

Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру бастамасын қолдау мақсатында іске қосылған мультивалюталық депозиттік карта. Карта бойынша сатып алулардан түсетін кешбэктің 10%-ға дейінгі бөлігі жергілікті қауымдастықтардың климаттың өзгеруіне бейімделуін қолдауға, экожүйелерді қалпына келтіруге және Арал теңізінің құрғаған түбіне орман отырғызуға бағытталады.



Цифрлық банк өнімдері

Цифрлық ипотека

Клиенттерге 24 сағат ішінде онлайн қарыз алуға мүмкіндік беретін өнім. Цифрлық ипотека Банктің Қазақстан нарығындағы жетекші ипотекалық кредиторлардың біріне айналуына мүмкіндік берді. 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Фридом Банк Қазақстан» АҚ 800-ден астам құрылыс салушымен ынтымақтасады.

>800

құрылыс салушы

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ-мен ынтымақтасады
2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша

Цифрлық автокредит

Автокөлік сатып алу процесін жеңілдететін өнім. Платформа мәмілелердің ашықтығын арттырып, алаяқтықтан және дербес деректердің таралып кетуінен қорғауды қамтамасыз етті. 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Фридом Банк Қазақстан» АҚ 513 автодилермен ынтымақтастық орнатқан. 2026 жылы жеке тұлғалар арасындағы пайдаланылған автокөліктермен жасалатын мәмілелерді қаржыландыруға ерекше назар аударылды, бұл автокредиттердің неғұрлым кең аудитория үшін қолжетімділігін арттырды.

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған цифрлық кредиттер

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ заңды тұлғаларға жоғары деңгейде қызмет көрсетуге және елдегі бизнестің дамуын қолдауға ұмтылады. 2023 жылдың басында Банк шағын және орта кәсіпорындарға (ШОК) бір күн ішінде кредит алуға мүмкіндік беретін цифрлық бизнес-кредиттеу сервисін іске қосты. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кепілсіз кредиттерді де, жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін кредиттерді де ұсынады.

Банк сондай-ақ кәсіпкерлерге бизнесті дамыту үшін жеңілдікті шарттармен кредит алуға мүмкіндік беретін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болып табылады. Кредит алуға өтінімді бизнес-кредиттеудің цифрлық өнімін пайдалану арқылы онлайн беруге болады.



Freedom Rating

Freedom SuperApp-та қолжетімді «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның бірегей консультациялық сервисі, ол клиенттерге өздерінің дербес рейтингін, оған әсер ететін факторларды және оны жақсарту жөніндегі ұсынымдарды көруге мүмкіндік береді. Өнім Банктің цифрлық экожүйесін нығайтады және кредиттік өнімдерге байланысты дербес мүмкіндіктер мен қосымша сценарийлердің бірыңғай кеңістігін қалыптастырады.

Freedom инвестициялық валютасы

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиенттеріне Банк карталарымен сатып алу кезінде инвестициялық валютамен 30%-ға дейін жоғарылатылған кешбэк алу мүмкіндігі. Freedom валютасы әлемнің жетекші компанияларымен қатар Нью-Йорктегі Nasdaq қор биржасында саудаланатын Freedom Holding Corp. акциясының ақшалай баламасы болып табылады.

30 %-ға дейін

жоғарылатылған кешбэк

Банк карталарымен сатып алу кезінде инвестициялық валютамен



ЖИ-ассистенті бар Freedom Business

Шағын және орта бизнеске арналған банктік және операциялық сервистерді бір қосымшада біріктіретін кәсіпкерлерге арналған цифрлық платформа. Платформа кіріктірілген ЖИ-ассистентін қамтиды және ChatGPT-5-ке қол жеткізуге мүмкіндік береді, күнделікті бизнес-процестерді автоматтандыруға және клиенттердің операциялық тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Тимур Турловтың дауысымен сөйлейтін бизнес-ассистент тәулік бойы жұмыс істейді және пайдаланушыларға дауыстық әрі мәтіндік пәрмендер арқылы банктік операцияларды орындауға мүмкіндік береді. ЖИ-ассистент төлемдерді өңдей алады, шоттар бойынша үзінді көшірмелерді қалыптастыра алады, шоттар ұсына алады, аударымдар мен жалақы төлемдерін жүзеге асыра алады, сондай-ақ салықтар, салық есептілігін тапсыру мерзімдері және банктік өнімдер бойынша консультациялар бере алады.

Цифрлық брокерлік өнімдер

Freedom Broker

Активтерді басқаруға арналған бірегей экожүйені ұсынатын көпфункциялы сауда платформасы. Ол CRM жүйесін, сауда терминалын, бэк-офисті және Қаржы құралдарының нарықтары туралы ЕО регламентіне (MiFIR) және Еуропалық нарық инфрақұрылымы туралы ЕО регламентіне (EMIR) сәйкес есептілікті біріктіріп, фронт-, мидл- және бэк-офистің барлық процестері арасындағы синергияны қамтамасыз етеді.

Freedom Broker платформасының көмегімен пайдаланушы брокерлік шотты небәрі 10 минут ішінде онлайн аша алады және iOS немесе Android жүйелеріне арналған қосымша не 21 тілде[6] қолжетімді веб-нұсқа арқылы әмбебап мультивалюталық шоттағы активтерін тиімді басқара алады. Платформа NYSE, Nasdaq, London Stock Exchange, Xetra, Hong Kong Stock Exchange, Kazakhstan Stock Exchange, Astana International Exchange және басқа да көптеген әлемдік жетекші биржалардағы сауда-саттыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Freedom Broker платформасы акциялар, облигациялар, ETF, опциондар және РЕПО сияқты 1 млн-нан астам қаржы құралына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Freedom Broker аналитикалық құралдары пайдаланушыларға қаржы активтерін нақты уақыт режимінде бақылауға, бағалы қағаздардың дербестендірілген тізімдерін жасауға және сатып алу мен сатуға өтінімдерді барынша ыңғайлы орналастыруға мүмкіндік береді.

Freedom Broker клиенттеріне Астана халықаралық қаржы орталығының алаңы — International Trading System (ITS) жүйесінде халықаралық бағалы қағаздар бойынша аптасына бес күн, тәулігіне 19 сағат қолжетімді кеңейтілген сессия аясында сауда жасау мүмкіндігі ұсынылады.

Платформа криптовалютамен шотты толықтыруды және қаражат шығаруды қолдайды, қазіргі уақытта 11 криптовалюта қолжетімді. Компания бұл тізімді Астана халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында танылған 300 криптовалютаға дейін кеңейтуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар Freedom Bank-пен бірлесіп криптовалюталық картаны іске қосу жоспарлануда.

SOFR және EURIBOR мөлшерлемелеріне байланыстырылған ұзақ мерзімді инвестициялау

Өнім пассивті кіріс алуға мүмкіндік береді және банктік депозиттің баламасы болып табылады. Инвестор қаражатын 1, 3, 6 немесе 12 ай мерзімге орналастыра алады. Freedom Broker клиентке бағалы қағаздармен РЕПО мәмілелері есебінен пассивті кіріс әкеледі. Кірістілік американдық SOFR және еуропалық EURIBOR мөлшерлемелеріне байланыстырылған.



Цифрлық сақтандыру төлемдері

DTP.kz

Бұл — сақтандыру жағдайы туындаған кезде клиент пен сақтандыру компаниясы арасындағы өзара іс-қимылды толық цифрландыруды қамтамасыз ететін Қазақстан нарығындағы жалғыз шешім. Бүкіл процесс ашық, жылдам әрі пайдаланушы үшін ыңғайлы. Сонымен қатар платформа Қазақстандағы кез келген сақтандыру компаниясының клиенттеріне еурохаттаманы рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Freedom Jurek

Freedom SuperApp-та қолжетімді және жақындарына ұзақ мерзімді қаржылық қолдау көрсетуге арналған «Freedom Life» ӨСК» АҚ-ның цифрлық сақтандыру өнімі. Полис мобильді қосымшада онлайн рәсімделеді, бұл процесті жеңілдетіп, өнімнің неғұрлым кең аудитория үшін қолжетімділігін арттырады. Сақтанушы пайда алушыны, сондай-ақ төлемдердің мөлшерін, кезеңділігін және ұзақтығын — белгіленген мерзімге, бірнеше жылға немесе өмір бойына — өзі айқындайды.

Freedom Sayakhat

«Freedom Life» ӨСК» АҚ әзірлеген және Freedom SuperApp-та қолжетімді, бүкіл әлем бойынша сапарлар үшін жылдам әрі қолжетімді сақтандыру өтемін қамтамасыз етуге арналған саяхатты сақтандырудың онлайн өнімі. Жаңартылған рәсімдеу процесі бір полис аясында бірнеше саяхатшыны сақтандыруға мүмкіндік береді, пайдаланушы жолын оңтайландырып, өнімді отбасылар мен топтар үшін ыңғайлы етеді, сондай-ақ құжаттарды кейіннен, оның ішінде виза алуға өтініш беру үшін пайдалануды жеңілдетеді. Полис икемді сақтандыру параметрлерімен және ашық шарттармен толығымен онлайн рәсімделеді. Өнім саяхатшыларды қорғау деңгейін арттыруға және халықаралық сапарларды жоспарлауға жауапты көзқарасты ілгерілетуге ықпал етеді.

Зейнетақы аннуитеті

«Freedom Life» ӨСК» АҚ әзірлеген және Freedom SuperApp-та қолжетімді зейнетақы аннуитеті өнімі тұрақты кіріс көзін қамтамасыз етуге және зейнетке ертерек шығу мүмкіндігін ұсынуға арналған. Компанияның цифрландыру стратегиясы аясында рәсімдеу процесі онлайн форматқа көшірілді, бұл пайдаланушыларға кеңсеге бармай-ақ қызметті жылдам әрі ыңғайлы алуға мүмкіндік береді және сонымен қатар зейнетақыны жоспарлауға деген қызығушылықты арттырады. Өнім жеке қаржыны ұзақ мерзімді басқаруға жауапты көзқарасты қалыптастыруға ықпал ете отырып, қаржылық тұрақтылық пен әлеуметтік қорғалуды нығайтуға бағытталған.

[6] 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша.

Телекоммуникациялық және бұлттық шешімдер

Freedom Media

Ірі киностудиялардың ауқымды контент кітапханасына, қазақ және орыс тілдеріндегі балалар контентіне, сондай-ақ Қазақстанда өндірілген контенттің кең таңдауына қол жеткізуге мүмкіндік беретін бейнестриминг сервисі. Сұраныс бойынша ұсынылатын контенттен бөлек, сервис HD және 4K форматтарында тікелей эфирде көрсетілетін 100-ден астам телеарнаны қамтиды және спорттық бағдарламалардың кең таңдауын ұсынады. 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша платформада 4 мыңнан астам жергілікті және халықаралық контент бірлігі ұсынылған, ал оның кітапханасы жаңа серіктестіктер мен контент сатып алу есебінен кеңейіп келеді. Қазіргі уақытта түпнұсқа сериалдар мен шоулар өндірісте, олардың премьералары жақын арада күтілуде, бұл платформаның Қазақстанда және одан тыс жерлерде премиум бейнеконтенттің негізгі орталығы ретіндегі рөлін одан әрі нығайтады.

Freedom Home Internet

Пәтерлер, жеке үйлер және тұрғын үй кешендері үшін сенімді әрі тұрақты қосылымды қамтамасыз ететін заманауи талшықты-оптикалық инфрақұрылымға негізделген жоғары жылдамдықты үй интернеті. Компания жылдамдығы 1 Гбит/с-қа дейінгі тарифтерді ұсынады, бұл пайдаланушыларға желіге жоғары жүктеме түскен кезде де ағындық контентті жайлы көруге, бейнеконференцияларға қатысуға, онлайн ойындар ойнауға және басқа да цифрлық сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Компания оптикалық инфрақұрылымды дамытуға, қамту аймағын кеңейтуге және клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыруға инвестиция салуды жалғастыруда.

Спутниктік шешімдер

«Freedom Satellite» АҚ-ның Starlink сияқты төмен орбиталы спутниктер технологияларына, сондай-ақ KazSat арқылы геостационарлық спутниктік байланысқа негізделген шешімдері жерүсті желілерінің қамту аймағынан тыс орналасқан шалғай объектілер мен аумақтарды қосуға арналған. Бұл шешімдер өнеркәсіптік алаңдарда, инфрақұрылымдық объектілерде, ауылдық жерлерде және жылдам өрістету, байланыс арнасының сенімділігі мен сервистерге қолжетімділік аса маңызды басқа да жетуі қиын орындарда заманауи байланыс қызметтерін қамтамасыз етеді. Бұл бағыт инфрақұрылымның дамуын қолдайды, операциялық мүмкіндіктерді кеңейтеді және жерүсті телекоммуникациялық желісінің қамтуы шектеулі аудандардағы бизнес, инфрақұрылымдық активтер мен жергілікті қауымдастықтар үшін неғұрлым тұрақты коммуникациялық орта қалыптастырады, сонымен бірге цифрлық алшақтықты қысқартуға, базалық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтуге және Қазақстанның шалғай өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық белсенділікті қолдауға ықпал етеді.



Магистральдық арналар

Freedom Telecom Ltd. байланыс операторларына, мемлекеттік ұйымдарға және корпоративтік клиенттерге Қазақстан өңірлері арасында жоғары жылдамдықты әрі қорғалған деректер беруді қамтамасыз ететін магистральдық байланыс арналары қызметтерін ұсынады. Меншікті магистральдық талшықты-оптикалық инфрақұрылым байланыс қызметтерін көрсетудің, цифрлық сервистерді дамытудың және аса маңызды ақпараттық жүйелерді қолдаудың негізі болып табылады.

Магистральдық арналар корпоративтік желілерді ұйымдастыру, деректерді өңдеу орталықтарын, бұлттық платформаларды, мемлекеттік сектор объектілерін және байланыс операторларын қосу үшін пайдаланылады. Жоғары өткізу қабілетінің, арналарды резервтеудің және қолжетімділіктің кепілдендірілген деңгейінің арқасында Компания цифрлық инфрақұрылымның сенімді жұмысын және клиенттердің бизнес-процестерінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Қоғамдық Freedom Wi-Fi

Қазақстан бойынша адам көп жиналатын қоғамдық орындарда, оның ішінде әуежайларда, теміржол вокзалдарында, саябақтарда, жағалауларда, стадиондарда және жаяу жүргіншілер аймақтарында интернетке тегін қол жеткізу мүмкіндігі. Есепті кезеңнің соңында желі 540 локацияны қамтыды, 3,9 мыңнан астам кіру нүктесі орнатылды, бірегей пайдаланушылар саны 2,2 млн-нан асты, ал есепті кезең ішінде берілген деректер көлемі 1 500 терабайттан асты. Бұл әлеуметтік Wi-Fi бастамасы қалалық инфрақұрылымды цифрландыруға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бұлттық шешімдер

Бұлттық инфрақұрылымдық шешімдер кешені қызмет ретіндегі инфрақұрылымды (IaaS), қызмет ретіндегі резервтік көшіру мен апаттан кейін қалпына келтіруді (BaaS/DRaaS), сондай-ақ графикалық процессорларды қамтиды. IaaS Қазақстандағы компанияларға физикалық жабдықты сатып алмай-ақ виртуалды серверлерге, желілік және есептеу ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. BaaS және DRaaS деректердің автоматты түрде резервтік көшірмесін жасауды және ақаулар туындаған жағдайда АТ-инфрақұрылымды толық қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. NVIDIA H200 және NVIDIA L40S негізіндегі GPU-инфрақұрылым жасанды интеллект, аналитика және деректерді өңдеу үшін меншікті жабдыққа күрделі салымдар жасамай-ақ өнімділігі жоғары есептеу ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде ЖИ-дің озық мүмкіндіктеріне қолжетімділік кеңейіп, технологиялық бастамаларды енгізу жеделдейді.

Цифрлық төлем өнімдері

Электрондық коммерция

Негізгі өнім Қазақстанда, Өзбекстанда және Қырғызстанда бизнеске және оның клиенттеріне онлайн төлемдерге арналған сенімді шешімдерді ұсынады. Платформа төлемдерді қабылдау, мәмілелерді өңдеу және есеп айырысуды жүргізу бойынша кешенді қызметтерді қамтиды.

Озық төлем интерфейстерін пайдалану арқылы бизнес-клиенттер халықаралық және ішкі банк карталарын, Apple Pay, Google Pay, ұялы байланыс операторлары шоттарының теңгерімдерін, веб және мобильді арналарға арналған браузерлік шешімдерді, қолданбаішілік төлемдерді, төлемдерді жүзеге асыруды, сондай-ақ өтімділікті тиімді басқару үшін PayIn кіріс ағындарын PayOut операцияларына автоматты түрде бөлуді қолдайтын жетілдірілген пайдаланушы тәжірибесіне ие болады. Платформа сондай-ақ электрондық сауда платформалары мен маркетплейстерге бейімделген сплит-есеп айырысуды қолдайды.

Процессингтік платформа

Банктерге арналған карточкалық процессинг бойынша платформалық шешім. Осы өнім платформасында жұмыс істеуді таңдаған клиенттер өздерінің төлем карталарын шығару, сауда эквайрингін, интернет-эквайрингті, банкоматтар желісін қолдау және Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay және Garmin Pay сияқты ірі цифрлық әмияндармен интеграциялау мүмкіндігіне ие болады. Платформа сондай-ақ Visa, MasterCard және UnionPay қоса алғанда, негізгі төлем жүйелерімен интеграцияны қолдайды.



Заттар интернеті (IoT) платформалары

ArnaSmart

Инфрақұрылымды цифрландыруға, энергия ресурстарын автоматтандырылған есепке алуға, диспетчерлендіруге, қашықтан мониторинг жүргізуге және активтерді басқаруға арналған «Freedom Satellite» АҚ әзірлеген экожүйенің интеграцияланған IoT-шешімі. Шешім электр энергиясын, суды, газды және жылуды есепке алу аспаптарын, деректерді жинау және беру блоктарын, цифрлық платформаны, озық аналитиканы және интеграция тетіктерін нақты уақыт режимінде деректерді жинауға, беруге, сақтауға, визуализациялауға және өңдеуге арналған бірыңғай ортаға біріктіреді. Платформа қолданыстағы ақпараттық жүйелерді интеграциялайды және жекелеген есепке алу тораптарынан, ғимараттар мен объектілерден бастап тұрғын үй кешендеріне, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өңірлік бағдарламаларға дейін ауқымдалып, инфрақұрылымдық процестердің ашықтығын, бақылауын және тиімді басқарылуын қамтамасыз етеді. Есепті кезеңнің соңында жүйеге 50-ден астам объектідегі 100 000-нан астам құрылғы қосылды, ол Қазақстанның 13 өңірінде енгізілді және жекелеген құрылғылар үшін батареяның 15 жылға дейінгі жұмыс мерзімін қамтамасыз етті.

>100 000

құрылғы

Қазақстанның 13 өңіріндегі 50-ден астам объектіде ArnaSmart жүйесіне қосылған
есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша

Лайфстайл-шешімдер

Arbuz.kz

Азық-түлік пен күнделікті қажетті тауарларды жылдам жеткізуге арналған цифрлық сервис. Қолданба интуитивті интерфейс, ыңғайлы төлем тәсілдері, жедел жеткізу және әрбір кезеңдегі балғындықты көпдеңгейлі бақылау есебінен қызмет көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Іске қосылған сәттен бастап қолданба Қазақстандағы онлайн-ритейл нарығының көшбасшыларының біріне айналды. 2025 жылы пайдаланушылар 1,3 млн-нан астам тапсырыс рәсімдеді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсімді көрсетті. Өсу үрдісі 2026 жылы да жалғасты: тек бірінші тоқсанның өзінде 600 мыңнан астам тапсырыс орындалды, бұл бизнестің одан әрі ауқымдалып, пайдаланушылық сұраныстың артып келе жатқанын растайды.

Freedom SuperApp экожүйесін дамыту аясында Arbuz.kz инновациялық логистикалық шешімдерді тестілеуге қатысады. Атап айтқанда, экожүйе деңгейінде тауарларды ұшқышсыз ұшу аппараттарын (дрондарды) пайдалана отырып жеткізу бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Бұл технологияны енгізу тікелей маршруттар бойынша жеткізу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде, бұл әсіресе қала маңындағы және жетуі қиын аудандар үшін өзекті.

2025 жылы пайдаланушылар

1,3

млн тапсырыс рәсімдеді



Freedom Travel

Freedom SuperApp экожүйесіне интеграцияланған, Қазақстандағы әуе және теміржол билеттерін, турлар мен туристік қызметтерді брондауға арналған жетекші онлайн-сервис. 2025 жылы платформа 647 мыңнан астам пайдаланушыға қызмет көрсетті, ал оның нарықтағы үлесі 9%-дан 21%-ға дейін өсті. Платформа өзінің іздеу алгоритмі және жетекші жеткізушілермен тікелей интеграциялар, оның ішінде әлемнің негізгі әуе компанияларының эксклюзивті тарифтері есебінен бәсекеге қабілетті бағаларды ұсынады. 2026–2027 жылдары Freedom Travel жекелеген сервистерді дамытудан толыққанды туристік экожүйені қалыптастыруға көшуде. Әуе және теміржол қызметтерінен бөлек, платформа бүкіл әлем бойынша қонақүйлер мен трансферлер агрегаторын, экскурсиялар мен жеке турларды іздеу және брондау платформасын, сондай-ақ клиенттерге бүкіл сапарын бір жерден ұйымдастыруға мүмкіндік беретін саяхат конструкторын іске қосуда.

Freedom Business Travel корпоративтік сегменті де дамып келеді. Ел бойынша 4 мыңнан астам корпоративтік клиент Freedom Business Travel платформасын бүкіл әлем бойынша іскерлік сапарларды жоспарлау мен ұйымдастырудың бірыңғай арнасы ретінде пайдаланады.

Freedom Ticketon

Қазақстандағы жетекші цифрлық билет платформасы, мәдени, спорттық және ойын-сауық іс-шараларына ыңғайлы әрі ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Платформа бүкіл ел бойынша 500-ден астам іс-шара ұйымдастырушысымен және 250-ден астам алаңмен ынтымақтасады әрі жыл сайын 6 млн-нан астам билетті өңдейді. SuperApp және Freedom картасымен интеграция пайдаланушыларға бірыңғай цифрлық экожүйе аясында сатып алулар жасауға мүмкіндік береді. Freedom Ticketon қағаз билеттер мен офлайн-кассаларға деген қажеттілікті азайта отырып, мәдениет саласындағы цифрлық инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді. Өңірлік ұйымдастырушылармен серіктестік арқасында платформа ірі қалалардың да, шалғай аудандардың да тұрғындары үшін іс-шараларға қолжетімділікті кеңейтіп, мәдени өмірге кеңінен қатысуды және тұрақты дамуды қолдайды.

Құрылған және бөлінген экономикалық құн[7]

GRI 201-1

Есепті кезеңде Freedom Holding Corp. түсімі 2,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 187,1 млн АҚШ долларына немесе 9%-ға артық. Өсімнің негізгі факторлары бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен саудадан түскен таза пайда, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер сатылымының артуы болды. Соңғы бірнеше жыл ішінде Компания бірыңғай цифрлық экожүйе құру есебінен брокерлік, банктік және сақтандыру қызметтері салаларындағы клиенттік базасын айтарлықтай кеңейтті.

Бизнестің өсуі шығыстардың артуымен қатар жүрді. 2026 қаржы жылында Freedom Holding Corp. еңбекақы төлеуге және бонустарға жұмсаған шығыстары 426,5 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2025 қаржы жылындағы 287,3 млн АҚШ долларымен салыстырғанда 139,1 млн АҚШ долларына немесе 48%-ға артық. Шығыстар өсімінің негізгі себептері қызметкерлерді жалдау есебінен штаттың кеңеюі, жаңа еншілес ұйымдардың ашылуы және жаңа активтердің сатып алынуы, сондай-ақ екі есепті кезең арасында жалақы мен бонустар мөлшерінің ұлғаюы болды. Пайыздық шығыстар 2025 қаржы жылымен салыстырғанда 46,9 млн АҚШ долларына немесе 9%-ға төмендеді, алайда қаржыландыру көздерінің қайта бөлінуі мен пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуына байланысты олардың құрылымы өзгерді. Компанияның табыс салығы бойынша шығыстары 44,2 млн АҚШ долларына ұлғайды, бұл негізінен 2025 қаржы жылымен салыстырғанда салық салынғанға дейінгі таза пайданың өсуіне байланысты болды.

Компанияның демеушілік пен қайырымдылыққа жұмсаған шығыстары 56,4 млн АҚШ долларын құрады, оған 2026 қаржы жылы ішінде «Freedom Шапағат» корпоративтік қоры және басқа да еншілес ұйымдар арқылы жасалған бірқатар нысаналы жарналар кірді. Ең елеулі қайырымдылық қаражаттары Қазақстандағы шахматты дамытуға, Қарағандыда футбол академиясын салуға, «Жеңіс» ФК мен инклюзивті спорт бағдарламаларын қолдауға, білім беру гранттары мен мұғалімдерді даярлау бастамаларына, сондай-ақ Алматыдағы Лермонтов атындағы Ұлттық театрды және Астанадағы Қабылдаулар үйін реконструкциялауды қоса алғанда, мәдени жобаларға бағытталды.





1-КЕСТЕ. ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ

	2026 қаржы жылы
Құрылған тікелей экономикалық құн	2 191 291
Түсім	2 191 291
Бөлінген экономикалық құн	1 428 092
Пайыздық шығыстар	489 036
Операциялық шығыстар, соның ішінде:	866 419
Қызметкерлердің жалақысы мен жеңілдіктері	426 471
Демеушілік	35 996
Қайырымдылық	20 410
Табыс салығынан басқа салықтар	13 719
Табыс салығы	72 637
Бөлінбеген экономикалық құн	**763 199**

[7] Ақпаратты ашу SEC-ке ұсынылған 10-K нысаны бойынша жылдық есепке шоғырландырылған еншілес ұйымдарға қатысты берілген. Келтірілген көрсеткіштер Компанияның қаржылық есептілігіндегі деректер негізінде құрастырылған.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет

GRI 2-29

Freedom Holding Corp. барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен күтулерінің маңыздылығын ескереді және үнемі жетілдіруге ұмтыла отырып, өзара іс-қимыл процесін жыл сайын талдайды. Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға деген тәсілі ашықтық, сенім және өзара құрмет қағидаттарына негізделген.

Freedom Holding Corp. өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптардың сұраулары мен кері байланысына жауап бере отырып, олардың мүдделерін қорғауға ұмтылады. Ұсынылатын қызметтердің кең ауқымын, күрделі ұйымдық құрылымды және қызмет ауқымын ескере отырып, Компания жергілікті қауымдастықтарды, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара іс-қимыл жасайды.

Компания негізгі мүдделі тараптарды анықтау және олармен жұмыс істеу іскерлік беделді жақсартудың, акционерлік құнды арттырудың және барлық мүдделі тараптармен тиімді әрі теңгерімді қатынастар орнатудың маңызды құралдары екенін мойындайды. Жауапты функционалдық және құрылымдық бөлімшелер мүдделі тараптардың негізгі топтарын айқындайды және олармен тұрақты негізде өзара іс-қимылды үйлестіреді. Өзара іс-қимылдың негізгі құралдарына корпоративтік есептілік, Есептік топ компанияларының корпоративтік веб-сайттары, реттеушілік консультациялар жөніндегі жұмыс топтарына қатысу, сондай-ақ форумдарға, көрмелерге, кездесулерге және басқа да іс-шараларға қатысу, БАҚ-та және Есептік топ компанияларының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланымдар орналастыру жатады.

Төмендегі кестеде Есептік топтың негізгі мүдделі тараптар топтары, олардың Компанияға қатысты негізгі мүдделері және олармен өзара іс-қимыл тетіктері көрсетілген.

Мүдделі тараптар тобы	Мүдделі тараптың Компанияға қатысты мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері
Акционерлер мен инвесторлар	• Экономикалық нәтижелілік, экономикалық пайда; • Қаржылық есептілік; • Нарық үлесі және нарықтағы қатысу	• Компания акционерлерінің жыл сайынғы жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің отырыстары; • Акционерлердің жалпы жиналысында сенімхат бойынша дауыс беруге арналған құжат (Proxy statement); • Сауалнама жүргізу және пікіртерімдер өткізу; • Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссияға жылдық және тоқсандық есептерді дайындау; • Инвесторларға арналған презентациялар әзірлеу; • US GAAP стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу; • Қаржылық емес есептілікті тұрақты түрде жариялау
Менеджмент және персонал	• Жұмыспен қамту, қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас; • Кемсітушілікке жол бермеу; • Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер; • Кәсіби оқыту және білім беру; • Корпоративтік мәдениет деңгейін арттыру	• Қызметкерлерге еңбекақы төлеудің әділ әрі ашық шарттарын қамтамасыз ету; • Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру; • Персоналға кәсіби өсу мүмкіндігін ұсыну; • Екіжақты коммуникациялар, әлеуметтік желілер және Компанияның корпоративтік веб-сайты арқылы қызметкерлерді Компанияның қызметі мен кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы хабардар ету; • Ішкі корпоративтік коммуникация арналары мен Компанияның корпоративтік веб-сайтының жұмыс істеуі
Клиенттер	• Нарықтағы өнімдер мен қызметтер желісінің сапасы және қолжетімділігі; • Өнімдер мен қызметтерге деген жоғары сенім деңгейін сақтау	• Клиенттерге қызмет көрсету, оның ішінде цифрлық арналар арқылы қызметтер мен өнімдерді ұсыну; • Клиенттердің әртүрлі санаттары үшін Компанияның қаржылық қызметтері мен өнімдері туралы ақпаратты ашу; • Тұтынушылық адалдық индексі (NPS) / клиенттердің қанағаттану индексі (CSI); • Колл-орталықтар, цифрлық арналар және әлеуметтік желілер арқылы коммуникация; • Корпоративтік хабарландыруларды (пресс-релиздерді) орналастыру;

Мүдделі тараптар тобы	Мүдделі тараптың Компанияға қатысты мүддесі	Өзара іс-қимыл тетіктері
Клиенттер		• Қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі білім беру бастамаларын іске асыру; • Қаржылық нәтижелерді ашу; • Тұрақты даму туралы есеп аясында қаржылық емес ақпаратты ашу
Мемлекеттік органдар	• Талаптарға сәйкестік, бизнестің тұрақтылығы мен орнықтылығы; • Жұмыс орындарын құру және сақтау	• Қолданылатын талаптар мен заңнама нормаларының сақталуы туралы ақпаратты толық әрі уақтылы ашу; • Қаржы секторын дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестер мен кездесулерге қатысу; • Заңнамада талап етілетін барлық төлемдер мен салықтарды төлеу • Қажетті лицензияларды, рұқсаттар мен қорытындыларды алу, заңнаманы сақтау; • Қаржылық нәтижелерді ашу; • Тұрақты даму туралы есеп аясында қаржылық емес ақпаратты ашу
Қор биржалары	• Листинг қағидаларын сақтау; • Қаржылық есептілік пен өзге де ақпаратты уақтылы ұсыну	• Қор биржаларының өкілдерімен тұрақты коммуникация жүргізу; • Компанияның корпоративтік веб-сайтында және биржалық реттеушінің ресурстарында ақпаратты ашу; • SEC-ке және басқа қор биржаларына ұсынылатын тоқсандық және жылдық есептерді дайындау және шығару
БАҚ	• Ашықтық және адалдық; • Мүдделі тараптар үшін маңызды аспектілер бойынша ақпаратты уақтылы ашу	• Компанияның корпоративтік веб-сайтында ақпаратты ашу; • Корпоративтік хабарландыруларды (пресс-релиздерді) орналастыру;
Үкіметтік емес ұйымдар	• Компанияның халықаралық келісімдер мен бастамаларға қатысуы	• Конференцияларға, форумдарға және жыл сайынғы кездесулерге қатысу; • Қол қойылған келісімдер, шарттар мен меморандумдар аясындағы серіктестік, демеушілік қолдау және ынтымақтастықтың өзге де нысандары; • Тақырыптық немесе жобалық жұмыс топтарына қатысу
Жеткізушілер	• Әділ және ашық сатып алу тәжірибелері; • Шарттық және төлем міндеттемелерін уақтылы орындау	• Жеткізушілерді іріктеуге әділ және ашық тәсіл қолдану; • Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері («Бұзушылықтар туралы хабарлау» бөлімін қараңыз); • Жеткізушілердің тұрақты даму мәселелері бойынша хабардарлығын арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу
Рейтингтік, рэнкингтік және талдамалық агенттіктер	• Капитал жеткізушілерінің негізделген инвестициялық шешімдер қабылдауына жәрдемдесу	• Кредиттік және ESG-рейтингтерін беру/қайта қарау туралы өтінім беру; • Рейтингтік агенттіктер қолданатын талаптар мен әдіснамаларға тұрақты мониторинг жүргізу; • Рейтингтік агенттіктердің өкілдерімен және олардың зерттеушілерімен проактивті коммуникация жүргізу, Топтың бағалау алуына қажетті деректерді ашу

Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік

GRI 2-28

Freedom Holding Corp. — адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он әмбебап қағидатты басшылыққа ала отырып қызмет ететін компанияларға арналған стратегиялық бастама — БҰҰ Жаһандық шартына қол қоюшы. Қол қоюшы ретінде Компания өз қызметінде мынадай қағидаттарды енгізу міндеттемесін қабылдайды:

1. Адам құқықтарын қорғау:

- Компания халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын құрметтеуге және қорғауға ұмтылады;
- Компания өзінің бүкіл қызметінде адам құқықтарының бұзылуына жол бермейді.

2. Еңбек қатынастары

- Компания бірлесу еркіндігін қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын мойындайды;
- Компания мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарына, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікке қарсы;
- Компания балалар еңбегінің барлық нысандарына қарсы;
- Компания еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікке жол бермейді.

3. Қоршаған ортаны қорғау

- Компания экологиялық мәселелерге қатысты сақтық қағидатына негізделген тәсілді қолдайды;
- Компания қоршаған ортаға неғұрлым жауапты көзқарас қалыптастыруға бағытталған ішкі және сыртқы бастамаларды іске асырады;
- Компания тұрақты дамуға үлес қосатын технологияларды әзірлеуге және таратуға ықпал етеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

- Компания бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың және өзге де заңсыз қызметтің барлық нысандарына мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады.

Ұлттық және халықаралық қауымдастықтарға белсенді қатысуының арқасында Freedom Holding Corp. салалық мамандардың кең желісіне қол жеткізеді. Бұл желі арқылы Компания басқа корпорацияларды, инвесторларды, қаржы сарапшыларын және реттеушілерді қоса алғанда, негізгі мүдделі тараптармен ынтымақтастық байланыстар орната алады, бұл өз кезегінде білім алмасуға, стратегиялық серіктестіктер құруға және үздік тәжірибелермен бөлісуге ықпал етеді.

Қаржылық және сауда ұйымдары:		
ICMA	Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы	«Freedom Finance Global PLC» ЖК Қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады.
Ассоциация финансистов Казахстана	Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы	Қазақстанда операциялық қызметті жүзеге асыратын Топтың қаржылық еншілес ұйымдары Қауымдастықтың мүшелері болып табылады.
afme/ Finance for Europe	Еуропаның қаржы нарықтары қауымдастығы	Freedom Finance Europe Ltd. Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
CIBA	Кипрдегі халықаралық бизнес қауымдастығы	Freedom Finance Europe Ltd. Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
	Төлем ұйымдарының қауымдастығы	«Freedom Technologies» ЖШС Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
afme/ Finance for Europe	Қаржы нарығына қатысушылардың қауымдастығы	Freedom Finance Armenia LLC Қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады.
Биржалар, сауда платформалары, депозитарлық және клирингтік инфрақұрылым:		
KASE	Қазақстан қор биржасы	Қазақстанда қызметін жүзеге асыратын Топтың брокерлік және банктік еншілес ұйымдары Биржаның сауда қатысушылары болып табылады.
AIX	Астана халықаралық биржасы	Қазақстанда қызметін жүзеге асыратын Топтың брокерлік және банктік еншілес ұйымдары Биржаның сауда қатысушылары, сондай-ақ AIX Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің (AIX CSD) мүшелері болып табылады.
CSD	Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі	Қазақстанда қызметін жүзеге асыратын Топтың брокерлік және банктік еншілес ұйымдары Ұйымның кәсіби қатысушылары болып табылады.
EURONEXT	Euronext Athens	Freedom Finance Europe Ltd. Биржаның қашықтан сауда жасайтын қатысушысы болып табылады.
AMX Armenia Stock Exchange	Армения қор биржасы	Freedom Finance Armenia LLC Биржаның сауда қатысушысы болып табылады.

Арменияның орталық депозитарийі	Freedom Finance Armenia LLC Ұйымның мүшесі болып табылады.
Еуро-Азия қор биржалары федерациясы	«Freedom Finance Global PLC» ЖК Қауымдастықтың қолдаушы мүшесі болып табылады.
Euroclear	Freedom Finance Europe Ltd. тікелей қатысушы болып табылады.
Халықаралық сауда жүйесі	«Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қатысушылар болып табылады.
Іскерлік қауымдастықтар:	
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Фридом Банк Қазақстан» АҚ «Даму» қорының серіктесі болып табылады және ШОК-ты қолдау бағдарламаларына қатысады.
Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	«Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ және «Arbuz Group» ЖШС «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшелері болып табылады.
Арменидағы Америка сауда палатасы	Freedom Finance Armenia LLC Палатаның алтын мүшесі болып табылады.
Француз-армян сауда палатасының Арменидағы бөлімшесі	Freedom Finance Armenia LLC Палатаның алтын мүшесі болып табылады.
«Манташянц» кәсіпкерлер клубы	Freedom Finance Armenia LLC Клубтың мүшесі болып табылады.
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жұмыс берушілер одағы	Freedom Finance Armenia LLC Одақтың толыққанды мүшесі болып табылады.
Кипр-Қазақстан бизнес қауымдастығы	Freedom Finance Europe Ltd. Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
«Бизнес-центр» клубы	Freedom24 Poland Sp.z o.o. Клубтың мүшесі болып табылады.

Great Place to Work	Freedom Finance Europe Ltd. Бағдарламаның сертификатталған қатысушысы болып табылады.
Petrocouncil.kz	«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
Халықаралық және үкіметаралық ұйымдар:	
БҰҰ Жаһандық шарты	Freedom Holding Corp., «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Шапағат» КҚ Бастаманың ресми қол қоюшылары болып табылады.
«Астана» халықаралық қаржы орталығы	«Freedom Finance Global PLC» ЖК авторизацияланған фирма болып табылады; «Фридом Финанс» АҚ, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd. және Freedom Finance Armenia LLC танылған non-AIFC қатысушылары болып табылады.
Технологиялық және цифрлық сауда қауымдастықтары:	
Қазақстан телекоммуникация операторлары қауымдастығы	«Freedom Telecom Operations» ЖШС және «Elitecom» ЖШС (Freedom Telecom Holding Ltd. еншілес ұйымдары) Қауымдастықтың мүшелері болып табылады.
«Цифрлық Қазақстан» қауымдастығы	Arbuz Group» ЖШС Қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады.
Techisland, Кипр технологиялық қауымдастығы	Freedom Finance Europe Ltd. Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
Сымсыз кеңжолақты қолжетімділік альянсы	Freedom Telecom Holding Ltd. Альянстың мүшесі болып табылады.
Испанияның финтех және иншуртех қауымдастығы	Freedom Finance Europe Ltd. Қауымдастықтың мүшесі болып табылады.
Сақтандыру:	
Сақтандыру омбудсманы кеңсесі	«Freedom Life» ӨСК» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ Сақтандыру омбудсманы кеңсесі жанындағы Өкілдер кеңесінің мүшелері болып табылады.

Тұрақты дамуды басқару жүйесі



Тұрақты дамуды басқару тәсілі 29
Маңыздылықты бағалау 33
БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес 34

Тұрақты дамуды басқару тәсілі

GRI 2-12, 2-13, 2-14, 2-16, 2-23, 2-24, 3-1, 3-3



Freedom Holding Corp. өзінің экономикалық дамуға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсерінің маңыздылығын мойындайды. Компания корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде жауапкершілікті бөле отырып, тұрақты дамуды басқару жүйесін қалыптастырды. Директорлар кеңесі Топтың экологиялық, әлеуметтік және экономикалық әсерлерін, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелерін қадағалауға қатысады.

Директорлар кеңесі тұрақты дамуды басқаруды қадағалау жауапкершілігін Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорына жүктеді. Ол Компанияның осы саладағы жалпы пайымын қалыптастыруға, стратегиялық басымдықтар мен мақсаттарды айқындауға, сондай-ақ осы бағыттағы ілгерілеу туралы Директорлар кеңесі мен Бас атқарушы директорды хабардар етуге жауапты.

Операциялық деңгейде жауапкершілік екі функционалдық бағыт арасында бөлінген: Есептік топтың операциялық қызметін қамтитын ішкі тұрақты даму тәжірибелері және БҰҰ ТДМ-на қол жеткізуге әрі жергілікті қауымдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған сыртқы бастамалар. Ішкі тәжірибелер Тұрақты даму жөніндегі бас директордың тікелей бақылауында болады. Осы лауазымды тұлға қоса атқару тәртібімен БҰҰ ТДМ-на қол жеткізуге бағытталған сыртқы бастамаларға жауап беретін және Қордың Қамқоршылық кеңесінің басшылығымен жұмыс істейтін «Freedom Шапағат» корпоративтік қорының (бұдан әрі — «Қор») Президенті қызметін де атқарады.

Операциялық деңгейде Компанияның Тұрақты даму жөніндегі бас директорына оның тікелей басшылығымен жұмыс істейтін мамандандырылған бөлімше — ESG басқармасы қолдау көрсетеді.

ESG басқармасының негізгі міндеттері:

1. Компанияның корпоративтік басқару, әлеуметтік және экологиялық аспектілерге қатысты басымдықтарын айқындау;
2. Компанияның тұрақты даму саласындағы мақсаттарын интеграциялау және іске асыру;
3. Тұрақты даму саласындағы түрлі бастамаларды жоспарлау, ұйымдастыру және ілгерілету;
4. Озық әлемдік тәжірибеге сәйкес қаржылық емес ақпаратты уақтылы ашу, сондай-ақ Компанияның жыл сайынғы Тұрақты даму туралы есебін дайындау және Директорлар кеңесіне ұсыну.

Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарының тиісті бөлімшелерінде тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін басқаруға тағайындалған қызметкерлер жауап береді. Бұл бөлімшелер функционалдық бағыттар мен Компанияның тұрақты даму күн тәртібіне сәйкес деректерді жинауға, шоғырландыруға, сондай-ақ тиісті іс-шараларды іске асыруға жауапты.


БҰҰ ТДМ-на қол жеткізуге бағытталған сыртқы бастамалар ESG-жобаларды іріктеу және қолдау процесін оңтайландыру мақсатында құрылған Қор арқылы орталықтандырылған.

Қордың негізгі міндеттері:

1. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары мен қаржылық тұрақтылық қағидаттары негізінде Қор жобаларының портфелін басқару;
2. Freedom Holding Corp. демеушілік және қайырымдылық қызметін орталықтандыру.

2023 қаржы жылынан бастап Компания Жаһандық Есептік бастамасының (GRI) стандарттарына сәйкес тұрақты даму туралы есепті жыл сайын жариялап келеді. Директорлар кеңесі маңызды тақырыптардың тізбесін және Тұрақты даму туралы есепті жарияланғанға дейін қарайды және бекітеді. Үшінші жыл қатарынан Тұрақты даму туралы есеп тәуелсіз сыртқы растаудан өтуде (осы Есепте көрсетілгендей).

Freedom Holding Corp.-та ESG басқаруды реттейтін негізгі құжаттар:







01

ESG саясаты

Компаниядағы ESG мәселелерін басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайтын негізгі құжат. Саясат Компанияның қоршаған орта мен қоғамға теріс әсердің алдын алу және оны азайту, корпоративтік басқарудың жауапты тәжірибелерін енгізу тәсілін сипаттайды, сондай-ақ ESG саласындағы мақсаттарды белгілейді. Саясат ережелеріне сәйкес Freedom Holding Corp. өз қызметі аясында мынадай қағидаттарды ұстанады:

- Этикалық және жауапты бизнес жүргізу;
- Сенімділік және ашықтық. Бұл қағидат Компанияның есептерде және басқа да тиісті құжаттарда ақпаратты толық, уақтылы және дәл ашуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесін растайды;
- Заңдар мен реттеушілік талаптарды сақтау;
- Компанияның мүдделі тараптары үшін ұзақ мерзімді қосылған құн жасау. Бұл қағидат Компанияның акционерлік құнды қамтамасыз етуге, мемлекеттік билік органдары алдындағы міндеттемелерін орындауға және жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатына үлес қосуға ұмтылысын растайды;
- Адам құқықтарын сақтау, теңдікті қамтамасыз ету және тең мүмкіндіктерді ынталандыру;
- Қоршаған ортаға ұқыпты және жауапты қарау. «Сақтық қағидатын» ұстана отырып, Компания экологиялық тәуекелдерді басқаруды жетілдіруге, көміртегі ізін азайтуға, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға және қалдықтарды ұтымды басқаруға ұмтылады;
- Тұрақты қаржыландыру қағидаттарын ілгерілету. Бұл қағидат Компанияның тұрақты қаржыландыру өнімдері мен қызметтерін әзірлеуге және ESG тәуекелдерін басқарудың кешенді тәжірибелерін интеграциялауға ұмтылысын растайды.

Есептік топтың еншілес ұйымдары деңгейінде Саясатты бекіту процесі 2026 қаржы жылының соңына қарай аяқталды.

Толығырақ оқу

02

Адам құқықтары жөніндегі саясаты

Құжат Компанияның БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес адам құқықтарын сақтауға бейілділігін ресімдейді және растайды. Саясат Компанияның өз қызметі аясында адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге және олардың бұзылуына жол бермеуге қатысты тәсілін сипаттайды. Саясатта Компанияның қызметкерлерге, клиенттерге, бизнес-серіктестерге, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарға қатысты өзіне алатын міндеттемелері белгіленген.

Қызметкерлерге қатысты Компания төмендегі міндеттемелерді растайды:

- Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- Балалар еңбегіне жол бермеу;
- Зорлық-зомбылық пен құдалаудың кез келген нысанын қабылдамау және оларға қарсы тұру;
- Әрбір қызметкерге лайықты және құрметпен қарайтын әділ және қолайлы жұмыс ортасын қамтамасыз ету және жұмыс уақытына, жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздікке ерекше назар аудару;
- Қызметкерлерге дамуға тең мүмкіндіктер беру, сөз бостандығын және әділ еңбекақыны қамтамасыз ету;
- Кәсіптік оқытуға инвестиция салуға ұмтылу;
- Деректердің құпиялылығына қатысты құқықтарды сақтау.

Клиенттер мен бизнес-серіктестерге қатысты Компания келесі қағидаттарды ұстануға міндеттенеді:

- Клиенттердің құқықтарына әділ қарау және оларды құрметтеу;
- Құлдықтың заманауи түрлерінің кез келген түріне жол бермеу;
- Клиенттер деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету;
- Жеткізу тізбегіндегі адам құқықтарын құрметтеу.

Компания операциялық қызметін жүзеге асыратын өңірлердегі жергілікті қауымдастықтардың құқықтарын сақтауға бейілділігін растайды және сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы іс-қимыл жасау міндеттемесін өзіне алады. Freedom Holding Corp. компаниясының адам құқықтарына байланысты мәселелерді басқару тәсілі туралы толығырақ ақпарат «Адам құқықтары» бөлімінде берілген.

Есептік топтың еншілес ұйымдары деңгейінде Саясатты бекіту процесі 2026 қаржы жылының соңына қарай аяқталды.

Толығырақ оқу

03

Қоршаған ортаны қорғау саясаты

Құжат Компанияның қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу және оны барынша азайту мақсатын айқындайды. Саясат Компанияның мынадай салалардағы экологиялық әсерін реттейді: табиғи ресурстар мен энергияны тиімді пайдалану, қалдықтарды басқару, климаттың өзгеруіне әсерді басқару, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ қызметкерлердің экологиялық хабардарлығын арттыру.

Саясат ережелеріне сәйкес Freedom Holding Corp. өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- Қоршаған ортаға ықтимал зиян туралы ғылыми деректер әлі толық расталмаған күннің өзінде оны қорғау үшін алдын алу шараларын қабылдауды көздейтін сақтық қағидаты[8];
- Компания қызмет ететін өңірлердің ұлттық заңнамасының талаптарын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ратификацияланған халықаралық келісімдерді сақтау;
- Топтың қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу және оны барынша азайту мақсатында ашық есептілікті, консультациялар мен серіктестікті қамтамасыз ету арқылы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл орнату;
- Экологиялық білім беруге және қызметкерлердің қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыруға ықпал ету;
- Топ ішінде экологиялық бастамаларды және Қор қызметі арқылы сыртқы экологиялық жобаларды қолдау және іске асыру;
- БҰҰ Жаһандық шартының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттарына[9] бейілділік және климаттың өзгеруіне қарсы күреске[10] бағытталған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылу.

Есептік топтың еншілес ұйымдары деңгейінде Саясатты бекіту процесі 2026 қаржы жылының соңына қарай аяқталды[11].

Толығырақ оқу

04

Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі

Құжат Компания өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттардың тізбесін айқындайды, сондай-ақ Freedom Holding Corp. компаниясының іскерлік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз ету тәсілін қалыптастырады. Атап айтқанда, Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі Компанияның мүдделер қақтығысын басқаруға, этикалық мінез-құлықты ынталандыруға, жария есептіліктің ашықтығын қамтамасыз етуге, қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтауға, Компания активтері мен құпия ақпаратты қорғауға, адал өзара іс-қимыл қағидаттарын ілгерілетуге, құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға және Кодекс ережелерін сақтау үшін жеке жауапкершілікті қамтамасыз етуге қатысты ұстанымын айқындайды.

Толығырақ оқу

05

Тәуекелдерді басқару саясаты

Саясат COSO Enterprise Risk Management—Integrating with Strategy and Performance (2017) тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандартына сәйкес әзірленген. Құжатта Топтың стратегиялық бизнес-мақсаттарға қол жеткізу қабілетіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғалар мен мән-жайларды басқаруға қатысты Компанияның тәсілі баяндалған. Саясатта мақсаттар мен қағидаттар айқындалып, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі сипаттамалары тұжырымдалған. Саясат есепті кезеңде ресми түрде бекітілді.

06

Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты

Саясат Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының адалдықтың, есептіліктің және этикалық мінез-құлықтың ең жоғары стандарттарына өзгермейтін бейілділігін растайды, құқыққа қайшы әрекеттерге мүлдем төзбеушілік саясатын қамтамасыз етеді және адалдық, ашықтық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

07

Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты

Саясат Freedom Holding Corp. құрамына кіретін ұйымдарда заңсыз ақша қаражатына және рұқсат етілмеген қаржылық қызметке байланысты қаржылық қылмыс тәуекелдерін басқарудың бірыңғай тәсілін белгілейді. Ол ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚ) саласындағы барлық қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау үшін жеке жауапкершілікті нақты айқындайды.

[8] Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясында (1992 жыл) бекітілген 15 қағидатқа сәйкес.

[9] БҰҰ Жаһандық шартының он қағидаты.

[10] Тұрақты дамудың 13-мақсаты: Климаттың өзгеруіне қарсы күрес.

[11] Freedom Finance Europe Ltd. қоспағанда, онда Қоршаған ортаны қорғау саясатын бекіту 2026 жылдың соңына қарай күтіледі.

08

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

Саясат Freedom Holding Corp. меншігіндегі, бақылауындағы немесе басқаруындағы барлық ұйымдарға, оның ішінде еншілес компанияларға, үлестес құрылымдарға және бірлескен кәсіпорындарға қолданылады. Саясат орналасқан жеріне және атқаратын рөліне қарамастан, барлық қызметкерлердің (мәртебесіне қарамастан: уақытша, мерзімді немесе тұрақты), басшылықтың, мердігерлер мен іскерлік серіктестердің орындауы үшін міндетті болып табылады. Сонымен қатар Саясат Директорлар кеңесінің мүшелеріне, барлық деңгейдегі комитеттердің мүшелеріне, сондай-ақ Компания атынан әрекет ететін кез келген тұлғаларға қолданылады.

09

Ақпараттық қауіпсіздік саясаты

Саясат ISO 27001:2022 халықаралық стандартына сәйкес әзірленген. Құжатта ақпараттық қауіпсіздік саласындағы процестерді басқарудың негізгі қағидаттары баяндалған, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің ықтимал теріс салдарын барынша азайту мақсатында тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану, сондай-ақ қызметкерлерге осы саладағы жауапкершілігі бойынша қажетті оқыту жүргізу арқылы олардың хабардарлығын арттыру.

Толығырақ оқу →

10

Құпиялылық саясаты

Саясат Компания қандай деректерді жинай алатынын, олардың қандай тәсілдермен және қандай мақсаттарда жиналуы мүмкін екенін айқындайды. Топ жинаған деректерді қорғау үшін Freedom Holding Corp. деректерді қорғаудың озық тәжірибелері мен алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізуге міндеттенеді. Саясат есепті кезеңде ресми түрде бекітілді.

Толығырақ оқу →

Компания әсерлерді бағалау құралдарының тиімділігін, қамту ауқымын және сенімділігін арттыру бойынша жүйелі түрде жұмыс істеп, ESG-дің әртүрлі бағыттарында қолданыстағы құралдар мен әдістемелерді жетілдіруде және жаңаларын енгізуде.



Экологиялық әсерді басқару жөніндегі жұмыс аясында Компания мынадай шаралар кешенін іске асырды:

- «Freedom Finance Global PLC» ЖК-ның 2026 қаржы жылында Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша парниктік газдардың таза нөлдік шығарындыларына 2060 жылға қарай қол жеткізуді көздейтін Net Zero міндеттемесін бекітуі;
- Freedom Travel («Aviata» ЖШС) ESG департаментімен бірлесіп, клиенттерге әуе сапарларының көміртегі ізін ескере отырып, орманды қалпына келтіру жобаларына үлес қосуға мүмкіндік беретін функция әзірледі. Функция 2026 жылғы 3 сәуірде іске қосылды;
- Ішкі сараптаманы дамыту мақсатында еншілес ұйымдардың қызметкерлеріне парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша оқыту өткізу;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін қамтыған климаттық тәуекелдерді жыл сайынғы бағалау ауқымын кеңейту;
- «Жасыл кеңсе» қағидаттарын қолдануды кеңейту: «Freedom Finance Global PLC» ЖК қалдықтарды қайта өңдеуге жіберу тәжірибесінде «Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС және Freedom Finance Insurance компанияларына қосылды.

Адам құқықтары саласындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында Топ адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру рәсімін (HRDD) — Топ қызметі шеңберінде адам құқықтарына теріс әсерді анықтауға, оның алдын алуға, оны азайтуға және ол туралы ақпаратты ашуға бағытталған құрылымдалған процесті қолданады.

Тең мүмкіндіктерді ілгерілету және көшбасшылық мәдениетін дамыту мақсатында Компания Freedom Voices: Women әйелдер көшбасшылығына арналған мамандандырылған бағдарламаны іске қосты. Бағдарлама «әйелдер әйелдерді қолдайды» қағидатына негізделген және тәлімгерлік, білім беру бастамалары мен ішкі қауымдастық қалыптастыру арқылы қызметкер әйелдердің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған.

ESG деректерін жинау және ашу тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі жұмыс аясында Топ жиналатын деректердің сапасын тұрақты түрде арттырып, практикалық тұрғыдан негізделген жағдайларда ашылатын көрсеткіштердің көлемін кеңейтуде. Компания ESG саласындағы ақпаратты ашудың сенімділігі мен сапасы мүдделі тараптармен ашық әрі сындарлы өзара іс-қимыл жасау үшін маңызды екенін мойындайды.

Маңыздылықты бағалау

Маңызды тақырыптарды бағалау рәсімі

GRI 2-14, 3-1

Freedom Holding Corp. тұрақты дамуды басқару кезінде маңыздылық қағидатын басшылыққа алады және күш-жігерін маңызды тәуекелдер мен әсерлер тән бағыттарда ESG бастамаларын іске асыруға жұмсайды. Маңыздылықты бағалау стратегиялық басымдықтарды және Компанияның қаржылық емес есептілігінде ашылатын негізгі тақырыптарды айқындаудың маңызды кезеңі болып табылады.

Маңыздылықты айқындау кезінде Компания GRI (2021) стандартының әдіснамалық нұсқаулықтарын басшылыққа алады. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Freedom Holding Corp. экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік әсер тұрғысынан Компания үшін маңызды тақырыптардың маңыздылығын бағалады. Бағалау үш кезеңнен тұрды: салыстырмалы салалық бенчмарк-талдау жүргізу, мүдделі тараптардың пікірлерін жинау және маңызды тақырыптардың тізімін жасау. Төменде ұсынылған бағалау нәтижелері Freedom Holding Corp. өзінің ESG саласындағы көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылатын қызмет аспектілерін көрсетеді.

Маңыздылықты бағалаудың үш кезеңі келесі рәсімдерді қамтыды:

Бенчмарк-талдау жүргізу

- Компания туралы жария дереккөздердегі ақпаратты талдау;
- Бенчмарк-компаниялар ашатын маңызды тақырыптарға салыстырмалы талдау және үздік тәжірибелерді талдау;
- ESG саласындағы рейтингтік агенттіктердің талаптарына талдау жүргізу.

Мүдделі тараптардың пікірлерін жинау

- Ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасында онлайн-сауалнама жүргізу.

Маңызды тақырыптардың тізімін жасау

- Тақырыптарды маңыздылық деңгейі бойынша саралау;
- Маңыздылық шегін айқындау;
- Директорлар кеңесінде маңызды тақырыптар тізімін түпкілікті келісу.

Мүдделі тараптардың пікірлерін жинау мақсатында 2026 жылғы наурызда онлайн-сауалнама жүргізіліп, оған Компанияның мүдделі тараптар топтарының өкілдері қатысты. Респонденттер Компанияның қоршаған ортаға, экономикаға және қоғамға ықтимал әсерін көрсететін әрбір тақырыпты 1-ден 5-ке дейінгі маңыздылық дәрежесі бойынша бағалады:

1. «ықпалдың дәрежесі өте төмен»;
2. «ықпалдың дәрежесі төмен»;
3. «ықпалдың дәрежесі орташа»;
4. «ықпалдың дәрежесі жоғары»;
5. «ықпалдың дәрежесі өте жоғары».

Маңыздылықты бағалау нәтижелері

GRI 3-2

Сауалнама нәтижелері бойынша келесі 8 маңызды тақырып айқындалды:

Экологиялық бағыт:

- Климаттың өзгеруі.

Әлеуметтік бағыт:

- Адами капиталды басқару;
- Адам құқықтары;
- Жергілікті қауымдастықтар.

Басқарушылық бағыт:

- Іскерлік этика және комплаенс;
- Киберқауіпсіздік;
- Тәуекелдерді басқару;
- Корпоративтік басқару тәжірибелері.

Сауалнамаға

553 респондент қатысты

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлес[12]

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартына қол қоюшы бола отырып және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (БҰҰ ТДМ) қол жеткізудегі бизнестің маңызды рөлін мойындай отырып, Компания қаржылық және қаржылық емес қызметтердің кең ауқымына қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы өзі қызмет ететін қауымдастықтар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға ұмтылады. Топтың қызметі экономикалық құн мен жұмыс орындарын қалыптастырады, сондай-ақ жергілікті халықтың негізгі қызметтерге қолжетімділігін жақсартады. БҰҰ ТДМ-на қол жеткізуге бағдарлану Компания ішінде тұрақты дамудың тиімді жүйесін қалыптастыруға ықпал етіп қана қоймай, келесі ұрпақтың тұрақты болашағына үлес қосуға да көмектеседі.

Бұдан әрі осы бөлімде Компанияның өз қызметі мен бастамалары арқылы БҰҰ-ның тиісті Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосатын үлесі сипатталған.



1-МАҚСАТ:
КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Әлеуметтік тұрғыдан осал адамдар мен қауымдастықтарға, оның ішінде қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар мен отбасыларға қаржылық және заттай көмек көрсету, сондай-ақ бірінші кезектегі қажетті тауарларға, қызметтер мен көмекке қолжетімділікті кеңейтетін қайырымдылық бастамаларды қолдау.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- «Freedom Life» ӨСК» АҚ Қазақстан Республикасында қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан құқық қорғау және орман шаруашылығы органдары қызметкерлерінің кәмелетке толмаған балаларына көмек көрсетуге бағытталған Freedom Support бағдарламасы аясында 73,8 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Armenia LLC коммерциялық емес ұйым және Армения Республикасындағы алғашқы микроқайырымдылық платформасы IMAST Inc.-ке 40 мың АҚШ долларын бөлді. Жоба іріктелген қайырымдылық қорларына емделуге және басқа да маңызды әлеуметтік мақсаттарға қаражат жинауға көмектеседі.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ әлеуметтік тұрғыдан осал әйелдерді қолдау және дамыту жөніндегі «Мама Про» қоғамдық қорына «Қамқорлық экономикасы» жобасы үшін 7,5 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдауға арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру үшін «Дар» қоғамдық қорына 2 млн теңге бөлді. Қаражат жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған іс-шаралар ұйымдастырылатын «Наурыз» жобасына бағытталды.
- «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Technologies» ЖШС мұқтаж адамдарға беру үшін пайдаланылған киім, кітаптар мен аяққиім жинауға арналған арнайы контейнерді кеңсе кеңістігінде орнату және оған қызмет көрсету үшін «Тепло» қорына 1,32 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ «Мектепке жол» акциясын қолдау үшін «Q-Satti Almaty» қоғамдық қорына 2,5 млн теңге бөлді. Бастама әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан 100 баланы мектеп құралдары және рюкзактармен қамтамасыз етуге бағытталған.

[12] Демеушілік және қайырымдылық жобалары бойынша төлемдер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылған. Осы Есепте валюталарды айырбастау үшін тиісті ұлттық банктердің ресми валюта бағамдары пайдаланылды.

3 GOOD HEALTH AND WELL-BEING

3-МАҚСАТ: МЫҚТЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Денсаулықты нығайтуға, спортты дамытуға және инфрақұрылым құруға бағытталған жобаларды қолдау.



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Қор Қазақстан Республикасының жасөспірімдер футбол лигасы Freedom QJ League-ті демеушілік қолдауға 5,55 млрд теңге бөлді.
- Freedom Holding Corp. және Қор «Шахтер» футбол клубына клубтың кәсіби командаларының, оның ішінде әйелдер командасының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде маусым алдындағы оқу-жаттығу жиындарын өткізуі үшін 1,47 млрд теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. Халықаралық велосипедшілер одағының Әлемдік турында өнер көрсететін, Қазақстан Республикасының кәсіби велоспорттағы негізгі өкілдерінің бірі XDS Astana Team командасын қолдауға 2 млн еуро бөлді.
- Қор «Қарағанды облысының футболы» корпоративтік қорына «ALGA» мектеп футболы жобасына, жасөспірімдер мен ересектер арасында футбол және футзал жарыстарын өткізуге, сондай-ақ балалар үйлері мен мамандандырылған мектептерге арналған киберфутбол бойынша әлеуметтік бастамаға 846 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. Freedom24 Krasava футбол клубына 2025–2026 жылдар маусымының титулдық демеушісі ретінде 1,02 млн еуро бөлді. Қолдау кәсіби спортшылар мен жас таланттарды дамытуға бағытталған.
- Қор «Жеңіс» футбол клубына 2025 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының чемпионаты мен Қазақстан Республикасының кубогына қатысу үшін демеушілік қолдау ретінде 450 млн теңге бөлді.
- Қор Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетіне ұлттық спорт делегациясын ірі мультиспорттық іс-шараларға дайындау және қатыстыру үшін, оның ішінде негізгі ұйымдастырушылық, әкімшілік және көлік қажеттіліктерін өтеуге 126 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті.
- Қор «Жетісу» футбол клубының операциялық шығыстарына, оның ішінде ойыншыларға, жаттығу процесіне және әкімшілік персоналға байланысты шығыстарға демеушілік қолдау ретінде 100 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Жетісу облысының бокс федерациясына кәсіби спортшыларды 2026 жылғы ұлттық және халықаралық турнирлерге және Олимпиада ойындарына дайындауды қаржыландыру үшін 100 млн теңге бөлді.
- Қор «Қайрат» футзал клубының балалар академиясын және «Kairat Futsal Women's team» әйелдер командасын дамытуға демеушілік қолдау ретінде 128,84 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. Кипр Республикасының екі дүркін Олимпиада жүлдегері, өзінің амбассадоры Павлос Контидесті қолдауға 133,88 мың еуро бөлді.
- «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ жол қозғалысы қауіпсіздігі қағидалары бойынша білім беру бейнематериалдарын әзірлеуге 58,95 млн теңге бөлді. Материалдарда жолда қауіпсіз жүріп-тұру жөніндегі практикалық ұсынымдар қамтылған.
- «Freedom Life» ӨСК» АҚ Жетісу облысының бокс федерациясын қолдауға 50 млн теңге бөлді.
- «Freedom Life» ӨСК» АҚ «Динамоға 100 жыл» іс-шарасын өткізуге қолдау көрсету аясында 45 млн теңге бөлді.
- Қор «Шахтер» футбол клубының Футбол орталығындағы балалар командаларын экипировкамен қамтамасыз етуге демеушілік қолдау ретінде 30 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. Кипр Республикасының болашағынан үміт күттіретін автожарысшысына демеушілік қолдау ретінде 20,83 мың еуро бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. Кипрдің қатерлі ісікке қарсы күрес қоғамына Color and Light қайырымдылық көркемсурет көрмесі мен аукционының бас демеушісі ретінде 10 мың еуро бөлді. Қаражат онкологиялық көмек көрсету және пациенттерді қолдау бағдарламаларына бағытталды.
- Freedom Finance Europe Ltd. Dancing Queen қайырымдылық қорына Лимасолда жыл сайын өткізілетін «I'd Rather Walk than Drink & Drive» шеруіне демеушілік қолдау ретінде 5 мың еуро бөлді. Іс-шара жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттайды және осал топтарға қаражат жинауға көмектеседі.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ «Бірінші болуға батылдық» корпоративтік қорына 5,5 млн теңге бөлді. Жарна мөлшері Алматы марафонына қатысқан банк қызметкерлерінің санына байланысты болды.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ үш мекеме үшін компьютерлік және кеңсе жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды: Павлодар аудандық емханасына 5,25 млн теңге, Жамбыл облыстық жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромының (ЖИТС) алдын алу және оған қарсы күрес орталығына 1,88 млн теңге және Шығыс Қазақстан облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығына 1 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. 2026 жылғы Лимасол марафоны аясында өткізілген «Clean Up» науқаны үшін City Friend Club ұйымына 2,63 мың еуро бөлді.

4-МАҚСАТ:
САПАЛЫ БІЛІМ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын, инфрақұрылымды дамытуды, зерттеу жобаларын, стипендиялық бағдарламаларды және студенттерге арналған гранттарды қоса алғанда, білім беру және ғылыми бастамаларға қаржылық қолдау көрсету.
- Биология, экономика және бағдарламалау сияқты түрлі пәндер бойынша олимпиадаларды, турнирлер мен конкурстарды қолдау.
- Ұлттық және халықаралық турнирлер ұйымдастыру және шахмат мектептерін қолдау арқылы шахматты дамыту.



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Қор Қазақстан Республикасында шахматтық білім беруді дамыту және талантты шахматшылардың халықаралық турнирлерге қатысуы үшін Қазақстан шахмат федерациясына демеушілік қолдау ретінде 5,3 млрд теңге бөлді.
- Қор мектеп командалары арасындағы шахматтан Әлем чемпионатын және «Мектептегі шахмат» ғылыми конференциясын өткізу арқылы шахмат мәдениетін дамытуға демеушілік қолдау ретінде 1,45 млрд теңге бөлді.
- Қор «Teach for Qazaqstan» білім беру қорына біліктілікті арттыру курстары және бағдарлама қатысушыларына ай сайынғы стипендиялар үшін демеушілік қолдау ретінде 235,31 млн теңге бөлді. Бағдарлама педагог кадрлар тапшы өңірлерде сабақ беру үшін мамандарды тартады.
- Қор Қазақстан тарихына арналған «Қазақстан тарихы: ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» атты академиялық көптомдық сериясы қазақ тілінде басып шығару үшін Ұлттық аударма бюросына 171,63 млн теңге бөлді.
- Қор Freedom Grants әлеуметтік жобасына демеушілік қолдау ретінде 234,05 млн теңге бөлді. Жоба талапкерлерге Қазақстан Республикасының өңірлік университеттерінде бүкіл оқу кезеңінің құнын өтейтін білім беру грантын алуға мүмкіндік береді. Жоба оқу ақысы жоғары білім алуға кедергі болуы мүмкін ынталы жастарға бағытталған.
- Қор балалар мен жасөспірімдердің шахмат арқылы стратегиялық ойлауын, тәртібін және креативтілігін дамытуға демеушілік қолдау ретінде 99,5 млн теңге бөлді.
- Қор әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігін құру және дамыту үшін «Алматының тарихи шахмат клубы» жобасына демеушілік қолдау ретінде 81 млн теңге бөлді.
- Қор ынталы ауыл оқушыларын анықтауға және қолдауға, олардың ой-өрісін кеңейтуге және өзіне деген сенімін арттыруға бағытталған академиялық олимпиаданы ұйымдастыру үшін IQanat білім беру қорына демеушілік қолдау ретінде 45,69 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. шахматтық білім беруді, ұлттық чемпионаттарды және бүкіл Австрия бойынша білім беру жобаларын қолдайтын бірлескен бастамалар үшін Австрия шахмат федерациясына бас серіктес ретінде 60 мың еуро бөлді.
- Қор заманауи Қазақстан туралы үздік роман конкурсын ұйымдастыру үшін Mecenat.kz платформасына 44,25 млн теңге бөлді, ал «Freedom Life» ӘСК» АҚ жеңімпазға өмір бойы ай сайын төленетін төлемдерді қаржыландыру үшін қосымша 11,65 млн теңге бөлді.
- Қор Аналитика мектебінің үшінші және бесінші циклдерін қолдау және Қазақстан мәдениеті, өнері мен қоғамы туралы кітаптар шығару үшін «Зияткер Қоғам» қоғамдық қорына 54 млн теңге бөлді.
- Қор «АНА ТІЛІ» олимпиадасына демеушілік қолдау ретінде 39,37 млн теңге бөлді. Олимпиаданың негізгі мақсаты — жастар арасында қазақ тілін кеңінен насихаттау, оны ғылым мен білім тілі ретінде дамыту, сондай-ақ оқу сауаттылығы мен жазу мәдениетін арттыру.
- Қор киберқауіпсіздік, қолданбалар қауіпсіздігі және Data Science бойынша курстар өткізуге, сондай-ақ технологиялық іс-шаралар мен хакатон ұйымдастыруға демеушілік қолдау ретінде 64,14 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. Федерацияның қызметі мен іс-шараларын, оның ішінде Еуропадағы чемпионаттарды жалпы қолдауға 33,65 мың еуро бөлді.
- Қор Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында Minor Programs бағдарламаларын іске асыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығына (АХҚО) демеушілік қолдау ретінде 15,9 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. 2026 жылғы Халықаралық шахмат федерациясының (ФИДЕ) Үміткерлер турнирінің тең ұйымдастырушысы әрі ресми серіктесі ретінде 1 млн АҚШ долларын бөлді.
- Freedom Finance Europe Ltd. The Island Private School мектебінде бір студенттің оқуын қаржыландыру үшін 13,23 мың еуро бөлді.
- Қор Freedom экожүйесінің тестілік деректер ортасында математикалық модельдер мен нейрондық желілерді құру саласында студенттерді оқыту және тағылымдамадан өткізу жобасын қолдауға 11,63 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Алматыда шахматқа деген қызығушылықты дамыту, жабдық сатып алу және іс-шаралар ұйымдастыру үшін демеушілік қолдау ретінде 8 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Armenia LLC Армян жалпы қайырымдылық одағының Focus 2025 саммитіне 15 мың АҚШ долларын бөліп, іс-шараның гуманитарлық және білім беру мақсаттарын, оның ішінде армян текті студенттерге қаржылық көмек көрсетуді қолдады.
- Қор Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде он стипендияны қолдау үшін 6,25 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Armenia LLC NewMag Winter Book Festival фестиваліне бас демеуші ретінде 2,5 млн армян драмын бөлді. Компанияның үлесі кітап таныстырылымдары мен панельдік пікірталастарды өткізуге қолдау көрсетіп, жергілікті авторларды дамытуға және оқу мәдениетін нығайтуға ықпал етті.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қазақстан-Британ техникалық университетіне Financial Risk Management және Data Science (MBA) бағыттары бойынша екі магистрлік грант үшін 1,17 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Armenia LLC білім берудегі теңдікті ілгерілету мақсатында Teach For Armenia бағдарламаларын қолдауға 1,74 млн армян драмын бөлді. Бұл бағдарламалар қаржылық сауаттылықты нығайтуға және «Kayts» әлеуметтік инновациялар инкубаторын дамытуға бағытталған.

5-МАҚСАТ: ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Компания әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, тең мүмкіндіктерді ілгерілетуге және технологиялар мен инновациялар саласында әйелдер көшбасшылығын дамытуға бағытталған бастамаларды қолдайды.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Freedom Holding Corp. технологиялар мен инновациялар саласындағы әйелдерді ілгерілету және технологиялық сектордағы гендерлік теңдік мәселелерін талқылау үшін Women in Tech Global Summit саммитіне демеушілік қолдау ретінде 100 мың еуро бөлді.
- Қор Women in Tech 2025 сыйлығын ұйымдастыруға демеушілік қолдау ретінде 7 млн теңге бөлді.



6-МАҚСАТ: ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Компания сумен жабдықтау инфрақұрылымын дамытуға және жергілікті қауымдастықтарда су ресурстарын тұрақты пайдалануды ілгерілетуге бағытталған жобаларды қолдау арқылы таза су мен санитарияға қолжетімділікті жақсартуға үлес қосады.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Қор Қазақстан Республикасының Қызылорда облысындағы «Эко-Ауыл» жобасын қолдауға 67,81 млн теңге бөлді. Бастама таза суды қоса алғанда, өмірлік маңызы бар негізгі ресурстарға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын кешенді түрде арттыруға бағытталған.

9-МАҚСАТ: ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Қалалар мен өңірлерде білім беру, мәдени, ғылыми-технологиялық және спорттық инфрақұрылым құру жобаларына қаржылық қолдау көрсету.
- Инновациялар және интернетті басқару саласындағы ірі форумдарға, көрмелерге және бастамаларға демеушілік көрсету арқылы цифрлық технологияларды дамытуға қолдау көрсету.
- Кеңжолақты интернет және қоғамдық Wi-Fi желілері жобалары арқылы қоғамдық цифрлық инфрақұрылымды кеңейтуге және цифрлық теңсіздікті азайтуға ықпал ету.



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Freedom Finance Europe Ltd. Youth Tech Festival Cyprus білім беру іс-шарасына бас серіктес ретінде 20 мың еуро бөлді. Технологияларды, білім мен инновацияларды біріктіретін фестиваль келесі ұрпақ арасындағы цифрлық дағдылар тапшылығын азайтуға көмектеседі және Кипр Республикасындағы жас таланттардың жаратылыстану ғылымдарын, технологияларды, инженерия мен математиканы меңгеруіне, сондай-ақ болашақ экономикасында сұранысқа ие шығармашылық дағдыларын дамытуына қолдау көрсетеді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Астанада Digital Bridge 2025 форумын ұйымдастыру үшін «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорына демеушілік қолдау ретінде 300 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Digital Qazaqstan 2026 халықаралық форумын ұйымдастыру және өткізу үшін «Astana Hub» дербес кластерлік қорына демеушілік қолдау ретінде 150 млн теңге бөлді.
- Freedom Holding Corp. технологиялық инновацияларды қолдауға бағытталған Орталық Еуразия стартаптарының бірегей конкурсы — «Road to Battlefield» жобасына 200 мың АҚШ долларын бөлді.
- Freedom Telecom Holding Ltd. қоғамдық цифрлық сервистерді дамытуға және негізгі қалалық аймақтарда қоғамдық Wi-Fi желілерін өрістетуге қолдау көрсету арқылы желілік инфрақұрылымды нығайтуға 104,49 млн теңге бөлді.
- Freedom Finance Armenia LLC сапалы технологиялық білімге қолжетімділікті кеңейту және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы шешімдерді ілгерілету үшін университеттік бағдарламаларды, халықаралық технологиялық саммиттерді және өңірлік конференцияларды біріктіретін Silicon Mountains бағдарламасы аясындағы іс-шараларды қолдауға 5 млн армян драмын бөлді.

10-МАҚСАТ: ТЕҢСІЗДІКТІ АЗАЙТУ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін әлеуметтік инклюзияны және дене дамуы бағдарламаларына тең қолжетімділікті қолдау.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Қор «UNI FOOTBALL LEAGUE» аясында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті футбол жаттығулары бағдарламаларын демеушілік қолдауға 31,95 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қарағанды облысы білім басқармасының арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау жөніндегі Осакаров аудандық орталығында балаларға арналған ауладағы құмсалғышты сатып алу және орнату үшін «Дар» қоғамдық қорына 560 мың теңге бөлді.

11-МАҚСАТ: ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Қалалық инфрақұрылым мен қоғамдық кеңістіктерді дамыту, мәдени мұра объектілерін сақтау, инклюзивті спорт нысандарын құру, ірі мәдени және музыкалық іс-шараларды қолдау, сондай-ақ білім беру қорлары арқылы қауымдастықтар арасындағы байланыстарды дамыту.



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Қор өңірдің ресми және мәдени іс-шаралар өткізу мүмкіндіктерін кеңейту үшін Астанада Қабылдаулар үйін салуға демеушілік қолдау ретінде 8,31 млрд теңге бөлді.
- Қор Қарағанды қаласында болашақ «Шахтер» футбол клубы ойыншыларына арналған жаттығу базасы болатын Футбол академиясын салуға 4,17 млрд теңге бөлді.
- Қор Алматыдағы қаланың сәулет ескерткіші болып табылатын Қазақстан Республикасы Армия үйін қайта жобалау және жөндеуді қолдауға 990,51 млн теңге бөлді. Жоба мәдени мұраны сақтауға және қоғамдық іс-шараларға арналған қауіпсіз алаңды қамтамасыз етуге бағытталған.
- Қор Батыс Қазақстан облысында Ботаникалық бақ құруды қолдауға 723,3 млн теңге бөлді. Жоба тоғанды, жылыжайды және демалыс аймақтарын қамтиды және биоәртүрлілік пен экологиялық білім беруді қолдауға бағытталған.
- Қор Семейде қатал ауа райы жағдайларына бейімделген үрлемелі ауа күмбезімен және жыл бойғы жаттығуларға арналған инфрақұрылыммен жабдықталған «Елімай Freedom» футбол нысанын салуды қолдауға 534,29 млн теңге бөлді.
- Қор Алматыдағы М. Ю. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының Үлкен залын жаңғыртуға демеушілік қолдау ретінде 418,93 млн теңге бөлді. Жоба сахналық қойылымдардың сапасын арттыруға және алаңды заманауи талаптарға сай жаңартуға бағытталған.
- Freedom Finance Armenia LLC Арам Хачатурян атындағы музыка фестиваліне бас демеуші ретінде қатысу және конкурс ұйымдастыру үшін 123 млн армян драмын бөлді.
- Қор Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрына демеушілік қолдау ретінде 151,23 млн теңге бөлді.
- Қор жергілікті қоршаған ортаның жағдайын жақсарту үшін пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларын жинаудың жалпыұлттық желісін қолдай отырып, Freedom фандоматтарына 134,97 млн теңге бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Жамбыл облысындағы «Арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығында» көпфункциялы спорт алаңын салуға демеушілік қолдау ретінде 11,78 млн теңге бөлді. Бұл кеңістік қауіпсіз және инклюзивті жағдайда дене белсенділігі мен оңалтуға арналған.
- Freedom Holding Corp. жергілікті диаспора арасында қазақ мәдени дәстүрлерін сақтау және насихаттау мақсатында Сан-Францискода Наурыз мерекесін ұйымдастыруға 7,6 мың АҚШ долларын бөлді.
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қарағанды көлік-технологиялық колледжіне аудиторияларды жөндеу және қажетті материалдарды жеткізу үшін 1,5 млн теңге бөлді.

13-МАҚСАТ: КЛИМАТ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Парниктік газдар шығарындыларын кейіннен азайту мақсатында оларды бақылау және есептеу.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Ықтимал осалдықтарды анықтау және ұзақ мерзімді тұрақтылықты арттыру үшін климаттық тәуекелдерге жыл сайынғы бағалау жүргізілді. 2026 қаржы жылында бағалау ауқымы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін қосу есебінен кеңейтілді.
- Freedom Holding Corp. еншілес компанияларының барлық активтер кластары, оның ішінде инвестициялық, кредиттік және сақтандыру портфельдері бойынша қаржыландырылатын шығарындылар есептелді.
- 2026 қаржы жылында «Freedom Finance Global PLC» ЖК Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша парниктік газдардың таза нөлдік шығарындыларына (Net Zero) қол жеткізу жөніндегі міндеттемені бекітіп, оған қол жеткізудің нысаналы мерзімін 2060 жыл деп белгіледі.
- Freedom Travel компаниясы («Aviata» ЖШС) ESG департаментімен бірлесіп, клиенттерге әуе сапарларының көміртегі ізіне байланысты ормандарды қалпына келтіру жобаларын қолдауға мүмкіндік беретін функцияны енгізді. Бұл функция клиенттерге әуе сапарларының есептік көміртегі ізін ескере отырып, шөлейттенуден зардап шеккен Арал маңы өңірлеріндегі ормандарды қалпына келтіру жобаларына өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.
- Есепті топтың қызметкерлері ішкі құзыреттерді дамытуға және деректерді ұсынуда бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша оқытудан өтті.


15-МАҚСАТ: ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Биоалуантүрлілікті сақтау, тозған жерлерді қалпына келтіру, ормандарды тұрақты басқару және ормандарды қалпына келтіру бағдарламаларын қолдау.
- Арал теңізінің құрғаған табанының экожүйесін қалпына келтіру мақсатында «Aral Oasis» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастықты жалғастыру.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- Freedom Holding Corp. Priceless Planet Coalition аясындағы ормандарды қалпына келтіру жобаларын қолдау үшін Conservation International (CI) қорына 20 мың АҚШ доллары көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.
- Қор Қазақстан Республикасында Тұран жолбарысын реинтродукциялау жобасын қаржыландыру, оның ішінде жергілікті биоалуантүрлілікті қалпына келтіру мақсатында жолбарыстарды әкелу үшін «Zholbarys» жабайы мысықтарды сақтау қауымдастығына 102 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті.
- Қор Арал теңізінің құрғаған табанының экожүйесін қалпына келтіру жобасын қолдауға 34,04 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.
- Freedom Finance Europe Ltd. Prasini Aspida және You Reforest Cyprus Team ұйымдарымен бірлесіп, Ларнакадағы Арадиппу елді мекенінде 1 мың ағаш пен өсімдік отырғызуға 1,88 мың еуро бөлді.



17-МАҚСАТ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК

ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҮЛЕСІ:

- Өңірлік экономикалық даму, әйелдер көшбасшылығы форумдары және жоғары деңгейдегі халықаралық диалогпен байланысты әріптестіктерді қалыптастыру және қолдау.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР:

- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ 2025 жылғы 29–30 мамырда Астанадағы Конгресс-орталықта өткен форумға 350 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті. Іс-шараға Мемлекет басшысы мен шетелдік өкілдер қатысты; форум халықаралық әріптестік пен диалог алаңына айналды.
- Freedom Holding Corp. Алматыда өткен Be WOMAN Asia 2025 форумын ұйымдастыруға 250 мың АҚШ долларын бөлді. Форум әйелдер кәсіпкерлігін, қоғамдық маңызы бар бастамаларды және ұрпақаралық көшбасшылықты талқылауға арналған маңызды алаңға айналды.
- Қор «Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағын дамытуға және Ақтөбе облысының инвестициялық ахуалын жақсартуға 30 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті. Қаржыландыру өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы талдамалық материалдарды дайындауға бағытталды.

Корпоративтік басқару



Корпоративтік басқару жүйесі 41
Тәуекелдерді басқару 52
Климаттық тәуекелдерді бағалау 54
Іскерлік этика және комплаенс 60

Корпоративтік басқару жүйесі

GRI 2-9, 2-11, 2-12, 3-3


Мүдделі тараптардың мүдделерін барынша қорғау және олардың үміттерін ақтау мақсатында Freedom Holding Corp. озық әлемдік тәжірибелерге сәйкес корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстанады. Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі Невада штатының заңдар жинағына, Nasdaq қор биржасының талаптарына және АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының (SEC) қағидаларына сәйкес құрылған.

Freedom Holding Corp. Nasdaq корпоративтік басқару стандарттарында белгіленген мағынада бақыланатын компания болып табылады, өйткені Турлов мырза Freedom Holding Corp.-тың айналыстағы жай акцияларына тиесілі дауыстардың көпшілігін бақылайды.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің кез келген отырысында директорлардың көпшілік дауысымен Компанияның Жарғысын толық немесе ішінара бекітуге, өзгертуге және күшін жоюға уәкілетті. Сондай-ақ Жарғы акционерлердің кез келген жиналысында Компанияның айналыстағы және дауыс беру құқығы бар акцияларының 75%-ын иеленушілердің дауысымен бекітілуі, өзгертілуі немесе күшін жоюы мүмкін.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесін реттейтін негізгі саясаттары мен рәсімдерінің басым бөлігі Компанияның мынадай құжаттарына негізделген:

1. Компанияның құрылтай құжаттары және Жарғысы;
2. Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі;
3. Компанияның бағалы қағаздармен сауда жасау саясаты туралы ереже;
4. Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелер (толығырақ «Директорлар кеңесінің комитеттері» бөлімін қараңыз).



Акционерлер

Компанияның жоғары басқару органы — жылына кемінде бір рет өткізілетін Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы (бұдан әрі — Жиналыс). Акционерлердің жыл сайынғы жиналысын өткізу және ұйымдастыру тәртібі Freedom Holding Corp. Жарғысында бекітілген. Жиналыстың күн тәртібіне Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және Аудит жөніндегі комитеттің тәуелсіз аудиторды тағайындауын бекіту кіреді. Жиналыс сондай-ақ жоғары буын басшыларына өтемақы төлеу жоспары бойынша мерзімді түрде ұсынымдық дауыс беру өткізеді.

Жиналыстың күн тәртібі Компанияның қарауына уақтылы ұсынылған акционерлердің ұсыныстары мен мәселелерінен қалыптастырылады. Өтінімді уақтылы беру шарттары Freedom Holding Corp. Жарғысында айқындалған. Көп жағдайда өтінім соңғы Жиналыстың мерейтойлық күнінен жүз жиырма күн бұрынғы жұмыс күнінің аяқталуынан ерте емес және тоқсан күн бұрынғы жұмыс күнінің аяқталуынан кешіктірілмей алынған жағдайда уақтылы берілген болып есептеледі.

Әрбір акционерге Жиналыста дауыс беруге шығарылған әрбір мәселе бойынша сол сәтте өзіне тиесілі әрбір жай акция үшін бір дауыс беріледі. Freedom Holding Corp. акционерлерінің ешбір мәселе бойынша, соның ішінде директорларды сайлау кезінде де кумулятивтік дауыс беру құқығы жоқ.

Директорлар кеңесі

GRI 3-3

Freedom Holding Corp.-тың негізгі қадағалаушы және стратегиялық басқару органы — Директорлар кеңесі. Директорлар кеңесінің міндеттеріне қолданылатын заңнамаға, корпоративтік Жарғыға және құрылтай құжаттарына сәйкес шешім қабылдау акционерлердің айрықша құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Компанияның мүлкі мен қызметін басқару кіреді. Атап айтқанда, Директорлар кеңесі ESG саласындағы мәселелерді басқаруды қадағалауға жауап береді.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына үш класқа бөлінген жеті директор кірді (толығырақ «Директорлар кеңесі мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату» бөлімін қараңыз): I класс, II класс және III класс. Директорлардың әрбір класы Акционерлердің жыл сайынғы жиналысында үш жыл мерзімге сайланады.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жеті директордың төртеуі тәуелсіз деп танылды. «Тәуелсіз» деп танылмаған директорларға Тимур Турлов мырза, Асқар Таштитов мырза және доктор Қайрат Келимбетов жатады. Директорлар кеңесінің төрағасы Турлов мырза бір мезгілде Freedom Holding Corp.-тың Бас атқарушы директоры қызметін атқарады. Асқар Таштитов мырза Компанияның Президенті және Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Доктор Қайрат Келимбетов Freedom Horizons[13] компаниясында Стратегиялық кеңесші және Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің мүшесі қызметін атқарады.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің екеуі өз қызметтерін 10 жылдан астам, тағы екеуі 5 жылдан астам атқарған. Директорлар кеңесінің қалған үш мүшесі өз қызметтерін 5 жылдан аз уақыт атқарған.

Есепті кезең ішінде Директорлар кеңесі 13 отырыс өткізді, оларға қатысудың орташа деңгейі 100%-ды құрады. Кеңес комитеттері де тұрақты түрде отырыстар өткізіп, оларға қатысудың орташа деңгейі 95,3%-ды құрады. Кеңес отырыстарына қатысумен қатар, директорлар жыл бойы жеке кездесулер және басқа да коммуникация нысандары, соның ішінде жеке қарым-қатынас, электрондық пошта және қызығушылық тудыратын немесе алаңдаушылық туғызатын мәселелер бойынша телефон арқылы сөйлесу жолымен өз міндеттерін атқарды. Компанияда Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жыл сайынғы жиналысына қатысуға міндеттейтін ресми саясат жоқ, алайда мүмкіндік болған жағдайда барлық директорлардың қатысуы құпталады.

Есепті кезеңде басқарма	Басқарма отырыстарына қатысудың орташа көрсеткіші	Басқарма комитетінің отырыстарына қатысудың орташа көрсеткіші
13 кездесулер өткізген	100 %	95,3 %

2-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ МЕРЗІМІ, %



>10 жыл | ≥5 жыл | <5 жыл

[13] Freedom Holding Corp.-тың еншілес ұйымы. Ұйым Есепті топтың шекарасына кірмейді.

2-КЕСТЕ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ОТЫРЫСТАРЫНА ЖЕКЕ ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ, %

Директор	Отырыстарға қатысу деңгейі, %
Тимур Турлов	100
Аскар Таштитов	100
Борис Чердабаев	100
Эмбер Уильямс	100
Кайрат Келимбетов	100
Эндрю Гэмбл	100
Филиппе Вогелеер	100

3-КЕСТЕ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ЖЕКЕ ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ, %

Комитет мүшесі	Аудит жөніндегі комитет	Тәуекелдер жөніндегі комитет	Сыйақылар жөніндегі комитет	Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитет	Мәмілелер жөніндегі комитет	Телекоммуникациялар жөніндегі комитет
Тимур Турлов	-	-	40	-	-	100
Аскар Таштитов	-	66,7	-	-	92,3	-
Борис Чердабаев	100	-	-	100	100	100
Эмбер Уильямс	93,8	100	100	100	-	100
Кайрат Келимбетов	-	83,3	-	100	-	-
Эндрю Гэмбл	100	100	100	100	100	-
Филиппе Вогелеер	-	-	100	100	100	100



2015 жылдан бастап Директор

Тимур Турлов

Директорлар кеңесінің төрағасы, Бас атқарушы директор

Тимур Турлов 2009 жылы Циолковский атындағы Ресей мемлекеттік технологиялық университетін экономика және басқару саласындағы бакалавр дәрежесімен тәмамдаған. Турлов мырзаның халықаралық бағалы қағаздар нарығының түрлі салаларында 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2008 жылдың соңынан бастап ол Топтың бизнесін дамытуға атсалысып келеді. 2013–2017 жылдары Турлов мырза «Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі қызметін атқарды. Бұл қызметте ол негізінен стратегиялық басқаруға, жұртшылықпен және инвесторлармен байланысқа, инвестициялық және өткізу стратегиясына, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылға жауап берді. 2017 жылғы шілдеде Турлов мырза «Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

2015 жылдан бері Тимур Турлов Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің мүшесі және төрағасы болып табылады. Сонымен қатар, ол «Freedom Finance Life» ӨСК» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Comrun» ЖШС директорлар кеңестерінің құрамына кіреді. Ол сондай-ақ «Freedom Data Centers» ЖШС және «Freedom Mobile» ЖШС бақылау кеңестерінің төрағасы, сондай-ақ EasyTap Ltd., Chocofamily Holding Ltd., XakPro Ltd. және CerebraAI, Inc. директорлар кеңестерінің мүшесі болып табылады. Турлов мырза басқа компанияларда, соның ішінде бағалы қағаздармен операциялар жүргізетін өзге де брокерлік компанияларда үлестерге иелік етеді.

2026 жылғы наурызда Турлов мырза Қазақстан Республикасы Президентінің атынан елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін берілетін мемлекеттік марапат — «Парасат» орденімен марапатталды.



2008 жылдан бастап Директор

Аскар Таштитов

Президент, Атқарушы директор

Таштитов мырза 2002 жылы Йель университетін экономика және тарих саласындағы академиялық мамандануы бар бакалавр дипломымен тәмамдаған. Оның мұнай-газ секторындағы жоғары басшылық лауазымдарда 10 жылдан астам және қаржы саласында 5 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2004–2015 жылдары ол Freedom Holding Corp.-тың ізашар компаниясы BMB Munai-де жұмыс істеп, 2006–2015 жылдары Президент қызметін атқарды. 2011–2015 жылдары Таштитов мырза тікелей инвестициялар саласындағы жобалармен айналысты.



2019 жылдан бастап Директор

Борис Чердабаев

Тәуелсіз директор

Чердабаев мырза 1976 жылы Уфа мұнай институтын тәмамдаған. 2011 жылы Гарвард бизнес мектебінің Advanced Management Program бағдарламасын, 2002 жылы Колумбия университетінің Columbia Senior Executive Program бағдарламасын, ал 2000 жылы Калифорния штатының Сан-Франциско қаласында Chevron компаниясының Chevron Advanced Management Program бағдарламасын аяқтады.

Қазіргі уақытта Чердабаев мырза Weatherford International және Caspian Energy Research LLP компанияларына тиесілі жеке компания — Weatherford-CER Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметін атқарады. Оның АҚШ биржасының листингтік тізіміне енгізілген компанияны басқаруда мол тәжірибесі бар.

Чердабаев мырза 2003–2015 жылдары BMB Munai компаниясының Директорлар кеңесінің төрағасы және Бас директоры қызметтерін атқарды. 2000–2003 жылдары Чердабаев мырза TengizChevroil LLP Директорлар кеңесінің мүшесі болды. 1998–2000 жылдары «Қазақойл» компаниясында Директорлар кеңесінің мүшесі, барлау және өндіру жөніндегі вице-президент, сондай-ақ сервистік жобаларды дамыту жөніндегі атқарушы директор қызметтерін атқарды.



2020 жылдан бастап Директор

Эмбер Уильямс

Бас тәуелсіз директор

Уильямс ханым 2004 жылы Юта университетінде бухгалтерлік есеп саласындағы ғылым бакалавры дәрежесін, ал 2005 жылы сол университетте бухгалтерлік есеп магистрі дәрежесін алды. Оның бухгалтерлік есеп және аудит саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар.

2012 жылдан бері Уильямс ханым компанияларға бухгалтерлік есеп және қаржылық басқару саласында консультациялық қызмет көрсетеді, сондай-ақ сертификатталған бухгалтер (CPA) болып табылады. 2018–2019 жылдары ол Огайо штатында орналасқан Brixey & Meyer бухгалтерлік фирмасында менеджер болып жұмыс істеді. Бұл қызметте ол компанияларға қаржылық басқару, бухгалтерлік есеп және персоналды басқару мәселелері бойынша қолдау көрсететін бухгалтерлер тобын басқарды.

2004–2012 жылдары Уильямс ханым Grant Thornton, Basic Research, Goldman Sachs және PricewaterhouseCoopers сияқты компанияларда бухгалтерлік есеп және қаржы саласында түрлі қызметтер атқарды. Оның міндеттеріне аудитті жоспарлау және жүргізу, оның ішінде жоспарлау, көшпелі тексерулер және ішкі бақылауды тестілеу; өнімдерді іске қосуға жәрдемдесу; бизнес-бөлімшені сату кезінде басқару тобының жұмысына қатысу; сондай-ақ бизнес-процестерді жетілдіру кірді.



2024 жылдан бастап Директор

Эндрю Гэмбл

Тәуелсіз директор

Гэмбл мырзаның 50 жылға жуық заңгерлік және консультациялық мансабы Азия, Африка, Оңтүстік Америка және Еуропадағы қызметті қамтиды. Ол Сьерра-Леоне, Гайана, Мозамбик және Эфиопия үкіметтерінің мүдделерін білдірген командаларды басқарды. Hogan Lovells халықаралық ағылшын-американдық заң фирмасының серіктесі бола отырып, ол банктерге консультация берді және Таяу Шығыс пен ТМД-дағы, соның ішінде Қазақстандағы көптеген халықаралық ұйымдар үшін қаржыландыру мәмілелерін құрылымдады.

Hogan Lovells компаниясында жұмыс істеген кезінде Гэмбл мырза халықаралық банкинг практикасының басшысы, Лондон кеңсесінің басқарушы серіктесі, Халықаралық басқару кеңесінің мүшесі және Африка практикасының басшысы сияқты бірқатар басшылық қызметтер атқарды. Ол компанияның Мәскеу, Варшава, Дубай және Йоханнесбург қалаларындағы кеңселерін ашуда негізгі рөл атқарды. Ол қаржы секторында терең сараптамаға ие және Ұлыбритания үкіметінің тапсырмасы бойынша жоғары білім беру саласына бағытталған 2 млрд фунт стерлингтен астам сомаға берілген кредиттерді секьюритилендіру мәселелері бойынша консультация берген.

Қазіргі уақытта Гэмбл мырза корпоративтік, заңгерлік және қаржылық мәселелер бойынша тәуелсіз консультант болып жұмыс істейді, сондай-ақ бірнеше директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде кіреді. Ол Africa Credit Opportunities Limited директорлар кеңесінің мүшесі және жақында Zenith Bank (UK) Limited директорлар кеңесінің құрамынан шықты. Сондай-ақ ол бұрынғы Кеңес Одағы елдері мен көршілес өңірлерге бағытталған өңірлік заң фирмасының кеңселері үшін холдингтік құрылым қызметін атқаратын швейцариялық бірлестік — Grata International директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Гэмбл мырзаның қайырымдылық қызметіне ENT UK ұйымының директоры және қамқоршысы ретінде жұмыс істеу, сондай-ақ Англия Корольдік хирургтер колледжіне түрлі мәселелер бойынша консультация беру кірді. Ол қаржы және құқық саласындағы көптеген жарияланымдардың авторы, бірлескен авторы, редакторы және қатысушысы. Гэмбл мырза Кембридж университетінің Әулие Екатерина колледжінде құқық бакалавры дәрежесін үздік дипломмен алды, сондай-ақ Гилфордтағы Құқық колледжінде кәсіби біліктілік алды.



2024 жылдан бастап Директор

Қайрат Келимбетов, PhD

Атқарушы директор

Доктор Келимбетов Кембридж университетінде тұрақты даму саласындағы көшбасшылық магистр (Master of Studies in Sustainability Leadership) дәрежесін, Мәскеу мемлекеттік университетінде экономика ғылымдарының докторы дәрежесін және есептеу математикасы мен кибернетика саласындағы бакалавр дәрежесін алды. Ол сондай-ақ Алматыдағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінде білім алды, Гарвард университетінің Кеннеди атындағы басқару мектебінің сертификатына ие және Джорджтаун университетінің Э. Уолш атындағы Халықаралық қызмет мектебінде экономикалық еркіндік бойынша Pew стипендиясын алған. Ол Бейжіңдегі Цинхуа университетінің, Қазақстандағы Еуразиялық экономикалық ғалымдар клубы қауымдастығының құрметті профессоры, сондай-ақ Женева дипломатия және халықаралық қатынастар мектебінің халықаралық қатынастар саласындағы құрметті докторы дәрежесіне ие.

Жоғары тиімді ұйымдарды құру және басқару, жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқару және көптеген директорлар кеңестерінің жұмысына қатысу бойынша 30 жылға жуық тәжірибесі бар доктор Келімбетов, соның ішінде мынадай қызметтерді атқарды: Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Таяу Шығыс, Батыс Қытай, Моңғолия және Шығыс Еуропа үшін негізгі қаржы хабы болып табылатын «Астана» халықаралық қаржы орталығының (AIFC) негізін қалаушы және алғашқы басқарушысы; Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы; Қазақстан Ұлттық Банкінің төрағасы; Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары; Еуразиялық экономикалық комиссияның төрағасы; Экономикалық даму және сауда министрі; «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының Бас директоры; Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі; Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы және «Қазына» тұрақты даму қорының алғашқы Бас директоры.

Доктор Келимбетов ауқымды экономикалық реформаларға бастамашылық жасады, негізгі даму институттарын құрды және басқарды, Қазақстанның ұлттық инвестициялық және экономикалық даму стратегияларын іске асырды, сондай-ақ елдің макроэкономикалық саясатын қалыптастыруда, егеменді қорды басқаруда және негізгі мемлекеттік әрі корпоративтік қаржылық мәмілелерді жүзеге асыруда елеулі рөл атқарды.

Ол бұған дейін Сауд Арабиясы Корольдігінің Экономика және жоспарлау министрлігінің Халықаралық консультативтік кеңесінің құрамына кірген және Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумды, Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының жыл сайынғы кездесулерін, Катар экономикалық форумын, CERA Week, Азиядағы Боао форумын және Халықаралық қаржы форумын қоса алғанда, халықаралық форумдар мен конференцияларға жиі қатысады және спикер ретінде сөз сөйлейді. 2023 жылғы мамырдан бастап доктор Келімбетов холдингтің еншілес құрылымы Freedom Horizons компаниясында стратегиялық кеңесші қызметін атқарады және Директорлар кеңесінің атқарушы мүшесі болып саналады.



2024 жылдан бастап Директор

Филипп Вогелеер

Тәуелсіз директор

Вогелеер мырза Бельгиядағы Лувен католиктік университетінде (UCL) құқық бакалавры дәрежесін алды; Бельгиядағы Левен католиктік университетінде (KUL) телекоммуникациялар саласындағы құқық бойынша және Ұлыбританиядағы King's College-де монополияға қарсы құқық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру курстарынан өтті; UCL-де (Бельгия) құқық магистрі, Стерлинг университетінде (Ұлыбритания) медиа саласындағы магистр, Insead бизнес мектебінде (CEDEP, Франция) Executive MBA, сондай-ақ Директорлар институтында (Institute of Directors, Ұлыбритания) корпоративтік басқару саласындағы магистр дәрежесін алды.

Вогелеер мырза корпорациялар, мемлекеттік құрылымдар және халықаралық ұйымдар арасындағы әріптестікті қалыптастыруға маманданған сертификатталған директор (Chartered Director) болып табылады. Ол он елде тұрып, жүзден астам елде жұмыс істеген. Бір адамнан үш мыңнан астам адамға дейінгі командаларды басқарып, пайда мен залал үшін толық жауапкершілік атқарған. Өз мансабын Deloitte компаниясында консультант ретінде бастап, Telenor, Bertelsmann және Orange компанияларымен жұмыс істеді. Кейін Еуропа, Таяу Шығыс және Азиядағы Orange және Ooredoo ұялы байланыс операторларында операциялық қызметтерге ауысты. 2012 жылдың басында Vodafone Group компаниясына қосылып, бастапқыда корпоративтік дипломат ретінде келіссөздер жүргізумен айналысты, кейін ірі трансұлттық корпорациялармен, әлемдік ұялы байланыс операторларымен, Еуропа, Таяу Шығыс және Африканың мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ British International Investment, Еуропалық инвестициялық банк, Дүниежүзілік банк тобы, АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі қаржы корпорациясы (DFC) және АҚШ Халықаралық даму агенттігін (USAID) қоса алғанда, халықаралық ұйымдармен инвестициялық әріптестікке баса назар аударды. Оның соңғы жетістіктерінің қатарында Еуропадағы табысты мәмілелер, Таяу Шығыс пен Африка елдерінде ұялы байланысқа жаңа лицензиялар алу, Испания мен Германияда зерттеу орталықтарын құруға елеулі мемлекеттік субсидиялар тарту, Vodafone компаниясының дамушы нарықтардағы соңғы 25 жылдағы ең ірі жеңісі және Vodafone мен Дүниежүзілік банк тобы арасындағы ең ірі мәміле бар. Қазіргі уақытта Вогелеер мырза тәуелсіз директор ретінде шектеулі санды компанияларға консультация береді, MBA студенттеріне сабақ береді және Global Citizen ұйымын қоса алғанда, түрлі халықаралық қайырымдылық ұйымдарының қызметін қолдайды.

Басшылық деңгейіндегі алуантүрлілік


GRI 405-1

Компания корпоративтік басқару органдары құрамының алуантүрлілігі шешім қабылдау процесінің сапасын, Компанияның икемділігін және тұрақсыз сыртқы факторларға төзімділігін арттыруға ықпал етеді деп есептейді. Компания Директорлар кеңесі құрамының алуантүрлілігі жөніндегі формалданған саясатты бекітпеген, алайда Freedom Holding Corp. үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес өз директорлары мен атқарушы лауазымды тұлғаларының алуантүрлілігі туралы ақпаратты ашады.


Компанияның алуантүрлілік қағидаттарына бейілділігі Директорлар кеңесінің құрамынан көрініс табады. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жеті директордың үшеуі 30 бен 50 жас аралығында, қалған төртеуі 50 жастан асқан.



3-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, %



4-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, %



Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау

GRI 2-18

Корпоративтік басқару тәжірибелерін үздіксіз жетілдіру мақсатында Компания 2023 қаржы жылынан бастап Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне жыл сайын өзін-өзі бағалау жүргізеді. Өзін-өзі бағалау рәсімін жыл сайын директорлардың өздері жүргізеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру

GRI 2-17, 3-3


Есепті кезең ішінде Компания Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне Корпоративтік директорлардың ұлттық қауымдастығына (NACD) жыл сайынғы мүшелік ұсынды. Қауымдастық корпоративтік директорлардың дағдыларын, білімін және әлеуетін дамытуға бағытталған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қауымдастық өз мүшелеріне директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған білім беру іс-шаралары мен бағдарламаларын ұсынады.

Оқыту бағдарламалары бизнес өкілдерінің қажеттіліктеріне бейімделген. ESG және бизнестің тұрақты дамуы бойынша курстар NACD мүшелеріне қолжетімді NACD білім беру курстарының тізіміне кіреді.

Директорлар кеңесінің ESG саласындағы мәселелерді басқаруға қатысуы

GRI 2-12

Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі өз комитеттері арқылы Компанияның ESG-тәуекелдерін басқаруды бақылауды жүзеге асырады. Қарастырылатын мәселенің ерекшелігіне қарай тиісті комитет Компанияның басқару тәсілін айқындайды және Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірлейді. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі Freedom Holding Corp. менеджменті немесе тәуелсіз үшінші тарап ұйымдары әзірлейтін және іске асыратын тиісті тексеру практикалары мен тиісті есептілікті қадағалауға жауап береді. Директорлар кеңесінің міндеттеріне стратегиялық мақсаттарды айқындау және ESG-мен байланысты саясаттар мен рәсімдерді бекіту де кіреді.



Директорлар кеңесінің комитеттері

GRI 2-16

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі жанында алты комитет жұмыс істеді. Оларға мыналар жатады:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Сыйақылар жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитет;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет;
- Мәмілелер жөніндегі комитет;
- Телекоммуникациялар және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) жөніндегі комитет.

Комитеттер туралы ережелерге сәйкес әрбір комитет жыл сайын өзін-өзі бағалау рәсімінен өтеді. Мұндай бағалаулардың нәтижелері Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. Әрбір комитет өз ережесіне сәйкес құрылады және жұмыс істейді, ал комитеттердің құрамы Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің дағдылары мен кәсіби сараптамасын ескере отырып, Директорлар кеңесімен айқындалады.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Есепті кезеңнің соңындағы Аудит жөніндегі комитеттің құрамы:

Эмбер Уильямс	Төраға
Борис Чердабаев	Қатысушы
Эндрю Гэмбл	Қатысушы

Аудит жөніндегі комитеттің мақсаты — Компанияның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік процестерін, сондай-ақ қаржылық есептілікті дайындау мен аудиттен өткізу және ақпаратты ашу процесін қадағалау. Бұған Компанияның тәуелсіз сыртқы аудиторын тағайындау, ішкі аудит жоспарын қарау, сондай-ақ байланысты тараптармен жасалатын мәмілелерді қарау және мақұлдау кіреді.

Аудит жөніндегі комитеттің негізгі жауапкершіліктері, міндеттері мен жұмыс тәртібі Аудит жөніндегі комитет туралы ережеде баяндалған.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Аудит жөніндегі комитеттің құрамына үш мүше кірді. Түзетулерімен бірге АҚШ-тың 1934 жылғы Бағалы қағаздар туралы заңына, сондай-ақ Nasdaq листинг қағидаларына сәйкес Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелері тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келуге тиіс. Аудит жөніндегі комитет құрамына кіретін директорлардың ешқайсысы Компанияның қызметкері болып табылмайды және олардың ешқайсысы Компанияның немесе оның еншілес ұйымдарының аудитін жүргізуге немесе қаржылық есептілігін жасауға жауапты емес.

СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы:

Эмбер Уильямс	Төраға
Эндрю Гэмбл	Қатысушы
Филиппе Вогелеер	Қатысушы

Сыйақылар жөніндегі комитеттің негізгі міндеті — атқарушы басшылықтың, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысын қарауға және айқындауға байланысты Директорлар кеңесі жүктеген міндеттерді орындау. Комитеттің жауапкершілігіне, міндеттеріне және жұмыс тәртібіне қатысты негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеде баяндалған.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамына үш мүше кірді. Nasdaq листинг қағидалары «бақылаушы акционері бар компаниялар» санатына жататын эмитенттердің сыйақылар жөніндегі комитеттеріне тәуелсіз болып табылмайтын директорлардың қатысуына жол бергеніне қарамастан, Freedom Holding Corp. басқарудың неғұрлым жоғары стандартын ұстанады және Сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамына тек тәуелсіз директорларды енгізеді.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің құрамы:

Филиппе Вогелеер	Төраға
Борис Чердабаев	Қатысушы
Эндрю Гэмбл	Қатысушы
Қайрат Келимбетов, PhD	Қатысушы

Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің негізгі міндеті — Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі жүктеген міндеттерді Компанияның Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну процесі мен рәсімдері, Компанияның корпоративтік басқару саласындағы корпоративтік саясаттарын әзірлеу және қолдау, сондай-ақ бағалы қағаздар туралы федералдық заңнамада белгіленген талаптарды орындау бөлігінде жүзеге асыру. Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің негізгі жауапкершіліктері, міндеттері мен жұмыс тәртібі Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитеті туралы ережеде баяндалған.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Комитет құрамына төрт мүше кірді. Nasdaq листинг қағидаларына және Компанияның комитет мүшелерінің тәуелсіздігіне қатысты ішкі талаптарына сәйкес олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болды.

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

Эндрю Гэмбл	Төраға
Аскар Таштитов	Қатысушы
Эмбер Уильямс	Қатысушы
Қайрат Келимбетов, PhD	Қатысушы

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің мақсаты — Директорлар кеңесіне Компанияның жоғары басшылығының корпоративтік тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-қимылдарын қадағалау және бақылау барысында жәрдемдесу. Комитеттің функцияларына келесі міндеттер кіреді:

- Компания мен оның еншілес ұйымдары тап болатын тәуекелдерді анықтау және бағалауды қоса алғанда, Компанияның тәуекелдер бейінін айқындау;
- Компанияда және оның еншілес құрылымдарында тәуекелдерді басқару мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде «жоғарыдан дұрыс үн» қалыптастыру;
- Компанияның қаржылық тәуекелдері мен кірістілігін басқару;
- Құқықтық және нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- Компанияның стратегиялық жоспарлауы, оның ішінде елеулі стратегиялық мәмілелерді және Компанияның үшінші тараптарға немесе үшінші тараптардың Компанияға ықтимал ірі инвестицияларын қарау.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жауапкершілігіне, міндеттеріне және жұмыс тәртібіне қатысты негізгі ережелер Тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережеде баяндалған. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Комитет құрамына төрт мүше кірді, олардың екеуі тәуелсіз болды.

Тәуекелдер жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне тұрақты түрде, бірақ кемінде тоқсанына бір рет есеп береді. Есептерде Топ қызметінің қаржылық аспектілеріне қатысты ұсынымдар беріліп, проблемалық мәселелер көрсетіледі, оның ішінде:

- Тәуекелдерді басқару;
- Капиталдың жеткіліктілігі;
- Тәуекелдер бейіні;
- Әлеуетті елеулі стратегиялық мәмілелер немесе ірі инвестициялар;
- Материалдық активтердің шығуы;
- Үшінші тараптармен байланысты инвестициялар;
- ESG тәуекелдеріне қатысты мәселелер;
- Комитет қарауға орынды деп санайтын немесе Директорлар кеңесінің сұрауы бойынша енгізуге жататын кез келген өзге де мәселелер.

МӘМІЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Мәмілелер жөніндегі комитеттің құрамы:

Борис Чердабаев	Төраға
Эндрю Гэмбл	Қатысушы
Аскар Таштитов	Қатысушы
Филиппе Вогелеер	Қатысушы

Мәмілелер жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері:

- Freedom Holding Corp. және оның акционерлерінің мүдделеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында барлық елеулі мәмілелерді, ықтимал стратегиялық сатып алуларды, иеліктен шығаруларды, инвестицияларды және тиісті стратегияларды, сондай-ақ бірігулерді, жұтылуларды, бірлескен кәсіпорындарды, стратегиялық инвестицияларды немесе өзге де елеулі корпоративтік іс-қимылдарды қамтуы мүмкін еншілес компаниялардың қайта капиталдандыру жөніндегі сұрауларын қарау және бағалау;
- Жүргізілген талдау мен бағалау негізінде мәмілелерді мақұлдау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру немесе оларды бекіту;
- Мәміле бекітілгеннен кейін оның мақұлданған талаптар мен параметрлерге сәйкес іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында орындалуын бақылау;
- Freedom Holding Corp.-тың ұзақ мерзімді өсуіне және акционерлік құнына әсер етуі мүмкін корпоративтік стратегия, капитал құрылымы және өзге де қаржылық немесе бизнес-бастамалар мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне консультациялық қолдау көрсету.

Мәмілелер жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері, жауапкершіліктері мен жұмыс тәртібі Freedom Holding Corp. Мәмілелер жөніндегі комитеті туралы ережеде баяндалған. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Комитет құрамына төрт мүше кірді, олардың үшеуі тәуелсіз деп танылды.

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР (АКТ) ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Телекоммуникациялар және АКТ жөніндегі комитеттің құрамы:

Филиппе Вогелеер	Төраға
Борис Чердабаев	Қатысушы
Тимур Турлов	Қатысушы
Эмбер Уильямс	Қатысушы

Телекоммуникациялар және АКТ жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері:

- Компанияның телекоммуникациялар және АКТ саласындағы стратегиясын (жиынтықта — «Телеком-стратегия») қадағалау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу;
- Телеком-стратегияны іске асыру аясындағы болжамды сатып алуларды, әріптестіктерді, альянстарды және өзге де ықтимал мәмілелерді айқындау, қайта қарау, бағалау, талдау және қарастыру, сондай-ақ тиісті мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне, басшылыққа және Компанияның Мәмілелер жөніндегі комитетіне консультация беру, оның ішінде мұндай мәмілелерді өзгерту, жаңа редакцияда қабылдау, түрлендіру, қаржыландыру, қайта қаржыландыру және алмастыру, ықтимал сатып алу объектілерін немесе стратегиялық серіктестерді айқындау және балама мәмілелерді қараудың орындылығын бағалау;
- Телекоммуникациялық бизнес саласындағы қызметті қадағалау және телекоммуникациялық бизнеске қатысты Компанияның барлық тиісті келісімдері, процестері, іс-қимылдары, жария мәлімдемелері, пресс-релиздері, SEC-ке берілетін құжаттары және сот талқылаулары бойынша Кеңес пен басшылыққа консультация беру;
- Кез келген ықтимал мәмілелер бойынша және осындай мәмілелерге қатысты Телеком-стратегиясына шолулар бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізу.

Телекоммуникациялар және АКТ жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері, жауапкершіліктері мен жұмыс тәртібі Комитет туралы ережеде баяндалған. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Комитет құрамына төрт мүше кірді, олардың үшеуі тәуелсіз деп танылды.




Директорлардың тәуелсіздігі

Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігін айқындау үшін Компания Nasdaq листингі жөніндегі кеңейтілген нұсқаулықта баяндалған қағидаттарды басшылыққа алады. Компанияның әрбір директорына қатысты олар қысқаша мынадай түрде тұжырымдалған:

- Компанияның атқарушы лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болып табылмайды;
- Директорлар кеңесінің пікірінше, директорлық міндеттерді орындау кезінде тәуелсіз пікір білдіруге кедергі келтіруі мүмкін қатынастарда тұрмайды.

5-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ, %



Директор мынадай жағдайларда тәуелсіз деп танылған болмайды:

- Соңғы үш жылдың кез келген кезеңінде Компанияның қызметкері болса немесе болған болса;
- Тәуелсіздік айқындалғанға дейінгі соңғы үш жыл ішінде қатарынан он екі айда Компаниядан 120 мың АҚШ долларынан асатын қандай да бір сыйақы алған болса немесе осындай сыйақы алған тікелей туысы болса (Nasdaq қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда);
- Компания ағымдағы немесе алдыңғы үш қаржы жылында мүлік немесе қызметтер үшін ақша қаражатын төлеген немесе ақша қаражатын алған кез келген ұйымның серіктесі, бақылаушы акционері немесе атқарушы лауазымды тұлғасы болса немесе осындай мәртебесі бар тікелей туысы болса және мұндай төлемдер тиісті жылдағы алушының шоғырландырылған жалпы түсімінің 5%-ынан немесе 200 мың АҚШ долларынан асса (Nasdaq қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда);
- Соңғы үш жыл ішінде Компанияның кез келген лауазымды тұлғасы сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі болған кез келген ұйымда атқарушы лауазымды тұлға ретінде жұмыс істейтін болса немесе осындай тікелей туысы болса;
- Компанияның сыртқы аудиторының қазіргі серіктесі болса немесе сондай тікелей туысы болса, немесе соңғы үш жылдың кез келген кезеңінде Компанияның сыртқы аудиторының серіктесі немесе қызметкері болып, Компания аудитіне қатысқан болса.

Есепті жылы Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі мүшелерінің 57,1%-ы тәуелсіз болды. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Бас тәуелсіз директор — Уильямс ханым.

Директорлар кеңесі мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату

GRI 2-10

Директорлар кеңесі үш класқа (I класс, II класс және III класс) бөлінген, олардың өкілеттік мерзімдері жыл сайын бір класс үш жылдық мерзімге сайланатындай етіп бөлінген. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша I және III кластардың әрқайсысына екі директордан, ал II класқа үш директор кірді. Акционерлер Компанияның Жарғысына және қолданылатын заңнамаға сәйкес директорлыққа кандидаттар ұсынуға құқылы. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына кандидаттар ұсынған жоқ.

Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсынады, содан кейін Кеңес акционерлер үшін ұсынымдар қалыптастырады. Кандидаттарды іріктеу кезінде Комитет Кеңестің ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын тұлғаларды айқындайды. Атап айтқанда, Комитет кандидаттың іскерлік тәжірибесін, салмақты шешімдер қабылдау қабілетін, кәсіби және жеке тәжірибесін, ықтимал мүдделер қақтығысын, адалдығын, этикалық қағидаттарын және Компания құнын арттыруға ұмтылысын ескереді.

Кандидаттар сондай-ақ мынадай дағдылар мен құзыреттердің бірнешеуіне ие болуға тиіс:

- Қаржылық қызметтер саласындағы жұмыс тәжірибесі;
- Халықаралық бизнес жүргізу тәжірибесі;
- Қаржылық сараптама;
- Бухгалтерлік есеп саласындағы дағдылар;
- Адами ресурстарды басқару;
- Жария компанияны басқару тәжірибесі;
- Заң саласындағы сараптама.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату рәсімі Freedom Holding Corp. Жарғысында баяндалған. Ішкі регламентті бұзу, қайтыс болу, өкілеттіктерді өз еркімен тоқтату, зейнетке шығу немесе Директорлар кеңесі мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкестікті жоғалту жағдайларында өкілеттіктерді тоқтату немесе лауазымнан шеттету көзделген.

Директорлар кеңесі мүшелері мен жоғары буын басшыларының сыйақысы

GRI 2-19, 2-20, 3-3

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелері мен топ-менеджерлеріне арналған сыйақы жоспарын қалыптастыруға Сыйақылар жөніндегі комитет жауап береді. Өз өкілеттіктерін орындау аясында Комитет Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын сыйақылар жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді. Директорлар кеңесі ұсынылған сыйақы жоспарын бекіту бойынша айрықша өкілеттікке ие. Freedom Holding Corp.-тың Директорлар кеңесі мүшелері мен жоғары буын басшыларының сыйақысын қалыптастыру тәсілін айқындайтын негізгі құжат — Сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереже.

Компания акционерлері Акционерлердің жыл сайынғы жиналысында мерзімді түрде өткізілетін ұсынымдық дауыс беруге қатыса алады. Мұндай дауыс берудің нәтижелері міндетті сипатқа ие емес және Freedom Holding Corp. жоғары буын басшыларының сыйақысын айқындау бөлігінде Директорлар кеңесі мен Сыйақылар жөніндегі комитет үшін ұсынымдық сипатта болады.

Сыйақылар жөніндегі комитет жария компаниялар арасында кең таралған тәжірибеге сәйкес жоғары корпоративтік басшылықтың сыйақысы саласындағы тәуелсіз консультанттардың қызметтерін тартады және ықтимал сыйақы ауқымының тиісті шектерін айқындау үшін саладағы салыстырмалы әлемдік компанияларға бенчмарк-талдау жүргізеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің Топ қызметкерлері болып табылмайтын мүшелері қаржылық сыйақыны тоқсан сайын алады. Есепті кезең ішінде Компания қызметкер болып табылмайтын директорларға еңбекақыны мынадай тәртіппен төледі:

4-КЕСТЕ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ҚЫЗМЕТКЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ СЫЙАҚЫСЫ

Жылдық сыйақы	Директорлар кеңесіндегі рөлі
200 000 АҚШ доллары	Тәуелсіз директор (ақшалай сыйақы)
100 000 АҚШ доллары	Тәуелсіз директор (акциялар түріндегі сыйақы)
75 000 АҚШ доллары	Бас тәуелсіз директор
75 000 АҚШ доллары	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы
50 000 АҚШ доллары	Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы
50 000 АҚШ доллары	Сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы
50 000 АҚШ доллары	Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің төрағасы
50 000 АҚШ доллары	Мәмілелер жөніндегі комитеттің төрағасы
50 000 АҚШ доллары	Телекоммуникациялар және АКТ жөніндегі комитеттің төрағасы

Freedom Holding Corp. директорларға Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына немесе Акционерлердің жыл сайынғы жиналысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төлемейді. Тәуелсіз директорлардың сыйақысы Директорлар кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитетінің қалауы бойынша акциялар түріндегі өтемақыны қамтуы мүмкін.

Жоғары буын басшыларының сыйақысы

Жоғары атқарушы басшылардың сыйақы жүйесінің негізінде жатқан қағидаттар Компанияның нарықтағы көшбасшылыққа, түсімнің өсуіне және акционерлік құн мен кірістілікті арттыруға деген ұмтылысына сәйкес келеді. Компанияның сыйақы бағдарламасы қызметтің жалпы нәтижелерін, міндеттерді орындау ұзақтығын және басқа да критерийлерді қоса алғанда, тиімділік көрсеткіштерінің жиынтығына байланысты. Атап айтқанда, Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының сыйақысы акционерлер үшін жалпы кірістілік көрсеткішімен тікелей байланысты. Сыйақы стратегиясы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық және бизнес-мақсаттар арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған. Осылайша, Компания жоғары басшылық пен акционерлердің мүдделерінің үйлесімділігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компанияның жоғары буын басшыларына арналған сыйақы бағдарламасы, әдетте, екі нысанды көздейді: ақшалай сыйақы және акциялар түріндегі сыйақы. Қазіргі уақытта бағдарлама жоғары буын басшысымен еңбек шарты бұзылған кезде төлемдерді, сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде ынталандыру төлемдерін көздемейді. Freedom Holding Corp. өзінің топ-менеджерлеріне корпоративтік зейнетақы жоспарларын немесе зейнетақы төлемдерін ұсынбайды. Жоғары буын басшыларының еңбекақысы жыл сайын қайта қаралады. Компания базалық жалақының автоматты түрде өсуіне кепілдік бермейді. Сонымен қатар мұндай шешімдер сыйақы мәселелері жөніндегі тәуелсіз консультанттардың қатысуымен және олар жинап, ұқсас компаниялардың деректерімен салыстыратын нарықтық деректер негізінде қабылданады.

Жоғары буын басшыларының сыйақысы үш құрамдас бөліктен тұрады: базалық жалақы, жыл сайынғы бонус және ұзақ мерзімді ынталандыру төлемдері. Жылдық бонусты айқындаудағы негізгі факторлардың бірі қаржылық, стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу, сондай-ақ әрбір басшының жеке нәтижелілігі болып табылады. Ұзақ мерзімді ынталандыру сыйақысы, әдетте, акциялар түрінде беріледі және Компания акцияларының ұзақ мерзім ішіндегі құнына байланысты болады.

Тәуекелдерді басқару

GRI 2-12, 2-16, 3-3

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу және мүдделі тараптардың күтулеріне сәйкес болу үшін Freedom Holding Corp. корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін белсенді түрде дамытып келеді, ол стратегиялық жоспарлау, инвестициялық шешімдер қабылдау, бюджеттік жоспарлау және операциялық қызмет процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді тиімді басқару Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі уақтылы әрі жеткілікті шараларды қабылдауға бағытталған.

Freedom Holding Corp. COSO-ның «Кәсіпорын тәуекелдерін басқару: стратегиямен және қызмет тиімділігімен интеграциялау» (2017) тұжырымдамасына сәйкес Топ үшін бірыңғай Тәуекелдерді басқару саясатын әзірледі. Саясат Компанияның тәуекелдерді басқаруға қатысты тәсілін, оның мақсаттары мен қағидаттарын тұжырымдайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің іргелі сипаттамаларын айқындайды.



Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауда негізгі рөл атқарады және атқарушы басқару органдарына стратегиялық және бизнес-мақсаттарға қол жеткізуде қолдау көрсетеді. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру аясында Директорлар кеңесі мыналарға жауап береді:

- Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту және оның іске асырылуын қадағалау;
- Топтың тәуекел дәрежесінің және тәуекелге төзімділік деңгейлерін бекіту, сондай-ақ олардың сақталуын қадағалау;
- Топтың тәуекелдер жөніндегі есептерін қарау;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есептерді қарау;
- Аудит жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет ұсынатын есептерді қарау.

Тәуекелдерді басқару департаменті тәуекелдерді басқарудың және тәуекелдерге ұшырау деңгейі туралы есептіліктің бірыңғай әдіснамасын әзірлеуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мәдениетінің қағидаттары мен корпоративтік басқару құралдарын тәуекелдерді басқару процесіне енгізуге және қолдауға жауап береді. Департаментті бас тәуекелдер офицері басқарады.

Стратегия мен бизнес-мақсаттарды іске асыру барысындағы елеулі ішкі немесе сыртқы өзгерістер Топ қызметіне тән тәуекелдердің жаңа түрлерінің пайда болуына, бұрын анықталған тәуекелдер параметрлерінің өзгеруіне, сондай-ақ стратегияның негізінде жатқан негізгі жорамалдарға әсер етуі мүмкін. Өзгерістерді және олардың тәуекелдерге әсерін мониторингтеу процесі Топтың барлық негізгі бизнес-процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады, әсіресе жаңа өнімдер, технологиялар және сату арналары іске қосылған кезде, қарқынды өсу кезеңдерінде, басқарудағы өзгерістер, реттеушілік өзгерістер және бәсекелестік ортаның өзгеруі кезінде.

Тәуекелдерді басқару жүйесін мониторингтеу бүкіл бизнес-процестің аса маңызды бөлігі болып табылады және мұндай жүйенің бар-жоғын да, оның құрамдас бөліктерінің енгізілуін де бағалауды қамтиды. Мониторинг тәуекелдерді басқару жүйесінің саясаттарының, рәсімдерінің және іс-шараларының орындалуын үздіксіз бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Freedom Holding Corp. жаңа технологияларды енгізу, тарихи кемшіліктер мен ақаулар себептерін талдау, ұйымдық өзгерістер, тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін қайта бағалау, тәуекелдер санаттарын өзектендіру, коммуникация жүйелерін жетілдіру, салыстыруға арналған бағдарларды зерттеу және бизнес-ортаның даму қарқыны мен өзгерістерін ескеру есебінен тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты түрде жетілдіруге ұмтылады.

Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдары қолданылатын заңнама мен реттеушілік нормалардың талаптарына сәйкес Тәуекелдерді басқару департаментімен өзара іс-қимыл жасайтын жергілікті тәуекелдерді басқару жүйелерін құрды. Жергілікті тәуекелдерді басқару жүйелерінің қызметі әр ұйымның операциялық қызметінің ерекшелігін ескере отырып, олардың жеке ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Компанияның еншілес ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйелері мониторинг және тиімділікті талдау нәтижелері бойынша тұрақты түрде жетілдірілуге жатады.

Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі дәстүрлі үш қорғаныс желісі түрінде формалданған:

- Құрылымдық бөлімшелер — тәуекел иелері және тиісті бағыттарға жетекшілік ететін жоғары басшылық өкілдері. Бұл бөлімшелер қабылданған ішкі тәуекелдерді басқару саясаттарына сәйкес Компанияда және оның еншілес ұйымдарында операциялық қызметті тікелей жүзеге асырады;
- Әдіснама мен есептілікке жауап беретін тәуекелдерді басқару және талаптардың сақталуын бақылау бөлімшелері;
- Компания мен оның еншілес ұйымдарының ішкі аудит департаменттері, сондай-ақ тәуекелдер жөніндегі комитеттер мен аудит жөніндегі комитеттер түріндегі тиісті директорлар кеңестері немесе ұқсас органдар. Олар тәуекелдерді басқару жөніндегі есептер мен аудит нәтижелерін қарау арқылы қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы жалпы стратегиясын қалыптастырады.

Freedom Holding Corp. тиісті тәуекел факторларын SEC-ке ұсынылатын 10-К нысаны бойынша өзінің жылдық есебінде толығырақ ашады.

Киберқауіпсіздік және деректердің құпиялылығы

GRI 3-3

SASB FN-CF-230a.3



Технологияларға тәуелділіктің артуы және ықтимал киберқауіптер киберқауіпсіздікті Freedom Holding Corp. тәуекелдерді басқару жүйесінің аса маңызды құрамдас бөлігіне айналдырады. Компанияның киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқарудың жалпы жүйесі ақпараттық технологияларды, ақпараттық қауіпсіздікті, деректерді қорғауды және жасанды интеллектке байланысты тәуекелдерді қамтиды. Киберқауіпсіздік тәуекелдері Топ қызметінің үздіксіздігін ықтимал бұзуы, қаржылық және беделдік залал келтіруі немесе құпия деректердің бұзылуына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты киберқауіпсіздік Компания үшін басым бағыттардың бірі болып табылады.

2026 қаржы жылында Freedom Holding Corp. клиенттердің Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарына ұсынатын ақпаратын, сондай-ақ Компанияның өз ақпаратын кибершабуылдардан және өзге де заңсыз иемдену, бүлдіру немесе жоғалту жағдайларынан қорғауға арналған қорғаныс шараларын, саясаттар мен технологияларды енгізді және оларды одан әрі жетілдіріп, кеңейтуді жалғастыруда. Компанияның Бас техникалық директоры Компанияның технологиялық стратегиясы аясында киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды жетілдіру жөніндегі бастамаларға жетекшілік етеді. Freedom Holding Corp. сондай-ақ сараптамалық ұйымдармен консультациялар жүргізеді және киберқауіпсіздік саласындағы реттеушілік талаптарды сақтайды.

Компанияның киберқауіпсіздік тәуекелдерін жалпы басқаруы Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің қадағалауында болады. Freedom Holding Corp.-тың киберқауіпсіздікке қатысты тәсілі Ақпараттық қауіпсіздік саясатында баяндалған. Ол ақпараттық қауіпсіздікке байланысты қызметтің барлық түрлеріне арналған басшылыққа алынатын қағидаттарды белгілейді. Оларға, басқалармен қатар, реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, осалдықтарды кешенді бағалау негізінде негізгі шешімдерді қабылдауды көздейтін тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану, сондай-ақ қызметкерлердің міндеттері бойынша қажетті оқыту жүргізу арқылы олардың хабардарлығын арттыру сияқты талаптар кіреді.

Сонымен қатар Freedom Holding Corp.-та Киберинциденттерді басқару саясаты бекітілген. Саясат деректердің ағып кетуіне және киберқауіпсіздік саласындағы өзге де бұзушылықтарға мониторинг жүргізуге және олар туралы уақтылы хабарлауға байланысты операциялық шаралар мен рәсімдерді айқындайды. Саясат ережелері киберинциденттерге ден қоюға жауапты қызметкерлерді оқытуға, егер қолданылса, жоғары басшылықты, Директорлар кеңесін және реттеушілерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды хабардар ету қағидаларына қатысты талаптарды белгілейді, сондай-ақ инцидент себептерін тергеп-тексеру үшін түзету шараларын және түпкі себептерді талдауды көздейді. Топтың Тәуекелдерді басқару саясатын және Компанияның АТ/АҚ тәуекелдері бойынша коммуникация саясатын қолдау мақсатында кибертәуекелдерді Топ деңгейінде тиімді қадағалауды қамтамасыз етуге және SEC талаптарының сақталуын қолдауға бағытталған тәуекел дәрежесінің рұқсат етілген деңгейі туралы ережелер бекітілді.

Freedom Holding Corp. киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару моделі үш қорғаныс желісінен тұрады. Бірінші желіге Freedom Holding Corp.-тың ақпараттық технологиялар саласында 15 жылдан астам, оның ішінде басшылық қызметтерде он жылдан астам тәжірибесі бар Технологиялар жөніндегі бас директоры, Корпоративтік технологиялық көшбасшылық орталығы сарапшыларының, сондай-ақ еншілес ұйымдар деңгейіндегі АТ және киберқауіпсіздік командаларының қолдауымен кіреді. Екінші желіге Компанияның Тәуекелдерді басқару жөніндегі бас директоры, Топ және еншілес ұйымдар деңгейіндегі тәуекел командаларының, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің қолдауымен кіреді. Технологиялар жөніндегі бас директор және Тәуекелдерді басқару жөніндегі бас директор киберқауіпсіздік мәселелері бойынша Тәуекелдер жөніндегі комитетке кемінде тоқсанына бір рет, ал Директорлар кеңесінің толық құрамына кемінде жылына бір рет есеп береді. Үшінші желіге Компанияның Ішкі аудит департаменті, еншілес ұйымдардың ішкі аудит функциялары және Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті кіреді.

Freedom Holding Corp. киберқауіпсіздік тәуекелдері мен тәуекел факторлары, киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару, сондай-ақ деректердің құпиялылығына байланысты мәселелер туралы ақпаратты SEC-ке ұсынылатын 10-К нысаны бойынша өзінің жылдық есебінде толығырақ ашады. Компания сондай-ақ өзінің киберқауіпсіздік саласындағы тәжірибесіне жеке шолу дайындады, ол мүдделі тараптар үшін Компанияның веб-сайтында қолжетімді.

Freedom Holding Corp.-тың киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды жетілдіру бастамасы реттеушілік ұсынымдарды, салалық стандарттарды, оның ішінде Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO), АҚШ Ұлттық стандарттар және технологиялар институтының (NIST), Интернет қауіпсіздігі орталығының (CIS) стандарттарын, ақпараттық тәуекелдерді факторлық талдау әдістемесін (FAIR) және басқаларды, өзекті қауіптер туралы деректерді, ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелерін, сыртқы консультанттардың ұсынымдарын, сондай-ақ киберқауіпсіздік саласындағы кәсіби қауымдастықтан алынатын ақпаратты ескереді. Компанияның Технологиялар жөніндегі бас директорының басшылығындағы Технологиялық көшбасшылық орталығының сарапшылары өзгеріп отыратын қауіптер мен жағдайларды ескере отырып, Топтың киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару процестерін мерзімді түрде қайта қарайды.

Киберқауіпсіздік тәжірибесін дамыту Freedom Holding Corp. Технологиялық стратегиясында көрініс тапқан, онда АТ, киберқауіпсіздік, деректердің құпиялылығы және олармен байланысты тәуекелдерді басқару бақылау жүйелерін жетілдіру жөніндегі мақсаттар белгіленген. Компанияның еншілес ұйымдарының бақылау жүйелері Топтың әрбір ұйымына қатысты күтілетін қауіптердің деңгейі мен олардың ықтимал әсерін ескере отырып қалыптастырылады. Біз ішкі қызметкерлер мен сыртқы мамандарды тарта отырып, негізгі технологиялық инфрақұрылым мен процестерге мерзімді немесе тұрақты мониторинг және бағалау жүргіземіз, бұл ретте енуге тестілеу, осалдықтарды сканерлеу, код пен конфигурацияларды талдау, сондай-ақ тәуекелдер мен қауіпсіздікті бағалау сияқты әдістер қолданылады. 2024 қаржы жылынан бастап Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдардағы техникалық бақылау ортасын үйлестіруге бағытталған корпоративтік техникалық бақылаулар стандарты — Freedom Technology General Controls стандартын енгізуде. Компанияның стратегиялары, жоспарлары мен саясаттары тұтастай алғанда ISO/IEC 27001:2022 сияқты халықаралық деңгейде танылған стандарттарды ескереді. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияның кейбір еншілес ұйымдары осы стандарт бойынша сертификатталған немесе Төлем карталары индустриясының деректер қауіпсіздігі стандартына (PCI DSS) және ЕО-ның Цифрлық операциялық тұрақтылық туралы регламентіне (DORA) сәйкестікке тұрақты аудиттерден өткен.

Freedom Holding Corp. операциялық қызметі клиенттердің операцияларының қауіпсіздігін қорғау, қызметтерді қауіпсіз көрсету және шарттық міндеттемелерді орындау үшін деректер жинауды талап етеді. Компания мүдделі тараптардың сенімін қамтамасыз ету үшін деректерді жинауға қатысты ашық тәсілді ұстануға ұмтылады. Осы мақсатта қабылданған тәсіл Топ үшін бірыңғай Құпиялылық саясатында баяндалған. Ол Компанияның веб-сайтында ашық қолжетімді. Саясат Компания қандай деректерді жинай алатынын, олардың қандай тәсілмен және қандай мақсаттарда жиналуы мүмкін екенін айқындайды. Деректерді қорғауды қамтамасыз ету үшін Freedom Holding Corp. деректерді қорғаудың озық тәжірибелері мен алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізуге міндеттенеді.

Ішкі бақылау және ішкі аудит

Ішкі аудит функциясы Ішкі аудит туралы ережеге және бекітілген Жылдық аудит жоспарына сәйкес жұмыс істейді және Freedom Holding Corp. пен оның еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің жеткіліктілігі мен тиімділігіне тәуелсіз әрі объективті бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Топ деңгейінде ішкі аудит тәуекелдерді басқару, комплаенс және қаржыны қоса алғанда, негізгі корпоративтік функциялардың қызметіне, сондай-ақ еншілес ұйымдарда енгізілген Топ үшін бірыңғай саясаттар мен рәсімдердің құрылымы мен операциялық тиімділігін бағалауға бағытталған.

Ішкі аудит функциясы қосымша түрде Топтың жекелеген ұйымдарында қолданылатын жергілікті заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын орталықтандырылмаған ішкі аудит қызметімен қолдау табады. Мұндай іс-шараларды орындау жауапкершілігі мамандандырылған жергілікті ішкі аудит қызметтеріне жүктеледі немесе сыртқы мердігерлерге беріледі.

Ішкі аудит функциясынан бөлек, Компания Сарбейнс — Оксли заңының (SOX) талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін жеке функцияны қолдайды, оны мамандандырылған бөлімше — SOX комплаенс басқармасы жүзеге асырады. Бұл функция Топ ауқымында қаржылық есептілікке қатысты ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды үйлестіруге және қадағалауға жауап береді.

SOX талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі ішкі нормативтік құжаттар жиынтығымен реттеледі, оның ішінде:

- SOX комплаенс басқармасы туралы ереже;
- SOX комплаенс басқармасының нұсқаулығы;
- Практикалық нұсқаулық: ішкі бақылау жүйесінің SOX талаптарына сәйкестігі.

2026 қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша Freedom Holding Corp.-тың қаржылық есептілікке қатысты ішкі бақылау жүйесі елеулі кемшіліктер анықталмай, тиімді деп танылды. SOX талаптарының сақталуы туралы толығырақ ақпарат SEC-ке ұсынылатын Компанияның 10-К нысаны бойынша жылдық есебінде ашылады. Нысан корпоративтік веб-сайтта қолжетімді.



Климаттық тәуекелдерді бағалау

Freedom Holding Corp. климаттың өзгеруінің қаржы нарықтарына және бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығына артып келе жатқан әсерін мойындайды. Алдыңғы есепті кезеңде климаттық тәуекелдерді пилоттық бағалау жүргізілгеннен кейін климаттық тәуекелдерді бағалау Компанияның жыл сайынғы тәуекелдерді басқару процесіне енгізілді. Есепті кезеңде кезекті бағалау нәтижелері Тәуекелдер жөніндегі комитетте қаралып, мақұлданды. Климаттық тәуекелдерді бағалау Компанияның инвестициялық, сақтандыру, банктік және операциялық қызметінің климаттық тәуекелдерге ықтимал ұшырауын айқындау мақсатында жүргізілді. Алдыңғы бағалау нәтижелерін ескере отырып, оның қамту аясы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін енгізу арқылы кеңейтілді, бұл Топ қызметінің негізгі бағыттары бойынша климаттық тәуекелдерді бағалау ауқымын арттыруға мүмкіндік берді.

Сапалық бағалау бастапқы тәуекелге ұшырау деңгейін, тәуекелдерді азайту шараларын және қалдық тәуекел деңгейін ескеретін құрылымдалған тәуекелдерді бағалау жүйесіне негізделді. Сандық бағалау Қаржы жүйесін экологияландыру желісінің (NGFS) ұсынымдарын ескере отырып жүргізілген сценарийлік талдауды қамтыды.

Бағалау Топ қызметінің климаттық тәуекелдерге ықтимал ұшырауы мүмкін негізгі бағыттарын қамтыды. Қамту аясы қызмет түрін, тиісті бағыт үшін климаттық тәуекелдердің маңыздылығын және әдіснамалық тәсілдердің қолжетімділігін ескере отырып айқындалды.

Бағалау төрт негізгі бағытты қамтыды:

- Инвестициялық қызмет (Freedom Holding Corp. және оның еншілес компаниялары)[14];
- Банктік қызмет («Фридом Банк Қазақстан» АҚ);
- Сақтандыру қызметі («Freedom Life» ӨСК» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ); және
- Операциялық қызмет («Arbuz Group» ЖШС және Freedom Telecom Holding Ltd.).


Климаттық тәуекелдерді пилоттық бағалау жүргізілгеннен кейін Компания Тәуекелдер жөніндегі комитет бекіткен климаттық тәуекелдердің сандық шекті мәндерін белгіледі. Шекті мәндер болжамды құнсыздану мен залалдардың Компанияның меншікті капиталына қатынасы ретінде есептеледі. Елеулілік деңгейлері бағалау күніндегі меншікті капитал мөлшеріне сүйене отырып, 2030 жылғы уақыт көкжиегі үшін меншікті капиталдың 10%-ы және 2050 жылғы уақыт көкжиегі үшін 20%-ы деңгейінде белгіленді. Ағымдағы бағалау нәтижелері тәуекелдерді азайту және бейімделу шараларын іске асыру қажеттілігін айқындау кезінде қолданылатын белгіленген шекті мәндердің асып кетпегенін көрсетті.

Климаттық тәуекелдер екі негізгі санатқа бөлінеді:

- Физикалық тәуекелдер, оған өткір климаттық әсерлер (мысалы, су тасқындары, орман өрттері және дауылдар) және созылмалы климаттық әсерлер (мысалы, температураның жоғарылауы және су тапшылығы) кіреді;
- Өтпелі тәуекелдер, олар экономиканың декарбонизацияға көшуіне қарай реттеудегі, технологиялардағы және нарықтық артықшылықтардағы өзгерістер, сондай-ақ беделдік қысым салдарынан туындайды. Бағалау тиісті климаттық тәуекелдерді айқындаудан басталды. Тәуекелдер активтердің орналасу географиясын және қызметті жүзеге асыру орындарын, салалық ерекшеліктерді және климаттық тәуекел факторларына ұшырау дәрежесін ескере отырып іріктеліп, сараланды.

[14] Инвестициялық портфель Freedom Holding Corp.-тың меншікті инвестициялық портфелін, сондай-ақ мынадай еншілес компаниялардың меншікті инвестициялық портфельдерін қамтиды: «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Armenia LLC, Freedom Finance Uzbekistan LLC, Freedom Finance Europe Ltd., «Freedom Finance Global PLC» ЖК, Freedom Finance Technologies Ltd., «Freedom Technologies» ЖШС және Freedom Structured Products PLC, Freedom Broker LLC және Freedom Yatırım Menkul Değerler Anonim Şirketi.

Іріктелген тәуекелдер олардың маңыздылығын (әсер ету ауқымын) және туындау ықтималдығын ескеретін маңыздылық матрицасы арқылы бағаланып, сараланды. Компания қызметінің әртараптандырылған сипатын ескере отырып, климаттық тәуекелдер келесі негізгі бағыттар бойынша бағаланды:



1

Инвестициялық қызметте, оның ішінде активтерді басқару мен портфельдік операцияларда физикалық және өтпелі тәуекелдер ескерілді. Бұл ретте қазіргі уақытта физикалық тәуекелдер портфельдік активтердің климаттың өзгеруіне байланысты қауіпті құбылыстарға ықтимал ұшырауына байланысты неғұрлым маңызды деп бағаланады;

2

Сақтандыру сегментінде мүлік пен көлік құралдарының зақымдануын қоса алғанда, қауіпті климаттық құбылыстардың ықтимал әсеріне байланысты физикалық тәуекелдер неғұрлым маңызды болып табылады. Ал өтпелі тәуекелдер, керісінше, сақтандыру өнімінің түріне қарай төмен немесе елеусіз деп есептеледі. Мысалы, өмірді сақтандыруда өтпелі тәуекелдер мерзімді өмірді сақтандыру полистеріне қолданылмайды және инвестициялармен байланысты өнімдер үшін де шектеулі деп бағаланады, өйткені ықтимал әсер тек инвестициялық портфель құнының төмендеуінен туындауы мүмкін. Өмірді сақтандырудағы физикалық тәуекелдер де осы кезеңде маңызды деп бағаланбайды;

3

Операциялық қызметте физикалық климаттық тәуекелдер неғұрлым маңызды деп бағаланады, ал өтпелі тәуекелдердің әсері тұтастай алғанда азырақ;

4

Банктік қызметте (кредиттік портфельді басқару), сақтандыру сегментіндегідей, физикалық тәуекелдер өтпелі тәуекелдерге қарағанда маңыздырақ деп бағаланады. Бұл тұрғын үй ипотекалық кредиттері жиынтық кредиттік портфельдің 50%-дан астамын құрайтындықтан, жылжымайтын мүліктің қауіпті климаттық құбылыстарға ықтимал ұшырауына байланысты. Өтпелі тәуекелдердің төменірек маңыздылығы корпоративтік кредиттеудің салыстырмалы түрде аз үлесімен және қарыз алушылар арасында қазба отынмен байланысты көміртек сыйымдылығы ең жоғары салалардағы компаниялардың болмауымен түсіндіріледі.

Бағалау Freedom Holding Corp.-тың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық және сақтандыру портфельдері және 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша кредиттік портфель негізінде жүргізілді.

Инвестициялық портфельді сандық бағалау

Инвестициялық портфельді стресс-тестілеу аясында климаттық тәуекелдердің Freedom Holding Corp. портфеліне ықтимал қаржылық әсерін бағалау үшін сценарийлік талдау қолданылды. NGFS әзірлеген үш климаттық сценарий қарастырылды:

Delayed Transition

Аралық сценарий

Шығарындылардың ең жоғары деңгейі 2030 жылдан кейінгі кезеңге келеді. 2100 жылға қарай жылыну шамамен 2,5–3 °C-қа жетеді. Сценарий Париж келісіміне ішінара сәйкес келеді, алайда шаралардың кейінге қалдырылуы өтпелі де, физикалық та тәуекелдердің күшеюіне әкеледі;

Current Policies

Пессимистік сценарий

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша қосымша шаралар қабылданбайды. Шығарындылар өсе береді, ал 2100 жылға қарай жылыну шамамен 3–4 °C-тан асады. Сценарий Париж келісіміне сәйкес келмейді. Физикалық тәуекелдер жоғары, өтпелі тәуекелдер ең төмен деңгейде;

Below 2°C

Оптимистік сценарий

Басқарылатын және ерте көшу сценарийі. Шығарындылардың ең жоғары деңгейі 2020 жылға келеді; 2100 жылға қарай жылыну шамамен 1,5–2 °C шегінде шектеледі. Сценарий Париж келісіміне сәйкес келеді. Физикалық тәуекелдер төмен, өтпелі тәуекелдер орташа.

Көрсетілген әрбір сценарий көміртекке баға белгілеуді, сондай-ақ басқа да өтпелі және физикалық климаттық тәуекелдерді ескере отырып, инвестициялық портфельге ықтимал қаржылық әсерді бағалау үшін пайдаланылды. Стресс-тестілеу инвестициялар көлемі бойынша инвестициялық портфельдің шамамен 91,5%-ын қамтитын репрезентативті іріктеме негізінде жүргізілді. Алынған нәтижелер бүкіл инвестициялық портфельге экстраполяцияланды.

Төмендегі кестеде NGFS әзірлеген үш климаттық сценарий бойынша инвестициялық портфель құнына күтілетін әсердің сандық бағасы берілген.

5-КЕСТЕ. САНДЫҚ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ: БҮКІЛ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІҢ БОЛЖАМДЫ ҚҰНСЫЗДАНУЫ, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ

NGFS сценарийі	2030	2050
Delayed Transition	898,842 (-0,029%)	51 284,680 (-1,636%)
Current policies	898,842 (-0,029%)	1 644,037 (-0,052%)
Below 2°C	37 927,157 (-1,210%)	44 323,274 (-1,414%)

Әртүрлі көшу сценарийлері бойынша инвестициялық портфельге жүргізілген климаттық стресс-тестілеу тәуекелдерге ұшырау деңгейлері мен ықтимал қаржылық шығындардың айырмашылығын көрсетті.

Delayed Transition

Аралық сценарий

Шараларды қабылдау кейінге қалдырылған жағдайда шығарындылар деңгейінің сақталуы және физикалық тәуекелдердің күшеюі аясында портфель құнының төмендеуі 2050 жылға қарай 1,6%-ға жетуі мүмкін. Көміртек сыйымдылығы жоғары салалар реттеудегі күрт өзгерістерге және климаттың өзгеруі салдарына әсіресе осал.

Current Policies

Пессимистік сценарий

Ағымдағы бағыт сақталып, климат саласында қосымша шаралар қабылданбаған жағдайда 2050 жылға қарай есептік шығындар шамамен 0,052%-ды құрауы мүмкін. Өтпелі тәуекелдердің әсері шектеулі болғанымен, экстремалды ауа райы құбылыстарын қоса алғанда, күшейіп келе жатқан физикалық тәуекелдер, әсіресе энергетика, тау-кен өндіру және көлік секторлары үшін жүйелік сын-қатерлер туғызуы мүмкін.

Below 2°C

Оптимистік сценарий

Ерте және үйлестірілген көшу жағдайында көміртек сыйымдылығы жоғары активтер құнының төмендеуі салдарынан инвестициялық портфельдің есептік құнсыздануы 2050 жылға қарай шамамен 1,4%-ды құрауы мүмкін. Бұл нәтиже компаниялардың төмен көміртекті модельдерге көшуіне қарай реттеудің қатаюын және нарықтық жағдайлардың өзгеруін көрсетеді. Физикалық тәуекелдер төмен деңгейде қалады, ал өтпелі тәуекелдер орташа, бірақ басқарылатын деп бағаланады.

Жалпы алғанда, климаттық стресс-тестілеу нәтижелері сценарийге байланысты Топтың инвестициялық портфелінің ықтимал құнсыздануы 0,029%-дан 1,6%-ға дейін болуы мүмкін екенін көрсетеді. Алынған нәтижелер портфельдің өтпелі және физикалық тәуекелдердің әртүрлі сценарийлерінде климаттық тәуекелдерге сезімтал екенін көрсетеді және тұрақты мониторингтің, портфельді әртараптандырудың және көміртек сыйымдылығы жоғары салалардағы эмитенттермен белсенді өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап көрсетеді.

Кредиттік портфельді сандық бағалау

Климаттық тәуекелдерді басқару тәжірибелерін дәйекті түрде жетілдіру аясында Freedom Holding Corp. есепті кезеңде «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін қосу арқылы бағалау ауқымын кеңейтті. Бұл Компанияның бағалау әдіснамасын жетілдіруге және қызметтің негізгі бағыттары бойынша климаттық тәуекелдерді қамтуды кеңейтуге ұмтылысын көрсетеді.

Бағалау инвестициялық портфельді талдау кезінде қолданылған NGFS сценарийлерін пайдалана отырып, физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдерді қамтыды. Физикалық тәуекелдер қауіпті климаттық құбылыстардың кепілге берілген жылжымайтын мүлік құнына ықтимал әсерін ескере отырып бағаланды, ал өтпелі тәуекелдер олардың қарыз алушылардың қаржылық көрсеткіштері мен кредиттік қабілеттілігіне ықтимал әсерін ескере отырып бағаланды. Қолданыстағы әдіснамалық шектеулерге байланысты физикалық климаттық тәуекелдердің әсері стресс-тестілеу кезеңінің соңындағы жағдай бойынша бағаланды. Сондықтан 2030 және 2050 жылдардағы нәтижелер арасындағы айырмашылықтар негізінен өтпелі тәуекелдерге байланысты. Есептік әсер кредиттік тәуекелдің негізгі параметрлеріндегі өзгерістер арқылы көрсетілді және кредиттік портфельдің жалпы тұрақтылығын бағалау үшін біріктірілді.

Климаттық стресс-тестілеу жиынтық кредиттік портфельдің 58,7%-ын қамтыды, ол негізінен бөлшек ипотекалық кредиттерден, сондай-ақ іріктелген корпоративтік кредиттерден тұрды. Бағалау ауқымы деректердің болуына және әдіснаманың қолданылу мүмкіндігіне қарай айқындалды. Жекелеген кредиттік өнімдер, оның ішінде тұтынушылық және автокредиттер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлерге немесе заңды тұлғаларға берілген кредиттердің бір бөлігі климаттық тәуекелдерді бағалаудың қалыптасқан әдістемелерінің болмауына және климаттық деректердің шектеулілігіне байланысты бағалаудан шығарылды. Корпоративтік портфель аясында бағалау өтпелі климаттық тәуекелдерге салыстырмалы түрде көбірек ұшырайтын көміртек сыйымдылығы жоғары салалардағы қарыз алушыларға бағытталды.

Төмендегі кестеде NGFS әзірлеген үш климаттық сценарий бойынша кредиттік портфельге күтілетін әсердің сандық бағасы берілген.

NGFS-тің әртүрлі көшу сценарийлері бойынша кредиттік портфельді климаттық стресс-тестілеу климаттың өзгеруіне байланысты кредиттік тәуекелдерге ұшырау деңгейінде және күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтердің ықтимал ұлғаюында айырмашылықтар бар екенін көрсетті.

Delayed Transition

Аралық сценарий

Климаттық сын-қатерлерге ден қою кейінге қалдырылған жағдайда резервтердің ұлғаюы 2030 жылға қарай шамамен 0,55%-ға, ал 2050 жылға қарай 1,28%-ға бағаланады.

Current Policies

Пессимистік сценарий

Business as usual сценарийі жағдайында кредиттік портфель, болжам бойынша, климаттық факторлардың ең жоғары әсеріне ұшырайды, бұл резервтердің шамамен 2,30%-ға ұлғаюына әкеледі.

Below 2°C

Оптимистік сценарий

Ерте және үйлестірілген көшу сценарийінде кредиттік портфельдегі ықтимал кредиттік залалдарға арналған резервтер көлемі 2030 жылға қарай шамамен 0,85%-ға және 2050 жылға қарай 1,28%-ға ұлғаяды деп күтіледі.

6-КЕСТЕ. САНДЫҚ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ: КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ЗАЛАЛДАРДЫ ӨТЕУГЕ АРНАЛҒАН БОЛЖАМДЫ ҚОСЫМША РЕЗЕРВТЕР, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ

NGFS сценарийі	2030	2050
Delayed Transition	367,438 (-0,550%)	856,058 (-1,282%)
Current Policies	1 536,648 (-2,302%)	1 536,648 (-2,302%)
Below 2°C	564,550 (-0,846%)	852,732 (-1,277%)

Жалпы алғанда, климаттық стресс-тестілеу нәтижелері бағаланған кредиттік портфельдің климаттық осалдығы төмен деңгейде екенін көрсетеді.

Сақтандыру портфелін сандық бағалау

Сақтандыру портфелінің физикалық климаттық тәуекелдерін бағалау Freedom Holding Corp.-тың ең осал сақтандыру сегменті ретінде айқындалған мүлікті сақтандыру портфелін ғана қамтыды. Қазақстан бойынша өңірлік климаттық деректердің шектеулілігіне байланысты талдау жалпыға қолжетімді дереккөздерге негізделді және ең алдымен INFORM Risk[15] индексі арқылы айқындалған су тасқындары мен орман өрттері сияқты өткір физикалық тәуекелдерден күтілетін залалдарды есептеуді қамтыды.

Жылжымайтын мүлікті сақтандыру портфелін стресс-тестілеу аясында Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының (КӨҮСТ) үш сценарийі қарастырылды:

RCP 2.6

шығарындылар деңгейі төмен сценарий, онда шығарындылардың шарықтау шегі шамамен 2020 жылға келеді және оларды азайту бойынша белсенді шаралар қабылданады. Температураның көтерілуі шамамен

1,5–2 °C құрайды

RCP 4.5

орташа сценарий, онда шығарындылардың ең жоғары деңгейі 2040 жылға дейінгі кезеңге келеді келеді, температураның көтерілуі шамамен

2–3 °C құрайды

RCP 8.5

климаттық саясатсыз сценарийі («business as usual»), онда шығарындылар өсуін жалғастырады. Температураның көтерілуі

4 °C-тан асады

Бағалау мүлікті сақтандырудың жиынтық портфелінің шамамен 45,94%-ын қамтыды. Қайта сақтандыруға қабылданған тәуекелдерге қатысты қалған 54,06% тиісті сақтандырылған объектілер туралы, оның ішінде жекелеген объектілердің орналасқан жері жөніндегі егжей-тегжейлі ақпараттың шектеулі болуына байланысты бағалаудан шығарылды[16].

Нәтижесінде болжамды залал мәндері алдыңғы есепті кезеңде ашылған көрсеткіштерден төмен болды. Бұл негізінен климаттық тәуекелдерге ұшыраудың базалық деңгейінің төмендеуіне емес, бағалау ауқымының өзгеруіне байланысты. Компания климаттық тәуекелдерді бағалау әдіснамасы мен деректерді жинау процестерін жетілдіруді жалғастыруда және болашақ есепті кезеңдерде қосымша деректер пайда болған сайын бағалау ауқымын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Төмендегі кестеде КӨҮСТ сценарийлері негізінде сақтандыру портфелінің сандық бағасы берілген.

7-КЕСТЕ. САНДЫҚ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ: БОЛЖАМДЫ САҚТАНДЫРУ ШЫҒЫНДАРЫ, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ

КӨҮСТ сценарийі	2030	2050
Су тасқындары:		
RCP 2.6	374,891 (-0,030%)	743,808 (-0,060%)
RCP 4.5	374,891 (-0,030%)	776,123 (-0,063%)
RCP 8.5	375,484 (-0,030%)	760,603 (-0,061%)
Орман өрттері:		
RCP 2.6	215,105 (-0,017%)	276,212 (-0,022%)
RCP 4.5	215,105 (-0,017%)	338,070 (-0,027%)
RCP 8.5	305,387 (-0,025%)	344,247 (-0,028%)

Су тасқындарынан болатын болжамды залалдардың ең жоғары мөлшері 2050 жылға қарай RCP 4.5 сценарийінде байқалады және бағалаумен қамтылған мүлікті сақтандыру портфелінің шамамен 0,063%-ын құрайды. Орман өрттеріне байланысты сақтандыру төлемдерінің ең жоғары болжамды көлемі 2050 жылға қарай RCP 8.5 сценарийінде күтіледі және шамамен 0,028%-ды құрайды. Бағалауға сәйкес, 2030 жылға қарай температураның көтерілуі орта мерзімді перспективада-ақ тәуекелдердің ұлғаюына әкеледі. Су тасқындары мен орман өрттеріне байланысты болжамды сақтандыру төлемдері бағалаумен қамтылған мүлікті сақтандыру портфелінің 0,1%-ынан төмен болып қалса да, әсіресе RCP 4.5 және RCP 8.5 сценарийлеріндегі өсу үрдісі климаттық тәуекелдерге ұшыраудың біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді.

[15] INFORM Risk Index — гуманитарлық дағдарыстар мен табиғи апаттарға ұшырауы мүмкін елдерді анықтауға арналған ашық қолжетімді жаһандық тәуекелдерді бағалау құралы. Бағалау қауіпті факторлардың әсер ету деңгейі, халықтың осалдығы және ден қою қабілетінің жеткіліксіздігі сияқты факторларға негізделген. Индексті Еуропалық комиссия халықаралық серіктестермен бірлесіп әзірлеген.

[16] Мүлікті сақтандыру портфелінің жалпы көлемі 2,7 млрд АҚШ долларын құрайды, оның 1,4 млрд АҚШ доллары кіріс қайта сақтандыруға тиесілі.

Инвестициялық портфельді сапалық бағалау

Компания климаттық тәуекелдерді бағалау құрылымдалған болжамдық тәсілді пайдалана отырып жүргізілуге тиіс деп есептейді. Осы мақсатта бастапқы тәуекелге ұшырау деңгейін, тәуекелдерді азайту бойынша қолданыстағы шараларды және салалар мен эмитенттер бойынша қалдық тәуекелді бағалауға мүмкіндік беретін балдық бағалау құралы әзірленді. Осы әдіснама негізінде инвестициялық портфельден егжей-тегжейлі сапалық бағалау жүргізу үшін ең ірі эмитенттердің репрезентативті іріктемесі таңдалды.

Бағалау мемлекеттік борышты қоспағанда, облигациялар мен акцияларға салынған инвестициялардың жиынтық құнының шамамен 89,7%-ын қамтыды, бұл жалпы инвестициялық портфельдің 35,1%-ына сәйкес келеді. Бағалаумен қамтылған инвестициялық портфель бөлігі климаттық тәуекел санаттары бойынша былай бөлінеді: Жалпы инвестициялық портфельдің 10,1%-ы «Төмен (1)» санатына, 20,8%-ы «Төмен (2)» санатына, 4,2%-ы «Орташа (3)» санатына жатқызылды.

Бағалау нәтижелері бойынша Freedom Holding Corp. инвестициялық портфелінің 35,1%-ын құрайтын бағаланған бөлігінің климаттық тәуекелдерге ағымдағы ұшырау деңгейі төменнен орташаға дейін ауытқиды.

Сақтандыру портфелін сапалық бағалау

Мүлікті сақтандыру портфелі сақтандырылған активтердің сипаты мен тиісті деректердің қолжетімділігін ескере отырып, климаттық тәуекелдерді сапалық бағалау үшін таңдалған негізгі сақтандыру сегменті болып қала береді.

Ғимараттарды, қоймаларды және осыған ұқсас физикалық инфрақұрылымды қамтитын мүлікті сақтандыру шарттары Компанияның сақтандыру қызметі аясында өткір физикалық климаттық тәуекелдерге ұшырауды бағалау үшін ең қолайлы санат болып табылады.

Сапалық бағалау мынадай критерийлерге сәйкес келетін мүлікті сақтандыру мәмілелеріне қатысты жүргізілді:

НЫСАН

ғимараттар, қоймалар және өзге де физикалық активтер;

МАҢЫЗДЫЛЫҚ

ішкі маңыздылық критерийлері негізінде таңдалған мәмілелер

МЕРЗІМІ

үш жылдан астам (тек жаңа шарттар үшін);

Көрсетілген мәмілелер мүлікті сақтандырудың жиынтық портфелінің шамамен 0,012%-ын құрайды. Іріктелген барлық шарттардың қолданылу мерзімі 36 айдан асты.

Мәмілелердің ешқайсысы физикалық климаттық тәуекелдерге ұшырау деңгейі жоғары санатқа жатқызылған жоқ. Іріктемеде 17 мәміле тәуекелге ұшырау деңгейі төмен, ал 7 мәміле орташа деп бағаланды, бұл негізінен сақтандырылған активтердің географиялық орналасуына байланысты болды (мысалы, Алматы — төмен тәуекел; Қызылорда — су тасқындарына ұшырауына байланысты орташа тәуекел).

Жалпы алғанда, нәтижелер бағалаумен қамтылған сегменттің климаттық тәуекел бейіні негізінен төмен екенін көрсетеді және тәуекел деңгейінің ағымдағы бағалауымен сәйкес келеді, сонымен қатар болашақ талдауда географиялық факторларды ескерудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Операциялық қызметті сапалық бағалау

Freedom Holding Corp. климаттың өзгеруі оның қаржылық емес еншілес компанияларына, оның ішінде операциялық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға да әсер етуі мүмкін екенін мойындайды. Алдыңғы есепті кезеңдегідей, Компания «Arbuz Group» ЖШС және Freedom Telecom Holding Ltd. еншілес ұйымдарының физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдерге ұшырауын бағалауды жалғастырды.

Бағалау Қазақстанның климаттық тәуекел бейінін және аталған еншілес компаниялар жұмыс істейтін салалардың ерекшеліктерін көрсететін прокси-көрсеткіштерге негізделді, сондай-ақ қалдық тәуекел деңгейін айқындау кезінде тәуекелдерді төмендету бойынша қолданыстағы шаралар ескерілді.

Нәтижелер:

ARBUZ GROUP ЖШС-НІҢ

физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдерге ұшырау деңгейі төмен деп бағаланды, бұл негізінен активтердің басым бөлігінің қалалық жерлерде орналасуына және қазіргі кезде реттеушілік қысымның болмауына байланысты

FREEDOM TELECOM HOLDING LTD.

тәуекелдерге ұшырау деңгейі орташа деп бағаланды, бұл негізінен су тасқыны тәуекелінің орташа деңгейіне және деректерді өңдеу орталықтарын қоса алғанда, энергияны көп қажет ететін инфрақұрылымның болашақтағы ықтимал реттеушілік өзгерістерге сезімталдығына байланысты

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта екі еншілес компанияның да климаттық тәуекелдерге ұшырау деңгейі төменнен орташаға дейінгі диапазонда бағаланады, алайда бұл деңгей болашақта климаттық жағдайлар мен мемлекеттік саясаттағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін.

Климаттық тәуекелдерді бағалау нәтижелеріне сәйкес Freedom Holding Corp.-тың инвестициялық, сақтандыру, операциялық және банктік қызметінің климаттық осалдығы қазіргі уақытта төменнен орташаға дейінгі диапазонда бағаланады. Мұндай нәтиже активтердің географиялық бөлінуіне, олардың көпшілігінің өткір физикалық қауіпті құбылыстарға ұшырау деңгейі шектеулі өңірлерде орналасуына, сондай-ақ инвестициялық портфельдің салалық құрылымына байланысты. Инвестициялық портфельде климаттық тәуекелдерге салыстырмалы түрде сезімталдығы төмен қаржы ұйымдарына салынған инвестициялар басым.

Климаттық тәуекел бейіні уақыт өте өзгеруі мүмкін екенін ескере отырып, Компания өз қызметіне мониторинг жүргізуді жалғастырады және қажет болған жағдайда тәуекелдерді бағалау, оларды азайту шараларын жоспарлау және ақпаратты ашу кезінде климаттық факторларды ескеру мүмкіндігін қарастырады.

Іскерлік этика және комплаенс

GRI 2-23, 2-24, 3-3

Freedom Holding Corp. Компания қызметін жүзеге асыратын юрисдикциялардағы мемлекеттік реттеушілер мен жергілікті заңнама бизнеске қоятын талаптарды және іскерлік этика қағидаттарын сақтаудың маңыздылығын мойындайды. Freedom Holding Corp. мүдделі тараптардың өзіне білдіретін сенімін бағалайды және адал, жауапты әрі этикалық іскерлік серіктес ретіндегі беделін сақтау үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Компаниядағы іскерлік мінез-құлық пен этика мәселелерін реттейтін негізгі құжат — Компанияның веб-сайтында орналастырылған корпоративтік Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі. Кодекс Компания өз іскерлік қызметінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттарды айқындайды және этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қолдауға қатысты тәсілін белгілейді. Атап айтқанда, Кодекс директорлардан, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерден адал әрекет етуді, барлық тараптармен, оның ішінде бәсекелестермен өзара іс-қимыл барысында ең жоғары этикалық стандарттарды сақтауды, сондай-ақ Компанияның адал және жауапты бәсекелестікке бейілділігін қолдауды талап етеді.

Директорлар кеңесі Кодексті басқа да негізгі корпоративтік басқару құжаттарымен қатар бекітуге жауапты. Ол сондай-ақ корпоративтік басқару мен комплаенстің белгіленген тетіктері арқылы олардың іске асырылуын қадағалайды. Кодекстің сақталуын Компанияның комплаенс-функциясы бақылайды, бұл ретте жоғары басшылыққа және қолданылатын жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттеріне тұрақты түрде есептілік ұсынылады.

2026 қаржы жылында Freedom Holding Corp. Компанияның жауапты корпоративтік басқаруға, ашықтыққа және бизнесті тұрақты жүргізуге деген кең ауқымды бейілділігі шеңберінде іскерлік этика мен комплаенс саласындағы бақылау жүйесін нығайту жөніндегі жұмысты жалғастырды. Бұл жүйені одан әрі дамыту Топ аясында талаптарды сақтаудың бірыңғай тәжірибелерін қолдауға, этикалық шешімдер қабылдауды ілгерілетуге және ұйымның барлық деңгейлеріндегі есептілікті күшейтуге бағытталған.

Қазіргі уақытта Компанияда дағдарысты басқарудың немесе беделдік дағдарыстардан кейін қалпына келудің жеке формалданған жүйесі жоқ. Сонымен бірге дағдарыстық жағдайларға ден қоюдың, инциденттерді эскалациялаудың және тәуекелдерді азайтудың тиісті элементтері Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі кең ауқымды процестері аясында көзделген. Компанияның қызметіне, беделіне немесе мүдделі тараптардың сеніміне әсер етуі мүмкін ықтимал инциденттер жоғары басшылық деңгейіне эскалацияланады және қолданылатын ішкі рәсімдерге сәйкес қаралады.

Компания корпоративтік басқару жүйесін, оның ішінде беделдік және дағдарыстық тәуекелдерді басқару тәсілдерін дамытуды және жетілдіруді жалғастыруда. Бұл жұмыс Компанияның ішкі бақылауды нығайтуға, ұйымдық тұрақтылықты арттыруға және ықтимал инциденттерге жауап ретінде уақтылы әрі жауапты шешімдер қабылдауды қолдауға бағытталған кең ауқымды күш-жігерінің бір бөлігі болып табылады.

Атап айтқанда, Компания жаңа Жаһандық комплаенс саясатын және жаңа Мүдделер қақтығысын басқару саясатын әзірлеуді жалғастырды. Бұл саясаттар қызметкерлерге, басшылыққа және басқа да тиісті мүдделі тараптарға қатысты негұрлым нақты күтулерді белгілеуге, сондай-ақ комплаенспен байланысты тәуекелдерді анықтау, басқару және азайту үшін құрылымдалған негіз қалыптастыруға бағытталған. Бұл құжаттарды әзірлеу сондай-ақ Компанияның халықаралық қызмет аясындағы ішкі стандарттарды үйлестіруге және комплаенске қатысты тәсілін үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкестендіруге тұрақты түрде көңіл бөліп отырғанын көрсетеді.

Бұл өзгерістер Freedom Holding Corp.-тың іскерлік қызметтің адалдығын қамтамасыз етуге, мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға және Топтың ұзақ мерзімді тұрақтылығына ықпал ететін сенімді әрі дамып келе жатқан комплаенс жүйесін қолдауға бейілділігін көрсетеді.

Freedom Holding Corp компаниясының этика қағидаттары

- Қолданылатын заңнаманың талаптарына, қағидаларға және реттеушілердің талаптарына сәйкес келу
- Жосықсыз әрекеттер мен бұзушылықтардың алдын алу
- Корпоративтік есептілікті және Компания реттеушілерге жіберетін немесе жария қолжетімділікте орналастырылатын өзге де құжаттардағы ақпараттың толықтығы, дәйекті, ашық, уақтылы және қолжетімді жария етілуі
- Бизнесті адал және әдеппен жүргізу, соның ішінде мүдделер қақтығысын жауапкершілікпен басқару
- Корпоративтік активтерді, құпиялы ақпаратты қорғау және Компания үшін туындайтын мүмкіндіктерді пайдалану



Freedom Holding Corp.-тағы іскерлік этика мен комплаенсті реттейтін негізгі құжаттар:

1. Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі
2. Жаһандық комплаенс саясаты
3. Мүдделер қақтығысын басқару саясаты
4. АҚШ-тың санкциялық талаптарын сақтау жөніндегі саясаттар мен рәсімдер
5. Инсайдерлік саудаға қатысты саясат
6. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
7. Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты
8. Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты

Комплаенс

Freedom Holding Corp. Комплаенс департаменті Топ аясында қолданылатын құқықтық және реттеушілік талаптардың сақталуын қадағалау мен мониторингтеуді жүзеге асырады, реттеушілермен өзара іс-қимылды қолдайды және Топ қызмет ететін барлық өңірлерде реттеушілік есептілікті қамтамасыз етеді. Департаментті Комплаенс жөніндегі бас директор басқарады, оның міндеттеріне сондай-ақ реттеушілермен және сыртқы мүдделі тараптармен, оның ішінде рейтингтік агенттіктермен және салалық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кіреді.

Freedom Holding Corp.-тың әрбір еншілес ұйымында қолданылатын реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жауапкершілігі Комплаенс жөніндегі бас директормен өзара іс-қимыл жасайтын жергілікті комплаенс-офицерлерге жүктеледі. Олардың өкілеттіктері мен міндеттері жергілікті ішкі нормативтік құжаттар мен бизнес-модель ерекшеліктеріне қарай өзгеруі мүмкін.

Freedom Holding Corp. бүкіл Топ аясында бірыңғай комплаенс стандарттарын қолдануға ұмтылады. Жергілікті заңнама Freedom Holding Corp. саясаттары мен ішкі стандарттарына қарағанда қатаңдығы төмен болған жағдайларда, қолданылатын жергілікті заңнамада немесе реттеушілік талаптарда өзгеше шектеу көзделмесе, еншілес ұйымдардан, әдетте, Топ стандарттарын базалық деңгей ретінде қолдану күтіледі.

Мүдделер қақтығысы

GRI 2-11, 2-15, 2-23, 2-24

Freedom Holding Corp. этикалық мінез-құлықтың, адалдықтың және жауапты корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын қолдауға бейілді. Компания өз қызметінің барлық деңгейлерінде мүдделер қақтығысын анықтауға, алдын алуға және тиісінше басқаруға ерекше көңіл бөледі. Мүдделер қақтығысы жеке тұлғаның немесе онымен тығыз байланысты тұлғаның жеке, қаржылық, іскерлік немесе өзге де мүдделері оның өз міндеттерін объективті және бейтарап орындауына немесе клиенттер мен басқа да мүдделі тараптарға әділ қарауына нақты, ықтимал немесе сырттай әсер еткен жағдайда туындауы мүмкін.

Мүдделер қақтығысын басқарудың негізі Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының барлық директорлары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын Компанияның Этика және іскерлік мінез-құлық кодексінде бекітілген. 2025 қаржы жылында белгіленген мақсатты жалғастыра отырып, Freedom Holding Corp. нақты, ықтимал немесе қабылданатын мүдделер қақтығыстарын анықтау, ашу, бағалау және басқару тәсілін одан әрі формалдандыру үшін жеке Мүдделер қақтығысын басқару саясатын әзірледі. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Саясат Директорлар кеңесімен ресми түрде бекітілмеген.

Әзірленіп жатқан Саясат үш негізгі қағидатқа негізделген: құнына қарамастан кез келген нақты, ықтимал немесе болжамды қақтығысты міндетті түрде ашу; қақтығысқа қатысты іс-әрекетті оны қарау және тікелей мақұлдау жүзеге асырылғанға дейін жүргізуге жол бермейтін «әдепкі бойынша тыйым салынған» тәсіл; сондай-ақ жеке тұлға қақтығысты ашатын, ал Компания оны қандай тәсілмен реттеу керектігі туралы шешім қабылдайтын институционалдық шешім қабылдау қағидаты. Қызметкерлерден адал мінез-құлық, жеке мүдделер кәсіби міндеттермен қайшылыққа түсуі мүмкін жағдайларға жол бермеу, ықтимал қақтығыстарды уақтылы ашу және қақтығыстың бар-жоғы анық болмаған жағдайларда түсіндірме алу үшін жүгіну күтіледі. Шешімдер фаворитизмге немесе біржақтылыққа жол бермей, объективті критерийлер негізінде және Компанияның ең үздік мүдделерін ескере отырып қабылдануы тиіс.

Әзірленіп жатқан Саясатқа сәйкес, мүдделер қақтығысын басқаруды процесс иесі ретінде Комплаенс-функция жүзеге асырады. Ақпаратты ашу жағдайлары қаралып, тәуекел деңгейі тұрғысынан орталықтандырылған түрде бағаланады, сондай-ақ қарау, эскалациялау, тәуекелді азайту шаралары және қақтығысты шешуді қоса алғанда, белгіленген ішкі рәсімдер арқылы реттеледі. Жоғары тәуекел деңгейі бар мәселелер, сондай-ақ директорларға, атқарушы басшылыққа, саяси мәні бар тұлғаларға немесе байланысты тараптармен жасалатын мәмілелерге қатысты мәселелер Тәуекелдер жөніндегі комитетке және қолданылатын жағдайларда Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне эскалацияланады. Аталған комитет Компания мен оның мүдделі тараптарының ең жақсы мүдделерінде тәуелсіз әрі объективті шешім қабылдауды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қарайды. Бұл тиісті ашылған ақпаратты қарауды, ықтимал тәуекелдерді бағалауды және шешім қабылдау процесіне тиісінше емес ықпал етудің алдын алу үшін тиісті қорғаныс шараларын қолдануды қамтуы мүмкін.

Әзірленіп жатқан Саясат клиенттерге қызмет көрсетуге байланысты қызмет барысында туындайтын қақтығыстарға да қолданылады. Инвестициялық, брокерлік және консультациялық қызметтер көрсету кезінде Компанияның мүдделері мен оның клиенттерінің мүдделері арасындағы қақтығыстарды анықтау, олардың алдын алу және алдын алу мүмкін болмаған жағдайда клиенттердің мүдделеріне теріс әсер етпейтіндей түрде басқару үшін тиісті шаралар қабылдауы, сондай-ақ қолданылатын нормативтік талаптарды сақтауы тиіс. Әзірленіп жатқан Саясатқа сәйкес бақылаушы акционердің болуына және байланысты тараптармен жасалатын мәмілелерге қатысты мүдделер қақтығыстары IAS 24 және Regulation S-K құжатының 404-тармағына сәйкес Компанияның қаржылық есептілігінде және SEC-ке берілетін құжаттарында мүдделі тараптарға ашылады.

Саясат осы міндеттемелерді іске асыруды қамтамасыз ететін бақылау рәсімдерін, оның ішінде мүдделер қақтығысының жоқтығын жыл сайын растауды, міндетті оқытуды және комплаенс-функция тарапынан тұрақты мониторинг жүргізуді көздейтін болады. Осы Саясатты енгізу Freedom Holding Corp.-тың іскерлік этика және комплаенс саласындағы кең ауқымды жүйесін нығайтады, Топ аясындағы ашықтық пен есептілікті қолдайды және мүдделі тараптардың оның корпоративтік басқаруы мен іскерлік мінез-құлқының адалдығына деген сенімін одан әрі арттырады.

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Freedom Holding Corp. өзінің бүкіл қызметінде парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және олармен байланысты этикаға жат мінез-құлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Компания іскерлік қатынастарда адалдық, ашықтық және есептілік қағидаттарына бейілді.

2026 қаржы жылында бекітілген Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесінің негізі болып табылады және бүкіл қызмет аясында парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және олармен байланысты тәуекелдерді басқару тәсілін айқындайды. Саясат Freedom Holding Corp.-қа тиесілі, оның бақылауындағы немесе басқаруындағы ұйымдарға, оның ішінде Топтың еншілес және өзге де бақыланатын ұйымдарына, сондай-ақ Компания Саясатты қабылдауды талап ете алатын немесе оған ықпал ете алатын шамада бірлескен кәсіпорындарға қолданылады. Саясат директорлар, комитет мүшелері, қызметкерлер, басшылық, мердігерлер, іскерлік серіктестер және Компания атынан әрекет ететін өзге де тұлғалар үшін міндетті.

Комплаенс жөніндегі бас директор Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бағдарламасын әкімшілендіруге және іске асыруға жауап береді. Директорлар кеңесі Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесін қадағалайды. Бақылау тетіктерінің тиімділігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты өзге де елеулі мәселелер туралы ақпарат жоғары басшылыққа және қолданылатын жағдайларда Директорлар кеңесіне немесе оның комитеттеріне ұсынылады.

Топқа қызмет көрсету үшін тартылатын немесе тарту жоспарланып отырған барлық үшінші тараптар, оның ішінде жаңа іскерлік серіктестер, жеткізушілер, мердігерлер мен агенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Компания саясаттарының сақталуына қатысты тиісті тексеру рәсімінен өтуге тиіс. Қызметкерлер, тиісті жеткізушілер және өзге де үшінші тараптар парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқытудан офлайн немесе онлайн-платформа арқылы өтуге тиіс. Қайта оқыту құқықтық талаптар мен Компания саясаттарындағы өзгерістер туралы хабардарлықты сақтауға көмектеседі.

Компания осал тұстарды анықтау және туындайтын тәуекелдерге уақтылы ден қою үшін қызметтің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мерзімді түрде бағалайды. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары деп бағаланатын қызмет бағыттарына арнайы рәсімдер қолданылады. Лауазымдары сыбайлас жемқорлық тәуекелінің жоғары деңгейімен байланысты қызметкерлер жыл сайын мамандандырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытудан өтеді. Компанияда сондай-ақ сыйлықтар, өкілдік іс-шаралар және қайырымдылық жарналарға қатысты қағидалар қолданылады. Тәуекелі жоғары өңірлерде үшінші тараптарды тарту кезінде күшейтілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы тексеру жүргізіледі.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияға сыбайлас жемқорлыққа немесе парақорлыққа байланысты айыппұлдар немесе санкциялар қолданылған жоқ.



Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚ)

Топ қызметінің сипатын және оның құрамында реттелетін қаржы ұйымдарының болуын ескере отырып, Freedom Holding Corp. ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың аса маңызды екенін мойындайды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Freedom Holding Corp. Компанияның Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі жahандық саясатына негізделген кешенді АЖ/ТҚҚ жүйесін енгізді. Саясат Freedom Holding Corp. құрамына кіретін қаржы ұйымдарында ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру (АЖ/ТҚ) тәуекелдерін басқарудың тиімді әрі бірыңғай стандартын белгілеу үшін әзірленген. Ол осы стандарттарды сақтау және Freedom Holding Corp.-тың реттеушілік талаптарын орындау үшін нақты жеке жауапкершілікті белгілейді.

Компания операциялық компания болып табылмайтындықтан және клиенттерге қаржылық қызметтер көрсетпейтіндіктен, Саясат барлық еншілес қаржы ұйымдарының АЖ/ТҚ тәуекелдерін тиімді басқаруға қажетті бақылау тетіктерін енгізуін қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленген. Тиісінше, Саясатты сақтау Топ құрамындағы барлық қаржы ұйымдары, сондай-ақ қолданылатын заңнамаға сәйкес АЖ/ТҚҚ шараларын енгізуге міндетті Freedom Holding Corp.-тың өзге де еншілес ұйымдары үшін міндетті.

Саясат сондай-ақ оның қолданылу аясына кіретін ұйымдарға АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша оқыту және құзыреттерді бағалау рәсімдеріне қатысты талаптарды белгілейді. Қолданылатын заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету үшін еншілес қаржы ұйымдары жаңа қызметкерлерге, сондай-ақ мұндай оқытуды талап ететін лауазымдарға алғаш рет тағайындалған қызметкерлерге тиісті лауазымда жұмысын бастаған күннен бастап үш ай ішінде оқыту өткізіп, құзыреттерін бағалауға тиіс. Адалдық пен талаптарды сақтау Freedom Holding Corp. үшін негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Компанияның АЖ/ТҚҚ жүйесі қаржы жүйесін заңсыз қызметтен қорғауға жәрдемдесу жөніндегі күш-жігерінің маңызды бөлігі болып табылады.

Санкциялық комплаенс

Freedom Holding Corp. БҰҰ, АҚШ, Еуропалық одақ, Ұлыбритания және өзге де юрисдикциялардың қолданылатын санкциялық талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған Топ үшін бірыңғай санкциялық комплаенс жүйесін қолдайды. Жүйе Freedom Holding Corp.-қа және оған тиесілі әрі оның бақылауындағы барлық еншілес ұйымдарға, сондай-ақ Топ атынан әрекет ететін барлық қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға, директорлар мен агенттерге қолданылады. Ол Топ аясында санкциялық тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз етеді және оның өнімдерін, қызметтері мен инфрақұрылымын санкцияларды айналып өту үшін пайдаланудың алдын алуға бағытталған.

Санкциялық комплаенс жүйесі Топ үшін бірыңғай санкциялық саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ жекелеген ұйымдардың қызметі мен тәуекел бейініне бейімделген жергілікті саясаттар мен бақылау тетіктерін үйлестіру арқылы іске асырылады. Комплаенс-функцияның арнайы тағайындалған қызметкерлері санкциялық талаптардың қолданылуын бақылайды және Топ аясындағы санкциялар мәселелері бойынша консультациялар береді. Жоғары басшылық санкциялық комплаенс жүйесін қолдайды және бүкіл Топ бойынша талаптарды сақтау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жahандық санкциялық режимдердің үнемі өзгеріп отыратын сипатын ескере отырып, Топ санкциялық реттеудегі өзгерістердің өз қызметіне, өнімдеріне, қызметтеріне және іскерлік қатынастарына әсерін тұрақты түрде бағалайды. Санкциялық талаптарды сақтау мәселелері негізделген шешімдер қабылдауды және Топ аясында санкциялық тәуекелдерді тиімді басқаруды қолдау үшін тиісті бизнес-процестерге интеграцияланған.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдары санкциялық тәуекелдерді анықтау және азайту үшін тәуекелге бағдарланған бақылау тетіктерін қолданады, оның ішінде клиенттерді, контрагенттерді, мәмілелерді және өзге де тиісті тараптарды скринингтен өткізу, қажет болған жағдайда күшейтілген тиісті тексеру жүргізу, тұрақты мониторинг және қызметкерлерді оқыту. Бұл шаралар өзгеріп отыратын санкциялық талаптарды, тәуекелдерге ұшырау деңгейін және Топ қызметіндегі өзгерістерді ескере отырып, тұрақты түрде қайта қаралып, жетілдіріледі.

Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері

GRI 2-16, 2-23, 2-24, 2-25, 2-26, 406-1

SASB FN-IB(AC)-510a.2

Мүдделі тараптардың Компания қызметіне қатысты алаңдаушылықтары туралы жылдам әрі қауіпсіз хабарлай алу мүмкіндігі мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және тәуекелдерді уақтылы анықтау үшін аса маңызды. Сондықтан Freedom Holding Corp. нақты немесе болжамды алаяқтық, тиісінше емес мінез-құлық, құқыққа қайшы әрекеттер және қолданылатын заңдардың, нормативтік талаптардың немесе Компания саясаттарының өзге де бұзушылықтары туралы хабарлауға арналған түсінікті, құпия әрі сенімді тетікті пайдаланады.

Freedom Holding Corp.-тағы бұзушылықтар туралы хабарлау процесін реттейтін негізгі құжат — Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты. Саясат Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының адалдықтың, есептіліктің және этикалық мінез-құлықтың ең жоғары стандарттарына өзгермейтін бейілділігін растайды. Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты есепті кезең ішінде әзірленіп, 2025 жылғы мамырда ресми түрде бекітілді.

Бұл Саясат Компания қызмет ететін барлық юрисдикцияларда бүкіл әлем бойынша қолданылады және қолданылатын халықаралық әрі жергілікті нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Оларға Шетелдегі сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы заң (FCPA), Сарбейнс — Оксли заңы (SOX), бұзушылықтар туралы хабарлайтын тұлғаларды қорғау жөніндегі ЕО-ның 2019/1937 директивасы, бұзушылықтар туралы хабарлауға қатысты жергілікті заңнама және Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламент (GDPR) сияқты деректерді қорғау саласындағы тиісті нормативтік талаптар жатады. Саясат барлық қатысу юрисдикцияларында қолданылғанымен, әрбір еншілес ұйым оны жергілікті деңгейде енгізуге және жергілікті талаптарға сәйкестендіруге жауап береді, бұл Топтың бірыңғай стандарттарымен де, жергілікті заңнама талаптарымен де үйлесімділікті қамтамасыз етеді.

Freedom Holding Corp. енгізген жаңартылған бұзушылықтар туралы хабарлау тетігі мынадай мәселелер бойынша хабарламаларды қамтиды:

- Этика және іскерлік мінез-құлық кодексінің, Компания саясаттарының немесе рәсімдерінің бұзылуы;
- бухгалтерлік есеп тәжірибелеріне, ішкі бақылауға, қаржылық есептілікке немесе алаяқтық әрекеттерге байланысты тиісінше емес мінез-құлық;
- парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа, санкцияларға және деректерді қорғауға қарсы іс-қимыл талаптарын қоса алғанда, қолданылатын заңдардың, нормативтік талаптардың немесе сыртқы стандарттардың бұзылуы;
- мәселелер туралы адал ниетпен хабарлаған немесе тергеп-тексеруге қатысқан тұлғаларды құдалау, кемсіту немесе оларға қысым көрсету.

Бұзушылықтар туралы хабарлаудың екі негізгі арнасы бар:

Үшінші тарап қызмет көрсететін комплаенс жедел желісінің телефон нөмірлері:

+1 951 309 2273 АҚШ

+7 800 080 8272 Қазақстан

Үшінші тарап қызмет көрсететін бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған онлайн-платформа:

Комплаенс жедел желісі →

Freedom Holding Corp. барлық қызметкерлердің Бұзушылықтар туралы хабарлау саясатында баяндалған қағидаттар мен процестерді түсінуін және сақтауын қамтамасыз етуге ұмтылады. Бұл барлық жаңа қызметкерлердің бейімделу процесі аясында Саясат ережелерін қамтитын комплаенс мәселелері бойынша міндетті оқытудан өтуі арқылы қамтамасыз етіледі. Бұзушылықтар туралы хабарлау тетігін түсінуді бекіту үшін барлық қызметкерлерге міндетті жыл сайынғы оқыту сессиялары өткізіледі. Сонымен қатар қызметкерлерге бұзушылықтар туралы хабарлау мәселелері және Саясат ережелерін түсіндіру бойынша электрондық пошта арқылы қолдау қолжетімді.

Комплаенс жөніндегі бас директор Саясатты барлық тиісті мүдделі тараптар мен Топтың еншілес ұйымдарының басшылығына жеткізді, олар өз кезегінде оның негізгі ережелерін қызметкерлер арасында тарату мен түсіндіруді қамтамасыз етті. Freedom Holding Corp. сондай-ақ Саясатқа байланысты еске салулар мен жаңартуларды қамтитын ішкі хабарламаларды тұрақты түрде жіберу міндеттемесін өзіне алады.

Компанияда бұзушылықтар туралы хабарлаудың тиімді процесін қолдауға бағытталған құрылымдалған жүйе жұмыс істейді, ол ашықтықты, есептілікті және бұзушылықтар туралы хабарлайтын тұлғаларды қорғауды қамтамасыз етеді.



Менеджерлер мен тікелей басшылар адалдық мәдениетін қалыптастыруда мынадай жолдармен негізгі рөл атқарады:

- Ашық коммуникацияны ынталандыру және проблемалар туралы хабарлайтын қызметкерлерді қолдау;
- Келіп түскен хабарламаларды уақтылы және дәл эскалациялау.


Комплаенс және тергеп-тексеру командалары мыналарға жауап береді:

- Әділ, уақтылы және мұқият тергеп-тексеру жүргізу;
- Заңнама мен Компания саясаттарына сәйкес қатысы бар тұлғаларды қорғау мақсатында құпиялылықты сақтау;
- Тергеп-тексеруді кәсіби және адал жүргізуді қамтамасыз ету.

Жоғары басшылық пен Директорлар кеңесі қазіргі уақытта бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесінің тиімділігін мынадай тәсілдер арқылы қадағалайды:

- Бұзушылықтар туралы хабарлау саясатын бекіту және қолдау;
- Тұрақты тексерулер, аудиттер мен бағалаулар арқылы талаптардың сақталуын мониторингтеу;
- Жүйе толық іске қосылғаннан кейін хабарламалар расталған жағдайларда тиісті түзету шараларының қабылдануын қамтамасыз ету.

Бұзушылықтар туралы хабарлау процесі Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты аясында көтерілген барлық мәселелердің уақтылы, әділ және қолданылатын заңнама мен Компания стандарттарына сәйкес қаралуын қамтамасыз етеді. Процесс мынадай кезеңдерді қамтиды:



1

Қабылдауды растау

Мәлімдеуші өзінің жеке басы туралы мәліметтерді ұсынады, хабарламаның алынғаны расталады және хабарлама жіберген тұлғаға бастапқы жауап беріледі.

2

Бұдан арғы іс-қимылды айқындау үшін хабарламаның негізділігі мен маңыздылығын алдын ала бағалау

Алдын ала бағалау барысында комплаенс-офицер алдымен хабарланған мәселенің Бұзушылықтар туралы хабарлау саясатының қолданылу аясына жататынын тексереді. Егер мәселе тиісті деп танылса, оны қарау үшін жауапты тергеуші немесе тергеп-тексеру тобы тағайындалады. Егер мәселе тиісті емес деп танылса, хабарлама жіберген тұлғаға мүмкіндігінше бұл туралы хабарланады және қолданылатын жағдайда тиісті балама арнаға немесе саясатқа бағытталады. Комплаенс-офицер ықтимал құқықтық міндеттемелерді орындау немесе тәуекелдерді төмендету үшін дереу шаралар қабылдау қажеттілігін бағалайды. Егер хабарлама маңызды тәуекелге, жоғары лауазымды қызметкерлерге немесе сезімтал мәселелерге қатысты болса, тиісті қадағалау мен эскалацияны қамтамасыз ету үшін Аудит жөніндегі комитет немесе жоғары басшылық жедел түрде хабардар етіледі.

3

Тергеп-тексеру

Тергеп-тексеру процесі істің күрделілігі мен дәлелдемелердің қолжетімділігіне қарай, әдетте, 60 жұмыс күні шегінде жүргізіледі. Тергеп-тексеру мән-жайлары қосымша уақытты талап ететін жағдайларда Комплаенс жөніндегі бас директор, Аудит жөніндегі комитет немесе Бас атқарушы директор не олар тағайындаған тұлға мәселені мұқият әрі тиісінше қарауды қамтамасыз ету үшін мерзімді ұзартуға рұқсат бере алады. Тергеп-тексеру процесі мынадай кезеңдерді қамтуы мүмкін:

- Мәлімделген мәселені мұқият зерттеу үшін қажетті барлық тиісті құжаттарды, хабарламаларды және өзге де дәлелдемелерді жинау;
- Қатысы бар тараптармен және куәлармен олардың құпиялылығын және жеке басының тиісінше қорғалуын қамтамасыз ете отырып сұхбат жүргізу;
- Мәлімделген мәселені растау немесе жоққа шығару үшін жиналған дәлелдемелерді талдау;
- Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету үшін тергеп-тексеру барысында жасалған барлық әрекеттер мен қабылданған шешімдер туралы егжей-тегжейлі және нақты жазбалар жүргізу.

Тергеп-тексеру процесі көрсетілген кезеңдермен шектелмеуі мүмкін. Мәлімделген мәселенің сипаты мен күрделілігіне қарай толық тергеп-тексеруді және мәселенің әділ әрі жан-жақты реттелуін қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар немесе рәсімдер қолданылуы мүмкін.

4

Қорытындылар және реттеу

Freedom Holding Corp. тиісті түзету шараларының қабылдануын және мүмкіндігінше хабарлама жіберген тұлғаға кері байланыс берілуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

5

Эскалация

Егер мәлімдеуші мәлімделген мәселе тиісінше қаралмады деп есептесе, мәселе одан әрі қаралуы үшін Аудит жөніндегі комитетке немесе тиісті атқарушы органға эскалациялануы мүмкін. Бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесі қолданылатын заңнамада рұқсат етілген жағдайда тұлғалардың проблемалар туралы тікелей құзыретті реттеуші немесе құқық қорғау органдарына хабарлау құқығын шектемейді.

Компания бұзушылықтар туралы хабарлау тетігі арқылы хабарлама жіберетін тұлғалардың құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз етеді; уақтылы және бейтарап тергеп-тексеру жүргізеді, сондай-ақ бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларға қатысты кемсітушілік пен құдалауға жол бермейді. Хабарлама жіберетін тұлғалар комплаенс жедел желісі немесе бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған онлайн-платформа арқылы мәлімдеген кезде анонимділігін сақтай алады. Барлық арналар тәулік бойы және демалыссыз қолжетімді, бұл ретте онлайн-платформа мен комплаенс жедел желісі қызмет ететін өңірлердің негізгі тілдерінде қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұзушылықтар туралы хабарлау арналары барлық пайдаланушылар үшін тегін.

Freedom Holding Corp. ықтимал мәлімдеушілерді ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына негізді сенімге сүйене отырып, тіпті кейіннен хабарланған мәселе расталмаса да, проблемалар туралы адал ниетпен хабарлауға шақырады. Зиянды ниетпен немесе қасақана жаңылыстыру мақсатында берілген хабарламалар тиісті тәртіптік шараларға әкеп соғуы мүмкін.

2026 қаржы жылында Есептік топ бұзушылықтар туралы хабарлау тетігі арқылы 59 хабарлама алды. Олардың тек 23-і қарау және тергеп-тексеру рәсімдері аяқталғаннан кейін расталған деп танылды. Анықталған инциденттер іскерлік этика мен мінез-құлық нормаларын бұзуға, өкілеттіктерді теріс пайдалануға және алаяқтық мінез-құлыққа байланысты болды. Есепті кезең ішінде құдалау немесе кемсітушілік жағдайлары анықталған жоқ. Барлық жағдайлар бұзушылықтар туралы хабарлаудың белгіленген рәсімдеріне сәйкес ішкі тергеп-тексеру командаларымен мұқият қаралды, соның нәтижесінде қажет болған жағдайларда тиісті түзету шаралары қабылданды.

Жоғарыда сипатталған бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесі, оның ішінде Аудит жөніндегі комитет бекіткен Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты, сондай-ақ хабарламаларды қабылдау, тергеп-тексеру жүргізу, эскалациялау және құжаттаманы сақтау жөніндегі байланысты рәсімдер Аудит жөніндегі комитетке АҚШ-тың 1934 жылғы Қор биржалары туралы заңының 10А-3 қағидасына сәйкес өз міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін тетіктерді қамтамасыз етеді. Бұл тетіктер бухгалтерлік есепке, ішкі бухгалтерлік бақылауға және аудит мәселелеріне қатысты шағымдарды қабылдауды, сақтауды және қарауды, сондай-ақ қызметкерлердің күмәнді бухгалтерлік есеп немесе аудит мәселелері туралы құпия және анонимді хабарламалар жіберуін қамтиды.

Есепті кезең аяқталғаннан кейін, 2026 жылғы 28 мамырда Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі жаңартылған Топтық бұзушылықтар туралы хабарлау саясатын бекітті, бұл Топтың бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесі мен корпоративтік басқару тетіктерін одан әрі нығайтуға мүмкіндік берді.

Жаңартылған Саясатта көзделген негізгі жетілдірулер мыналарды қамтиды:

1. Хабарлауға жататын мәселелер тізбесін тек бұзушылықтар туралы ресми хабарламалармен ғана шектемей, ішкі бақылау, мониторинг іс-шаралары, аудиттер, реттеушілік сұраулар және өзге де ішкі немесе сыртқы дереккөздер аясында анықталған проблемаларды да қамтитындай кеңейту;
2. Кейстерді басқаруға орталықтандырылған тәсілді енгізу және эскалациялау рәсімдерін күшейту, оның ішінде тәуекел деңгейі жоғары мәселелерге, жоғары басшылық қатысқан жағдайларға, маңызды қаржылық немесе беделдік тәуекелдерге не заңнаманың ықтимал бұзылуына қатысты Аудит жөніндегі комитеттің тәуелсіз қадағалауын қамтамасыз ету;
3. Бұзушылықтарды жою шараларына, түзету іс-қимылдарына және тергеп-тексеру аяқталғаннан кейінгі кейінгі мониторингке қатысты талаптарды күшейту;
4. Топ аясындағы корпоративтік басқару талаптарын күшейту, оның ішінде бұзушылықтар туралы хабарлау жөніндегі жергілікті саясаттарды Топтың рамалық тәсіліне міндетті түрде сәйкестендіру, сондай-ақ жергілікті саясаттарды немесе олармен байланысты рәсімдерді қабылдағанға немесе өзгерткенге дейін Топтың комплаенс-функциясының алдын ала қарауы мен мақұлдауын енгізу;
5. Топ деңгейінде проблемалар туралы ашық хабарлау мәдениетін дамытуға және қолжетімді бұзушылықтар туралы хабарлау арналары жөніндегі хабардарлықты арттыруға бағытталған қосымша талаптарды енгізу. Жаңартылған Саясат сондай-ақ құпиялылыққа, деректерді қорғауға, оқытуға, мониторингке және есептілікке қатысты күшейтілген талаптарды қамтиды және Топтың бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесін ISO 37002 қоса алғанда, халықаралық стандарттарға одан әрі сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

Салықтық ашықтық


Салық салуға жауапты көзқарас Freedom Holding Corp.-тың корпоративтік басқару және мұдделі тараптардың сенімін қолдау тәсілінің ажырамас бөлігі болып табылады. Есептік топтың құрамындағы әрбір компания салық салудың тиісінше тәртібін қамтамасыз етуге, қолданылатын заңнаманы сақтауға және салықтық ашықтыққа бейілділікке бағытталған салықтық есеп саясатын қолдайды. Қаржылық есептілік пен салық декларацияларын дайындау мақсатында Freedom Holding Corp. сондай-ақ Сарбейнс — Оксли заңының (SOX) талаптарына сәйкес келетін ішкі бақылау жүйесі шеңберінде әрекет етеді, бұл барлық ұйымдар бойынша салық міндеттемелерінің дәл әрі тиісінше есептелуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Есептік топтың құрамындағы барлық компаниялар өздері қызмет ететін юрисдикцияларда алынған салық салынатын кірістер бойынша салықтарды есептейді және төлейді, қолданылатын жергілікті заңнамаға сәйкес салық салудан босатылған кірістерді қоспағанда.

Сонымен қатар Freedom Holding Corp. АҚШ салық заңнамасына сәйкес бүкіл әлем бойынша түсім әкелетін өзінің еншілес ұйымдарының қызметін ескереді. Есептік топ салық салуға әділ көзқарасты және өзі қызмет ететін әрбір юрисдикциядағы салық заңдары мен нормативтік талаптарды сақтауды ұстанады.

Freedom Holding Corp. салықтық талаптарды сақтау және салық мәселелерін тексеру процестерін енгізді, оларды SOX-бақылаулар командасы бағалайды және Комитет туралы ережеде айқындалған Аудит жөніндегі комитет міндеттерінің көлеміне сәйкес оның назарына жеткізеді. Компанияның салықтық талаптарды сақтауы және маңызды салықтық тәуекелдері Бас қаржы директорының қадағалауында болады, ол қажет болған жағдайда Директорлар кеңесіне есеп береді. 2026 жылғы 31 наурызда аяқталған жыл ішінде Есептік топ төмендегі кестеде[17] келтірілген географиялық бөлініске сәйкес жалпы сомасы 81 300 мың АҚШ доллары болатын салықтарды төледі.

6-СУРЕТ. ЕСЕПТІК ТОП ТӨЛЕГЕН САЛЫҚТАР, ЮРИСДИКЦИЯЛАР БОЙЫНША, МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫ АҚШ ДОЛЛАРЫ



[17] Ашылған ақпарат есепті кезең ішінде Есептік топ нақты төлеген корпоративтік салықты көрсетеді және есептелген салық міндеттемелерін қамтымайды. Шоғырландырылған Топтың салық төлемдері туралы толығырақ ақпарат SEC-ке ұсынылатын 10-K нысаны бойынша жылдық есепте берілген.

Қызметкерлерге қамқорлық



Қызметкерлерді басқару жүйесі 67
Адам құқықтары 75
Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау 78

5-тарау

Қызметкерлерге қамқорлық

Қызметкерлерді басқару жүйесі

GRI 3-3

Freedom Holding Corp. бизнестің табысы тиімді команда құруға және адами капиталды дамытуға байланысты екенін мойындайды. Компания үздік мамандарды тартуға және кадрларды дамытуға ерекше көңіл бөліп, қызметкерлердің мансаптық жолының барлық кезеңдерінде олардың кәсіби білімін, дағдылары мен қабілеттерін арттыруға ресурстар салады.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының халықаралық қызметі, әсіресе көпұлтты мәдениеті бар елдерде, этникалық тұрғыдан әртүрлі жұмыс ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Есептік топ компанияларындағы еңбек қатынастары заңдылық қағидатына және қызмет ететін өңірлерде жалпыға танылған еңбек құқықтары мен заңнаманы сақтауға негізделеді.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдары қызметкерлер ұйымның негізгі активі екенін түсінеді және оларды:

- Қауіпсіз және қолайлы жұмыс ортасымен;
- Инклюзивті мәдениет және тең мүмкіндіктермен;
- Әділ сыйақы мен жеңілдіктермен қамтамасыз етуге тырысады.




Freedom Holding Corp.-тың жеке операциялық қызметі болмағандықтан, Компания штаты тек Директорлар кеңесінің атқарушы мүшелері мен топ-менеджерлермен шектеледі.

Есепті кезеңде персоналды басқаруға Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарының мамандандырылған департаменттері жауап берді. Топ компанияларының персоналды басқару саласындағы қызметін сипаттайтын және реттейтін негізгі құжаттар мен саясаттар:

- Персоналды басқару саясаты (Кадрлық саясат)[18];
- Еңбекақы төлеу, сыйақы беру, қызметкерлерді ынталандыру, демалыс және қызметкерлерге жеңілдіктер беру тәртібі мен шарттары туралы ереже[19];
- Ішкі еңбек тәртібі ережелері[20];
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы ереже[21].

Аталған құжаттар мен саясаттарда үздік мамандарды тарту, дамыту және ұстап қалудың құндылықтары мен негізгі қағидаттары көрсетілген[22].

7-сурет. Үздік мамандарды тарту, дамыту және ұстап қалудың құндылықтары мен негізгі қағидаттары



[18] «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Freedom Life» ӘСК» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd. және «Freedom Technologies» ЖШС-де бар.

[19] «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӘСК» АҚ және Freedom Telecom Holding Ltd.-де бар.

[20] «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Arbuz Group» ЖШС, Freedom Finance Europe Ltd., «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӘСК» АҚ, Freedom Finance Armenia LLC және «Freedom Technologies» ЖШС-де бар.

[21] «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-да бар.

[22] Freedom Finance Europe Ltd. Персоналды басқару саясатында қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалуға қатысты өзге қағидаттар көрсетілген.

Сонымен қатар, Есептік топтың еншілес ұйымдарында осы ұйымдардың салалық ерекшеліктеріне тән іскерлік және кадрлық әкімшілендіру саласындағы жеке ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілген. Бұл ұйымдардағы еңбек қатынастарын басқару олардың қызмет ететін өңірлерінде қолданылатын еңбек заңнамасы мен нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Есептік топтың құрамындағы ұйымдар Қазақстан Республикасында, Кипр Республикасында, Қырғыз Республикасында, Өзбекстан Республикасында, Тәжікстан Республикасында және Армения Республикасында операциялық қызметті жүзеге асырды. Бұдан бөлек, Топ байланысты агенттер (tied agents) желісі арқылы Еуропалық одаққа мүше бірқатар мемлекеттердің нарықтарында қатысуын қамтамасыз етті.

Реттеушілердің талаптарына сәйкес бұл компаниялар еңбек құқықтарының сақталуына, қызметкерлерге жеңілдіктер мен кепілдіктер берілуіне жауап береді.



Бизнестің қарқынды өсуін ескере отырып, Есептік топтың компаниялары персоналды басқару тәсілін жетілдіру тұрақты даму қағидаттарын интеграциялаудың маңызды аспектісі екенін түсінеді. Бұл компаниялар адами капитал негізгі құндылық болып табылатын жұмыс ортасын қалыптастыруға күш салады.

Есепті кезеңде Компанияда Персоналды басқару жөніндегі бас директор (CHRO) лауазымы енгізілді, бұл бүкіл ұйым ауқымында адами капиталды басқарудың стратегиялық маңызының артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл лауазымды құру Топтың ұзақ мерзімді бизнес-стратегиясына персоналмен байланысты басымдықтарды тереңірек интеграциялауға бағытталған, оның ішінде таланттарды дамыту, қызметкерлердің тартылуын арттыру, ұйымдық мәдениетті қалыптастыру, алуантүрлілік пен инклюзивтілік қағидаттарын ілгерілету, сондай-ақ қызметкерлердің әл-ауқатын қамтамасыз ету. Персоналды басқару жөніндегі бас директор Топ компанияларындағы персоналды басқару тәжірибелерін үйлестіруге және біріздендіруге жауап береді, персоналды басқарудың бірыңғай әрі тұрақты тәсілін дамытуға, сондай-ақ инновацияларға, ынтымақтастыққа және қызметкерлердің кәсіби дамуына ықпал ететін корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бұл лауазымның енгізілуі ұйымның адами капиталды басқару жүйесін нығайтуға және қызметкерлерге қатысты мәселелердің бизнестің тұрақты дамуының маңызды элементі болып қалуын қамтамасыз етуге бейілділігін растайды.

Персоналды басқару жөніндегі бас директор жүзеге асыратын стратегиялық үйлестірумен қатар, бұл мәселелер Топта қызметкерлермен жұмыс жөніндегі мамандандырылған департаменттердің құзыретінде болады. Олар қызметкерлерді іріктеуге, бейімдеуге және дамытуға, оның ішінде оқытуға, тиімділікті басқаруға, корпоративтік мәдениетті дамытуға және сыйақыларды басқаруға жауап береді. Бұл департаменттердің негізгі міндеттері мен функцияларына компанияларды білікті персоналмен қамтамасыз ету, кадрлық саясаттарды, ұйымдық құрылымдар мен штат кестесін қалыптастыру, персоналды бейімдеу және дамыту жүйесін енгізу, сондай-ақ персоналды ынталандыру жүйесін ұйымдастыру кіреді.


Freedom Holding Corp. командасы сандармен

GRI 2-7, 2-8, 401-1, 405-1

Есепті кезеңнің соңындағы Есептік топ персоналының штаттық саны 9 567 адамды құрады[23]. Есептік топ қызметкерлерінің басым бөлігі Орталық Азияда, негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан, Еуропада Есептік топ қызметкерлерінің жалпы санының небәрі 2,72%-ы, ал Армения Республикасында 4,52%-ы жұмыс істеді. Есептік топ құрамындағы әйелдердің үлесі 47,87%, ерлердің үлесі 52,13% құрады.


Қызметкерлердің басым бөлігі (56,98%) 30 бен 50 жас аралығында, ал 30 жасқа дейінгі және 50 жастан асқан қызметкерлердің үлесі тиісінше 36,86% және 6,17% құрайды.

8-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ӨҢІРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНІСІ, %



[23] Бұл көрсеткіш Есептік топқа кіретін компаниялармен жасалған еңбек шарттары негізінде есептеледі. Кейбір қызметкерлер Есеп шекарасына кіретін Топтың бірнеше компаниясымен еңбек шарттарын жасасқандықтан, осы бөлімде көрсетілген персонал санына тиісті шарт негізгі жұмыс орны бойынша еңбек шарты болып табылатын қызметкерлер ғана енгізілген.

9-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, %



8-КЕСТЕ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША САНЫ

Еңбек шартының түрі бойынша	Ерлер	Әйелдер
Мерзімсіз еңбек шарты бар қызметкерлер	2 732	2 992
Мерзімді еңбек шарты бар қызметкерлер	2 254	1 589
БАРЛЫҒЫ	4 986	4 581

Жұмыспен қамту түрі бойынша	Ерлер	Әйелдер
Толық жұмыс күнімен жұмыс істейтін қызметкерлер	4 959	4 568
Толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтін қызметкерлер	24	11
Кепілдендірілмеген жұмыс сағаттары бар қызметкерлер	3	2
БАРЛЫҒЫ	4 986	4 581

10-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, %



9-КЕСТЕ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША САНЫ

Еңбек шартының түрі бойынша	Орталық Азия және Армения	Еуропа
Мерзімсіз еңбек шарты бар қызметкерлер	5 611	113
Мерзімді еңбек шарты бар қызметкерлер	3 695	148
БАРЛЫҒЫ	9 306	261

Жұмыспен қамту түрі бойынша		
Толық жұмыс күнімен жұмыс істейтін қызметкерлер	9 266	261
Толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейтін қызметкерлер	35	0
Кепілдендірілмеген жұмыс сағаттары бар қызметкерлер	5	0
БАРЛЫҒЫ	9 306	261

9 567

Есептік топ персоналының жалпы саны

Есептік топтағы уақытша қызметкерлер уақытша болмаған қызметкерлерді алмастыру үшін немесе аяқталу күні белгіленген жобаларда жұмыс істеу үшін мерзімді шарттар бойынша жұмысқа қабылданады[24]. Кейбір еншілес компаниялар қызметкердің кәсіби қасиеттерін бағалау үшін бір жылдық мерзімді еңбек шарттарын пайдаланады, ал жыл соңында жұмыс нәтижелері оң болған жағдайда шарт ұзартылады[25]. Кипр Республикасының аумағында орналасқан компанияларда Еуропалық одақ азаматы болып табылмайтын барлық қызметкерлер көші-қон рәсімінен өтіп, Кипрде тұруға ықтиярхат алады, сондықтан көші-қон талаптарына сәйкес мерзімді еңбек шарттарын пайдалануға тиіс[26]. Еуропалық одақтың басқа елдерінде байланысты агенттердің (Tied Agents) мерзімді еңбек шарттары бойынша жұмысқа орналасуы операциялық икемділікті қамтамасыз ету қажеттілігін, жобалық немесе нарыққа тән қызметке сәйкестікті, сондай-ақ өзгеріп отыратын реттеушілік және коммерциялық жағдайларға бейімделуді қоса алғанда, бизнес қажеттіліктеріне байланысты[27]. Жұмыс уақытының қысқартылуы уақытша жобалық жұмысқа[28], I және II топтағы мүгедектіктің болуына[29], [30], жұмысты оқумен қатар алып жүруге, сондай-ақ бірегей білімі мен дағдылары бар, толық жұмыспен қамтуға ауысуға дайын емес, бірақ сараптамасы Топ үшін маңызды қызметкерлердің тәжірибесін сақтап қалу қажеттілігіне байланысты[31].

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша еңбек қызметін шарттардың өзге нысандары негізінде жүзеге асыратын қызметкерлердің жалпы саны 1 308 адамды құрады, бұл Есептік топ компаниялары персоналының жалпы санының 12%-ына сәйкес келеді. Қызметкерлер арасында ең кең таралған мамандықтар: аудармашылар, клининг қызметтерінің қызметкерлері, техникалық персонал, колл-орталық операторлары, сату жөніндегі менеджерлер, персоналды іріктеу және бейімдеу жөніндегі мамандар, жүргізушілер, сақтандыру агенттері, маркетологтар, деректер талдаушылары, дизайнерлер және контент-серіктестер. Жасалған шарттардың ең кең таралған түрлері азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт[32] және сервистік шарт болды[33].

Есептік топ аясында Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарына жаңадан қабылданған қызметкерлер саны 5 545 адамды құрады. Жаңа қызметкерлер есебінен персонал санының пайыздық өсімін көрсететін кадрлар өсімінің коэффициенті әйелдер арасында 64%, ал ерлер арасында 52% құрады. Жұмыстан шыққан қызметкерлердің жалпы саны 3 467 адамды құрады, бұл кадрлар тұрақсыздығының 36,2%-ына сәйкес келеді. «2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша жаңа қызметкерлердің жалпы саны және кадрлар тұрақсыздығы» кестесінде есепті кезең ішінде жұмысқа қабылданған және жұмыстан шыққан қызметкерлер саны, сондай-ақ жыныс, жас және қызмет ету өңірлері бойынша кадрлар өсімі мен тұрақсыздығы коэффициенттері көрсетілген. Есепті кезеңнің соңындағы еріксіз кадрлар тұрақсыздығы коэффициенті ерлер арасында 3,21%, әйелдер арасында 2,26% құрады, ал барлық қызметкерлер арасындағы жалпы еріксіз кадрлар тұрақсыздығы коэффициенті 2,75%-ға тең болды.

[24] «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Life» ӘСК» АҚ үшін қолданылады.
[25] Freedom Telecom Holding Ltd. үшін қолданылады.
[26] Freedom Finance Europe Ltd. үшін қолданылады.
[27] Freedom Finance Europe Ltd.-тің байланысты агенттері (Tied Agents) үшін қолданылады.
[28] «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Technologies» ЖШС үшін қолданылады.
[29] Freedom Telecom Holding Ltd., «Arbuz Group» ЖШС және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ үшін қолданылады.
[30] Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес I және II топтағы мүгедектігі бар қызметкерлер үшін қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді.
[31] «Arbuz Group» ЖШС және «Freedom Technologies» ЖШС үшін қолданылады.
[32] Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін қызметкерлерге қолданылады.
[33] Сервистік шарт Еуропалық одақта жұмыс істейтін қызметкерлерге қолданылады (Service Agreement).

10-КЕСТЕ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ ЖӘНЕ КАДРЛАР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

	Жаңа қызметкерлер саны	Кадрлар өсімінің коэффициенті	Жұмыстан шыққан қызметкерлер саны	Кадрлар тұрақсыздығы коэффициенті
Жынысы бойынша				
Ерлер	3 172	64%	1 936	39%
Әйелдер	2 373	52%	1 531	33%
Жасы бойынша				
30 жасқа дейін	2 750	78%	1 698	48%
30 бен 50 жас аралығында	2 533	46%	1 630	30%
50 жастан асқан	262	44%	139	24%
Өңірлер бойынша				
Орталық Азия және Армения	5 438	48%	3 425	37%
Еуропа	107	41%	42	16%
БАРЛЫҒЫ	5 545	58%	3 467	36%

5 545

Есептік топ компанияларына жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлердің жалпы саны

Лайықты еңбек жағдайлары

GRI 401-2,[34] 401-3

Есептік топ Топ қызметкерлеріне олардың кәсіби дамуы мен әл-ауқатына ықпал ететін лайықты еңбек жағдайларын тұрақты түрде қамтамасыз етуге ұмтылады. Әлеуметтік қолдаудың негізгі тетіктері — жеңілдіктер беру, жаңа қызметкерлердің бейімделуіне көмектесу, ынталандыру бағдарламалары және лайықты еңбекақы төлеу. Әлеуметтік көмек қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау, жоғары білікті кадрларды ұстап қалу және тарту мақсатында көрсетіледі. Іске асырылатын қолдау тетіктері жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді және персоналды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Есептік топ аясында Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне негізгі қызмет ету өңірлерінде мынадай әлеуметтік жеңілдіктер беріледі:

- Компания алдындағы ерекше еңбегі үшін арнайы сыйлықақылар немесе сыйақылар[35];
- Өмірді сақтандыру[36];
- Медициналық сақтандыру[37];
- Мемлекеттік мерекелерге арналған мерекелік іс-шараларды өткізу, корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру[38];
- Қызметкерлерге арналған тренингтер[39];
- Мемлекеттік тіл курстары[40];
- Клиенттермен тікелей жұмыс істейтін функционалдық бөлімшелер қызметкерлеріне ұялы байланыс қызметтерін төлеу[41];
- Компанияның «Цифрлық ипотека» және «Цифрлық автокредиттеу» өнімдеріне жеңілдікті шарттар[42];
- Компанияның «Жеңілдікті сақтандыру» өнімдеріне жеңілдікті шарттар[43];
- Қызметкерлерді Компания акциялары түрінде сыйақымен ынталандыру[44];
- Еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі қызметкерлерге көмек[45];
- Бала күтімі бойынша демалысқа шыққан кезде біржолғы төлем және 18 жасқа дейінгі әрбір балаға ай сайынғы төлем[46];
- Фитнес бағдарламаларын ішінара төлеу[47];
- Қызметкерлердің балаларына арналған дамыту бағдарламалары[48];
- Қызметкердің қажеттіліктеріне қарай икемді жұмыс кестесі[49];
- Туристік жолдамаларды төлеу[50].

[34] GRI 401-2 (b) «Толық жұмыспен қамтылған қызметкерлерге арналған жеңілдіктер» көрсеткіші бойынша деректер негізгі қызмет ету өңірлері бойынша ашылады. Негізгі қызмет ету өңірлері — Есептік топтың қызметкерлер саны 100 адамнан асатын қызмет ету өңірлері.

[35] Арнайы төлемдер «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да беріледі.

[36] Freedom Telecom Holding Ltd. еншілес ұйымы — «Freedom Media» ЖШС қызметкерлеріне беріледі.

[37] Ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС) «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Life» ӘСК» АҚ қызметкерлеріне беріледі. Freedom Finance Europe Ltd.-те жұмыс визасы үшін медициналық сақтандыру және жұмыс берушінің есебінен отбасының визалық қолдауы ұсынылады. Компаниялардың корпоративтік саясаттарына сәйкес «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК және Freedom Finance Armenia LLC қызметкерлеріне ЕМС шығындарының бір бөлігі және ауыр сырқаттарға байланысты медициналық шығыстар толық көлемде өтеледі.

[38] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ корпоративтік саясаттарына сәйкес.

[39] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӘСК» АҚ және «Arbuz Group» ЖШС-де ұсынылады.

[40] Freedom Finance Armenia LLC қызметкерлеріне ұсынылады.

[41] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да ұсынылады.

[42] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӘСК» АҚ, «Arbuz Group» ЖШС, Freedom Telecom Holding Ltd., Freedom Finance Europe Ltd., «Freedom Shapagat» корпоративтік қоры және «Freedom Technologies» ЖШС-де ұсынылады.

[43] Есептік топтың барлық қызметкерлеріне ұсынылады.

[44] «Freedom Life» ӘСК» АҚ және Freedom Finance Europe Ltd. қызметкерлеріне ұсынылады.

[45] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ барлық қызметкерлеріне ұсынылады.

[46] Freedom Finance Europe Ltd. және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ барлық қызметкерлеріне ұсынылады.

[47] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ барлық қызметкерлеріне ұсынылады.

[48] «Freedom Technologies» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік пакет шеңберінде басқа жеңілдіктер арасынан таңдау бойынша біржолғы төлем түрінде ұсынылады.

[49] Freedom Finance Armenia LLC, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Technologies» ЖШС қызметкерлеріне ұсынылады.

[50] «Freedom Technologies» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік пакет шеңберінде басқа жеңілдіктер арасынан таңдау бойынша біржолғы төлем түрінде ұсынылады.

Топтың еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне материалдық көмек қызметкердің өтініші негізінде беріледі және мынадай жағдайларда көрсетілуі мүмкін:

- Баланың дүниеге келуі, жаңа туған баланы асырап алу [51];
- Қызметкердің немесе оның жақын туыстарының қайтыс болуы[52];
- Неке қию[53];
- Қызметкерге қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің (қарақшылық, ұрлық және т.б.) салдарынан мүліктік зиян келтірілуі, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар (тұрғын үй апаттары, өрттер, жер сілкіністері, су тасқындары және т.б.)[54];
- Қызметкерге медициналық ем қажет болған жағдайда (Топ ұйымдары басқармасының шешімі бойынша)[55];
- Зейнетке шығу[56].

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Армения Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес 3 жасқа дейінгі балалары бар әрбір қызметкерге бала күтімі бойынша демалыс алу құқығы беріледі. Кипр Республикасында бала күтімі бойынша демалыс алу құқығы 8 жасқа дейінгі балалары бар қызметкерлерге қолданылады, ал Еуропалық одақтың жекелеген юрисдикцияларында бұл құқық 15 жасқа дейінгі балалары бар қызметкерлерге беріледі.

«Бала күтімі бойынша демалыс» кестесінде Есептік топ қызметкерлерінің жынысы бойынша бала күтімі жөніндегі демалысты пайдалану және жұмысқа қайта оралу коэффициенті туралы ақпарат берілген. GRI талаптарына сәйкес ашылатын көрсеткіштер жөніндегі қосымша ақпарат осы Есептің «Қосымша» бөлімінде берілген.

Қызметкерлердің әл-ауқаты мен дамуына тұрақты ұмтылысы үшін Freedom Holding Corp. ProHunters HR зерттеу агенттігі жүргізген «Қазақстанның 2025 жылғы таңдаулы жұмыс беруші компаниялары рейтингі» аясында Қазақстан Республикасындағы үздік жұмыс берушілердің бірі ретінде танылып, Топ 5-орын иеленді. Рейтинг жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерім, мансаптық өсу мүмкіндіктері, оқыту мен дамытуға қолжетімділік, жұмыспен қамтудың ұзақ мерзімді кепілдіктері, икемді жұмыс кестесі, мағыналы әрі инновациялық жұмыс және заманауи технологияларды пайдалану сияқты кешенді критерийлер негізінде жасалды. Алынған мойындау Компанияның оң әрі қолдаушы жұмыс ортасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін стандарттарды жүйелі түрде қолдау және жетілдіру жөніндегі табысты жұмысын көрсетеді.

Есепті кезеңде Есептік топтың компаниялары персоналды басқару саласындағы жетістіктері үшін бірнеше марапатқа ие болды. «Freedom Technologies» ЖШС 2025 жылғы қыркүйекте өткен HR4People AWARD 2025 форумында «HR саласындағы жыл инновациясы» және «Үздік HR командасы» марапаттарын алды. Бұл марапаттар Топ компаниялары қызметкерлердің әл-ауқатына, оқытудағы инновацияларға және жұмыс орнында оң әрі болашағы бар мәдениет қалыптастыруға үлкен көңіл бөлетінін көрсетеді.





11-КЕСТЕ. БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС

Көрсеткіш	Ерлер	Әйелдер
Бала күтімі бойынша демалыс алуға құқығы болған қызметкерлер саны	613	388
Бала күтімі бойынша демалыс алған қызметкерлер саны	0	161
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер саны	0	38

[51] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., Freedom Telecom Holding Ltd. және «Freedom Technologies» ЖШС-де ұсынылады.

[52] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., Freedom Telecom Holding Ltd. және «Freedom Technologies» ЖШС-де ұсынылады.

[53] «Фридом Финанс» АҚ, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., Freedom Telecom Holding Ltd. және «Freedom Technologies» ЖШС-де ұсынылады.

[54] «Фридом Финанс» АҚ және «Freedom Life» ӨСК» АҚ-да ұсынылады.

[55] «Фридом Финанс» АҚ, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да ұсынылады.

[56] «Фридом Финанс» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ корпоративтік саясаттарына сәйкес қызметкерлерге зейнетке шығар алдында төлемдер жүзеге асырылады.

Еңбек қатынастары

GRI 402-1

Есептік топтың шекарасы шегіндегі еңбек қатынастарын басқару осы компаниялар қызмет ететін өңірлерде қолданылатын еңбек заңнамасы мен жергілікті нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастыруға немесе экономикалық жағдайлардың өзгеруіне, жұмыс берушідегі жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты еңбек жағдайлары өзгерген кезде қызметкерлерді хабардар ету мерзімдері географиялық орналасуына қарай ерекшеленеді.

12-КЕСТЕ. ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ӨЗГЕРГЕН КЕЗДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМДЕРІ

Орталық Азия	Кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын
Еуропалық одақ	Кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын
Армения	Кемінде 60 күнтізбелік күн бұрын

Қызметкерлерді іріктеу

Топтың қарқынды өсуі мен кеңеюін ескере отырып, персоналды іріктеу және жұмысқа қабылдау тұрақты дамуды қамтамасыз етудің және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің негізгі элементі болып табылады. Талантты мамандарды тарту тез өзгеретін нарық жағдайында икемділік пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде экономикалық нәтижеліліктің жоғары деңгейін сақтауға ықпал етеді.

Топтағы персоналды жұмысқа қабылдау рәсімдері ашықтық, адалдық және бәсекелестік қағидаттарына негізделген. Әрбір кандидатқа өзінің мықты қырлары мен құзыреттерін көрсетуге мүмкіндік беретін ашық әрі әділ іріктеу процесіне ерекше көңіл бөлінеді. Жоғарыда сипатталған тәсіл әртүрлі және инклюзивті жұмыс ортасын қалыптастыруды ынталандырады. Жаңа жұмыс орындарын құра отырып, Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдары адамдарға жеке және кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсыну арқылы өңірлердің экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Жаңа қызметкерлерді бейімдеу

Бейімдеу жүйесінің жұмыс істеуі жаңа қызметкерлерге жұмыс жағдайларына тезірек үйренуге көмектеседі және олардың тікелей лауазымдық міндеттерін тиімді орындауға көшуін қамтамасыз етеді. Басшы тағайындайтын тәлімгер[57] жаңадан қабылданған қызметкерге қолдау көрсетеді, ұжымға бейімделуіне ықпал етеді және кәсіби көмек көрсетеді. Есептік топтың ұйымдары персоналдың үздік тәжірибесі мен кәсіби білімінің командаңың жаңа мүшелеріне берілуіне ұмтылады. Жаңа қызметкерлерді бейімдеу рәсімі жергілікті ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.



Ынталандыру және еңбекақы төлеу

GRI 202-1

Жоғары тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізетін қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы беру олардың уәждемесін сақтау үшін аса маңызды. Есептік топқа кіретін ұйымдар қызметкерлердің ұйым табысына қосқан үлесіне сәйкес әділ сыйақы ұсынуға ұмтылады. Бұл ретте аталған компаниялар еңбек нарықтарындағы біліктілік деңгейі мен жауапкершілік көлемі салыстырмалы қызметкерлердің сыйақы мөлшері туралы деректерді басшылыққа алады. Еңбекақы төлеу шарттары мен тәртібі штат кестесіне, атқаратын лауазымның лауазымдық айлықақы схемасына сәйкес айқындалады және еңбек шарттарында көрсетіледі.

Есептік топтың негізгі қызмет ету өңірлерінде[58] мемлекет жыл сайын ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) белгілейді. Есепті кезеңде Есептік топтың бірде-бір еншілес ұйымы тиісті өңірде белгіленген ЕТЖ-дан төмен жалақы төлемеген. Топтағы бастапқы деңгейдегі қызметкерлердің стандартты жалақысы негізгі қызмет ету өңірлерінде белгіленген ЕТЖ-дан ерлер арасында 206%-ға, ал әйелдер арасында 234%-ға жоғары[59]. Шарттардың өзге нысандары негізінде қызметін жүзеге асыратын Есептік топтың қызметкерлері тиісті өңірдегі ең төменгі жалақы қағидаларына сәйкес еңбекақы алады.

[57] «Фридом Финанс» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ корпоративтік саясаттарына сәйкес қызметкерлерге зейнетке шығар алдында төлемдер жүзеге асырылады.

[58] Негізгі қызмет ету өңірлері — Есептік топтың қызметкерлер саны 100 адамнан асатын қызмет ету өңірлері.

[59] Бастапқы деңгейдегі қызметкердің стандартты жалақысы брутто-жалақы (салықтарды шегергенге дейінгі жалақы) негізінде есептелді.

Даму және оқыту


GRI 404-1, 404-2

Freedom Holding Corp. қызметкерлерді оқыту және дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауға ұмтылады. Топ ішінде білімді сақтау және беру персоналды дамытудың аса маңызды факторы болып табылады. Есептік топта қызметкерлерге кәсіби ғана емес, әлеуметтік дағдыларын да дамыта отырып, біліктілігін арттыруға және еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік беріледі.


Есептік топ қызметкерлерін оқыту және дамыту жүйесі сыртқы және ішкі оқытуды қамтиды. Ішкі оқытуды Есептік топтың ұйымдары өз ресурстарын пайдалана отырып жүргізеді, ал сыртқы оқытуды үшінші тарап ұйымдары өткізеді. Есепті кезеңде Есептік топ компаниялары қызметкерлерді оқыту мен дамытуға 147,395 млн теңгеден астам қаражат бөлді[60]. Қызметкерлерді дамыту бағдарламалары мыналарды қамтиды:

- Компанияның ішкі порталындағы міндетті және міндетті емес корпоративтік тренингтердің кең ауқымы[61];
- Басшыларға арналған командаларды басқару стратегиялары, шешім қабылдау, жоспарлау және стратегиялық ойлау бойынша ішкі және сыртқы курстар[62];
- Тиімді жоспарлау, коммуникация, эмоцияларды басқару, жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімді сақтау, міндеттерді делегирлеу дағдыларын қоса алғанда, тұлғалық дағдыларды дамыту семинарлары[63];
- Сыртқы сертификаттау бағдарламалары[64];
- Кәсіби біліктілік алу емтихандарына дайындалуға арналған сыртқы тренингтер[65];
- Қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған өндірістік тренингтер[66].

11-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БІР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ОРТАША САҒАТ САНЫ, ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША, %



12-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БІР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ОРТАША САҒАТ САНЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНАТТАРЫ БОЙЫНША,[67] %



Негізгі дамыту бағдарламаларына қосымша Компания Есептік топтың қызметкерлері үшін тұрақты дамудың негізгі тақырыптары бойынша, оның ішінде парниктік газдар шығарындыларын есептеу және ESG-есептілігін дайындау бойынша тренингтер өткізді. Бұл бастамалар ESG қағидаттарын Есептік топтың күнделікті жұмыс тәжірибесіне интеграциялауға ықпал етеді. Тақырыптық тренингтер туралы толығырақ ақпарат «Экологиялық әсерді басқару тәсілі» бөлімінде берілген.



[60] Ақпаратты ашуға мыналар енгізілген: «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., Freedom Telecom Holding Ltd. және «Freedom Technologies» ЖШС.

[61] «Freedom Finance Global PLC» ЖК-да ұсынылады.

[62] «Фридом Банк Қазақстан» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да ұсынылады.

[63] «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да ұсынылады.

[64] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-да ұсынылады.

[65] «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ және Freedom Telecom Holding Ltd.-де өткізіледі.

[66] «Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ корпоративтік саясаттарына сәйкес.

[67] Бір қызметкерге шаққандағы оқытудың орташа сағат санын есептеу кезінде консервативті жорамалдар мен деректерді біріктіру тәсілдері қолданылады. Атап айтқанда, деректер толық емес немесе біркелкі болмаған жағдайларда ең төменгі расталған мәндер пайдаланылады, қосарланған есепке алу мүмкіндігі алынып тасталады, сондай-ақ жорамалдарға негізделген бағалар есепке алынбайды. Нәтижесінде ашылатын көрсеткіш нақты мәннен төмен болуы мүмкін және ашылатын ақпараттың сенімділігін, салыстырмалылығын және консервативті түсіндірілуін қамтамасыз етуге арналған.


Қызметкерлердің қызметін бағалау

GRI 404-3


Қызметкерлердің қызметін бағалау персоналды басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және операциялық қызметтің жоғары көрсеткіштерін сақтауды қамтамасыз етеді. Есептік топтың ұйымдары қызметкерлерінің тиімділігін бағалау рәсімдерін кезең-кезеңімен енгізуде. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тиісті құралдар «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd., «Freedom Technologies» ЖШС және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-да енгізілді.



13-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ҮЛЕСІ, %



14-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАР БОЙЫНША ҮЛЕСІ, %





891

Есепті кезеңде лауазымы жоғарылаған қызметкерлер[68] саны

Есептік топтың компаниялары талантты мамандардың ішкі ілгерілеуіне және мансаптық өсуіне ықпал етеді. Еншілес ұйымдар деңгейінде қызметкерлерді ішкі жоғарылату рәсімдері енгізілген, олардың аясында есепті кезеңде 891 қызметкердің[69] лауазымы жоғарылады. «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да тиісті корпоративтік саясаттармен реттелетін кадрлық резерв бар. Кадрлық резервті құрудың мақсаты — бөлімшелерді бос лауазымдарды атқару кезінде басымдыққа ие жоғары білікті және бастамашыл кадрлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ұйымдағы басқару жүйесінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді даярлау.

[68] Ақпаратты ашуға мыналар енгізілген: «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС және Freedom Finance Armenia LLC.

[69] Ақпаратты ашуға мыналар енгізілген: «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС және Freedom Finance Armenia LLC.

Адам құқықтары

GRI 3-3, 407-1, 409-1

Freedom Holding Corp. халықаралық деңгейде танылған стандарттар мен қағидаттарға сәйкес адам құқықтарын сақтауға міндеттенеді. Компания адам құқықтарын қорғауды тұрақты дамудың негізі деп санайды, бұл қызметкерлердің әл-ауқатын арттыруға және Топ қызметін жүзеге асыратын қауымдастықтардағы клиенттердің, серіктестердің және қоғамның сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Компанияның адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету және олармен байланысты әсерлерді басқару тәсілі Адам құқықтары жөніндегі саясатпен айқындалады. Саясат Компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес адам құқықтарын сақтауға бейілділігін растайды. Бұл құжат адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылған. Саясат қызметкерлерге, клиенттерге, іскерлік серіктестерге және жергілікті қауымдастықтарға қатысты адам құқықтары саласындағы міндеттемелерді қамтиды және Компанияның барлық директорлары, қызметкерлері, еншілес ұйымдары мен Компания атынан әрекет ететін тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

Есептік топтың барлық еншілес ұйымдары Freedom Holding Corp. Адам құқықтары жөніндегі саясатын жергілікті деңгейде бекітіп, қызметкерлерді оның ережелері туралы хабардар ету шараларын қабылдады. Алдыңғы есепті кезеңде енгізілген адам құқықтары мәселелері бойынша оқыту қызметкерлердің Саясат және оның күнделікті қызмет үшін маңызы туралы хабардарлығын арттыру жөніндегі тұрақты жұмыстың маңызды элементі болып қала берді.

Адам құқықтары саласындағы міндеттемелерді орындау үшін есепті кезеңде Топ екінші рет адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру рәсімін (HRDD) іске қосты — бұл операциялық қызметпен байланысты адам құқықтарына теріс әсерді анықтауға, алдын алуға, салдарын азайтуға және ол туралы есеп беруге бағытталған құрылымдалған процесс.

Компания өз әдіснамасын әзірлеп, Есептік топ ауқымында келесі компоненттерді қамтитын рәсімді енгізді:

- Қызметкерлерді адам құқықтары мәселелері бойынша оқыту;
- Адам құқықтарына әсерлерді анықтау;
- Адам құқықтарына әсерлерді талдау;
- Адам құқықтарына әсерлерді бағалау.

1 716

қызметкер сауалнамадан өтті

HRDD-нің негізгі құрамдас бөлігі ретінде 2026 жылдың басында Есептік топ ауқымында қызметкерлер арасында адам құқықтары мәселелері бойынша анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты Есептік топтың операциялық қызметіндегі адам құқықтарына ықтимал әсерлерді анықтау болды. Есептік топтың барлық қызметкерлері арасындағы адам құқықтарына әсерді барынша дәл көрсететін деректерді жинау үшін сауалнама жынысы және лауазым санаты бойынша репрезентативті іріктеме негізінде жүргізілді. Іріктеменің ішкі пропорциялары персоналдың жалпы құрылымына сәйкес болуы үшін әрбір ұйым бойынша жауап бергендердің үлесіне қатысты шекті мәндер қызметкерлердің жалпы саны, оның ішінде жынысы мен лауазым санаттары бойынша бөлінісі ескеріле отырып белгіленді.

Қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері Топта адам құқықтары саласында тұрақты әрі қолайлы орта қалыптасқанын көрсетті. Кемсітушілікке, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға, мәжбүрлі еңбекке, құдалауға немесе жұмыс орнындағы зорлық-зомбылыққа қатысты адам құқықтарына елеулі теріс әсерлер анықталған жоқ. HRDD аясындағы сауалнама одан әрі бақылауды талап ететін екі бағытты анықтады.

Біріншіден, сауалнама деректері шағым берудің ресми арналарына жалпы сенім деңгейінің жоғары екенін көрсетеді: қызметкерлердің көпшілігі келіп түсетін өтініштердің байыпты қабылданып, уақтылы қаралатынын атап өтті. Нәтижелер сондай-ақ күнделікті жұмыс жүктемесінің жалпы алғанда орынды және орындалатын деңгейде қабылданатынын көрсетті. Алайда елеулілік шегінен сәл жоғары жауаптар үлесі кейбір қызметкерлердің жеке жұмыс жүктемесі мәселелерін басшылықпен талқылауға азырақ бейім болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл жүйелік проблеманы емес, нақты тапсырмаларды басқаруға байланысты жергілікті коммуникациялық кедергіні көрсетеді.

Екіншіден, сауалнама корпоративтік Адам құқықтары жөніндегі саясат және оның қызметкерлердің күнделікті жұмысы үшін маңызы туралы жалпы хабардарлықтың жоғары деңгейін растады, бұған барлық еншілес ұйымдарда жүргізілген оқыту мен ілеспе ақпарат ықпал етті. Сонымен бірге нәтижелер бірлесу бостандығы құқығы, оның ішінде қызметкерлер ұйымдарына кіру немесе оларды құру құқығы туралы хабардарлықты одан әрі арттыру мүмкіндігін көрсетті. Топ сауалнама нәтижелерін назарға алады және алынған қорытындыларды басшылық тарапынан коммуникацияны және қызметкерлердің жалпы хабардарлығын жетілдіру жөніндегі тұрақты әрі кең ауқымды жұмыс аясында қарастырады.

Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу

GRI 2-23, 2-24, 3-3, 405-1 (b), 202-2

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша есепті кезеңде барлық қызметкерлерге қатысты қолданылатын негізгі көрсеткіштер:

SASB FN-IB-330a.1, FN-AC-330a.1

36,8 %
30 жасқа дейінгі қызметкерлер

57 %
30 бен 50 жас аралығындағы қызметкерлер

6,2 %
50 жастан асқан қызметкерлер


83,1 %
жоғары атқарушы буын басшылары[70] жергілікті халық өкілдері арасынан жұмысқа қабылданған[71]

47,9 %
Есептік топ қызметкерлерінің әйелдер үлесі


37,5 %
басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі[72]

[70] Басшылық құрамға басқарушы директор, бас директор, қаржы директоры, Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелері кіреді.
[71] «Жергілікті» халықтың географиялық анықтамасы Есептік топ қызмет ететін елде, бұл жағдайда негізгі қызмет ету өңірлерінде тұратын қауымдастықты қамтиды.
[72] Басшылық лауазымдарға корпоративтік басқарудың жоғары органдарының мүшелері, C-level басшылары және бөлімше басшылары жатады.

15-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША МАМАН ЛАУАЗЫМДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРАМЫ



16-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БАСШЫЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРАМЫ[74]





Компания еңбек ұжымындағы алуантүрлілік көзқарастардың, тәжірибенің және таланттардың байлығын арттырып, осылайша өсу мен инновацияларға ықпал етеді деп есептейді. Алуантүрлілікті қолдау инклюзивті корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға да көмектеседі, бұл қызметкерлердің қанағаттануы мен уәждемесін арттырады. Есепті кезеңде Есептік топтың персоналмен жұмыс жөніндегі командалары үшін этикалық және инклюзивті жұмысқа қабылдау мәселелері бойынша оқыту өткізілді. Оқыту аясында кандидаттарды олардың құзыреттері негізінде әділ бағалау, бос жұмыс орындары туралы хабарландыруларды инклюзивті түрде тұжырымдау, сондай-ақ жұмысқа қабылдау жөніндегі шешімдер барысында туындайтын біржақтылықтың типтік көздері сияқты негізгі қағидаттар қарастырылды.

Freedom Holding Corp. жұмысқа қабылдау және жұмыспен қамту кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және кемсітушілікке жол бермеуге ұмтылады. Компания қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасына, балалар және мәжбүрлі еңбекті пайдалануға қарсы және жұмыс орнындағы кез келген зорлық-зомбылық пен құдалауға төзбейді.

Компания лайықты еңбек жағдайларын, әділ еңбекақыны, даму мүмкіндіктерін ұсынуға ұмтылады және қызметкерлердің, клиенттердің және іскерлік серіктестердің дербес деректерінің құпиялылығын құрметтейді. Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының міндеттемелері туралы толығырақ ақпарат Компанияның веб-сайтындағы Адам құқықтары жөніндегі саясатта берілген.

Есептік топ персоналының құрамы гендерлік және жас санаттары бойынша алуантүрлілікті көрсетіп, инклюзивті жұмыс ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Есептік топта мүгедектігі бар 59 қызметкер жұмыс істеді, бұл Есептік топ персоналының жалпы санының 0,62%-ын құрайды. Ұлттық азшылықтарға жататын қызметкерлердің үлесі 9,68%, яғни Компания қызметкерлерінің жалпы санының 926 адамын құрады[73]. Компания дербес деректерді қорғау туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, мұндай ақпаратты ашудың дәлдігі мен толықтығын арттыру тәсілдерін жетілдіруді жалғастырады.

Компания барлық қызметкерлер үшін әркім тең мүмкіндіктерге ие болатын және кәсіби еңбегі бойынша бағаланатын әділ әрі ашық еңбек жағдайларын қалыптастыруға ұмтылады. Осы қағидаттарды сақтау қызметкерлердің тартылуына, уәждемесіне және ұстап қалынуына ықпал етеді, сондай-ақ басқарудағы теңгерімді өкілдікті қамтамасыз етіп, тиімді шешім қабылдау процесінің негізінде жатқан ұжымдық сараптаманы байытады.

Есептік топта еңбек қызметінің барлық кезеңдерінде нәсіл, тері түсі, дін, жыныс, ұлттық шығу тегі, жас немесе заңмен қорғалатын өзге де белгілер бойынша кемсітушілікке байланысты ықтимал және нақты бұзушылықтар туралы хабарлау үшін жағдай жасалған. Корпоративтік шағымдар мен өтініштер тетіктері туралы толығырақ ақпарат «Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері» бөлімінде берілген. Жұмыс орнындағы кемсітушілікке қарсы іс-қимыл Есептік топ шеңберіндегі жергілікті персоналды басқару департаменттерінің міндеттеріне кіреді. Бөлімшелер жергілікті шағымдарды қарау тетіктері арқылы келіп түсетін кемсітушілік туралы шағымдарды қарауға жауап береді.

[73] Осы Есеп шеңберінде азшылықтар санатына компания орналасқан елдегі басым халықтың ұлттық шығу тегінен өзгеше ұлттық шығу тегі бар шетелдік азаматтар болып табылатын қызметкерлер, оның ішінде Орталық Азия, Еуропа елдері мен Армения өкілдері жатады.

[74] Басшылық құрамға басқарушы директор, бас директор, қаржы директоры, Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелері кіреді.



Әйелдер көшбасшылығы бағдарламасы

2025 жылғы қарашада Компания «әйелдер әйелдерді қолдайды» қағидатына негізделген әйелдер көшбасшылығын қолдауға арналған арнайы Freedom Voices: Women бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама көшбасшылық құзыреттерді дамытуға және қызметкер әйелдердің кәсіби әрі тұлғалық өсуі үшін жағдай жасауға бағытталған. Бағдарламаны Топ деңгейінде Тұрақты даму жөніндегі бас директор қадағалайды, бұл оның тиімді іске асырылуы мен үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

Есепті кезең ішінде Бағдарлама көшбасшылықты дамыту, кәсіби өсу және білім алмасу саласындағы мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өзара толықтыратын бірқатар бастамалар арқылы іске асырылды.

Негізгі бастамаларға мыналар жатады:

Қызметкер әйелдерге Топтың жоғары басшылығын қоса алғанда, әйел көшбасшылармен өзара іс-қимыл арқылы кәсіби даму мақсаттарына қол жеткізуге және көшбасшылық құзыреттерін нығайтуға көмектесуге арналған тәлімгерлік бағдарламасын іске қосу. 31 наурыздағы жағдай бойынша Бағдарламада 21 тәлімгер және 45 тәлім алушы — тәлімгерлік қолдау алатын қызметкер әйел бар. Тәлімгерлік жұптардың тиімділігін арттыру үшін тәлімгерлік циклінің басында кәсіби бизнес-тренер тәлімгерлерге де, тәлім алушыларға да арнайы оқыту сессияларын өткізді;

Kursiv басылымында Freedom Holding Corp.-тың әйел көшбасшылары өз тәжірибесі мен кәсіби білімін бөлісетін сұхбаттар мен мақалалар циклін іске қосу. Барлығы Топтың жоғары басшылығы мен еншілес ұйымдардың өңірлік басшылары қатысқан 3 бейнесұхбат және 3 мақала жарияланды;

Freedom Holding Corp. басшылары мен сыртқы спикерлер қатысқан панельдік сессияны, сондай-ақ қатысушыларға арналған интерактивті сессияларды қамтыған мотивациялық кездесу өткізу. Гибридті формат кең ауқымды қамтуды қамтамасыз етті: офлайн және онлайн форматтардағы қатысушылардың жиынтық саны 100 адамнан асты;

Топтың әйел сарапшылары мен сыртқы спикерлер өткізетін білім беру вебинарларының циклін іске қосу; вебинарлар гендерлік теңдік, коммуникациялар, уақытты басқару, қор нарығындағы сауда сияқты мамандандырылған кәсіби тақырыптарды да, қаржылық сауаттылық пен жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерім сияқты күнделікті тақырыптарды да қамтиды;

Корпоративтік коммуникациялық платформада Топтың қызметкер әйелдері мен оларды қолдайтын ерлер қауымдастығын құру. Қауымдастық кәсіби байланыстар орнатуға, білім алмасуға және Бағдарламаның жаңа жобаларын іске қосуға мүмкіндік береді. Қарашада іске қосылған сәттен бастап ол Топтағы ең ірі ішкі қызметкерлер қауымдастықтарының біріне айналды.



97% — есепті кезең ішінде қатысушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша Бағдарламаға қанағаттану деңгейі.

Компания Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, оны келесі есепті кезеңде дамытуды жалғастыруға ниетті. Бағдарламаны одан әрі дамыту кезінде қатысушылардың кері байланысы және нысаналы аудиторияның өзгеріп отыратын қажеттіліктері ескерілетін болады.

Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау

GRI 403-1, 403-5, 403-6, 403-9

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету Есептік топтың маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Компанияның еншілес ұйымдарында осы саладағы қолданылатын заңнама мен нормативтік актілерге негізделген еңбекті қорғауды басқару жүйелері құрылған. Есептік топтың әрбір компаниясында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар тағайындалған, олар қауіптерді анықтау және кәсіби тәуекелдерді бағалау, оқыту, жеке қорғаныш құралдарын сатып алу, қызметкерлерді медициналық тексеру, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы іс-шараларды жоспарлау және бақылау процестерін қадағалайды.

Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдары жүзеге асыратын қызмет түрлерінің жоғары дәрежеде әртараптандырылғанын ескере отырып, Компанияның тәсілі Есептік топ ұйымдарының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы салалық тәуекелдерге ұшырауына қарай әртүрлілікті көздейді. Өндірістік тәуекел деңгейі ықтимал жоғары ұйымдарда оларды басқару бойынша қосымша іс-шаралар қамтамасыз етіледі, сондай-ақ қосымша әдістемелік нұсқаулар, ережелер мен саясаттар әзірленген.

Қызметкерлер үшін қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес еңбекті қорғау бойынша міндетті оқыту іс-шаралары өткізіледі, олар ықтимал қауіптер және олардың алдын алу тәсілдері туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған тұрақты нұсқамалар мен тренингтерді қамтиды. Оқыту офлайн және онлайн форматтарда жүргізіледі. Қауіпсіз орындау үшін арнайы оқытуды талап ететін жұмыстар көзделген еншілес ұйымдарда қызметкерлер тиісті тренингтерден өтіп, заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті рұқсаттарды алады.

Есепті кезеңде Есептік топта еңбек қызметіне байланысты екі жарақат алу жағдайы тіркелді. Екі жағдай да баспалдақтарды пайдаланумен байланысты болды: бір жағдайда жарақат көгеруге, екінші жағдайда сүйек сынуына әкелді. Тіркелетін өндірістік жарақаттану коэффициенті 0,12, ал ауыр салдары бар өндірістік жарақаттану коэффициенті 0,06 құрады[75]. Осы инциденттердің қорытындысы бойынша түзету шаралары қабылданды, оның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар қайта қаралды, қызметкерлерге қосымша оқыту және еңбекті қорғау бойынша нұсқама жүргізілді, баспалдақтарға сырғанауға қарсы жолақтар орнатылды, қажет болған жерлерде тұтқалар жөнделіп және орнатылды, көлеңкелер мен көру арқылы қабылдаудың бұрмалануын азайту үшін жарықтандыру жақсартылды, сондай-ақ баспалдақтарды қауіпсіз пайдалану қағидалары, оның ішінде тұтқадан ұстау, асықпау және мобильді телефондарға алаңдамау қажеттілігі бекітілді.

Салауатты өмір салтын қолдау

Компания қызметкерлердің өмір сапасы мен денсаулығын жақсартуға ұмтыла отырып, мынадай шараларды іске асырады:

- Медициналық сақтандыру[76];
- Фитнес бағдарламаларын ішінара төлеу[76].

Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдары корпоративтік спорт командаларына қосылуға және іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Есептік топтың қызметкерлері ұйымға қарай футболмен, жүгірумен, паделмен, баскетболмен және шахматпен айналыса алады; сабақтардың бір бөлігі кәсіби жаттықтырушылардың жетекшілігімен өтеді.

Компанияда корпоративтік спортқа жауапты тұлға бар, ол осы бағытты Топ ауқымында үйлестіреді. Өз рөлі аясында ол Компанияда ішкі спорттық іс-шараларды ұйымдастырады және үйлестіреді, сондай-ақ қызметкерлердің жүгіру жарыстары, футбол турнирлері, шахмат жарыстары және басқа да спорт түрлері сияқты сыртқы іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.

Корпоративтік іс-шаралар аясында футбол және шахмат турнирлері ұйымдастырылады, оларға қалаған барлық қызметкерлер қатыса алады. Корпоративтік футбол командалары Есептік топтың еншілес ұйымдарының көпшілігінде жұмыс істейді. 2025 жылдың жазында Freedom Cup 2025 ішкі футбол турнирі өтті, оның жеңімпазы Freedom Telecom Holding Ltd. командасы болды. Еншілес ұйымдардың командалары да ішкі турнирлер өткізіп, жергілікті сыртқы корпоративтік лигаларға қатысады.

Еншілес ұйымдардың қызметкерлері марафондар, жартылай марафондар және басқа да бұқаралық жүгіру жарыстары сияқты белгілі бір іс-шараларға қатысқан кезде жүгіруге арналған фирмалық спорттық жабдықтар ала алады. Кейбір еншілес ұйымдар жүгіру бойынша жаттықтырушы қызметтері мен спорт нысандарын жалдау шығындарын да өтейді.

«Freedom Finance Global PLC» ЖК және «Фридом Финанс» АҚ қызметкерлердің денсаулығын нығайтуға және неғұрлым тиімді жұмыс ортасын қалыптастыруға бағытталған сауықтыру бағдарламасын іске қосты. Компаниялар топтық жаттығулар, йога сабақтары және дұрыс тамақтану бойынша сабақтар ұйымдастырды, сондай-ақ жеке тамақтану жоспарларын әзірледі. Сонымен қатар стресске төзімділікті дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді, командалық рухты нығайту үшін командалық жарыстар, көшпелі іс-шаралар және белсенді ойындар ұйымдастырылды. Бағдарлама дене дайындығы деңгейіне қарамастан барлық қызметкерлер үшін қолжетімді болды; оған 110-нан астам қызметкер қатысты.

Топ қызмет ететін өңірлерде шахматты дамыту тек сыртқы бастамалармен шектелмейді, сонымен қатар елеулі ішкі бағдарламаларды да қамтиды. Есептік топтың еншілес ұйымдарының көпшілігінің қызметкерлері корпоративтік шахмат турниріне қатысты.





[75] Коэффициенттер 1 000 000 жұмыс істелген сағатқа есептелді. Жалпы жұмыс істелген сағат саны есепті кезеңнің соңында штатта болған қызметкерлер бойынша ғана есептелді. Есептеу заңнамада белгіленген демалыстың ең ұзақ мерзімін көрсетеді және уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңдерін есепке алмайды.

[76] Толығырақ «Лайықты еңбек жағдайлары» тарауында.

Қызмет

ету өңірлері мен жергілікті қауымдастықтардың дамуына қосқан үлес



Әлеуметтік инфрақұрылым және қауымдастықтарды қолдау 80
Білім беру және технологиялар 83
Спорт және салауатты өмір салты 87
Экологиялық бастамалар 90
Мәдениет және өнер 91
Өзге жобалар 92

Қызмет ету өңірлері мен жергілікті қауымдастықтарды дамыту тәсілі

GRI 3-3, 203-1, 203-2, 413-1, 413-2

Freedom Holding Corp. білім беру, спорт, инфрақұрылым, климаттың өзгеруі және басқа да салалардағы маңызды жобаларды қолдау үшін жағдай жасауға ерекше көңіл бөледі. Қолдау үшін таңдалатын жобалар мен бастамалар өңірлік дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне оң әрі ұзақ мерзімді әсер етіп, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге ықпал етеді. Freedom Holding Corp.-тың демеушілік және қайырымдылық қызметі Компания жергілікті қауымдастықтардың өмір сапасы мен әл-ауқатын арттыру үшін пайдаланатын негізгі құралдардың бірі болып табылады. Есепті кезеңде қайырымдылық және демеушілік қызметтің негізгі географиялық бағыты Есептік топтың операциялық қызметінің елеулі бөлігі шоғырланған Қазақстан болды.

FREEDOM SHAPAGAT КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫ

2023 жылғы тамызда құрылған Freedom Shapagat корпоративтік қоры (бұдан әрі — «Қор») Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының ерікті мүліктік жарналары негізінде құрылған Компанияның коммерциялық емес еншілес ұйымы болып табылады. Қор түрлі ұйымдармен ынтымақтастық арқылы әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру, азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейді. Қордың Президенті — Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директоры.

Қор Есептік топта демеушілік қызмет жүргізетін жалғыз ұйым емес — түрлі қайырымдылық жобаларға қаржылық қолдауды Компанияның еншілес ұйымдары да көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл күш-жігер Топтың жергілікті қауымдастықтарға арналған бастамаларының қамту аясын кеңейтеді және қызмет ететін өңірлердегі әртүрлі қажеттіліктерді ескеруге көмектеседі.

36,71 млрд теңге

Есепті кезеңде сыртқы ESG-бағдарланған жобаларға көрсетілген қаржылық көмектің жалпы көлемі

Әлеуметтік инфрақұрылым және қауымдастықтарды қолдау

Есептік топ жергілікті қауымдастықтарды нығайтатын және негізгі қызметтерге қолжетімділікті жақсартатын бастамаларды дамытуды жалғастырды. Есепті кезеңде қолдау көрсетілген жобалар осал топтарға көмек көрсетуге, әлеуметтік инфрақұрылымды кеңейтуге және қызмет ету өңірлеріндегі күнделікті өмір сүру ортасын жақсартуға бағытталды. Бұл шаралар әлеуметтік тұрақтылықты арттырып, қауымдастықтарға ұзақ мерзімді әл-ауқат үшін қажетті ресурстарға қолжетімділік берді.

Қайырымдылық қолдау

Қор Астанада Қабылдаулар үйінің құрылысына демеушілік қолдау ретінде 8,31 млрд теңге бөлді. Бұл нысан Президент саябағында, қалалық жағалау бойында орналасатын азаматтық және мәдени инфрақұрылым объектісі болады. Жоба қоғамдық іс-шаралар өткізуге арналған инфрақұрылымды нығайту және ресми, мәдени әрі қала тұрғындары үшін маңызды іс-шараларға арналған алаң құру арқылы Астананың ұзақ мерзімді қалалық дамуын қолдайды. Нысан қоғамдық саябақ ортасында орналасқан және қоршаған қоғамдық кеңістіктің сапасын арттыруға ықпал етіп, қала тұрғындарына, қонақтарға және халықаралық келушілерге қызмет етеді деп күтіледі.

«Freedom Life» ӨСК» АҚ Freedom Support бағдарламасы аясында қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары мен орман шаруашылығы қызметкерлерінің кәмелетке толмаған балаларына атаулы көмек көрсету үшін 73,8 млн теңге көлемінде аннуитеттік төлемдер ұсынды. Бұл бастама Компанияның қызметтік міндеттерін орындау кезінде асыраушысынан айырылған отбасыларды қолдауға бейілділігін көрсетеді.

Freedom Finance Armenia LLC коммерциялық емес ұйым және Арменияда ғы алғашқы микроқайырымдылық платформасы IMAST Inc.-ке 40 мың АҚШ доллары көлемінде қаржылық қолдау көрсетті. Жоба тексерілген қайырымдылық қорларына емделу, білім алу және басқа да маңызды әлеуметтік мақсаттарға қаражат жинауға көмектеседі.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ әлеуметтік тұрғыдан осал әйелдерді қолдау және дамыту жөніндегі «Мама Про» қоғамдық қорына «Қамқорлық экономикасы» жобасы үшін 7,5 млн теңге бөлді. Бастама мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың кәсіпкерлік және қаржылық әлеуетін арттырып, олардың ұзақ мерзімді экономикалық дербестігіне ықпал етеді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ маңызды медициналық мекемелердің техникалық ресурстарын күшейте отырып, өңірлік денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуға үлес қосты. Инвестициялар әкімшілік процестерді оңтайландыруға көмектеседі және ел бойынша медициналық қызметтердің цифрлық трансформациясын қолдайды.

Бастама аясында «Фридом Банк Қазақстан» АҚ үш мекеме үшін компьютерлік және кеңсе жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды: Павлодар аудандық емханасына 5,25 млн теңге, Жамбыл облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығына 1,88 млн теңге және Шығыс Қазақстан облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығына 1 млн теңге бөлді.

Freedom Finance Europe Ltd. Dancing Queen қайырымдылық қорын қолдауды жалғастырып, жыл сайынғы «I'd Rather Walk than Drink & Drive» қайырымдылық шеруіне 5 мың еуро бөлді. Іс-шара Лимасолда жол қозғалысы қауіпсіздігін және мас күйінде көлік жүргізуге байланысты жол-көлік оқиғаларының санын азайту үшін жауапты мінез-құлықты насихаттайтын ағартушылық бастама болып табылады. Жыл сайын шеру қауіпсіз көлік жүргізудің маңыздылығын атап көрсету және қолдауға мұқтаж балаларға психологиялық әрі терапиялық көмек көрсету үшін қаражат тарту мақсатында еріктілерді, жергілікті билік органдарын және қауымдастық өкілдерін біріктіреді. Жоба ресурстарды осал топтарға бағыттап, қоғамның назарын маңызды қауіпсіздік мәселесіне аудара отырып, қауымдастықтың қатысуын күшейтеді және әлеуметтік нәтижелерге ықпал етеді.

«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Technologies» ЖШС Алматыдағы кеңседе пайдаланылған киім, кітаптар мен аяққиім жинауға арналған арнайы контейнерлерді орнату және оларға қызмет көрсету үшін Teplo қорына 1,32 млн теңге бөлді. Жоба қайта пайдалануды насихаттайды, қалдықтар көлемін азайтады және мұқтаж адамдарды қажетті заттармен қамтамасыз етеді, осылайша жергілікті қауымдастықтар үшін күнделікті қолдауды қолжетімді етеді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдауға арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру үшін «Дар» қоғамдық қорына 2 млн теңге бөлді. Қолдау жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған бірқатар іс-шаралар өткізілетін «Наурыз» жобасына бағытталды.

Freedom Finance Europe Ltd. 2025 жылғы қазанда A. G. Leventis галереясында өткізілген көркемөнер көрмесі мен аукционының бас демеушісі ретінде Кипр Республикасының қатерлі ісікке қарсы күрес қоғамына 10 мың еуро бөлді. Color and Light көрмесінде Кипр Республикасындағы Arodafnousa онкологиялық орталығының бақтарынан шабыт алған 24 өнер туындысы ұсынылды. Іс-шара көрменің ашылуын және қайырымдылық аукционын қамтыды, ал жиналған қаражат онкологиялық көмек көрсетуге байланысты бағдарламалар мен пациенттерді қолдау қызметтеріне бағытталды. Осы көрмені қолдау арқылы Компания Қоғамның қызметі туралы хабардарлықты арттыруға көмектесті, қажетті көмек көрсету үшін қаражат жинауға үлес қосты және өнердің эмоционалдық әл-ауқатты қолдау мен қауымдастықтың белсенді қатысуындағы рөлін атап көрсетті.



Қоғамдық кеңістіктер және инфрақұрылым

Қор Қарағанды облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасымен қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум аясында Қарағандыда Футбол академиясын салуға 4,17 млрд теңге бөлді. Жаңа спорт нысаны жасөспірімдер футболы мен өңірлік спорт инфрақұрылымының дамуына ықпал етеді, сондай-ақ «Шахтер» футбол клубының болашақ ойыншыларына арналған жаттығу базасына айналады. Жоба 3,5 мың көрерменге арналған стадион, жыл бойы жұмыс істейтін жабық арена және жылытылатын толық өлшемді жаттығу алаңын салуды қамтиды. Сонымен қатар академияда ұлдар мен қыздарға арналған жатақхана, сондай-ақ жаттықтырушылардың жұмысына, оқытуға және спортшыларды қолдауға арналған кеңістіктері бар әкімшілік кешен қарастырылады. Бұл нысандар жиынтығы заманауи жаттығу ортасын қалыптастырып, өңірдегі жас спортшылар үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді деп күтіледі.

Қор маңызды мәдени және қоғамдық инфрақұрылым нысандарын қалпына келтіру мен жаңғыртуды қолдауды жалғастырып, Алматыдағы сәулет ескерткіші әрі қаланың ең ірі мәдени-қоғамдық ғимараттарының бірі болып табылатын Қазақстан Республикасы Армия үйін қайта жобалау және жөндеуді қолдауға 990,51 млн теңге бөлді. Армия үйі Алматы мемлекеттік тарихи-сәулет және мемориалдық қорық-мұражайының құрамына кіреді. 2026 жылғы наурызда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталғаннан кейін нысан пайдалануға берілді. Қоғамдық орталық функцияларын қалпына келтірумен қатар, жаңартылған ғимарат базасында хакатондар өткізуге, акселерациялық бағдарламаларды іске қосуға және жас IT-мамандар мен студенттердің цифрлық шешімдер әзірлеуіне арналған Defense Tech Hub технологиялық алаңы құрылды.





Қор Батыс Қазақстан облысында Ботаникалық бақ салуға 723,3 млн теңге бөлді. 2025 жылғы желтоқсанда ашылған нысан биоалуантүрлілікті сақтауға, экологиялық білім беруді ілгерілетуге және жергілікті тұрғындарға арналған жайлы рекреациялық аймақ қалыптастыруға бағытталған. Инфрақұрылым тоғанды, жылыжайды, ғылыми-өндірістік аймақты және белсенді демалыс алаңдарын қамтиды. Парк аумағында әртүрлі тұқымдағы 1,5 мыңнан астам ағаш және 11 мыңнан астам бұта отырғызылды. Бұл бастаманы іске асыру жергілікті қауымдастықтар үшін салауатты ортаны дамытуға және халықтың экологиялық мәселелер туралы хабардарлығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар Freedom Holding Corp.-тың қаржылық қолдауының арқасында мүгедектігі бар адамдарға арналған жаңа спорт кешені ашылды. Аумағы 2 мың шаршы метрден асатын нысан қозғалысы шектеулі келушілерге толық бейімделген және инклюзивті жаттығулар мен әртүрлі спорттық сабақтарды өткізуге арналған.



Қор Семейдегі «Елімай Freedom» футбол манежінің құрылысын қаржыландыруды жалғастырып, осы мақсаттарға 534,29 млн теңге бөлді. Жоба қатаң климаттық жағдайларға бейімделген ауа тіректі күмбезі бар нысанды нөлден бастап салуды көздейді. Кешен жасанды жабыны бар алаңды және жыл бойы ойындар мен жаттығулар өткізуге қажетті қосалқы инфрақұрылымды қамтиды. Бұл бастаманы іске асыру жас спортшыларды даярлау үшін жайлы жағдай жасауға, қаладағы заманауи спорт инфрақұрылымына қолжетімділікті кеңейтуге және ауа райы шектеулеріне қарамастан үздіксіз жаттығу процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп күтіледі.

Қор Алматыдағы М. Ю. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының Үлкен залын жаңғыртуға, оның ішінде техникалық жабдықтарды жеткізуге, монтаждауға және баптауға демеушілік қолдау ретінде 418,93 млн теңге жаңғыртуға демеушілік қолдау Жаңғырту сахналық қойылымдардың сапасын арттырып, көрермендердің әсерін жақсартты, сондай-ақ театрға іс-шаралар өткізуге қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келуге мүмкіндік берді. Жоба қаланың негізгі мәдени нысандарының бірін сақтау мен дамытуға ықпал етеді, әртүрлі іс-шараларды өткізу мүмкіндіктерін кеңейтеді және оның кең аудитория үшін қолжетімділігін қолдайды.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Жамбыл облысы әкімдігінің Білім бөлімі жанындағы «Арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде көпфункциялы спорт алаңын салуға демеушілік қолдау ретінде 11,78 млн теңге бөлді. Жаңа алаң балалардың дене белсенділігімен айналысуына, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуына, сондай-ақ оңалтуға бағытталған бағдарламаларға қатысуына мүмкіндік беретін қауіпсіз әрі инклюзивті кеңістікке айналады. Бұдан басқа, бұл мекеменің балалардың әл-ауқаты мен өзіне деген сенімділігін қолдайтын ұйымдастырылған сабақтарды өткізу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын қолдау үшін «Q-Satti Almaty» қоғамдық қорына 2,5 млн теңге бөлді. Бастама әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан 100 баланы мектеп құралдарымен және рюкзактармен қамтамасыз етуге бағытталды, бұл білімге қолжетімділікті жақсартуға және оқу жылына дайындыққа көмектеседі.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қарағанды көлік-технологиялық колледжіне аудиторияларды жөндеу және қажетті материалдарды жеткізу үшін 1,5 млн теңге бөлді. Бұл білім беру ортасын жақсартуға мүмкіндік береді және студенттерге академиялық дамуға ықпал ететін заманауи кәсіби оқу кеңістіктеріне қолжетімділік ашады.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қарағанды облысы Білім басқармасының арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау жөніндегі Осакаров аудандық орталығында балаларға арналған сыртқы құмсалғышты сатып алу және орнату үшін «Дар» қоғамдық қорына 560 мың теңге бөлді. Жоба орталықтың қамқорлығындағы балалардың демалуына арналған қауіпсіз әрі инклюзивті ортаны қалыптастыруға ықпал етті.


Қолжетімді интернет

Freedom Telecom Holding Ltd. қоғамдық цифрлық сервистерді дамытуға және қаланың негізгі аудандарында қоғамдық Wi-Fi желілерін өрістетуге қолдау көрсете отырып, желілік инфрақұрылымды нығайтуды жалғастырды және жалпы сомасы 104,49 млн теңге инвестициялады. Жұмыс Алматы мен Астанадағы жаяу жүргіншілер аймақтары мен орталық қоғамдық кеңістіктерді, соның ішінде «Медеу» спорт кешені мен Beeline Arena жаяу жүргіншілер аймағын қамтыды. Қоғамдық Wi-Fi желісіне қолжетімділікті кеңейту тұрғындар мен қонақтарға практикалық пайда әкеледі, өйткені халық көп жиналатын қоғамдық орындарда цифрлық сервистерді пайдалануды жеңілдетеді және күні бойы байланыста болуға көмектеседі. Жергілікті бизнес пен қалалық қызметтер үшін байланыстың жақсаруы неғұрлым тиімді өзара іс-қимылға және қолайлы қалалық ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.



Білім беру және технологиялар

Есептік топ білім беру мүмкіндіктерін кеңейтетін және цифрлық инклюзияға ықпал ететін бастамаларға ерекше көңіл бөлуді жалғастырды. Қолдау студенттерге заманауи білім беру құралдарына қол жеткізуге, сұранысқа ие дағдыларды дамытуға және технологиялармен саналы түрде жұмыс істеуге көмектесетін бағдарламаларға бағытталды. Негізгі назар инновацияларды нығайтуға, техникалық білім беруді қолдауға және қоғамның әртүрлі топтарында цифрлық сауаттылықты арттыруға аударылды.



Оқытушыларға мүмкіндіктер ұсыну

Қор Teach for All жаһандық бастамасының құрамына кіретін Teach for Qazaqstan білім беру қорымен әріптестікті жалғастырды. Есепті кезеңде Freedom Finance Armenia LLC да осы жобаны қолдады. Қазіргі уақытта әлемнің 60-тан астам елінде ұсынылған осы қоғамдық ұйымның миссиясы — әртүрлі салалардағы мамандарды тарту, оларды қайта даярлау және мұғалімдер тапшы өңірлерге педагог ретінде жіберу. Қордың негізгі мақсаттарының бірі — өңірлердің шалғай орналасуы, мектептердің кадрлармен жеткіліксіз қамтылуы және мұғалімдер тапшылығы сияқты көптеген әлеуметтік-экономикалық факторлардан туындайтын білім беру теңсіздігін азайту.

Қор біліктілікті арттыру курстарын өткізуге, бағдарлама қатысушыларына ай сайынғы стипендиялар төлеуге, әлеуметтік жобаларды ұйымдастыруға және операциялық шығындарды жабуға демеушілік қолдау ретінде 235,31 млн теңге бөлді. Бастама аясында мұғалімдер қызықты әрі пайдалы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған шеберлік сабақтарына, семинарларға және мамандандырылған оқу модульдеріне қол жеткізеді.

Freedom Finance Armenia LLC Армения Республикасында білім берудегі теңдікке жәрдемдесу мақсатында Teach For Armenia бағдарламаларын қолдауға 1,74 млн армян драмын бөлді, бұл бағдарламалар қаржылық сауаттылықты нығайтуға және әлеуметтік инновацияларды дамытуға бағытталған.

Бұл үлес Teach For Armenia түлектері-амбассадорларына арналған қаржы жөніндегі білім беру бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етті және педагогтерге жергілікті халықтың қажеттіліктеріне арналған шешімдерді әзірлеуге көмектесетін Армения Республикасындағы алғашқы платформа — «Kayts» әлеуметтік инновациялар инкубаторын қолдады. Осы инвестицияның арқасында Freedom Finance Armenia LLC практикалық дағдыларды дамытуға, жергілікті тұрғындар үшін ұзақ мерзімді пайда қамтамасыз етуге және білім берудің елдің тұрақты дамуының негізі ретіндегі рөлін нығайтуға көмектесті.





Білім беру гранттары мен стипендиялар

Freedom Grants әлеуметтік жобасы 2024 жылы іске қосылды. Бастама талапкерлерге Қазақстан Республикасының өңірлік университеттерінде білім беру грантын ұтып алу мүмкіндігін береді. Осы жоба үшін Қор демеушілік қолдау ретінде 234,05 млн теңге бөлді. Бұл қаражат студенттердің бүкіл оқу кезеңіндегі оқу ақысын өтейді. Бағдарлама өзгеше жағдайда қаржылық кедергілерге тап болуы мүмкін ынталы жастардың жоғары білімге қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған. Сонымен қатар ол жергілікті адами капиталды дамытуға қолдау көрсетеді, өңірлердегі кадрлық резервті нығайтуға көмектеседі және қала мен ауыл арасындағы білім беру теңсіздігін азайтуға ықпал етеді. Студенттердің ұзақ мерзімді оқуына инвестиция сала отырып, жоба әлеуметтік ұтқырлыққа ықпал етеді және елдің экономикалық әрі әлеуметтік дамуына үлес қоса алатын неғұрлым білікті жұмыс күшін қалыптастыруды қолдайды.

Қор ынталы ауыл оқушыларын анықтауға және сүйемелдеуге, олардың ой-өрісін кеңейтуге, өзіне деген сенімділігін арттыруға және мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған академиялық олимпиаданы өткізу үшін IQanat Endowment Fund білім беру қорына демеушілік қолдау ретінде 45,69 млн теңге бөлді. Олимпиада Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өткізіледі және жыл сайын шамамен 50 мың сегізінші сынып оқушысын қамтиды. Іріктеу қорытындысы бойынша ауыл оқушылары Қазақстан Республикасының және шетелдердің университеттеріндегі стипендиялық бағдарламаларға түсуге үш жылдық тегін дайындықтан өтеді.

Freedom Finance Europe Ltd. Кипр Республикасындағы Island Private School мектебінің Island Charity Fund қайырымдылық қорына бір студенттің оқу ақысын төлеу үшін 13,23 мың еуро бөлді. Мұндай қолдау сапалы білімге қолжетімділікті кеңейтеді және жастар үшін ұзақ мерзімді мүмкіндіктер қалыптастыруға көмектеседі.

Қор Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне он студенттік стипендия үшін демеушілік қолдау ретінде 6,25 млн теңге бөлді.

Тікелей қаржылық қолдау жоғары білім алуға кедергі келтіретін экономикалық тосқауылдарды азайтуға көмектесіп, лайықты студенттердің оқуына көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Осы жастарға инвестиция сала отырып, стипендиялық бағдарламалар Қазақстан Республикасының болашақ кәсіби және зияткерлік капиталын дамытуға тікелей ықпал етеді.

Freedom Finance Armenia LLC Армян жалпы қайырымдылық одағының Focus 2025 саммитіне 15 мың АҚШ долларын бөліп, іс-шараның гуманитарлық және білім беру мақсаттарын қолдады. Армян жалпы қайырымдылық одағының жаһандық стипендиялық бағдарламасы бүкіл әлемде жоғары білім алып жүрген армян текті студенттерге қажетті қаржылық көмек көрсетеді. Қолдау практикалық қоғамдық қызметке де ықпал етті.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қазақстан-Британ техникалық университетіне Financial Risk Management және Data Science (MBA) бағыттары бойынша екі магистрлік грант үшін 1,17 млн теңге бөлді. Оқуды аяқтағаннан кейін студенттер «Фридом Банк Қазақстан» АҚ командасына қосылу мүмкіндігіне ие болады.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Құрамына Қазақстанның жетекші қаржы ұйымдары кіретін Есептік топ қаржылық білім беру мен инвестициялық дағдыларды дамытуға елеулі көңіл бөледі. Компания және оның еншілес ұйымдары қаржылық сауаттылық жөніндегі сыртқы жобаларды қолдап қана қоймай, қаржы секторындағы ауқымды сараптамасы мен тәжірибесін пайдалана отырып, өз бастамаларын да әзірлеп, іске қосады.

Қор Қазақстан Республикасының жетекші университеттерінде туынды бағалы қағаздар (опциондар), активтерді басқару, қаржы нарығын реттеу және халықаралық коммерциялық дауларды шешу бойынша Minor Programs білім беру курстарын өткізу үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығына (АХҚО) демеушілік қолдау ретінде 15,9 млн теңге бөлді.

Freedom Camp

Freedom Camp — «Freedom Life» ӘСК» АҚ-ның тегін интерактивті онлайн және офлайн курстар мен сабақтар арқылы қаржылық сауаттылықты үйретуге арналған жобасы. Freedom Camp бастамасының негізгі мақсаты — әртүрлі жастағы балалар мен университет студенттеріне ақшаны тиімді басқаруды және қаржылық мақсаттарға қол жеткізуді үйрету. Бүгінгі таңда жоба Қазақстан Республикасындағы тоғыз мектеппен бірлесіп іске асырылуда. Мектеп оқушылары үшін бағдарлама қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарын ғана емес, киберқауіпсіздік жөніндегі дәрістерді де қамтиды. Бұл сабақтар оқушыларды интернет-алаяқтықтың негізгі түрлерімен, ақпараттық қауіпсіздік қағидаларымен және төлем карталары мен әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде деректерді қорғау тәсілдерімен таныстырады.

2019 жылы бастама іске қосылғаннан бері жоба аясында 6,4 мыңнан астам оқушы білім алды. Балалардың Freedom Camp жазғы лагеріне қатысуға өтінімдері әлеуметтік желілер арқылы жиналады. Оқу бағдарламасы тоғыз академиялық сағатқа созылады.

Fingramota.kz білім беру медиапорталымен бірлесіп «Тұран» университетінде қаржылық сауаттылық, Freedom корпоративтік мәдениеті және киберқауіпсіздік тақырыптары бойынша дәрістер сериясы өткізілді. Цифрлық гигиена бойынша жаңа курс Freedom Media платформасында орналастырылды, сондай-ақ оның көрсетілімдері Қазақстан Республикасындағы Жетінші арнада эфирге шықты.



Freedom Academy

Freedom Academy — «Freedom Finance Global PLC» ЖК-ның фронт-офис қызметкерлері мен клиенттерін кешенді оқытуды жүзеге асыратын, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі бастамаларды іске асыратын құрылымдық білім беру бөлімшесі.

Академия қаржылық және инвестициялық құралдарды, сауда платформаларын және брокерлік сервистердің негізгі функцияларын терең түсінуге бағытталған қолжетімді оқытуды ұсынады. Бейне курстар, офлайн-семинарлар және қолданбалы білім беру форматтары қатысушыларға қаржылық және инвестициялық сауаттылық негіздерін меңгеріп қана қоймай, брокермен сенімді өзара іс-қимыл орнатуға, негізделген инвестициялық шешімдер қабылдауға және тәуекелдерді саналы түрде басқаруға көмектеседі.

ESG-бастамалар аясында Freedom Academy қор нарығының реттеушілерімен, университеттермен, бейінді ұйымдармен және қоғамдық институттармен белсенді ынтымақтасады. Мұндай жұмыс қаржылық сауатты, тұрақты және экономикалық белсенді қоғам қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

Есепті кезеңде Freedom Academy офлайн және онлайн семинарлар, бейне курстар және тікелей эфирлер арқылы 12 мыңнан астам қатысушыны қамтыды. Осы кезеңде сондай-ақ «Криптовалюталар мен цифрлық активтерді түсіну негіздері» курсы, «Опциондармен сауда жасау негіздері» курсы (қазақ тілінде) және freedomacademy.kz сайтында оқудан өткен Freedom Broker клиенттеріне арналған «Академиялық» промотариф әзірленді. Қаржы тақырыптары бойынша дәрістер Қазақстан Республикасының ірі университеттерінде, оның ішінде Қазақстан-Британ техникалық университетінде, Қазақстан-Неміс университетінде, Нархоз университетінде және De Montfort University-де өткізілді. Freedom Academy өз қызметі аясында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Қазақстан қор биржасымен (KASE) ынтымақтасады.



SDU University-ді қолдау

Қор SDU University-ге киберқауіпсіздік, қолданбалар қауіпсіздігі және Data Science бойынша курстар өткізуді, сондай-ақ Cyber Meet Up, Data Meet Up және хакатон сияқты деректерді талдау мен киберқауіпсіздікке арналған іс-шараларды ұйымдастыруды қамтитын жоба үшін демеушілік қолдау ретінде 64,14 млн теңге бөлді. Киберқауіпсіздік бағдарламасы аясында Топтың тәжірибелі мамандары есепті кезеңде студенттерге сабақтар да өткізді. Бизнес-қоғамдастық пен университет арасындағы мұндай ынтымақтастық сұранысқа ие мамандар даярлауға көмектеседі және жоғары сапалы IT-білім беруді дамытуға қолдау көрсетеді.

Қор Freedom Fintech Bootcamp бағдарламасына инвестиция ретінде SDU University-ге 11,63 млн теңге бөлді. Freedom Holding Corp.-пен серіктестікте әзірленген бұл бағдарлама студенттерді Data Science және Machine Learning бағыттары бойынша тереңдетіп оқытуға арналған және оларды Компания экожүйесіндегі ықтимал мансапқа дайындайды.



«Ана тілі» олимпиадасы

Қор қазақ тілінде білім алатын және қазақ тілі мен әдебиетіне ерекше қызығушылық танытатын оқушыларды анықтауға және қолдауға бағытталған ірі жоба — «Ана тілі» республикалық зияткерлік олимпиадасына демеушілік қолдау ретінде 39,37 млн теңге бөлді. Бастама тілдік пәндер бойынша академиялық жетістіктерді ынталандыруға көмектеседі, талантты оқушылардың уәждемесін арттырады және қазақ тілінің мәдени бірегейліктің маңызды элементі ретіндегі кеңірек танылуына ықпал етеді. Қолдау сондай-ақ гуманитарлық және білім беру салаларындағы болашақ мамандарды дамытуға ықпал етеді, елдің зияткерлік әлеуетін байытады және ана тілін оқытудың ұзақ мерзімді мәдени және әлеуметтік дамудағы рөлін нығайтады.



Цифрлық трансформацияны қолдау

Freedom Finance Europe Ltd. Youth Tech Festival Cyprus білім беру іс-шарасына бас серіктес ретінде 20 мың еуро бөлді. Технологияларды, білім мен инновацияларды біріктіретін фестиваль келесі ұрпақ арасындағы цифрлық дағдылар тапшылығын азайтуға көмектеседі. Қолдау Кипр Республикасындағы жас таланттарға ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) бағыттарын меңгеруге және болашақ экономикасына қажетті шығармашылық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Астанада Digital Bridge 2025 форумын ұйымдастыру үшін «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорына демеушілік қолдау ретінде 300 млн теңге бөлді. Форум бағдарламасы алты негізгі бағыт төңірегінде құрылды: Startups Bridge, Tech Bridge, Global Bridge, Gov Bridge, Talent Bridge және Creative Bridge.





«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Digital Qazaqstan 2026 халықаралық форумын ұйымдастыру және өткізу үшін «Astana Hub» дербес кластерлік қорына демеушілік қолдау ретінде 150 млн теңге бөлді. Форум бағдарламасына цифрландыруды дамытуға және салалардың өсуіне бағытталған бизнес-сессиялар, сараптамалық талқылаулар, технологиялық шешімдердің таныстырылымдары және бизнес, мемлекеттік органдар өкілдері мен өңірлік мүдделі тараптарға арналған салалық форматтар кірді.

Freedom Holding Corp. Орталық Еуразиядағы ең ірі стартаптар байқауы — Road to Battlefield жобасын қолдау үшін 200 мың АҚШ долларын бөлді. Silkroad Innovation Hub-тың TechCrunch және Freedom Holding Corp.-пен серіктестікте ұйымдастырған іс-шараға 27 елден 485 өтінім түсіп, тоғыз ұлттық питч-раундқа 380 стартап қатысты, ал таныстырылымдардың жалпы ұзақтығы 32 сағатты құрады.



Freedom Holding Corp. 2025 жылғы сәуірде Жапонияның Осака қаласында өткен Women in Tech Summit 2025 саммитін ұйымдастыру үшін Women in Tech Global ұйымына демеушілік қолдау ретінде 100 мың еуро бөлді. Іс-шара мемлекеттік сектор, бизнес және азаматтық қоғам өкілдерін технологиялар саласындағы әйелдердің қатысуының қазіргі жай-күйін бағалау және одан әрі ілгерілеудің басым бағыттарын айқындау үшін біріктірді. Қолдау саммитте цифрлық инклюзия, жаңа технологиялар, этикалық жасанды интеллект және жеткіліксіз ұсынылған топтар үшін STEM-білімге қолжетімділік мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді, бұл технологиялық сектордағы гендерлік теңдік жөніндегі халықаралық диалогты күшейтті. Сонымен қатар, Қор цифрлық мамандықтардағы әйелдер мен қыздардың жетістіктерін атап өтетін Women in Tech 2025 сыйлығына «Women in Tech» қоғамдық қорына демеушілік қолдау ретінде 7 млн теңге бөлді.

Freedom Finance Armenia LLC Армения Республикасында университеттік бағдарламаларды, халықаралық технологиялық саммиттерді және өңірлік конференцияларды біріктіретін Silicon Mountains бағдарламасы аясындағы іс-шараларды қолдауға 5 млн армян драмын бөлді, бұл сапалы технологиялық білімге қолжетімділікті кеңейтуге көмектеседі. Бағдарлама экономиканың түрлі секторларында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы шешімдерді енгізуге ықпал етеді және елдің жалпы технологиялық дамуын қолдайды. Silicon Mountains халықаралық технологиялық саммиті — зияткерлік технологияларды практикалық қолдануға арналған бір немесе екі күндік іс-шара, ол баяндамалар мен панельдік пікірталастарды қамтиды. Өңірлік конференциялар бұл талқылауларды Армения Республикасының өңірлеріне жеткізіп, жетекші ұйымдарды, стартаптарды және жергілікті компанияларды біріктіреді.



Спорт және салауатты өмір салты

Есептік топ спорт клубтарын, жастар бағдарламаларын және инфрақұрылымды дамытуды қолдай отырып, спортқа қолжетімділікті кеңейтуді жалғастырды. Қаржыландыру балалар мен жасөспірімдердің жаттығу мүмкіндіктерін кеңейтуге, спорт нысандарын жақсартуға және адамдарды бұқаралық та, кәсіби де спортпен айналысуға тартуға көмектесті. Бұл қызмет салауатты өмір салтына ықпал етеді, сондай-ақ Топ жұмыс істейтін өңірлерде спорттың түрлі түрлерінің ұзақ мерзімді дамуын қолдайды.

Freedom QJ League

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турлов мырза футболды белсенді демеушілік қолдау аясында бюджеттері Премьер-лигаға қарағанда айтарлықтай төмен балалар мен жасөспірімдер лигаларын қаржыландырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Турлов мырза Қазақстан футбол клубтарының жастар құрамалары кіретін Қазақстанның жасөспірімдер футбол лигасы — Freedom QJ League Қамқоршылық кеңесін басқарады. Жастар футболын дамытуға осындай назар аудару аясында Қор лигаға демеушілік қолдау ретінде 5,55 млрд теңге бөлді.

Бұл қаржыландыру жас ойыншылар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге, ұйымдастырылған жаттығулар мен жарыстарға қолжетімділікті жақсартуға және жастар футболының жалпы құрылымын нығайтуға көмектеседі. Жоба сондай-ақ Қазақстан Республикасында неғұрлым тұрақты кадрлық резерв қалыптастыруға ықпал етеді және ұлттық футбол экожүйесінің ұзақ мерзімді дамуын қолдайды.

Футбол клубтарын қолдау

Өңірлерде спортты дамыту үшін сапалы футбол инфрақұрылымын құрудың маңыздылығын мойындай отырып, Компания және оның еншілес ұйымдары жергілікті футбол клубтарын қаржылық тұрғыдан белсенді қолдайды. Есепті кезеңде Есептік топ Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасындағы бірнеше футбол командасына демеушілік қолдау көрсетті.

Freedom Holding Corp. және Қор «Шахтер» футбол клубының кәсіби командаларына, оның ішінде әйелдер командасына Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде маусым алдындағы оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін 1,47 млрд теңге бөлді. Мұндай қолдау спортшыларға сапалы жаттығу жағдайлары мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, клубтың бәсекеге қабілеттілігін арттырады және кәсіби спорттың дамуына ықпал етеді.

Freedom Finance Europe Ltd. Freedom24 Krasava ENY клубын қолдауды жалғастырып, 2025–2026 жылдар маусымына титулдық демеуші ретінде 1,02 млн еуро бөлді.

Соңғы маусымдардағы демеушілік қолдаудың арқасында команда үш жыл ішінде Екінші дивизион кубогындағы жеңістен Кипр Республикасының футбол лигасының Бірінші дивизионына шығуға дейінгі жолдан өтті. Оның жоғары дивизион деңгейіндегі алғашқы нәтижелері клубтың спорттық базасының нығайғанын және жобаның одан әрі дамып келе жатқанын көрсетті.

Қор «Жеңіс», «Жетісу» және «Қайрат Футзал» футбол клубтарына тиісінше 450 млн теңге, 100 млн теңге және 128,84 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті. Қаражат олардың қызметін қолдауға, спорттық форма мен құрал-жабдық сатып алуға, сондай-ақ Қазақстан чемпионаты мен Қазақстан кубогына қатысуға бағытталды. Сонымен қатар, Қор «Шахтер» футбол клубына клубтың футбол орталығының жастар командаларын жабдықтау үшін 30 млн теңге бөлді.





Велоспортты дамыту

Freedom Finance Europe Ltd. түрлі демеушілік жобалар мен қаржылық жарналар арқылы спортты дамытуға белсенді қолдау көрсетеді. Есепті кезеңде Freedom Finance Europe Ltd. XDS Astana Team велокомандасына оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысу үшін демеушілік қолдау ретінде 2 млн еуро бөлді.


Astana жобасы — осы спорт түрінің жоғары дивизионы UCI WorldTour-да ұзақ уақыттан бері өнер көрсетіп келе жатқан Қазақстан Республикасының кәсіби велоспорттағы негізгі өкілдерінің бірі. Өзінің 20 жылдық тарихында команда елдің халықаралық велоспортқа бейілділігінің символына айналды және тұрақты қатысуы мен бәсекеге қабілетті нәтижелерінің арқасында Қазақстан Республикасының әлемдегі ең ірі жарыстарда қатысуын сақтауға көмектесті. Бұл қатысу елдің халықаралық велоспорт қауымдастығындағы позициясын нығайтады және ел туы астында өнер көрсететін кәсіби спортшыларды дамытуға қолдау көрсетеді.



Шахматты дамыту

Шахмат дәстүрлі түрде зияткерлік мазмұны ең жоғары спорт түрлерінің бірі болып саналады. Оны жүйелі түрде қолдау спорттық таланттар мен білім беру бастамаларын дамытуда негізгі рөл атқарады. 2023 жылғы қаңтардан бастап Тимур Турлов Қазақстан шахмат федерациясының Президенті қызметін атқарып, шахмат клубтарының санын арттыру, жаңа чемпиондарды тәрбиелеуге негіз қалау және шахматты түрлі өңірлерде дамыту міндеттерін алға қойып келеді.

Қор Қазақстан Республикасында шахматтық білім беруді ілгерілету және елдің ірі әлемдік турнирлердегі халықаралық нәтижелерін нығайту үшін Қазақстан шахмат федерациясына демеушілік қолдау ретінде 5,3 млрд теңге бөлді. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Алматыда шахматқа деген қызығушылықты дамыту, оның ішінде құрал-жабдық сатып алу, чемпионаттар, оқу-жаттығу жиындары және төрешілер мен балаларға арналған семинарлар ұйымдастыру үшін Қазақстан шахмат федерациясына демеушілік қолдау ретінде 8 млн теңге бөлді.



Қор мектептер арасындағы Дүниежүзілік командалық шахмат чемпионаты және «Мектептегі шахмат» ғылыми конференциясы арқылы шахмат мәдениетін ілгерілету және дамыту үшін Халықаралық мектеп шахмат федерациясына демеушілік қолдау ретінде 1,45 млрд теңге бөлді.

Сонымен қатар, Қор балалар мен жасөспірімдердің шахмат арқылы стратегиялық ойлауын, тәртібін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға демеушілік қолдау ретінде 99,5 млн теңге бөлді.

Қор шахмат сабақтары, турнирлер және іс-шаралар өткізуге арналған тарихи зал базасында әлеуметтік-мәдени және білім беру кеңістігін құру мен дамытуға бағытталған «Алматының тарихи шахмат клубы» жобасына демеушілік қолдау ретінде 81 млн теңге бөлді.

Freedom Finance Europe Ltd. Австрия шахмат федерациясына шахматтық білім беруді, ұлттық чемпионаттарды және бүкіл Австриядағы білім беру жобаларын қолдайтын бірлескен бастамалар үшін бас серіктес ретінде 60 мың еуро бөлді.



Оларға 2025 жылғы мамырдағы Grand Prix PlusCity, 2025 жылғы шілдедегі Overbank ұлттық чемпионаты, 2025 жылғы қазандағы Vienna Diplomatic Cup және 2025 жылғы желтоқсандағы Freedom24 Ladies Cup кірді. Freedom Finance Europe Ltd.

Кипр Республикасының шахмат федерациясына федерацияның қызметі мен іс-шараларын қолдау үшін бас серіктес ретінде 33,65 мың еуро бөлді. Оларға 2025 жылғы қарашада өткен шағын мемлекеттер арасындағы шахматтан Еуропа чемпионаты (Freedom Finance Europe Ltd. серіктес ретінде), 2025 жылғы қазандағы жастар арасындағы шахматтан Еуропа біріншілігі, 2025 жылғы қыркүйектегі жастар арасындағы шахматтан әлем біріншілігі, 2025 жылғы тамызда Кипр Республикасында өткен рапид және блиц чемпионаттары және 2025 жылғы наурыз–сәуірдегі Кипр Республикасының жабық шахмат чемпионаты кірді.

Freedom Finance Europe Ltd. FIDE 2026 Үміткерлер турнирінің тең ұйымдастырушысы және ресми серіктесі ретінде 1 млн АҚШ долларын бөлді. Кипр Республикасында алғаш рет өткізілген бұл беделді іс-шара әлем чемпионына қарсы шығу құқығы үшін таласатын әлемнің ең мықты ойыншыларын біріктіреді. Freedom Holding Corp.-пен бірлесіп турнир аясында Freedom24 Chess Academy оқушылары мен жергілікті шахмат клубтарының тәрбиеленушілеріне арналған гроссмейстерлермен шеберлік сабақтары және ойындар ұйымдастырылды, бұл жас ойыншыларға кәсіби даму үшін бірегей мүмкіндіктер берді.



Жастар спортын және инклюзивті спортты дамыту

Қор ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті футбол секцияларын ұсынатын «UNI FOOTBALL LEAGUE» жобасы үшін «Болашақ» корпоративтік қорына демеушілік қолдау ретінде 31,95 млн теңге бөлді. Бұл бастама әртүрлі физикалық және когнитивтік қабілеттері бар балаларға футбол ойнауға мүмкіндік беру мақсатында іске қосылды. Ол балалардың дене белсенділігін арттыруға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға және спорт арқылы қоғамға интеграциялануына бағытталған, бұл түптеп келгенде тең мүмкіндіктер қалыптастырып, олардың өмір сүру сапасын жақсартады.

Қор «Қарағанды облысының футболы» Корпоративтік қорына «АЛҒА» мектеп футболы жобасын іске асыруға, жастар мен ересектер арасында футбол және футзал жарыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ балалар үйлері мен мамандандырылған мектептерге арналған киберфутбол бойынша әлеуметтік бастамаға 846 млн теңге бөлді. Бұл үлес әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балаларға жарыстық спортпен айналысуға және бірлескен іс-шараларға қатысуға мүмкіндік бере отырып, дене саулығын нығайтуға және әлеуметтік инклюзияға ықпал етеді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Алматы марафонына қатысу үшін «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қорына 5,5 млн теңге бөлді. Демеушілік жарналардың мөлшері жүгіруге қатысқан банк қызметкерлерінің санына байланысты болды. Бұл жоба «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметкерлерін денсаулықты нығайтатын іс-шараларға қатысуға ынталандырады және бір мезгілде жүгіруге қатысушылардың тіркеу жарналары есебінен қаржыландырылатын қайырымдылық жобаларына қаражат бағыттайды.

Мұндай тәсіл денсаулыққа қамқорлықты, адамдардың қатысуын және қайырымдылықты өлшенетін әрі қайталанатын форматта біріктіреді, оны болашақ іс-шараларға да кеңейтуге болады.

Олимпиадашыларды қолдау

Қор Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетіне (ҰОК) ұлттық спорт делегациясын ірі мультиспорттық іс-шараларға дайындау және қатыстыру үшін демеушілік қолдау ретінде 126 млн теңге бөлді. Қолдау халықаралық форумдарға, үйлестіру кездесулеріне, оқыту семинардарына және спортты дамыту үшін маңызды басқа да іс-шараларға байланысты негізгі ұйымдастырушылық, әкімшілік және іссапар шығындарын өтеді. Бұл Ұлттық Олимпиада комитетіне халықаралық спорт ұйымдарымен жұмыс қатынастарын қолдауға, білім алмасу іс-шараларына қатысуға және ұлттық спортты дамытудың басым міндеттерін шешуге мүмкіндік берді. Бұл үлес сондай-ақ Қазақстан Республикасында олимпиадалық деңгейдегі спортты дамытуға қолдау көрсетеді және елдің халықаралық спорт аренасындағы қатысуын нығайтуға көмектеседі.

Freedom Finance Europe Ltd. Олимпиада ойындарының екі дүркін жүлдегері, Кипр Республикасына олимпиада медалін әкелген жалғыз спортшы Павлос Контидесті қолдауға 133,88 мың еуро бөлді. Бренд амбассадоры ретінде ол халықаралық желкенді спорт жарыстарына қатысуын жалғастыра отырып, Компанияны таныстырады, ал бұл қолдау оның жоғары деңгейдегі жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Оның спорттағы белсенділігі Кипр Республикасындағы жас спортшылардың желкенді спортқа қызығушылығын сақтауға да ықпал етеді.



Өңірлік және мамандандырылған спорт федерацияларын қолдау

«Freedom Life» ӨСК» АҚ Жетісу облысының Бокс федерациясына жаттығу қызметін, жергілікті спортшыларды дамытуды және бас демеуші ретіндегі жалпы қызметті қолдау үшін 50 млн теңге бөлді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Жетісу облысының Бокс федерациясына кәсіби спортшыларды 2026 жылғы ұлттық және халықаралық турнирлерге және Олимпиада ойындарына дайындауды қаржыландыру үшін 100 млн теңге бөлді.

«Freedom Life» ӨСК» АҚ «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамына оның 100 жылдығын атап өтуді қолдау үшін 45 млн теңге бөлді. Freedom Finance Europe Ltd. Celica Cyprus командасының перспективалы кипрлік автожарысшысы спортшысын қолдауға 20,83 мың еуро бөлді.



Жол қозғалысы қауіпсіздігін және білім беру бастамаларын ілгерілету

«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ жол қозғалысы қауіпсіздігі қағидалары туралы білім беру бейнематериалдарын өндіруге 58,95 млн теңге бөлді. Бұл материалдар түсініктілікке, практикалық ұсынымдарға және әртүрлі аудитория үшін қолжетімділікке баса назар аудара отырып, халықтың жолдағы қауіпсіз мінез-құлық туралы хабардарлығын арттыруға арналған. Алдын алу сипатындағы ағартушылыққа инвестиция сала отырып, бастама халықтың қауіпсіздігіне ықпал етеді және жауапты азаматтық пен тәуекелдерді төмендетудің кең ауқымды тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Жүгіру

Freedom Finance Europe Ltd. жергілікті экологиялық бастамаларға белсенді қатысу арқылы Кипр Республикасының экологиялық тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатына үлес қосты. Мұндай қатысу корпоративтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады және аралдың табиғи сұлулығын тұрғындар мен қонақтар үшін сақтауға көмектеседі. Freedom Finance Europe Ltd. 2026 жылғы Лимасол марафоны кезінде өткен «Clean Up» акциясы үшін City Friend Club ұйымына 2,63 мың еуро бөлді. Қаржылық қолдаумен қатар, компания қызметкерлері іс-шараға еріктілер ретінде қатысып, қоқыс жинауға және жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қалпына келтіруге көмектесті.

Экологиялық бастамалар

Экологиялық қолдау бұрынғыдай табиғи экожүйелерді сақтауға, тұрақты тәжірибелерді ілгерілетуге және экологиялық хабардарлықты арттыруға бағытталды. Қызмет табиғатты қорғау жұмыстарын, қалпына келтіру шараларын және жауапты мінез-құлық пен халықтың қатысуын ынталандыратын білім беру бастамаларын қамтыды. Бұл жобалар биоалуантүрлілікті қорғауға көмектеседі және ұзақ мерзімді экологиялық тұрақтылықты нығайтады.

«Эко-ауыл» жобасы

Қор Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы Арал ауданында орналасқан Жіңішкекұм ауылындағы «Эко-Ауыл» жобасын қолдауға 67,81 млн теңге бөлді. «Эко-Ауыл» өңір тұрғындарының өмір сапасын негізгі өмірлік маңызы бар ресурстарға — таза суға, энергияға және медициналық қызметтерге тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы кешенді түрде жақсартуды көздейді. Жоба кейіннен кеңейту мүмкіндігімен өңірдегі ауылдық орта мектептердің бірінің аумағында пилоттық бастаманы іске асыруға бағытталған.

Freedom Fandomats

Пластик қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін шешу және айналмалы экономиканы дамытуды қолдау қажеттігін мойындай отырып, Компания қайта өңдеуге арналған қалалық инфрақұрылымды құруға белсенді ықпал етеді. Есепті кезеңде Қор пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларын жинауға арналған Freedom Fandomats арқылы экологиялық орнықтылыққа бейілділігін ілгерілетуді жалғастырды. Жоба қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, халықтың экологиялық хабардарлығын арттырады және Компанияның оң экологиялық беделін нығайтады.

Есепті кезеңде жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі 134,97 млн теңгені құрады. Есепті кезеңнің соңына қарай Freedom Fandomats жалпы саны 466,69 мың пластикалық бөтелке және 90,29 мың алюминий банка жинады. Нәтижесінде 1,69 млн теңге пайдаланушылардың банк карталарына тікелей аударылды, ал 435,11 мың теңге Аралды құтқару халықаралық қорына жіберілді, бұл өңірдегі қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерге қосымша қолдау көрсетті.



Экожүйелерді қалпына келтіруді қолдау

Freedom Holding Corp. Priceless Planet Coalition коалициясы аясындағы ормандарды қалпына келтіру жобаларын қолдау үшін Conservation International Foundation қорына 20 мың АҚШ доллары көлемінде қайырымдылық жасады.

Есепті кезеңде Freedom Holding Corp. Арал теңізінің құрғаған табанының экожүйесін қалпына келтіру бойынша «Aral Oasis» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастықты жалғастырды. Осы бастама аясында Қор Қызылорда облысындағы Арал теңізінің құрғаған табанында орман отырғызу жұмыстарына демеушілік қолдау ретінде 34,04 млн теңге бөлді. Бұл үлес көшеттерді отырғызу және сақтау үшін қажетті ұйымдастырушылық, әкімшілік және логистикалық қолдауды қаржыландыру арқылы қалпына келтіру жобасының тұрақты іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Есепті кезеңде «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиенттерге 10% мөлшерінде жоғары кешбэк беретін «Araldy saqta» депозиттік картасын ұсынуды жалғастырды. Бағдарлама аясында 19,06 млн теңге кешбэк жиналып, «Aral Oasis» қоғамдық бірлестігіне аударылды. 2025 қаржы жылының басынан бері кешбэктің жиынтық көлемі 26,99 млн теңгені құрады.

Freedom Finance Europe Ltd. қызметкерлері отбасы мүшелерімен бірге Ларнакадағы Арадиппу муниципалитетін көгалдандыру жөніндегі еріктілер акциясына қатысты. Freedom Finance Europe Ltd. іс-шараны қажетті материалдармен және ресурстармен қамтамасыз етуге 1,88 мың еуро көлемінде қаржыландыру бөлді. Бастама нәтижесінде 1 мың ағаш пен өсімдік отырғызылды. Көшеттердің жерсінуін қамтамасыз ету үшін олардың дербес вегетациялық циклге көшуіне дейін үш жылдық тұрақты күтім кезеңі көзделген, бұл өңірдегі жасыл аймақтарды қалпына келтіруге және ұзақ мерзімді сақтауға ықпал етеді.



Тұран жолбарысын реинтродукциялау

Қазақстан Республикасында жолбарысты реинтродукциялау бағдарламасы аясында 2022 жылы Жолбарысты сақтау жөніндегі II халықаралық форумда Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжат Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF) Тұран жолбарысын реинтродукциялау жөніндегі ынтымақтастығын бекітті.

Қор Қазақстан Республикасында жолбарысты реинтродукциялау жобасын қолдауды қаржыландыру үшін «Жолбарыс» жабайы мысықтарды сақтау қауымдастығына 102 млн теңге бөлді.

Меморандумды іске асыру бірнеше негізгі кезеңді қамтиды, оның ішінде Қазақстан жұмыс тобының жолбарыстарды Ресейден Қазақстан Республикасына беру шарттарын келісу үшін Ресейдің Қиыр Шығысына сапары, қазақстандық мамандарға арналған оқыту бағдарламалары, Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерватында салынған және жолбарыстарды уақытша ұстауға (ветеринариялық карантинге) арналған вольерлерді нығайту, сондай-ақ кейіннен Ресейден Қазақстан Республикасына төрт жолбарысты беру.



Мәдениет және өнер

Есепті кезеңде Топ көркем мұраны сақтауға көмектесетін, шығармашылық өзін-өзі танытуға ықпал ететін және әртүрлі мәдениеттердегі мәдени бірегейлікті нығайтатын бірқатар мәдени бастамаларды қолдады. Қызмет классикалық музыка байқауларын, ірі орындаушылық өнер мекемелерін, диаспораның мәдени іс-шараларын, сондай-ақ әдеби шығармашылық пен қоғамдық диалогты ынталандыратын бастамаларды қолдауды қамтыды. Бұл күш-жігер мәдени өмірге белсенді қатысуға ықпал етті, жас таланттарға мүмкіндіктер жасады және өнер мен мәдени қызметті кең аудитория үшін қолжетімді етуге көмектесті.



Мәдениет мекемелері мен іс-шараларды қолдау

Freedom Finance Armenia LLC Армения Республикасының мәдени дамуын нығайту мақсатында Хачатурян атындағы халықаралық байқауды қолдап, 123 млн армян драмын бөлді. Бұл іс-шараға неғұрлым ауқымды мақсаттар қоюға, халықаралық қатысуды кеңейтуге және жас классикалық музыканттар үшін мүмкіндіктерді арттыруға мүмкіндік берді. Бұл үлес мәдениетті тұрақты ұлттық дамудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде нығайтып, экономикалық ілгерілеуді Армения Республикасының көркем мұрасын сақтау және ілгерілетумен ұштастыруға көмектесу арқылы Компанияның әлеуметтік әсер саласындағы кең ауқымды күн тәртібін ілгерілетті.

Қор Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрына демеушілік қолдау ретінде 151,23 млн теңге бөлді. Қаражат театр маусымын табысты өткізуге, оның ішінде ірі мәдени және көркем іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге, сондай-ақ маусым бойы театр қызметінің кең ауқымды бағдарламасын қолдауға бағытталды.

Freedom Holding Corp. Сан-Францискода Наурыз мерекесін ұйымдастыруға 7,6 мың АҚШ долларын бөлді. Бастама жергілікті диаспорада қазақ мәдени дәстүрлерін сақтауға және ілгерілетуге қолдау көрсетті, оның өкілдеріне мәдени бірегейлігін сақтауға көмектесіп, сонымен бірге кең аудитория арасында мәдениетаралық түсіністікті дамытуға ықпал етті. Осы іс-шараны қолдай отырып, Компания диаспора ішіндегі байланыстарды нығайтуға, шетелде тұратын қазақ отбасыларының ортақ қауымдастыққа тиесілілік сезімін қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының бай мәдени мұрасын халықаралық деңгейде танытуға үлес қосты.

Әдебиет пен тарихты қолдау

Қор Қазақстан тарихына арналған «Қазақстан тарихы: ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» атты академиялық көптомдық серияны қазақ тілінде басып шығару үшін Ұлттық аударма бюросына 171,63 млн теңге бөлді. Бұл үлес ұлттық мұраны сақтауға қолдау көрсетеді және қоғамға ел тарихының толық ғылыми баяндалуына қолжетімділік береді.

Қор «Зияткер Қоғам» қоғамдық қорына Аналитика мектебінің үшінші және бесінші циклдерін қолдауға және Қазақстан мәдениеті, өнері мен қоғамына арналған кітаптарды басып шығаруға 54 млн теңге бөлді. Бұл бастама жергілікті сарапшыларға әлеуметтік үрдістерді талдауға және елдің мәдени дискурсын байытуға мүмкіндік бере отырып, зияткерлік дамуға және академиялық зерттеулерге ықпал етеді.

Қор 2026 жылы Қазақстан туралы үздік роман байқауын ұйымдастыру және өткізу үшін Mecenat.kz платформасына 44,25 млн теңге бөлді.

Сыйлық ретінде «Freedom Life» ӘСК» АҚ жеңімпазбен ай сайын 500 АҚШ доллары мөлшерінде төлем жасалатын өмір бойғы рента шартын жасасты. Есепті кезеңде жеңімпаздарға төленген жалпы сома 11,65 млн теңгені құрады. Сыйлықтың негізгі мақсаты — барлық қазақстандықтарды тарихи Отанымен және ана тілімен ортақ байланыс арқылы біріктіру. Бейтараптықты қамтамасыз ету үшін жеңімпазды таңдау қазылар алқасының қатысуынсыз толығымен оқырмандарға сеніп тапсырылған.

Freedom Finance Armenia LLC елдің мәдени және білім беру ортасын нығайтатын бастамаларды қолдай отырып, Армения Республикасында әдебиетті ілгерілетуге және зияткерлік дамуға үлес қосты. Freedom Finance Armenia LLC NewMag қысқы кітап фестиваліне іс-шараның бас демеушісі ретінде 2,5 млн армян драмын бөлді. Бұл үлес жергілікті авторлардың мүмкіндіктерін кеңейтетін және белсенді оқу мәдениетін қалыптастыратын кітап тұсаукесерлері мен панельдік пікірталастарды өткізуге ықпал етеді.





Өзге жобалар



Қызмет ететін өңірлерге инвестиция тарту

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ 2025 жылғы мамырда Астанада Халықаралық форумды ұйымдастыру және өткізу үшін QazExpoCongress корпоративтік қорына демеушілік қолдау ретінде 350 млн теңге бөлді. Форум климаттың өзгеруі мен энергетикалық қауіпсіздіктен бастап сауда, инновациялар және тұрақты дамуға дейінгі өзекті жаһандық сын-қатерлерге арналды.

Қор «Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағын дамытуға және Ақтөбе облысының инвестициялық ахуалын жақсартуға 30 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті. Жоба ағымдағы жағдайға қаржылық талдау жүргізуді, қаржылық модельдер әзірлеуді, тұжырымдамалық пайымды дайындауды, қажетті құжаттар пакетін қалыптастыруды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан алынған ескертулерді келісу мен пысықтауды, сондай-ақ есептер дайындауды қамтиды. Мұндай қолдау өңірлік билік органдарына инвестициялық мүмкіндіктер туралы неғұрлым нақты әрі деректерге негізделген түсінік қалыптастыруға, жоспарлау мен шешім қабылдауды жақсартуға, сондай-ақ өңірдің артықшылықтарын әлеуетті инвесторларға неғұрлым құрылымды түрде жеткізуге көмектеседі.



BE WOMAN ASIA форумы

Freedom Holding Corp. бас демеуші ретінде Алматыда Be WOMAN Asia 2025 форумын ұйымдастыруға 250 мың АҚШ долларын бөлді. 26–27 қыркүйекте Республика сарайында өткен іс-шара Орталық Азиядағы әйелдер көшбасшылығына арналған ең ірі алаңдардың біріне айналып, 20-дан астам елден 3 мыңнан астам қатысушыны біріктірді. Екі күндік форум барысында қатысушылар әйелдер кәсіпкерлігіне, әлеуметтік әсерге және көшбасшылықтағы ұрпақтар сабақтастығына арналған панельдік пікірталастарға, негізгі сессияларға, менторлық форматтарға және серіктестік белсенділіктерге қатысты. «Ұрпақтар күші» атты негізгі тақырып аға буынның тәжірибесі мен жас көшбасшылардың энергиясы білім беру, технологиялар және экономикалық даму салаларында ұзақ мерзімді ілгерілеуді қалай қалыптастыра алатынын ашып көрсетті.



Қоршаған орта



Экологиялық әсерді басқару тәсілі 94
Климаттың өзгеруі 98
Энергия тұтыну және энергия тиімділігі 104
Су ресурстарын пайдалану 106
Қалдықтарды басқару 107

Экологиялық әсерді басқару тәсілі

GRI 3-3

Freedom Holding Corp. қоршаған ортаға әсер етуге қатысты операциялық қызметіне сақтық қағидатын[77] интеграциялайды.

Freedom Holding Corp.-тың экологиялық әсерді басқару тәсілі мынадай басым бағыттарға[78] негізделген:

- Парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын азайту;
- Энергия мен суды қоса алғанда, табиғи ресурстарды жауапты пайдалану;
- Түзілетін қалдықтар көлемін барынша азайту және қалдықтарды тұрақты басқару жүйесін қолдау;
- Қызметкерлердің экологиялық хабардарлығын арттыру және ашық коммуникация арқылы мүдделі тараптардың қатысуына жәрдемдесу;
- Бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін климаттық тәуекелдерді бағалау және басқару.

[77] 1992 жылғы Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясында баяндалған №15 қағидат.

[78] Қазіргі уақытта Компанияда сандық нысаналы көрсеткіштер жоқ, алайда ол оларды жоспарлау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. ESG саясаты әзірленген. Толығырақ ақпарат алу үшін ESG саясатымен танысу мақсатында «Тұрақты дамуды басқару тәсілі» бөліміне өтіңіз.

[79] Freedom Finance Europe Ltd. қоспағанда, онда Қоршаған ортаны қорғау саясатын бекіту 2026 жылдың соңына қарай күтіледі.

Есепті кезеңдегі экологиялық менеджменттің негізгі нәтижелері

2026 қаржы жылында Freedom Holding Corp. Топтағы экологиялық менеджмент тәжірибелерін нығайтуға назар аударды. Есепті жылы іске асырылған негізгі іс-қимылдар мен бастамалар:

Компанияның экологиялық бастамаларын қолдауға

371,4 млн теңге

бағытталды


- Есептік топ аясында Компанияның экологиялық бастамаларын қолдауға 371,4 млн теңге бағытталды;
- Қоршаған ортаны қорғау саясаты 2025 жылғы шілдеде ресми түрде бекітілді. 2026 қаржы жылы ішінде оны Есептік топтың еншілес ұйымдары деңгейінде енгізу жүзеге асырылды. 2026 қаржы жылының соңына қарай енгізу процесі барлық ұйымдарда аяқталды[79];
- Соңғы екі есепті кезең ішінде Есептік топта экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты экологиялық айыппұлдар, санкциялар немесе әкімшілік іс жүргізулер тіркелген жоқ;
- 2026 қаржы жылында «Freedom Finance Global PLC» ЖК Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша парниктік газдардың таза нөлдік шығарындыларына (Net Zero) қол жеткізу жөніндегі міндеттемені бекітті және оған қол жеткізудің мақсатты мерзімін 2060 жыл деп белгіледі;
- Есепті кезеңде Freedom Travel («Aviata» ЖШС) ESG департаментімен бірлесіп, клиенттерге әуе сапарларының көміртегі ізін ескере отырып, ормандарды қалпына келтіру жобаларына үлес қосуға мүмкіндік беретін функция әзірледі. Функция 2026 жылғы 3 сәуірде іске қосылды;
- Еншілес ұйымдардың қызметкерлері үшін парниктік газдар шығарындыларын есептеу бойынша ішкі сараптаманы дамытуға және деректерді бірыңғай форматта ұсынуға бағытталған тренинг өткізілді;
- Ықтимал осалдықтарды анықтау және бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығын арттыру мақсатында климаттық тәуекелдерге жыл сайынғы бағалау жүргізілді. 2026 қаржы жылында бағалау ауқымына «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелі енгізілді;
- Есепті кезеңде «жасыл кеңсе» қағидаттарын қолдану тәжірибесі кеңейтілді: «Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ қатарына «Freedom Finance Global PLC» ЖК қосылды. Аталған еншілес ұйымдар қалдықтарды тұрақты басқару жүйесін дамыту аясында түзілетін қалдықтардың бір бөлігін қайта өңдеуге жіберуді жалғастырды.



Экологиялық бастамалар және ынтымақтастық

«Aral Oasis» қоғамдық бірлестігін қолдау

Есепті кезеңде Freedom Holding Corp. Арал теңізінің құрғаған табанындағы экожүйелерді қалпына келтіру жобаларын іске асыру аясында «Aral Oasis» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастықты жалғастырды. Барлық отырғызу материалы жабық тамыр жүйесі әдісімен өсірілді, бұл көшеттердің ұзақ мерзімді перспективада жерсінуіне және өңірлік экожүйенің қалпына келуіне ықпал етеді.



34,04 млн теңге

65,7 мың АҚШ доллары

Есепті кезеңде «Фридом Банк Қазақстан» АҚ клиенттерге 10% мөлшеріндегі жоғары кешбэк мөлшерлемесі бар «Araldy saqta» депозиттік картасын ұсынуды жалғастырды.

19,06 млн теңге

39,56 мың АҚШ доллары[80]

«Aral Oasis» қоғамдық бірлестігіне аударылды

2025 қаржы жылының басынан бері кешбэктің жиынтық көлемі

26,99 млн теңгені

56,06 мың АҚШ доллары

құрады

«Жолбарыс» қауымдастығын қолдау

Компания Тұран жолбарысы популяциясын қалпына келтіру бойынша жұмысты «Жолбарыс» жабайы мысықтарды сақтау қауымдастығын қаржыландыру арқылы жалғастырды.

4 жолбарыс жабайы табиғатқа қайта жерсіндіруге дайындық аясында 2026 жылғы мамырдағы жағдай бойынша жеткізілді.

102 млн теңге

196,88 мың АҚШ доллары

Freedom Fandomat

Freedom Holding Corp. және «Freedom Шапағат» корпоративтік қоры пластик бөтелкелер мен алюминий банкаларын қабылдап, кейін қайта өңдеуге жіберуге арналған Freedom Fandomat фандоматтарын орнатты. Бастама қайта өңдеу мәдениетін дамытуға, экологиялық хабардарлықты арттыруға және Компанияның экологиялық саладағы оң беделін нығайтуға ықпал етеді.

2026 қаржы жылында

15,22 тонна[81]

466 694 пластик бөтелке

1,18 тонна[82]

90 285 алюминий банка

жиналды

134,97 млн теңге

260,53 мың АҚШ доллары

«Эко-Ауыл» жобасы

Freedom Holding Corp. Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы Арал ауданындағы Жіңішкеқұм ауылында «Эко-Ауыл» жобасын іске асыруды аяқтады.

Жоба жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, тиімді сумен жабдықтау жүйесін дамыту және экологиялық тұрақты құрылыс әдістерін қолдану арқылы ауылдық жердегі өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал етті.

67,81 млн теңге

130,89 мың АҚШ доллары



[80] Аралды құтқару халықаралық қорына аударылған қаражат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2026 жылғы 31 наурыздағы ресми бағамы бойынша АҚШ долларымен есептелді (1 АҚШ доллары = 481,54 теңге).

[81] Көлемі 1,5 литр пластик бөтелкенің орташа салмағы 32,6 граммды құрайды.

[82] Стандартты бос алюминий банканың орташа салмағы 13,11граммды құрайды.

Ағаш отырғызу және ормандарды қалпына келтіру бастамасы

2025 жылы Freedom Finance Europe Ltd. қызметкерлері отбасы мүшелерімен бірге Ларнакадағы Арадиппу муниципалитетінде ағаш отырғызу бастамасына қатысты. Бастама өңірдің жасыл аймақтарын қалпына келтіруге және ұзақ мерзімді сақтауға ықпал етеді.



Өрттен зардап шеккен аудандарда жергілікті орман экожүйелерін қалпына келтіруге жәрдемдесу мақсатында

100 ағаш отырғызылды

Ларнакада - 1 мың ағаш пен өсімдік

отырғызылды, оларға үш жыл бойы — қосымша күтімсіз өсе алатын кезеңге дейін күтім жасалады

ағаш отырғызу бастамаларын қаржыландырудың жалпы көлемі

4,98 мың еуроны

5,75 мың АҚШ доллары құрады, оның ішінде:

1,88 мың еуро

2,7 мың АҚШ доллары

Ларнакада ағаш отырғызуға бағытталды

3,1 мың еуро

3,58 мың АҚШ доллары

өрттен зардап шеккен аудандарда ағаш отырғызуға бағытталды

Қайта өңдеу және саналы тұтыну бағдарламалары

«Arbuz Group» ЖШС Arbuz Eco қалдықтарды қайта өңдеу бастамасын дамытып келеді, оның аясында клиенттерге қағаз және пластик пакеттерді, сондай-ақ Arbuz Select тұрмыстық химия өнімдерінің ыдыстарын кейін қайта өңдеу үшін қайтару ұсынылады. Курьерлер аталған материалдарды келесі жеткізілімдер кезінде алып кетеді, содан кейін материалдар жергілікті қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарына тапсырылады.
Бастама полигондарға жіберілетін тұтынушылық қаптама көлемін азайтуға, қалдықтардың түзілуін қысқартуға және Компания мен оның клиенттері арасында жауапты тұтынудың ортақ мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Conservation International» қорын қолдау

Priceless Planet Coalition аясында Freedom Holding Corp. ормандарды қалпына келтіру жобаларын қолдайтын Conservation International қорына қайырымдылық жасайды.

20 мың АҚШ доллары

Аумақты тазалау бастамасы

City Friends Club-пен серіктестікте Freedom Finance Europe Ltd. қызметкерлері Кипрде аумақты тазалау жөніндегі еріктілер бастамасына қатысты.

460 кг

пластик қалдық жиналды

Бірлескен көлік бастамасы

«Arbuz Group» ЖШС және Freedom Finance Armenia LLC қызметкерлерді жұмыс орындары мен белгіленген отырғызу және түсіру пункттері арасында тасымалдау үшін корпоративтік шаттлдар ұйымдастырды. Шаттлдарды пайдалану жеке автокөлікпен жасалатын сапарларды азайтуға және бір жолаушыға шаққандағы CO_2 шығарындыларын төмендетуге, сондай-ақ қызметкерлердің жұмысқа қатынау кезінде экологиялық жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға және олардың экологиялық хабардарлығын арттыруға ықпал етті.

«Жасыл кеңсе» қағидаттары

«Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Finance Global PLC» ЖК қоса алғанда, еншілес ұйымдар қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру және қызметкерлер арасында саналы тұтыну мен қалдықтарға жауапты қарау мәдениетін қалыптастыру арқылы «жасыл кеңсе» қағидаттарын енгізуді жалғастырды.

Есепті кезеңнің негізгі экологиялық көрсеткіштері

21 708

т CO_2-экв.

атмосфераға шығарылған парниктік газдардың жалпы көлемі (Scope 1, Scope 2 және Scope 3-тің 6 және 8 санаттарын қоса алғанда)

2,518 млн

т CO_2-экв.[83]

қаржыландырылатын парниктік газдар шығарындыларының көлемі (Scope 3, 15-санат)



76

Мл

су ресурстарын пайдаланудың жалпы көлемі

157

т

түзілген қалдықтардың жалпы көлемі

106

т

қайта өңдеуге жіберілген қалдықтардың көлемі

138 731

ГДж

энергия тұтынудың жалпы көлемі

Компанияның экологиялық жауапкершілік саласындағы мақсаттары

- Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру
- Тұйық циклді экономика қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған бастамаларды қолдау және дамыту
- Экологиялық білім беруді ілгерілету және қызметкерлер мен жұртшылықты қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы хабардар ету
- Экологиялық жауапкершілік саласындағы нәтижелерді тұрақты жақсарту үшін экологиялық көрсеткіштерге жүйелі мониторинг және бағалау жүргізу

[83] Кредиттік портфельді, бағалы қағаздар мен егемендік борышты (ЖПЖКПӨОШ қоса алғанда), сондай-ақ Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының сақтандыру портфелін қамтиды. Толығырақ «Қаржыландырылатын шығарындылар» кіші бөлімінен қараңыз.

Климаттың өзгеруі

GRI 3-3, 305-1, 305-2, 305-3, 305-4

Есепті кезеңде Компания парниктік газдар (ПГ) шығарындыларына сандық бағалау жүргізді, сондай-ақ операциялық процестерді және бастапқы деректерді есепке алуды жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асырды. Компания қолданылатын халықаралық және ұлттық әдіснамалық тәсілдер мен талаптарға сәйкес Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша ПГ шығарындыларын мониторингтеу жүйесі мен бағалау әдіснамасын дамытуды жалғастырды.

Белгіленген операциялық шекаралар шегінде Компания тікелей ПГ шығарындыларын (Scope 1), жанама энергетикалық ПГ шығарындыларын (Scope 2) және қызметкерлердің іссапарларына (6-санат), жалға алынған активтерге (8-санат) және қаржыландырылатын шығарындыларға (15-санат) байланысты өзге де жанама ПГ шығарындыларын (Scope 3) сандық түрде бағалады. Scope 1, Scope 2 және Scope 3 бойынша шығарындыларды жіктеу GHG Protocol A Corporate Accounting and Reporting Standard халықаралық стандартына сәйкес жүзеге асырылды. Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау CO_2, CH_4 және N_2O шығарындыларын қамтиды.

Scope 1 аясына шығарындылар көздерінің мынадай санаттары енгізілді:

- Қазба отынды стационарлық жағу;
- Қазба отынды мобильді жағу.

Scope 2 аясына шығарындылар көздерінің мынадай санаттары енгізілді:

- Компанияның еншілес ұйымдарының меншікті объектілерінің пайдалану қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сыртқы көздерден импортталған және тұтынылған электр энергиясын өндіру;
- Компанияның еншілес ұйымдарының меншікті объектілерінің пайдалану қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сыртқы көздерден импортталған және тұтынылған жылу энергиясын өндіру.

Scope 3 аясына шығарындылар көздерінің мынадай санаттары енгізілді:

- Компанияның еншілес ұйымдарының жалға алынған объектілерінің пайдалану қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін импортталған және тұтынылған электр энергиясын өндіру;
- Компанияның еншілес ұйымдарының жалға алынған объектілерінің пайдалану қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін импортталған және тұтынылған жылу энергиясын өндіру;
- Қызметкерлерді іссапар кезінде тасымалдау барысында көлік құралдарын (ұшақтар, пойыздар, жеңіл автомобильдер және т.б.) пайдалану нәтижесінде отын жағу;
- Freedom Holding Corp.-тың инвестициялық, кредиттік және сақтандыру портфельдеріндегі ұйымдардың қызметіне байланысты отын жағу, импортталған тұтынылған энергияны өндіру және өзге де өндірістік процестер.

Сандық бағалаудың әдіснамалық негізін мынадай халықаралық және ұлттық нормативтік құжаттар құрады:

- Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемелерін бекіту туралы» бұйрығы;
- Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар топтың (КӨҮСТ) 2006 жылғы парниктік газдардың ұлттық кадастрлары жөніндегі нұсқаулық қағидаттары;
- GHG Protocol A Corporate Accounting and Reporting Standard халықаралық стандарты;
- Қаржы саласына арналған парниктік газдар шығарындыларын есепке алу және есептілік жөніндегі PCAF жаһандық стандарты: A бөлігі және C бөлігі;
- Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар топтың (КӨҮСТ) 2021 жылғы Алтыншы бағалау баяндамасы.

Есепті кезеңде парниктік газдардың жалпы шығарындылары:



3 187

т CO_2-экв.;

Тікелей парниктік газдар шығарындылары (Scope 1)

4 910

т CO_2-экв.;

Жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындылары (Scope 2)

13 611

т CO_2-экв.;

Өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары (Scope 3, 6 және 8 санаттары)

2 518 404

т CO_2-экв.;

Қаржыландырылатын шығарындылар (Scope 3, 15-санат)

2,27

т CO_2-экв./қызметкер[84]

Бір қызметкерге шаққандағы шығарындылардың үлестік мәні (Scope 1, Scope 2 және Scope 3). Көрсеткішті есептеу үшін бөлгіш ретінде 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны пайдаланылды

0,001

т CO_2-экв./АҚШ доллары

Жиынтық түсімнің АҚШ долларына шаққандағы парниктік газдар шығарындыларының үлестік мәні (Scope 1, Scope 2 және Scope 3). Көрсеткішті есептеу үшін бөлгіш ретінде 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша жиынтық түсім пайдаланылды

[84] Деректер қаржыландырылатын шығарындыларды (Scope 3, 15-санат) қамтымайды. 2026 қаржы жылындағы қаржыландырылатын шығарындылар кредиттік портфель, бағалы қағаздар, егемендік борыш (ЖПЖПӨОШ қоса алғанда) және сақтандыру портфелі бойынша шығарындыларды қоса алғанда, 2,5 млн т CO_2-экв. құрады.

Шығарындылардың жиынтық көлемі соңғы үш жыл бойы өсу үрдісін көрсетті. 2026 қаржы жылында көрсеткіш 2025 қаржы жылымен салыстырғанда 36%-ға артты. Өсім Компания бизнесінің қарқынды кеңеюіне, оның ішінде кеңселер санының ұлғаюына, сондай-ақ Есептің операциялық шекараларының өзгеруіне байланысты болды. Есепті кезеңде парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалаудың операциялық шекаралары Freedom Finance Europe Ltd. қызметінің географиялық кеңеюін және бірнеше юрисдикциядағы қосымша кеңселердің енгізілуін ескере отырып жаңартылды. Сонымен қатар Freedom Telecom Holding Ltd. және «Arbuz Group» ЖШС-де еншілес ұйымдарды қайта ұйымдастыруды және бірнеше елде кеңселік әрі операциялық инфрақұрылымды кеңейтуді қоса алғанда, құрылымдық өзгерістер орын алды.

Freedom Holding Corp. басшылығы климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимылдың маңыздылығын мойындайды. Компания еншілес ұйымдардағы деректерді жинау процестерін одан әрі жетілдіруді, сондай-ақ деректерді тұрақты мониторингтеу және тексеру бойынша ішкі рәсімдерді енгізуді жоспарлап отыр.


2026 қаржы жылындағы шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда өсуі

36 %

құрады

Келесі графикте 2024, 2025 және 2026 қаржы жылдарындағы парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі көрсетілген:

17-СУРЕТ. ҚАМТУ АЯЛАРЫ БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ т CO_2-экв[83]




Тікелей парниктік газдар шығарындылары (Scope 1)


Есепті кезеңде тікелей парниктік газдар шығарындыларының негізгі көздері қазба отынды стационарлық және мобильді жағу болды. Стационарлық жағу тек «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Technologies» ЖШС және «Arbuz Group» ЖШС-де энергия өндіретін жабдықтарды пайдалану кезінде жүзеге асырылды, мұнда отын ретінде табиғи газ және дизель отыны қолданылды. Басқа еншілес ұйымдарда энергия өндіретін жабдықтар пайдаланылған жоқ. 2026 қаржы жылында стационарлық жанудан туындаған парниктік газдар шығарындылары 115 т CO_2-экв. құрады, бұл стационарлық көздердегі отын шығынының төмендеуіне байланысты 2025 қаржы жылындағы көрсеткіштен 7,5%-ға аз.

Аталған шығарындылардың негізгі көздері «Arbuz Group» ЖШС объектілеріндегі жылыту қазандықтары және 2026 қаржы жылында «Freedom Technologies» ЖШС пайдалануға енгізген дизель генераторы болды. Қазба отынды мобильді жағудан туындаған парниктік газдар шығарындылары Есептік топ компанияларына тиесілі көлік құралдарын пайдаланумен байланысты. Отын ретінде дизель отыны мен автомобиль бензині пайдаланылды. Есепті кезеңде мобильді жағудан туындаған парниктік газдар шығарындыларының көлемі 3 071,67 т CO_2-экв. құрады. 2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен 30%-ға өсуі Компания бизнесінің қарқынды кеңеюіне және соның салдарынан бизнесті жүргізу үшін пайдаланылатын көлік құралдары санының ұлғаюына байланысты.

18-СУРЕТ. СТАЦИОНАРЛЫҚ ЖАҒУДАН ТУЫНДАҒАН ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т CO_2-экв



19-СУРЕТ. МОБИЛЬДІ ЖАҒУДАН ТУЫНДАҒАН ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, т CO_2-экв



115

т CO_2-экв

2026 қаржы жылында стационарлық жағудан туындаған парниктік газдар шығарындылары

2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен

– 7,5 %

3 072

т CO_2-экв

Есепті кезеңде мобильді жағудан туындаған парниктік газдар шығарындыларының көлемі

2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен


+ 30 %

Жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындылары (Scope 2)

Жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындыларының көзі — Есептік топ объектілерінің меншікті қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сыртқы жеткізушілерден сатып алынатын электр және жылу энергиясын өндіру. Жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындылары өңірлік әдісті (location-based) пайдалана отырып есептелді. Есептеулерде Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасының нормативтік және есептік құжаттарындағы жалпыға қолжетімді деректер негізінде айқындалған парниктік газдар шығарындыларының коэффициенттері пайдаланылды.

Есепті кезеңде жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі 4 910 т CO_2-экв. құрады. Шығарындылардың басым бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі — 4 387 т CO_2-экв., бұл 2025 қаржы жылындағы тиісті көрсеткіштен 46%-дан астам жоғары. Жылу энергиясын тұтынуға 523 т CO_2-экв.-тен аз көлем тиесілі болды. 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шығарындылар 9%-ға артты. Scope 2 шеңберіндегі жылу энергиясын тұтынуға байланысты шығарындылар үлесінің салыстырмалы түрде аз болуы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ға тиесілі бірқатар кеңселердің қысқы кезеңде электрлік жылыту жабдықтарын пайдалануымен түсіндіріледі.

20-СУРЕТ. ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 2), т CO_2-экв.



4 910

т CO_2-экв.

Жанама энергетикалық парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі

4 387

т CO_2-экв

Электр энергиясын тұтынудан шығарындылар

2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен

+ 46 %

523

т CO_2-экв

Жылу энергиясын тұтынудан шығарындылар

2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен


+ 9 %

Өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары (Scope 3)

Компания Scope 3 парниктік газдар шығарындыларын басқарудың маңыздылығын мойындайды және оларды есепке алу мен мониторингтеу жүйесін дамыту бойынша шаралар қабылдауда. Операциялық шекаралар қызметкерлердің іссапарларына, жалға алынған активтерге және қаржыландырылатын шығарындыларға байланысты Scope 3 шығарындыларының санаттарын қамтиды.

2026 қаржы жылындағы Scope 3 шығарындылары көлемінің өзгеруі негізінен егемендік борыш бойынша қаржыландырылатын шығарындыларды есептеу әдіснамасының жаңартылуына байланысты. Алдыңғы тәсіл сақталған жағдайда қамтылған портфельдер бойынша қаржыландырылатын шығарындылардың жиынтық көлемі 4 073 025 т CO_2-экв. құрар еді, бұл 2025 қаржы жылындағы көрсеткіштен 15%-ға жоғары. Бұл негізінен егемендік борыштық міндеттемелерге салынған инвестициялар құрылымының және кредиттік портфельдің өзгеруіне байланысты. Жаңартылған әдіснама бойынша бұл көрсеткіш 2 518 404 т CO_2-экв. құрады.

21-СУРЕТ. ӨЗГЕ ДЕ ЖАНАМА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 3), т CO_2-экв.



[85] 2026 қаржы жылында Scope 3 шығарындылары көлемінің өзгеруі негізінен егемендік борыштық міндеттемелер бойынша қаржыландырылатын шығарындыларды есептеу әдістемесін қайта қарауға байланысты болды. Жаңартылған PCAF ұсынымдарына сәйкес, егемендік борышқа салынған инвестициялардың құны ағымдағы АҚШ долларымен есепке алынады, ал бөлгіш ретінде ағымдағы халықаралық доллармен көрсетілген сатып алу қабілетінің паритеті бойынша есептелген ЖІӨ пайдаланылады. Алдыңғы тәсілге сәйкес инвестициялардың құны баға деңгейінің индексі арқылы халықаралық долларға қосымша қайта есептелетін, бұл есептік мәннің жоғары болуына әкелетін. Кейінгі есепті кезеңдерде Компания PCAF-тың жаңартылған әдістемелік тәсілін қолдануды жалғастырады.

Қызметкерлердің іссапарларына байланысты өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары (Scope 3, 6-санат)

Қызметкерлердің іссапарларына байланысты өзге де жанама шығарындылар іссапарлар кезінде қызметкерлерді тасымалдауға пайдаланылатын көлік құралдарының отын жағуы нәтижесінде туындайды. Іссапарлардан болатын шығарындыларды есептеу үшін көліктің әрбір түрі бойынша қашықтықты анықтауға негізделген әдіс пайдаланылды. Әрбір іссапар бойынша қашықтық онлайн-навигациялық сервистердің көмегімен анықталды, ал парниктік газдар шығарындыларының коэффициенттері жалпыға қолжетімді дереккөздерден алынды.

Есепті кезеңде шығарындылар шамамен 1 927 т CO_2-экв. құрады, бұл 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шығарындылардың 66%-ға өсеніне сәйкес келеді. Шығарындылардың ұлғаюы Компания бизнесінің қарқынды кеңеюіне байланысты. Қызметкерлердің іскерлік сапарларына байланысты жанама парниктік газдар шығарындыларының көрнекі көрінісі 21-суретте берілген.

1 927

т CO_2-экв.

Есепті кезеңде шығарындылар шамамен

+ 66 %

2025 қаржы жылымен салыстырғанда шығарындылардың

Жалға алынған активтерге байланысты өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары (Scope 3, 8-санат)

Жалға алынған активтерге байланысты өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары жалға алынған активтердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сатып алынатын электр және жылу энергиясын өндіру нәтижесінде туындайды. Өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары өңірлік әдіс (location-based) арқылы бағаланды. Есептеулерде Қазақстан Республикасының нормативтік және есептік құжаттарындағы жалпыға қолжетімді деректер негізінде айқындалған парниктік газдар шығарындыларының коэффициенттері пайдаланылды. Freedom Finance Europe Ltd. шығарындыларын сандық бағалау үшін жалпыға қолжетімді дереккөздерден алынған Кипр Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Нидерланд Корольдігі, Польша Республикасы және Француз Республикасы бойынша шығарындылар коэффициенттері пайдаланылды. Сол сияқты Freedom Finance Armenia LLC үшін Армения Республикасының жалпыға қолжетімді ұлттық шығарындылар коэффициенттері қолданылды.

Есепті кезеңде жалға алынған активтерге байланысты парниктік газдар шығарындылары 11 685 т CO_2-экв. құрады, бұл 2025 қаржы жылындағы көрсеткіштен 65%-ға жоғары. Шығарындылардың негізгі бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі болды — 8 894 т CO_2-экв., немесе жалпы көлемнің 76%-ы. Жылу энергиясын тұтынудан болған шығарындылар 2 790 т CO_2-экв., немесе 24%-ды құрады.

2025 қаржы жылымен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудан болған шығарындылар 99,6%-ға, ал жылу энергиясын тұтынудан болған шығарындылар 6,5%-ға артты. Шығарындылардың өсуі ең алдымен жалға алынатын кеңселер саны мен олардың жалпы ауданының ұлғаюына байланысты болды. Көрсеткіштер динамикасына бастапқы деректер сапасының артуы, оның ішінде энергия тұтынуы бұрын жанама әдістермен бағаланған объектілер бойынша неғұрлым толық ақпараттың алынуы да әсер етті. Осылайша, көрсеткіштердің өзгеруі кеңсе желісінің кеңеюін де, энергия тұтынуды есепке алудың толықтығының артуын да көрсетеді.

Жекелеген жалға алынатын объектілер бойынша энергия тұтынудың нақты деректеріне қолжетімділік шектеулі болғандықтан, шығарындылардың бір бөлігі жанама есептеу әдістерін пайдалана отырып бағаланды. Бұл жарияланған нәтижелерде белгілі бір есептік белгісіздік деңгейінің болуына әкеледі. Freedom Holding Corp. кейінгі есептіліктің дәлдігін, толықтығын және сенімділігін арттыру үшін деректерді жинау және энергия тұтынуды мониторингтеу процестерін жетілдіруді жалғастыруда.

8 894

т CO_2-экв.

Шығарындылардың негізгі бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі болды

2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен

+ 99,6 %

2 790


т CO_2-экв.

Жылу энергиясын тұтынудан болған шығарындылар

2026 қаржы жылында шығарындылардың 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен

+ 6,5 %

22-СУРЕТ. ЖАЛҒА АЛЫНҒАН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕ ДЕ ЖАНАМА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 3, 8-САНАТ), т CO_2-экв.



Қаржыландырылатын шығарындылар (Scope 3, 15-санат)

Есепті кезеңде Есептік топ парниктік газдар шығарындыларын есепке алу тәжірибесін жетілдіруді жалғастырып, инвестициялық, сақтандыру және кредиттік портфельдер бойынша қаржыландырылатын шығарындыларға (Scope 3, 15-санат) бағалау жүргізді. Бағалау Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының[86] инвестициялық портфелін, «Freedom Life» ӨСК» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ сақтандыру портфельдерін, сондай-ақ «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін қамтыды.

Есеп Partnership for Carbon Accounting Financials (PCAF) әзірлеген қаржы саласына арналған парниктік газдар шығарындыларын есепке алу және есептілік жөніндегі жаһандық стандартқа (The Global GHG Accounting and Reporting Standard for the Financial Industry) сәйкес, A және C бөліктерін қолдана отырып жүргізілді. A бөлігі жылжымайтын мүлік кредиттері, автокредиттер, бизнес-кредиттер, корпоративтік бағалы қағаздар және егемендік борыш бойынша қаржыландырылатын шығарындыларды есептеу үшін қолданылды. C бөлігі сақтандыру саласындағы андеррайтингтік қызметпен байланысты шығарындыларды бағалау үшін пайдаланылды.

Бағалаудың қамту аясы PCAF әдіснамасының қолданылу мүмкіндігі, сондай-ақ бастапқы деректердің қолжетімділігі мен сапасы ескеріле отырып айқындалды. Инвестициялық портфель шеңберінде оның жалпы құнының шамамен 0,5%-ын құрайтын биржалық ноталар (Exchange-Traded Notes, ETN) есептеуден алынып тасталды, өйткені бұл құрал үшін қолданылатын әдіснамалық тәсіл жоқ. Сақтандыру портфелін бағалау PCAF стандартының C бөлігінің қолданылу аясына кіретін және тиісті есептеу әдіснамасы бар сақтандыру өнімдерін ғана қамтыды. PCAF-тың жаңартылған әдіснамалық тәсіліне сәйкес есепті кезеңде қаржыландырылатын шығарындылардың (Scope 3, 15-санат) көлемі 2 518 404 т CO_2-экв. құрады.

Алдыңғы тәсіл сақталған жағдайда 2026 қаржы жылындағы қаржыландырылатын шығарындылардың (Scope 3, 15-санат) көлемі 4 073 025 т CO_2-экв. құрар еді, бұл 2025 қаржы жылындағы көрсеткіштен 15%-ға жоғары. Әсім негізінен егемендік борыштық міндеттемелерге салынған инвестициялар құрылымының және кредиттік портфельдің өзгеруіне байланысты болды.

Жиынтық түсімге шаққандағы қаржыландырылатын шығарындылардың (Scope 3, 15-санат) үлестік мәні 0,001 т CO_2-экв./АҚШ доллары құрайды.

13-КЕСТЕ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, Т CO_2-ЭКВ.

Активтер	Scope 1 + Scope 2 шығарындылары (т CO_2-экв.)	Scope 3 шығарындылары (т CO_2-экв.)	Деректер сапасының өлшенген бағасы (жоғары сапа = 1, төмен сапа = 5)
Активтер кластары бойынша абсолюттік шығарындылар			
Кредиттік портфель			
Жылжымайтын мүлікті кредиттеу	89 334	0	4
Автокредиттер	17 646	4 246	2
Бизнес-кредиттер	213 457	263 386	4
Инвестициялық портфель			
Бағалы қағаздар	113 212	27 216	2
Егемендік борыш (ЖПЖПӨОШ қоса алғанда)	842 920		1
Егемендік борыш (ЖПЖПӨОШ-сыз)	835 450		1
Сақтандыру портфелі			
Мүлікті сақтандыру	777 077	99 312	5
Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	7 771	22 509	5
Автокөлікті сақтандыру (заңды тұлғалар)	1 772	793	5
Автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру	16 413	4 145	5
Автокөлікті сақтандыру (жеке тұлғалар)	5 100	0	3
Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру	1 870	355	5
Су көлігін сақтандыру	7 302	562	5
Әуе көлігін сақтандыру	1 783	222	5

Қаржыландырылатын шығарындылар (Scope 3, 15-санат) құрылымындағы ең үлкен үлес инвестициялық портфельге тиесілі болды — 983 348 т CO_2-экв., немесе 39%. Сақтандыру портфелімен байланысты шығарындылар 946 987 т CO_2-экв., немесе 38%, ал кредиттік портфельдің қаржыландырылатын шығарындылары 588 069 т CO_2-экв., немесе 23% құрады.

[86] Инвестициялық портфель Freedom Holding Corp.-тың меншікті инвестициялық портфелін, сондай-ақ мынадай еншілес компаниялардың меншікті инвестициялық портфельдерін қамтиды: «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Armenia LLC, Freedom Finance Uzbekistan LLC, Freedom Finance Europe Ltd., «Freedom Finance Global PLC» ЖК, Freedom Finance Technologies Ltd., «Freedom Technologies» ЖШС және Freedom Structured Products PLC, Freedom Broker LLC және Freedom Yatırım Menkul Değerler Anonim Şirketi.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық портфелі бойынша қаржыландырылатын шығарындылардың жалпы көлемі жерді пайдалану, жерді пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы (ЖПЖПӨОШ) шығарындыларын қоса алғанда, 983 348 т CO_2-экв. құрады.

Инвестициялық портфельдің қаржыландырылатын шығарындыларының негізгі бөлігі мемлекеттік облигациялар түріндегі егемендік борышпен байланысты. Олардың көлемі ЖПЖПӨОШ-ты қоса алғанда 842 920 т CO_2-экв., немесе инвестициялық портфель шығарындыларының жалпы көлемінің 86%-ын құрады. ЖПЖПӨОШ-ты есепке алмағанда, егемендік борыш бойынша шығарындылар 835 450 т CO_2-экв. құрады.

Қазақстандық және халықаралық компаниялардың акциялары мен облигацияларын қоса алғанда, корпоративтік бағалы қағаздар бойынша қаржыландырылатын шығарындылар 140 428 т CO_2-экв., немесе инвестициялық портфель шығарындыларының жалпы көлемінің 14%-ын құрады. Олардың 29%-ы листингке енгізілген акцияларға, ал 71%-ы корпоративтік облигацияларға тиесілі болды.

23-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, Т CO_2-ЭКВ.




Бағалы қағаздар
Егемендік борыш (ЖПЖПӨОШ қоса алғанда)

Сақтандыру қызметімен байланысты парниктік газдар шығарындыларының көлемі 946 987 т CO_2-экв. құрады. Есеп «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Life» ӨСК» АҚ деректері негізінде жүргізілді.

Бағалау сақтандыру портфелінің барлығын емес, PCAF стандартының C бөлігінде қолданылатын есептеу әдіснамасы көзделген сақтандыру өнімдерін ғана қамтыды. PCAF әдіснамасының қолданылу аясына кірмейтін сақтандыру өнімдері есепке енгізілген жоқ.

Шығарындылардың ең үлкен көлемі мүлікті сақтандыруға тиесілі болды — 876 389 т CO_2-экв., немесе бағалауға енгізілген сақтандыру өнімдері шығарындыларының 93%-ы. Басқа сақтандыру түрлері бойынша шығарындылардың қалған бөлігінің құрылымы 24-суретте көрсетілген.

24-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. САҚТАНДЫРУ ПОРТФЕЛІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ, Т CO_2-ЭКВ.




Мүлікті сақтандыру
Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
Автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру
Су көлігін сақтандыру
Автокөлікті сақтандыру (жеке тұлғалар)
Автокөлікті сақтандыру (заңды тұлғалар)
Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру
Әуе көлігін сақтандыру

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ кредиттік портфелінің қаржыландырылатын шығарындыларының жалпы көлемі 588 069 т CO_2-экв. құрады. Ең үлкен үлес бизнес-кредиттерге тиесілі болды — 476 843 т CO_2-экв., немесе кредиттік портфельдің қаржыландырылатын шығарындыларының 81%-ы, бұл кредиттеу көлеміне және қарыз алушылардың салалық құрылымына байланысты. Жылжымайтын мүлік кредиттері бойынша қаржыландырылатын шығарындылар 89 334 т CO_2-экв., немесе 15%, ал автокредиттер бойынша 21 892 т CO_2-экв., немесе 4% құрады.

Жылжымайтын мүлік кредиттері бойынша қаржыландырылатын шығарындылардың барлық көлемі ипотекалық қарыздарға қатысты болды.

Автокредиттер бойынша қаржыландырылатын шығарындылар құрылымында 88% бензин қозғалтқышы бар автомобильдерге, 3% электромобильдерге және 9% гибридті автомобильдерге тиесілі болды. Қарастырылып отырған портфельде дизель қозғалтқышы бар автомобильдер болған жоқ.


25-СУРЕТ. 2026 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, Т CO_2-ЭКВ.



Жылжымайтын мүлікті кредиттеу
Автокредиттер
Бизнес-кредиттер

PCAF деректерінің сапасын бағалау жекелеген активтер кластары бойынша деректердің дәл екенін көрсетті, алайда оларды одан әрі жақсарту мүмкіндігі сақталып отыр. Деректер сапасы бастапқы ақпараттың қолжетімділігі мен сенімділігіне байланысты болғандықтан, Компания мүмкін болған жағдайда деректердің қамту аясын кеңейтуді және олардың дәлдігін арттыруды жалғастырады.

Компанияның портфель қамтуын кеңейтуге және деректер сапасын арттыруға бағытталған тәсілі қаржыландырылатын шығарындыларды бағалаудың неғұрлым бірізді болуын қамтамасыз етеді және климат мәселелері бойынша неғұрлым ақпараттандырылған талдау мен есептілікке ықпал етеді.



Энергия тұтыну және энергия тиімділігі

GRI 302-1, 302-2, 302-3

Есептік топ қызметінің сипатына байланысты оның қоршаған ортаға негізгі әсері кеңселер, филиалдар және қосалқы инфрақұрылым желісінің энергия тұтынуымен байланысты. Электр және жылу энергиясын тұтынудың негізгі бөлігі Топтың күнделікті қызметін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. Есепті жылы энергия тұтынудың ең жоғары көлемі онлайн-ритейл мен қойма инфрақұрылымына маманданған еншілес ұйым — «Arbuz Group» ЖШС және ауқымды филиалдық желісі бар «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметінде тіркелді.

Энергия тұтынудың жалпы өсуі Freedom Holding Corp. бизнесінің қарқынды кеңеюіне байланысты болды, бұл кеңсе үй-жайларының жалпы ауданының және қызметкерлер санының ұлғаюына әкелді.

14-КЕСТЕ. ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ТҰТЫНУ

Көрсеткіш	2024 қаржы жылы	2025 қаржы жылы	2026 қаржы жылы
Электр энергиясы:			
МВтсағ	8 319	10 308	15 950
ГДж	29 948	37 109	57 419
Жылу энергиясы:			
Гкал	5 655	8 407	9 005
ГДж	23 670	35 190	37 695
Дизель отыны:			
Мегалитр	0,01	0,17	0,50
ГДж (стационарлық жағу)	109	121	254
ГДж (мобильді жағу)	165	5 404	16 291
Бензин:			
Мегалитр	0,64	0,84	0,79
ГДж (мобильді жағу)	20 474	26 769	25 276
ГДж (стационарлық жағу)	0	0	7,04
Газ:			
мың $м^3$	16	63	53
ГДж (стационарлық жағу)	531	2 158	1 789
Энергияны жалпы тұтыну, ГДж	**74 897**	**106 751**	**138 731**

138 731 ГДж

Есепті кезеңде тұтынылған энергияның жалпы көлемі

Есепті кезеңде тұтынылған энергияның жалпы көлемі 138 731 ГДж құрады. Бұл көрсеткіш коммуналдық қызметтер ұсынған электр және жылу энергиясының жиынтық көлемін, сондай-ақ табиғи газ бен дизель отынын стационарлық жағудан, дизель отыны мен автомобиль бензинін мобильді жағудан алынған энергияны қамтиды. Есепті жылы бір қызметкерге шаққандағы жиынтық энергия тұтынудың үлестік мәні Есептік топтың жалға алынған және меншікті активтерінің энергия тұтынуын қоса алғанда, 14,50 ГДж/қызметкер құрады. Коэффициентті есептеу үшін бөлгіш ретінде 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны пайдаланылды. Соңғы үш жылдағы энергия тұтынудың жиынтық өсуі Freedom Holding Corp. бизнесінің ауқымының кеңеюіне және Есептік топ құрылымындағы өзгерістерге байланысты.

Объектілердегі энергия тұтынуды мониторингтеу коммерциялық энергия есептеу аспаптарының деректері негізінде жүзеге асырылады. Тұтыну туралы нақты деректер болмаған жағдайда энергия ресурстарын жеткізушілердің қызметтеріне ақы төлеу туралы мәліметтер пайдаланылады, ал есептеулер тарифтер негізінде жүргізіледі.

Жалға алынған объектілердегі энергия тұтыну жалға берушілерден алынған нақты деректер негізінде есептелді. Нақты деректерге қолжетімділік болмаған жағдайда жалға алынған үй-жайлардың ауданы ескерілген консервативті бағалау қолданылды. Есептеулерде белгілі бір қателік деңгейі бар. Олардың дәлдігі мен сапасын арттыру үшін Компания деректерді есепке алу жүйелерін жетілдіруде.



Есепті кезеңде электр энергиясын тұтыну 15 950 МВтсағ құрап, 2025 қаржы жылымен салыстырғанда 55%-ға артты. Есептік топтың меншікті объектілеріне 5 152 МВтсағ тиесілі болды, бұл 2025 қаржы жылындағы көрсеткіштен 25%-ға жоғары. Электр энергиясының басым бөлігі жалға алынған объектілерде тұтынылды — 10 798 МВтсағ, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 75%-ға жоғары.

Есепті кезеңде Есептік топтың жылу энергиясын жиынтық тұтынуы 9 005 Гкал құрады. 2026 қаржы жылында бұл көрсеткіштің 2025 жылмен салыстырғандағы өсімі шамамен 7%-ды құрады. Меншікті объектілердің жылу энергиясын тұтынуы 1 414 Гкал құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 9%-ға жоғары. Тұтынылған жылу энергиясының басым бөлігі жалға алынған объектілерге тиесілі — 7 591 Гкал, ал 2026 қаржы жылында бұл көрсеткіштің 2025 жылмен салыстырғандағы өсімі 7%-ды құрады.


15 950 МВтсағ

Есепті кезеңде электр энергиясын тұтыну

9 005 Гкал

Есепті кезеңде Есептік топтың жылу энергиясын жиынтық тұтынуы


26-СУРЕТ. ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, ГДЖ



27-СУРЕТ. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, МВТСАҒ



28-СУРЕТ. ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, ГКАЛ



Су ресурстарын пайдалану

GRI 303-2, 303-5

Су — Топ қызметінде пайдаланылатын ресурстардың бірі. Осыған байланысты Freedom Holding Corp. өз қажеттіліктерін тиімді және тұрақты қамтамасыз ету үшін су ресурстарын ұтымды пайдалану қағидаттарын ұстанады. Есептік топ жерүсті немесе жерасты көздерінен суды тікелей алмайды. Есептік топтың қызметінде пайдаланылатын су бөгде коммуналдық ұйымдар басқаратын муниципалдық сумен жабдықтау жүйелерінен келеді.


Есеп шекарасына енгізілген еншілес ұйымдар Қазақстан Республикасында, Кипр Республикасында, Қырғыз Республикасында, Өзбекстан Республикасында, Армения Республикасында, Германия Федеративтік Республикасында, Испания Корольдігінде, Италия Республикасында және Литва Республикасында қызмет етеді. Ашық дереккөздердегі мәліметтерге сәйкес аталған елдер су стрессіне ұшыраған елдер ретінде жіктеледі.

Есепті кезеңде Есептік топтың жалпы су ресурстарын пайдалануы 76,40 Мл құрады, оның 75,33 Мл-і (99%) су стрессіне ұшыраған өңірлерге тиесілі болды. Бұл Есептік топ қызметінің су ресурстары тапшы өңірлерге тәуелділігі жоғары екенін көрсетеді.

Су ресурстарын пайдалану көлемін мониторингтеу коммерциялық су есептеу аспаптарының деректері негізінде жүзеге асырылады. Тұтыну туралы нақты деректер болмаған жағдайда сумен жабдықтау қызметтеріне ақы төлеу туралы мәліметтер пайдаланылады, ал жанама есептеулер тарифтер негізінде жүргізіледі.

Жалға алынған объектілердегі су ресурстарын пайдалану жалға берушілерден алынған нақты деректер негізінде есептелді. Нақты деректер болмаған жағдайда жалға алынған объектілердің ауданына негізделген консервативті есептік бағалау қолданылды. Компания деректерді есепке алу жүйесін жетілдіру арқылы есептеулердің дәлдігін арттыруды жалғастыруда.

29-СУРЕТ. СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ, МЛ



Есепті кезеңде Есептік топ кеңселерінің су ресурстарын пайдалануы 76,40 Мл құрады, оның 61,31 Мл-і жалға алынған объектілерге тиесілі болды. Жалға алынған объектілердің су ресурстарын пайдалануы 2025 қаржы жылымен салыстырғанда шамамен 5%-ға артты. Бұл ретте меншіктегі объектілердегі су ресурстарын пайдалану 2025 қаржы жылының деңгейінде қалып, 15,09 Мл құрады. Соңғы үш жылдағы су ресурстарын пайдалану көлемінің жиынтық өсуі Freedom Holding Corp. бизнесінің ауқымын кеңейтуге және Есептік топ құрылымындағы өзгерістерге байланысты.



СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

76 Мл

Есепті кезеңде Есептік топтың жалпы су ресурстарын пайдалануы

75 Мл

Су ресурстарын пайдаланудың 99%-ы су тапшылығы бар аймақтарда болды

61 Мл

жалға алынған активтердің су ресурстарын пайдалануы

15 Мл

меншікті активтердің су ресурстарын пайдалануы

Қалдықтарды басқару

GRI 306-2, 306-3, 306-4

Freedom Holding Corp. тұрақты даму және қоршаған ортаға жауапты қарау қағидаттарына бейілді. Компания қоршаған ортаға әсері шектеулі болғанымен, оның қызметі қалдықтардың түзілуіне әкелетінін мойындайды, сондықтан қалдықтарды тиімді басқаруды экологиялық жауапкершіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Топ қызметінің экологиялық ізі бизнес сипатына байланысты шектеулі болып қалғанымен, күнделікті операциялық қызмет барысында қалдықтардың жекелеген ағындары түзіледі. Атап айтқанда, Топ компанияларында АТ-жабдықтар мен электрондық құрылғыларды пайдалану қолданыстағы заңнамаға сәйкес қауіпті қалдықтар ретінде жіктелетін электрондық қалдықтардың (e-waste) түзілуіне әкеледі. Сонымен қатар «Arbuz Group» ЖШС қызметі нәтижесінде қауіпті қалдықтар ретінде жіктелетін полиэтилен үлдірінің қалдықтары түзіледі.

Есепті кезеңде түзілген қалдықтардың жалпы көлемі 157 тонна құрады, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 76%-ға жоғары. Қауіпті қалдықтар 6 тонна құрады және негізінен IT-жабдықтар мен кеңсе техникасын пайдалану және ауыстыру нәтижесінде түзілген электрондық қалдықтардан (e-waste) тұрды. Қалдықтар көлемінің өсуі негізінен Компания қызметінің ауқымының кеңеюіне, Есептік топ құрылымындағы өзгерістерге және қызметкерлер санының ұлғаюына байланысты болды.

Есептік топ компанияларының операциялық қызметі нәтижесінде түзілген қалдықтардың жалпы көлемі 157 тонна болды. Негізгі үлесті қағаз құрады — 146 тонна (шамамен 93%), бұл Топтың кеңселік және операциялық қызметінің сипатын көрсетеді.

Қалған 11 тонна, немесе шамамен 7%, алюминий, пластик, шыны, электрондық қалдықтар және полиэтилен үлдірі қалдықтарынан тұрды.

Қалдықтарды басқару тәсілі аясында Компания қалдықтарды басқару иерархиясын ұстанады және тиісті мүмкіндік болған жағдайда жабдықтарды қайта пайдалануға және қалпына келтіруге ықпал етеді. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ электрондық қалдықтар көлемін азайтуға және банк карталарын, банкоматтар мен POS-терминалдарды қоса алғанда, өнімдердің жекелеген санаттарының қызмет ету мерзімін ұзартуға бағытталған кері қабылдау бағдарламасын (take-back program) іске асырады.

Есепті кезеңде бағдарлама пайдаланылуы жалғасқан 31 POS-терминалды қамтыды, бұл олардың қызмет ету мерзімін ұзартуға және электрондық қалдықтардың түзілуін азайтуға ықпал етті.

Есепті кезең ішінде Компания қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруді жалғастырды, оның ішінде өз қызметі аясында қалдықтарды қайта өңдеу тәжірибесін кеңейтті. «Freedom Finance Global PLC» ЖК қалдықтарды қайта өңдеу[87] қызметі бойынша есептілік аясына енгізілді, ал электрондық қалдықтар жеке санат ретінде бөлінді, бұл Компанияның экологиялық менеджмент тәжірибесін кеңейту және нығайту жөніндегі тұрақты күш-жігерін көрсетеді.

Түзілген қалдықтардың жалпы көлемі 157 тонна болды, оның 106 тоннасы, немесе шамамен 68%-ы, қайта өңдеуге жіберілді, оның ішінде:


96,82 тонна	**4,99 тонна**
қағаз	полиэтилен үлдірі
2,04 тонна	**1,78 тонна**
пластик	e-waste
0,37 тонна	**0,09 тонна**
шыны	алюминий

Компания бизнесінің қарқынды кеңеюі жағдайында қағаз қалдықтарының түзілу көлемінің өсуі Есептік топтың құжат айналымын цифрландыру және автоматтандыру, сондай-ақ меншікті цифрлық өнімдерді[88] пайдалану арқылы тежеледі.


30-СУРЕТ. ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮЗІЛУІ, ТОННА



31-СУРЕТ. ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ТҮЗІЛУ КӨЛЕМІ, ТОННА



32-СУРЕТ. ҚАЙТА ӨҢДЕЛГЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ, ТОННА



[87] 2025 қаржы жылында бірқатар еншілес ұйымдарда, соның ішінде «Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және Freedom Finance Europe Ltd.-де қалдықтарды қайта өңдеу бастамалары іске қосылды.

[88] Цифрлық өнімдермен танысу үшін «Цифрлық өнімдер» бөлімін қараңыз.

Қосымшалар



1-қосымша: GRI көрсеткіші
109

2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі
122

3-Қосымша. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар
125

4-қосымша: Терминдер сөздігі
126

5-қосымша: Тәуелсіз тәжірибеші маманның есебі
128

1-қосымша: GRI көрсеткіші

Пайдалану туралы мәлімдеме	Freedom Holding Corp. 2025 жылғы 1 сәуірден 2026 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең үшін Есепті GRI стандарттарына сәйкес дайындады.
Пайдаланылған GRI 1	GRI 1: Foundation 2021
Қолданылатын GRI салалық стандарттары	Қолданылмайды

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
Жалпы ақпаратты ашу				
GRI 2: Жалпы ақпаратты ашу 2021	2-1Ұйым туралы ақпарат	13	Компания туралы	
	2-2 Ұйымның тұрақты даму саласындағы есептілігіне енгізілген заңды тұлғалар	5	Есептің шекаралары	2-2-b. Компания Тұрақты даму туралы есептің шекарасына мына ұйымдарды енгізбейді: Foreign Enterprise LLC Freedom Finance, Freedom Broker LLC, Freedom Broker Global Markets Ltd, FREEDOM YATIRIM MENKUL DEĞERLER ANONİM ŞİRKETİ, OUSA Nova LLP, Ticketon Events LLP ("Ticketon"), Chiptahoi Muosir LLC, Ticketon Events KG LLC, Ticketon LLC, Freedom Digital Exchange CJSC, Freedom Finance Special Purpose Company LTD ("Freedom SPC"), Freedom Finance Commercial LLP, Freedom Processing LLP, Freedom Payments LLC, Aviata LLP ("Aviata"), Internet-Tourism LLP Freedom Cloud LLP ("Freedom Cloud"), SilkNetCom LLP ("SilkNetCom"), Freedom Cloud Holding Ltd. (formerly, Astel Group Ltd., renamed on January 8, 2026) ("Freedom Cloud Holding"), Arna-Sprint Data Communications JSC, Astel JSC, Freedom Kazakhstan Ltd., Freedom Advertising Ltd. ("Freedom Advertising"), Freedom Holding Operations LLP, Freedom Horizons LLP, CLUB T LLP, CLUB T ASTANA LLP, Freedom Events LLP, Freedom Tech Ltd., Freedom Ventures Ltd., Freedom Home LLP, Freedom Auto LLP, Freedom Travel LLP, Freedom Media Group Ltd, Freedom Finance Azerbaijan LLC, Freedom Finance FZE, Freedom Management Ltd., Freedom Telecom International FZE, Freedom Finansial Hizmetler Anonim Şirketi, Freedom Finance Technologies Ltd, Freedom Prime UK Limited, Freedom Structured Products PLC ("FSP"), FFIN Securities, Inc., Freedom U.S. Market LLC, LD Micro, Inc., Freedom US Technologies LLC, Prime Executions, Inc. (d/b/a Freedom Capital Markets) ("FCM"). 2-2-c. Компания жыл сайын барлық еншілес ұйымдардың тұрақты даму тұрғысынан маңыздылығын бағалау арқылы Есептің шекарасын айқындайды. Есеп шекарасына кіретін әрбір ұйым тұрақты дамуға қатысты өз деректерін одан әрі шоғырландыру үшін Freedom Holding Corp.-тың қаржылық емес есептілікті дайындаумен айналысатын командасына ұсынады. Бұл тәсіл GRI стандарттарына қатысты барлық ақпаратты ашуға бірдей қолданылады және миноритарлық акционерлердің мүддесі үшін ақпаратты өзгертуді көздемейді. Ақпаратты шоғырландыру есепті кезең ішінде Есептік топқа енгізілген ұйымдардың нақты құрамына сүйене отырып жүзеге асырылады. Бірігу немесе сатып алу жағдайында ұйымға немесе оның бір бөлігіне қатысты ақпарат ол Есептік топтың немесе оған кіретін ұйымның құрамына енген күннен бастап енгізіледі. Есептік топ ұйымдарының тізбесі алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
	2-3 Есепті кезең, есептілік жиілігі және байланыс ақпараты	4	Есеп туралы	2-3-b. Freedom Holding Corp. қаржылық есептілігінің есепті кезеңінің шекаралары осы Есептің есепті кезеңінің шекараларымен сәйкес келеді. 2-3.d. Байланыс ақпараты Есептің соңғы бетінде берілген.
	2-4 Ақпараттағы өзгерістер	110	1-қосымша: GRI көрсеткіші	2-4 Есепті кезең ішінде Компания Scope 3, 6-санат шығарындыларын есептеу әдіснамасын жетілдірді. Нәтижесінде алдыңғы есепті кезеңдердегі парниктік газдар шығарындылары қайта есептелді. Қайта қаралған деректерге сәйкес, 2024 қаржы жылындағы операциялық парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі бұрын жарияланған деректермен салыстырғанда 9%-ға, ал 2025 қаржы жылында 11%-ға төмендеді.
	2-5 Есептілікті сыртқы растау	128	5-қосымша: Тәуелсіз тәжірибеші маманның есебі	
	2-6 Ұйымның қызметі, қосылған құнды құру тізбегі және өзге де іскерлік байланыстары туралы мәліметтер	13	Компания туралы	2-6-b. Есеп шекарасындағы қаржы ұйымдарының жеткізу тізбегі осы ұйымдардың кеңселерінің операциялық қызметін қамтамасыз ететін жеткізушілермен шектеледі. Freedom Telecom Holding Ltd. жеткізу тізбегі Компанияның инфрақұрылымды дамыту жобаларын қамтамасыз ететін жеткізушілерден тұрады. «Arbuz Group» ЖШС Компанияның онлайн-платформасы арқылы таратылатын азық-түлік және өзге де тауарлардың әртүрлі жеткізушілерімен жұмыс істейді. 2-6-c. Осы есептілікте атап өту үшін маңызды өзге іскерлік қатынастар санаттары жоқ. 2-6-d. Есептік топтың қызметі төрт сегмент бойынша ұйымдастырылған: брокерлік қызметтер, банктік қызметтер, сақтандыру және төлемдерді өңдеуді, электрондық коммерцияны, телекоммуникациялық және медиа сервистерді қоса алғанда, өзге де қызметтер. Алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда Есептік топ қызметінің секторларында және оның құн құру тізбегінде елеулі өзгерістер болған жоқ.
	2-7 Ұйымның штаттық қызметкерлері	68	Қызметкерлерге қамқорлық	
	2-8 Ұйымның штаттық қызметкерлері болып табылмайтын қызметкерлер	68	Қызметкерлерге қамқорлық	
	2-9 Басқару құрылымы мен құрамы	41	Корпоративтік басқару жүйесі	
	2-10 Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі	50	Директорлар кеңесі мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату	
	2-11 Жоғары басқару органының басшысы	41 61	Корпоративтік басқару жүйесі Мүдделер қақтығысы	

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
	2-12 Жоғарғы басқару органының әсерлерді басқаруды бақылауды қамтамасыз етудегі рөлі	29 41 46 52	Тұрақты дамуды басқару тәсілі Корпоративтік басқару жүйесі Директорлар кеңесінің ESG саласындағы мәселелерді басқаруға қатысуы Тәуекелдерді басқару	2-12-b.i. Тұрақты даму жөніндегі бас директор Freedom Holding Corp. ESG басқармасына мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қоса алғанда, адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру рәсімін өткізуді тапсырады. 2-12-b.ii. Адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру рәсімінің (Human Rights Due Diligence) нәтижелерін Freedom Holding Corp. ESG басқармасы Компанияның Адам құқықтары жөніндегі саясатын жаңарту кезінде ескеретін болады. Саясатқа енгізілетін барлық өзгерістер Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынылады. 2-12-c. Тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға жауапты бөлімшелер жыл сайын Директорлар кеңесі үшін есептілік дайындайды.
	2-13 Әсерлерді басқару жөніндегі жауапкершілікті табыстау	29	Тұрақты дамуды басқару тәсілі	2-13-b. Freedom Holding Corp. жоғары басшылық деңгейінде ұсынылған әрбір бизнес-функцияның басшылары Директорлар кеңесіне бір-бірінен тәуелсіз, әртүрлі мерзімділікпен және жеке белгіленген коммуникация тәртібіне сәйкес есеп береді.
	2-14 Жоғарғы басқару органының тұрақты даму туралы есептілікті бекітудегі рөлі	6 8 29 33	Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының үндеуі Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі Тұрақты дамуды басқару тәсілі Маңызды тақырыптарды бағалау рәсімі	
	2-15 Мүдделер қақтығысы	61	Мүдделер қақтығысы	2-15-b.ii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания бұл ақпаратты құпиялылық себептері бойынша ашпайды. 2-15-b.iv. Реттелетін ұйымдар қолданылатын реттеуші талаптарға сәйкес үлестес тараптардың тізімдерін ашады.
	2-16 Сыни маңызды мәселелер туралы байланыс/хабарлау	29 47 52 63	Тұрақты дамуды басқару тәсілі Директорлар кеңесінің комитеттері Тәуекелдерді басқару Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері	2-16-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Ақпарат қолжетімсіз: есепті кезеңнің соңында маңызды ақпарат Директорлар кеңесіне бірнеше арна арқылы жеткізілді, Компанияда Директорлар кеңесінің назарына жеткізілетін коммуникациялар мен өтініштерді есепке алудың орталықтандырылған жүйесі болған жоқ.
	2-17 Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	46	Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру	
	2-18 Жоғары басқару органының жұмысын бағалау	46	Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау	2-18-c. Бағалау қорытындысы бойынша Компания түзету іс-шараларын жүргізу қажеттілігін анықтаған жоқ.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
	2-19 Сыйақы саясаты	51	Директорлар кеңесі мүшелері мен жоғарғы буын басшыларының сыйақысы	2-19-a.iv. Компания сыйақы саясаты аясында төлемдерді қайтару (clawback) тетігін қолданбайды. 2-19-b. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша директорлар мен жоғары буын басшыларының сыйақысын қалыптастыру кезінде Компания тұрақты даму саласындағы НҚК-ны пайдаланған жоқ.
	2-20 Сыйақыны айқындау тәртібі	51	Директорлар кеңесі мүшелері мен жоғарғы буын басшыларының сыйақысы	2-20-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания сыйақы бағдарламасы бойынша дауыс беру нәтижелерін құпиялылық себептері бойынша ашпайды.
	2-21 Жылдық өтемақының жалпы коэффициенті	112	1-қосымша: GRI көрсеткіші	2-21. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Ақпарат деректердің құпиялылығы саласындағы шектеулерге байланысты ашылмайды.
	2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	6 8 112	Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының үндеуі; Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі 1-қосымша: GRI көрсеткіші	2-22-a. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияда тұрақты даму стратегиясы бекітілмеген.
	2-23 Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	29 60 61 63 75	Тұрақты дамуды басқару тәсілі Іскерлік этика және комплаенс Мүдделер қақтығысы Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	
	2-24 Саясаттар мен міндеттемелерді енгізу	29 60 61 63 75	Тұрақты дамуды басқару тәсілі Іскерлік этика және комплаенс Мүдделер қақтығысы Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	
	2-25 Теріс әсерді азайту тетіктері	63	Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері	
	2-26 Кеңес алу және мәселелер туралы хабарлау тетіктері	63	Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері	

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
	2-27 Заңнаманы сақтау	113	1-қосымша: GRI көрсеткіші	2-27. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Ақпарат қолжетімсіз: ұйымдастырушылық, географиялық, құқықтық және операциялық ерекшеліктерге байланысты шоғырландырылған деректер жоқ.
	2-28 Қауымдастықтарға мүшелік	26	Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық қауымдастықтарға мүшелік	
	2-29 Мүдделі тараптармен өзара іс-әрекет	24	Мүдделі тараптармен өзара әрекет	
	2-30 Ұжымдық шарттар	113	1-қосымша: GRI көрсеткіші	2-30-a-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: ұжымдық шарттардың қолданылуы қызметкерлердің ешқайсысына таралмайды. Есептік топтың барлық қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ұлттық заңнамамен айқындалады.
Маңызды тақырыптар				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-1 Маңызды тақырыптарды айқындау тәртібі	29 33	Тұрақты дамуды басқару тәсілі Маңызды тақырыптарды бағалау рәсімі	
	3-2 Маңызды тақырыптардың тізбесі	33	Маңыздылықты бағалау нәтижелері	3-2-b. 2026 қаржы жылында «Алуантүрлілік, теңдік және қызметкерлердің тартылуы» маңызды тақырыбы алынып тасталды.
Климаттың өзгеруі				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	54 94 98	Климаттық тәуекелдерді бағалау Экологиялық әсерді басқару тәсілі Климаттың өзгеруі	3-3-a. Есептік топтың инвестициялық, сақтандыру, банктік және операциялық қызметіне әсерді талдау. 3-3-c. Қоршаған ортаны қорғау саясаты Есептік топтың барлық компанияларында қабылданды, Freedom Finance Europe Ltd.-ті қоспағанда, онда Саясатты толық енгізу 2026 жылдың соңына дейін күтіледі. 3-3-e.ii. «Freedom Finance Global PLC» ЖК климаттық мақсаттарын белгіледі және жариялады, оның ішінде 2060 жылға қарай таза нөлдік шығарындыларға қол жеткізу жөніндегі ұзақ мерзімді мақсатты, сондай-ақ декарбонизацияға қатысты халықаралық тәсілдерге сәйкес келетін аралық мақсаттарды бекітті. Толығырақ ақпаратты компанияның 2025 жылғы тұрақты даму туралы есебінен қараңыз.
GRI 305: Шығарындылар 2016	305-1 Тікелей парниктік газдар шығарындылары (Scope 1)	98	Климаттың өзгеруі	305-1-c. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: биогендік шығарындылар жоқ. 305-1-d. Компания базалық жылды әлі анықтаған жоқ.
	305-2 Жанама парниктік газдар шығарындылары (Scope 2)	98	Климаттың өзгеруі	305-2-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: биогендік шығарындылар жоқ. 305-2-d. Компания базалық жылды әлі анықтаған жоқ.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
	305-3 Өзге де жанама парниктік газдар шығарындылары (Scope 3)	98	Климаттың өзгеруі	305-3-c. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: биогендік шығарындылар жоқ. 305-3-e. Компания базалық жылды әлі анықтаған жоқ. Ипотекалық кредиттер бойынша қарыз алушылардың Scope 1 шығарындылары деректердің жеткіліксіз қолжетімділігіне байланысты PCAF стандартына сәйкес қаржыландырылатын шығарындылар есебінен алынып тасталады. Инвестициялық портфель қаражаты салынатын компаниялардың Scope 3 шығарындылары деректердің шектеулі қолжетімділігіне байланысты PCAF стандартына сәйкес қаржыландырылатын шығарындылар есебінен алынып
	305-4 Парниктік газдар шығарындыларының үлестік мәні	98	Климаттың өзгеруі	Парниктік газдар шығарындылары қарқындылығының коэффициенті: Scope 3: 1,42 т CO_2-экв./адам, Scope 1 және 2: 0,85 т CO_2/адам; Scope 3: 0,001 т CO_2-экв./АҚШ доллары, Scope 1 және 2: 0,000004 т CO_2-экв./АҚШ доллары, Scope 1, 2 және 3: 0,001 т CO_2-экв./АҚШ доллары. Екі коэффициент үшін де бөлгіш ретінде қызметкерлердің жалпы саны және жалпы түсім пайдаланылады.
GRI 302: Энергия 2016	302-1 Ұйым ішіндегі энергия тұтыну	104	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	302-1-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Ақпарат қолжетімсіз: жаңартылатын көздерден алынатын энергияны тұтыну туралы деректер жоқ. 302-1-c .iii, iv Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: салқындату энергия тұтыну шеңберінде есепке алынады, ал бу энергиясын өндіру қолданылмайды. 302-1-d. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: Компания қызметіне қолданылмайды, өйткені ол энергия сатумен айналыспайды. 302-1-g. Энергия тұтынуды ГДж-ға аудару үшін халықаралық жалпыға қолжетімді деректерге негізделген қайта есептеу коэффициенттері пайдаланылады.
	302-2 Ұйымнан тыс энергия тұтыну	104	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	302-2-c. Энергия тұтынуды ГДж-ға аудару үшін халықаралық жалпыға қолжетімді деректерге негізделген қайта есептеу коэффициенттері пайдаланылады.
	302-3 Энергия сыйымдылығы	104	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	302-3-2.5. Шығарындылар қарқындылығының коэффициенті: • Ұйым ішінде тұтынылатын энергия — бір адамға 7,1 ГДж. • Ұйымнан тыс тұтынылатын энергия — бір адамға 7,4 ГДж. • Екі коэффициент үшін де бөлгіш — қызметкерлердің жалпы тізімдік саны.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірмес
Адами капиталды басқару				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	67 115	Қызметкерлерді басқару жүйесі 1-қосымша: GRI көрсеткіші	3-3-b. Есепті кезең ішінде Компания өзінің қызметінен немесе іскерлік қатынастарынан туындаған адами капиталды басқаруға қатысты қандай да бір теріс салдарды анықтаған жоқ. Соған қарамастан, Компания ықтимал теріс салдарды ерте анықтау және оларды азайту мақсатында персоналға қатысты өз қызметін мониторингтеуді қоса алғанда, тұрақты тиісті тексеру қағидаттарына бейілділігін сақтайды. 3-3-c. Компания жауапты іскерлік тәжірибе мен адам құқықтарын құрметтеуге қатысты негізгі міндеттемелер баяндалған ESG саясатын және Адам құқықтары жөніндегі саясатын басшылыққа алады. ESG саясаты этикалық мінез-құлық, ашықтық, заңдарды сақтау және мүдделі тараптар үшін құндылық жасау сияқты негізгі қағидаттарды айқындайды. Адам құқықтары жөніндегі саясат Компанияның барлық операциялары мен іскерлік қатынастарында адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды сақтауға бейілділігін растайды. Ол тең мүмкіндіктерді, лайықты еңбек жағдайларын, деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ заманауи құлдық пен домогательдікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді қамтиды. Бұл саясаттар Компанияның ESG мәселелерін басқару және ұйымның барлық деңгейлерінде есептілікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерінің негізін құрайды. 3-3-d.i. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: есепті кезеңде нақты теріс әсерлер анықталған жоқ. 3-3-d.ii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: есепті кезеңде нақты теріс әсерлер анықталған жоқ. 3-3-e.i. Есептік топтың адами капиталды басқару процесінің тиімділігі ішкі және сыртқы аудиттер, негізгі тиімділік көрсеткіштерін мониторингтеу және қызметкерлер арасында жыл сайынғы сауалнама жүргізу арқылы бағаланады. Ішкі аудиттер «Фридом Финанс» АҚ, «Freedom Finance Global PLC» ЖК, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, «Freedom Life» ӨСҚ» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd. және «Freedom Technologies» ЖШС-де жүргізіледі. Адами капиталды басқару бөлігіндегі негізгі нәтижелілік көрсеткіштерін мониторингтеу «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, Freedom Finance Armenia LLC, Freedom Telecom Holding Ltd., «Arbuz Group» ЖШС және «Freedom Technologies» ЖШС-де жүргізіледі. Freedom Finance Europe Ltd.-де сыртқы аудит және қызметкерлер арасында жыл сайынғы сауалнама өткізіледі. 3-3-e.ii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі ілгерілеуді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштерді ашпайды. 3-3-e.iii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері, сондай-ақ негізгі тиімділік көрсеткіштерін мониторингтеу нәтижелері құпия болып табылады.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
				3-3-e.iv. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері, сондай-ақ негізгі тиімділік көрсеткіштерін мониторингтеу нәтижелері құпия болып табылады. 3-3-f. Ақпаратты ашпау — құпиялылық шектеулері: ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері, сондай-ақ негізгі тиімділік көрсеткіштерін мониторингтеу нәтижелері құпия болып табылады.
GRI 202: Нарықтардағы қатысу 2016	202-1 Үйым қызмет ететін өңірлерде жынысы бойынша бөліністегі бастапқы деңгейдегі қызметкерлердің стандартты жалақысының белгіленген ең төменгі жалақыға арақатынасы	72	Ынталандыру және еңбекақы төлеу	202-1-b. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт пен сервистік шартты жергілікті HR департаменттері жасайды, бұл ретте қызмет ету өңіріндегі ең төменгі жалақы мөлшеріне қойылатын талаптар ескеріледі. Шарттар жасалғанға дейін ақпарат әрбір нақты елдегі заң бөлімімен тексеріледі. Есепті кезеңде осы шарттар негізінде қызмет атқаратын бірде-бір қызметкер өңірде белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшерінен төмен жалақы алған жоқ.
GRI 202: Нарықтардағы қатысу 2016	202-2 Жергілікті халық өкілдері арасынан жалданған жоғары атқарушы буын басшыларының үлесі	75	Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	
GRI 405: Алуантүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	405-1 Басқару органдары мен қызметкерлердің алуантүрлілігі	46 68 75	Басшылық деңгейіндегі алуантүрлілік Freedom Holding Corp. командасы сандармен Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	
	405-2 Әйелдер мен ерлердің базалық жалақысының арақатынасы	116	1-қосымша: GRI көрсеткіші	405-2-a-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания қызметкерлердің базалық жалақысы мен сыйақысын қамтитын еңбекақы туралы ақпаратты ашпайды.
GRI 406: Кемсітушілікке жол бермеу 2016	406-1 Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету шаралары	63	Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері	
GRI 401: Жұмыспен қамту 2016	401-1 Жаңа қызметкерлердің жалпы саны, кадрлар тұрақтамауы	68	Freedom Holding Corp. командасы сандармен	
	401-2 Штаттық қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе штаттан тыс қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер	70	Лайықты еңбек жағдайлары	
	401-3 Ана болуға/әке болуға байланысты демалыс	70 116	Лайықты еңбек жағдайлары 1-қосымша: GRI көрсеткіші	401-3-c-d-e. Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралып, жұмысқа оралғаннан кейін 12 ай бойы жұмысын жалғастырған қызметкерлер саны: Ерлер — 0; Әйелдер — 17. Бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлердің жұмысқа оралу коэффициенті: Ерлер — 0%; Әйелдер — 158%. Бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкерлерді ұстап қалу коэффициенті: Ерлер — 0%; Әйелдер — 40,5%.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
GRI 402: Еңбек қатынастарын басқару 2016	402-1 Ұйым қызметіндегі өзгерістерге қатысты хабарлаудың ең қысқа мерзімі	72	Лайықты еңбек жағдайлары	402-1-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: Компанияда ұжымдық шарттар жоқ.
GRI 404: Оқыту және білім беру 2016	404-1 Бір қызметкерге шаққандағы жылдық орташа оқу сағаттарының саны	73	Даму және оқыту	
	404-2 Қызметкерлердің жұмыспен қамтылу қабілетін қолдауға бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламалары	73 117	Даму және оқыту 1-қосымша: GRI көрсеткіші	404-2-b. Үздіксіз жұмыспен қамтуды қолдау және зейнетке шығатын немесе қысқартуға ұшыраған қызметкерлерді қолдау бағдарламалары жоқ.
	404-3 Жұмыс нәтижелері мен мансаптық өсуіне тұрақты бағалау жүргізілетін қызметкерлердің пайызы	74	Қызметкерлердің қызметін бағалау	
GRI 403: Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік 2018	403-1 Еңбекті қорғауды басқару жүйесі	78	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	403-1-b. Есептік топ ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйелері осы ұйымдардың барлық қызметкерлерін қамтиды.
	403-5 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқыту	78	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	
	403-6 Қызметкерлердің денсаулығын қолдау	78	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	
	403-9 Жұмыс орнындағы жарақаттанушылық	78	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	403-9-a.v. 16 874 898 403-9-b. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Ақпарат қолжетімсіз: Қазіргі уақытта Есептік топ ұйымдарында жұмыс орнындағы жарақаттар туралы есеп тек осы ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты жүргізіледі. Қазіргі уақытта басты назар осы жазбалардың дәлдігін қамтамасыз етуге аударылған, ал осы саладағы кез келген болашақ өзгерістер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәжірибелерін тұрақты қайта қараумен үйлестірілетін болады. 403-9-f. Қазіргі уақытта Есептік топ ұйымдарындағы өндірістік жарақаттану есебі тек осы ұйымдардың қызметкерлері бойынша жүргізіледі. 403-9-g. Деректерді жинау қолданыстағы заңнама мен GRI стандарттарының талаптарына сәйкес есепке алу жүйелерін пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
Адам құқықтары				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	29 75	Тұрақты дамуды басқару тәсілі Адам құқықтары	
GRI 407: Бірлесу бостандығы және ұжымдық шарттар жасасу құқығы	407-1 Бірлесу бостандығы мен ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтарының бұзылу тәуекелі бар бөлімшелер мен жеткізушілер	75	Адам құқықтары	
GRI 409: Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек 2016	409-1 Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек жағдайлары туындауының маңызды тәуекеліне ұшырайтын операциялар мен жеткізушілер	75	Адам құқықтары	
Жергілікті қауымдастықтар.				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	80	Қызмет ету өңірлері мен жергілікті қауымдастықтардың дамуына қосқан үлес	3-3-b. Есептік топтың демеушілік және қайырымдылық қызметіне байланысты теріс әсерлер анықталған жоқ. 3-3-d. Есептік топтың демеушілік және қайырымдылық қызметіне байланысты нақты теріс әсерлер болмағандықтан, оларды жоюға бағытталған нысаналы іс-қимылдар жүзеге асырылған жоқ. 3-3-e.i. Есептік топ қолдайтын сыртқы демеушілік және қайырымдылық жобалар бенефициарлардан қорытынды есептер алуды көздейді. 3-3-e.ii. Қордың міндеттеріне мыналар кіреді: Қор жобаларының портфелін БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) және қаржылық тұрақтылық қағидаттары негізінде басқару. Freedom Holding Corp.-тың демеушілік және қайырымдылық қызметін орталықтандыру. 3-3-e.iii. Қолдау көрсетілетін сыртқы демеушілік және қайырымдылық жобалардың тиімділігі әрбір нақты жобаның ерекшелігіне байланысты. Бұл жобаларды іске асыру туралы ақпарат осы Есепте, сондай-ақ Қордың жеке есептілігі мен жарияланымдарында берілген. 3-3-f. «Freedom Шапағат» корпоративтік қоры жобаларды іріктеуге әсер ететін инвестициялау бағыттары мен стратегияларын айқындау кезінде қоршаған ортаға қамқорлық, қоғамға әсер ету және тұрақты экономикалық өсу қағидаттарын басшылыққа алады. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қаржылық қолдау алуға сырттан өтінімдерді қабылдауды, оларды өңдеуді және Қордың Қамқоршылық кеңесімен талқылауды қамтиды.
GRI 201: Экономикалық нәтижелілік 2016	201-1 Құрылған және бөлінген экономикалық құн	23	Құрылған және бөлінген экономикалық құн	

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
	201-3 Белгіленген жеңілдіктері бар зейнетақы жоспарларына байланысты ұйымның міндеттемелері	119	1-қосымша: GRI көрсеткіші	201-3-a. Есепті кезеңнің соңындағы міндетті зейнетақы аударымдарының жалпы сомасы 11,5 млрд теңгені құрады. 201-3-b-c. Компания қызмет ететін өңірлердің заңнамасында көзделмеген қызметкерлерге арналған арнайы зейнетақы қорлары немесе бағдарламалары жоқ. 201-3-d. Зейнетақы аударымдары шеңберінде жұмыс беруші аударатын жалақының жалпы үлесі 8,33%-ды құрады. 201-3-e. Компания жергілікті заңнамаға сәйкес міндетті әлеуметтік аударымдарды жүзеге асырады: Қазақстан Республикасы — 2025 жылы 12,5% және 2026 жылы 13,5%; Қырғыз Республикасы — 12,25%; Өзбекстан Республикасы — 0,1%; Армения Республикасы — жалпы жалақы мөлшеріне байланысты 5%-дан 10%-ға дейін. Осы көрсеткіштер бойынша ақпарат Freedom Finance Europe Ltd.-ті қоспағанда, Топтың барлық компаниялары бойынша ашылады. Жергілікті заңнамаға сәйкес Freedom Finance Europe Ltd. Әлеуметтік сақтандыру қорына (SIF) тұрақты түрде 8,8% мөлшерінде міндетті аударымдар жасайды, оның қаражаты зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылардың басқа түрлерін төлеуге пайдаланылады. SIF аталған жарналар құрамындағы зейнетақы аударымдарының үлесін ашпайтындықтан, бұл көрсеткішті ашу мүмкін емес.
GRI 203: Тікелей емес экономикалық әсерлер 2016	203-1 Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер	80	Қызмет ету өңірлері мен жергілікті қауымдастықтардың дамуына қосқан үлес	
	203-2 Елеулі тікелей емес экономикалық әсерлер	80	Қызмет ету өңірлері мен жергілікті қауымдастықтардың дамуына қосқан үлес	
GRI 413: Жергілікті қауымдастықтар 2016	413-1 Жергілікті қауымдастықтардың қатысуымен жүргізілетін операциялар, әсерді бағалау және даму бағдарламалары	80 119	Қызмет ететін өңірлер мен жергілікті қауымдастықтарды дамытуға қосқан үлес 1-қосымша: GRI көрсеткіші	Ақпаратты ашып көрсетпеу — Ақпарат қолжетімсіз. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Есептік топ қолдау көрсетілген жобалардың нәтижелеріне негізделген әлеуметтік немесе экологиялық әсерді бағалау әдіснамасын әлі енгізген жоқ. Алайда Есептік топ қызметінің барлық елеулі өңірлерінде ESG-мен байланысты сыртқы жобаларды қолдайды. Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл туралы қосымша ақпарат алу үшін Есептің «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» бөлімін қараңыз.
	413-2: Жергілікті қауымдастықтарға маңызды нақты және ықтимал әсер ететін операциялар	80 119	Қызмет ететін өңірлер мен жергілікті қауымдастықтарды дамытуға қосқан үлес 1-қосымша: GRI көрсеткіші	Ақпаратты ашып көрсетпеу — Ақпарат қолжетімсіз. Есепті кезеңде іске қосылған адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру рәсімінің қамту аясына сыртқы мүдделі тараптар кірмейді.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
Іскерлік этика және комплаенс				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	60-63	Іскерлік этика және комплаенс Комплаенс Мүдделер қақтығысы Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері	3-3-e.ii/iii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания құпиялылық себептері бойынша өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі ілгерілеуді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштерді ашпайды. 3-3-f. Тиісті бизнес-функциялардың басшылары негізгі іс-қимылдар мен нәтижелер туралы жаңартылған ақпаратты мерзімді түрде ұсынады, бұл Директорлар кеңесіне олардың тиімділігін бағалауға және стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Компания акционерлері Директорлар кеңесінде ұсынылғандықтан, бұл процесс мүдделі тараптардың пікірлерін қабылданатын шешімдерге де, олардың салдарын бағалауға да тікелей интеграциялауды қамтамасыз етеді.
GRI 201: Экономикалық нәтижелілік 2016	201-4 Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	120	1-қосымша: GRI көрсеткіші	201-4-a. Есепті кезең ішінде Компания осы көрсеткіште көзделген мемлекеттен қаржылық көмек алған жоқ. 201-4-c. Компанияның акционерлік құрылымында мемлекеттік билік органдары жоқ.
GRI 415: Мемлекеттік саясат 2016	415-1 Саяси жарналар	120	1-қосымша: GRI көрсеткіші	Freedom Holding Corp. саяси партияларға, саяси қайраткерлерге немесе олардың өкілдеріне қаржылық қолдау көрсетпейді.
Деректерді қорғау және құпиялылық				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	53	Киберқауіпсіздік және деректердің құпиялылығы	3-3-e.ii/iii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания құпиялылық себептері бойынша өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі ілгерілеуді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштерді ашпайды.
GRI 418: Клиенттік ақпараттың құпиялылығы 2016	418-1 Клиенттік ақпараттың құпиялылығын бұзу немесе деректерді жоғалту туралы негізделген шағымдар	120	1-қосымша: GRI көрсеткіші	418-1. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания құпиялылық себептері бойынша ақпаратты ашпайды.
Тәуекелдерді басқару				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	52	Тәуекелдерді басқару	3-3-e.ii/iii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания құпиялылық себептері бойынша өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі ілгерілеуді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштерді ашпайды. 3-3-f. Тиісті бизнес-функциялардың басшылары негізгі іс-қимылдар мен нәтижелер туралы жаңартылған ақпаратты мерзімді түрде ұсынады, бұл Директорлар кеңесіне олардың тиімділігін бағалауға және стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Компания акционерлері Директорлар кеңесінде ұсынылғандықтан, бұл процесс мүдделі тараптардың пікірлерін қабылданатын шешімдерге де, олардың салдарын бағалауға да тікелей интеграциялауды қамтамасыз етеді.

GRI стандарты	Ақпаратты ашу	Есеп беті	Есеп бөлімдері	Түсіндірме
Корпоративтік басқару тәжірибелері				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	41 42 46	Корпоративтік басқару жүйесі Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру	3-3-d.ii. Freedom Holding Corp. нақты теріс әсерлерді анықтаған жоқ, сондықтан түзету шараларын қабылдау талап етілмеді. 3-3-e.ii. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Құпиялылық: Компания корпоративтік басқару тәжірибелерінің тиімділігін талдау кезінде ілгерілеуді бағалау үшін пайдаланылатын мақсаттарды, міндеттерді және көрсеткіштерді ашпайды.
Өзге де өзекті тақырыптар				
GRI 303: Су және төгінділер 2018	303-2 Суды ағызуға байланысты әсерлерді басқару	106	Су ресурстарын пайдалану	
	303-5 Су ресурстарын пайдалану	106	Су ресурстарын пайдалану	303-5-c. Ақпаратты ашып көрсетпеу — Қолданылмайды: Компания суды сақтау қызметімен айналыспайды.
GRI 306: Қалдықтарды басқару 2020	306-2 Қалдықтарға байланысты маңызды әсерлерді басқару	107	Қалдықтарды басқару	
	306-3 Түзілетін қалдықтар	107	Қалдықтарды басқару	
	306-4 Кәдеге жаратудан басқа бағыттарға жіберілген қалдықтар	107	Қалдықтарды басқару	306-4-d.i. Компания және оның еншілес ұйымдары өз аумағында қалдықтарды кәдеге жаратпайды.

2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі

Маңызды тақырып	Көрсеткіш	SASB коды	Есеп бөлімі	Түсіндірме
Активтерді басқару және Кастодиандық қызмет				
Қызметкерлердің алуантүрлілігі және инклюзивтілігі	(1) гендерлік өкілдіктің және (2) қызметкерлердің әртүрлі топтарының өкілдігінің (алуантүрліліктің) пайыздық арақатынасы: (a) атқарушы басшылық, (b) атқарушы емес басшылық, (c) мамандар және, (d) барлық қалған қызметкерлер үшін	FN-AC-330a.1	Қызметкерлерге қамқорлық: Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу; Корпоративтік басқару: Корпоративтік басқару жүйесі	
	Клиенттерді өнімдер мен қызметтер туралы ақпараттандыру тәсілінің сипаттамасы	FN-AC-270a.3	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	«Фридом Финанс» АҚ және «Freedom Finance Global PLC» ЖК клиенттерді мынадай тетіктер арқылы ақпараттандырады: • Корпоративтік веб-сайттарда бекітілген құжаттаманы үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) жариялау; • Өнімдерді ашу немесе клиенттік жүйелерде тіркелу кезінде оферта шарттарымен таныстыру; Баспасөз релиздері мен БАҚ-тағы мақалаларды жариялау; • Клиенттерді қолдау сервистері арқылы тікелей коммуникация жасау. • Клиенттермен коммуникация жүргізу тәртібі корпоративтік коммуникациялық саясаттармен айқындалады. Институционалдық клиенттермен коммуникация негізінен жеке менеджерлер, инвестициялық банкинг және қазынашылық бөлімдері, сондай-ақ Priority-бөлімшелерінің талдаушы қызметкерлері арқылы жүзеге асырылады. Бөлшек клиенттермен коммуникация барлық қолжетімді тетіктер арқылы жүргізіледі.
Іскерлік этика	Бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясаттар мен рәсімдердің сипаттамасы	FN-IB(AC)-510a.2	Корпоративтік басқару: Бұзушылықтар туралы хабарлау тетіктері	
Тұтынушылық қаржыландыру				
Деректер қауіпсіздігі	Киберқауіпсіздік тәуекелдерін анықтау және басқару тәсілінің сипаттамасы	FN-CF-230a.3	Корпоративтік басқару: Тәуекелдерді басқару	
Инвестициялық банкинг				
Қызметкерлердің алуантүрлілігі және инклюзивтілігі	(1) гендерлік өкілдіктің және (2) қызметкерлердің әртүрлі топтарының өкілдігінің (алуантүрліліктің) пайыздық арақатынасы: (a) атқарушы басшылық, (b) атқарушы емес басшылық, (c) мамандар және, (d) барлық қалған қызметкерлер үшін	FN-IB-330a.1	Қызметкерлерге қамқорлық: Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу; Корпоративтік басқару: Корпоративтік басқару жүйесі	

Маңызды тақырып	Көрсеткіш	SASB коды	Есеп бөлімі	Түсіндірме
Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды инвестициялық-банктік және брокерлік қызметке интеграциялау	Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) факторларды интеграциялауды қамтитын салалар бойынша: (1) андеррайтингтік, (2) консультациялық және, (3) секьюритизациялық мәмілелерден алынған кіріс	FN-IB-410a.1	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	2026 қаржы жылында экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) факторларды интеграциялауды қамтитын брокерлік операциялар жүзеге асырылған жоқ.
Ұйымның қызметі	Андеррайтингтік (a), консультациялық (b), секьюритизациялық (c) мәмілелердің саны мен құны	FN-IB-000.A	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Брокерлік ұйымдар жүргізген андеррайтингтік мәмілелер саны: 20; Брокерлік ұйымдар жүргізген андеррайтингтік мәмілелердің құны: 252,2 млн АҚШ доллары; Брокерлік ұйымдар жүргізген консультациялық мәмілелер саны: 11. Freedom Holding Corp. өзінің консультациялық мәмілелерінің құнын ашпайды. Брокерлік ұйымдар жүргізген секьюритизациялық мәмілелер саны: 2; брокерлік ұйымдар жүргізген секьюритизациялық мәмілелердің құны: 16,6 млн АҚШ доллары.
	(1) (a) тіркелген кірістілігі бар, (b) акциялармен, (c) валютамен, (d) туынды қаржы құралдарымен және (e) тауарлық өнімдермен жасалған маркет-мейкингтік мәмілелердің (ағылш. market making transactions) саны және (2) құны	FN-IB-000.C	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Брокерлік ұйымдар жүргізген тіркелген кірістілігі бар маркет-мейкингтік мәмілелер саны: 2 979; Брокерлік ұйымдар жүргізген тіркелген кірістілігі бар маркет-мейкингтік мәмілелердің құны: 16,2 млн АҚШ доллары. Брокерлік ұйымдар жүргізген акциялармен маркет-мейкингтік мәмілелер саны: 85 086; брокерлік ұйымдар жүргізген акциялармен маркет-мейкингтік мәмілелердің құны: 152 млн АҚШ доллары. Брокерлік ұйымдар жүргізген туынды қаржы құралдарымен маркет-мейкингтік мәмілелер саны: 2 094; брокерлік ұйымдар жүргізген туынды қаржы құралдарымен маркет-мейкингтік мәмілелердің құны: 4,9 млн АҚШ доллары.
Сақтандыру				
Клиенттер үшін ашық ақпарат және адал консультациялар	Клиенттерді ұстап қалу деңгейі	FN-IN-270a.3	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Клиенттерді ұстап қалу деңгейі: 0,33[89].
	Клиенттерді өнімдер мен қызметтер туралы ақпараттандыру тәсілінің сипаттамасы	FN-IN-270a.4	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Компанияның сақтандыру саласындағы еншілес ұйымдары клиенттермен тәулік бойы жұмыс істейтін жедел желі, ресми веб-сайттар, клиенттердің жеке кабинеттері, e-mail және SMS-таратылымдар, әлеуметтік желілер, Freedom SuperApp-тағы өнім беттері мен push-хабарламалар, сондай-ақ семинарлар, вебинарлар және тікелей эфирлерді қоса алғанда, онлайн және офлайн іс-шаралар арқылы байланыс жасайды. Клиенттер жеке кабинеттер, веб-сайттар, мобильді қосымшалар және Freedom SuperApp арқылы полистер мен өнімдер туралы ақпаратқа тұрақты қол жеткізе алады. Бұл арналар қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде өзара іс-қимылдың ашықтығын, қолжетімділігін және жеделдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

[89] Қысқа мерзімді клиенттер (келісімдері 2025 жылғы 1 сәуірден кейін жасалып, 2026 жылғы 31 наурызға дейін аяқталған клиенттер) ұстап қалу деңгейін есептеу кезінде пайдаланылған «Есепті кезеңдегі жаңа клиенттер» құрамдасына енгізілген жоқ.

Маңызды тақырып	Көрсеткіш	SASB коды	Есеп бөлімі	Түсіндірме
				Өнімдердің қағидалары мен талаптары тиісті компаниялардың ресми веб-сайттарында жалпыға қолжетімді. Қажет болған жағдайда өзекті қағидалар клиенттерге шартқа қол қою немесе полисті ресімдеу кезінде қағаз түрінде де ұсынылады. Қамту шарттары, оның ішінде лимиттер, шегерімдер (франшизалар) және алып тастаулар тиісті сақтандыру қағидаларында және полистік құжаттамада көрсетілген. «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ залалдарды реттеудің толық онлайн процесін ұсынады. Клиенттер өтініштер мен қажетті құжаттарды ресми веб-сайттағы жеке кабинет немесе Freedom SuperApp-пен интеграцияланған dtp.kz сайты арқылы жібереді, бұл клиенттерге мобильді қосымша арқылы өтініш беруге және олардың мәртебесін бақылауға мүмкіндік береді. «Freedom Life» ӨСК» АҚ сақтандыру жағдайлары туралы өтініштерді жеке кабинет, ресми веб-сайт арқылы онлайн режимде, сондай-ақ компания кеңселерінде қабылдайды. Реттеу процесі өтінішті тіркеуді, залалды бағалауды, қажетті құжаттарды жинауды, қажет болған жағдайда сараптамалық бағалауды, талаптың негізділігін тексеруді, төлем жасау немесе негізделген бас тарту туралы шешім қабылдауды және төлемді жүзеге асыруды қамтиды. «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ өнімдері тікелей компанияның веб-сайты арқылы сатып алынады, онда өнімдер туралы толық ақпарат қолжетімді. «Freedom Life» ӨСК» АҚ өнімдері онлайн режимде, Freedom SuperApp-та, компания кеңселерінде, агенттер арқылы, ал жекелеген өнімдер бойынша сақтандыру талаптары туралы қажетті ақпарат ұсынылатын серіктестік платформаларда қолжетімді. Залалдарды реттеу барысында клиенттерге консультациялар, қажетті құжаттардың тізбелері және төлем туралы шешімдер e-mail немесе WhatsApp мессенджері арқылы (қолданылатын жағдайларда) ұсынылады. Компаниялардың маркетингтік қызметі мен клиенттермен өзара іс-қимылы маркетингтік қызметті, жарнамалық материалдарды, Қазақстан Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес ресми веб-сайтты басқаруды, сондай-ақ клиенттердің кері байланысын, шағымдары мен наразылықтарын өңдеудің бірыңғай тәртібін қамтитын ішкі рәсімдермен реттеледі.
Жүйелік тәуекелдерді басқару	Жүйелік сақтандыруға жатпайтын қызметпен байланысты капитал мен өтімділік тәуекелдерін басқару тәсілінің сипаттамасы	FN-IN-550a.3	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Freedom Holding Corp. сақтандыру компанияларының тәуекел-менеджмент бөлімшелері инвестициялық қызметпен байланысты пруденциялық нормативтер мен басқа да міндетті нормативтік талаптардың орындалуын күнделікті негізде мониторингтейді. Инвестициялық тәуекелдер мен сақтандыру қызметі тәуекелдері бойынша стресс-тестілеу компанияларда жыл сайын жүргізіледі. Стресс-тестілеу нәтижелері Директорлар кеңесінің және реттеуші орган — Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қарауына ұсынылады. Компанияларда сондай-ақ тиісті құрылымдық бөлімшелер мен оларды іске асыруға жауапты қызметкерлердің іс-қимылдарын айқындайтын Тәтенше жағдайлардағы іс-қимыл жоспарлары және Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары бекітілген.
Үйымның қызметі	Сегменттер бойынша қолданыстағы полистер саны: (1) мүлікті және жазатайым оқиғалардан сақтандыру, (2) өмірді сақтандыру, (3) болжамды қайта сақтандыру	FN-IN-000.A	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Есепті кезеңнің соңында Freedom Holding Corp. сақтандыру компанияларының санаттар бойынша қолданыстағы сақтандыру полистерінің саны: 1. Мүлікті және жазатайым оқиғалардан сақтандыру: 143 535 полис; 2. Өмірді сақтандыру: 157 090 полис; 3. Қайта сақтандыру: 90 078 полис.

3-Қосымша: Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

Спортты дамыту

Қор Орал қаласында үстел теннисі орталығын салуға 2,05 млрд теңге бөлді. Жаңа спорт кешені жаттығулар өткізуге, жарыстар ұйымдастыруға және жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлауға қосымша мүмкіндіктер жасайды. Мұндай нысаналы инвестициялар елдегі спорттың әртүрлі бағыттарын дамытуға ықпал етеді және өңірлерге мамандандырылған спорттық даярлық орталықтарын қалыптастыруға көмектеседі. Күтілетін нәтижелер үстел теннисімен айналысатын адамдар санының өсуін және өңірдегі спорттық жетістіктердің артуын қамтиды.

Қор 2026 жылы Астанада өтетін «Болашақ ойындары» халықаралық мультиспорттық турнирін өткізу үшін «Спорттық инновациялар» корпоративтік қорына 500 млн теңге бөлді, бұл ретте «Қазспортинвест» АҚ жобаның ұйымдастырушысы болады. Турнир спорттық және цифрлық пәндерді біріктіреді және Қазақстанның технологиялық форматтарды пайдалана отырып халықаралық жарыстар өткізу тәжірибесін кеңейтуге бағытталған.



Білім беру және технологиялар

Freedom Holding Corp. Inalco француз серіктестерімен бірлесіп әзірлеген иммерсивті академиялық және мәдени бағдарламаны қолдауға 73,5 мың еуро бөлді. Бұл бастама халықаралық білім беруді, тілдік алмасуды және академиялық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Күтілетін әсер мәдени дипломатияны нығайтуды, дағдыларды дамытуды және қазақстандық қатысушылардың жаһандық академиялық интеграциясын қамтиды.

Қор 2026 жылы Астанада Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық олимпиаданы дайындау және ұйымдастыру үшін «Спорттық бағдарламалау федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігіне 100 млн теңге бөлді. Жоба жасанды интеллект бойынша халықаралық академиялық олимпиаданы өткізуге және Қазақстанның технологиялық білім беру саласындағы бастамаларға қатысуына арналған.

Қор Қазақстанның креативті секторын дамытудың кешенді моделін іске асыру үшін «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қорына 100 млн теңге бөлді. Жоба таланттарды анықтау және дамыту, акселерациялық бағдарламалар, сарапшылар мен продюсерлерді қолдау, шығармашылық жобаларды коммерцияландыру, жаңа нарықтарға шығуға жәрдемдесу, сондай-ақ мәдениет пен медиа саласындағы бастамаларды іске асыруды қамтиды.



Шахматты дамыту

Қор Шымкентте арнайы шахмат үйін салуға 255,8 млн теңге бөлді. Бұл жоба жастардың шахмат жаттығуларына, жарыстарға және білім беру бағдарламаларына қолжетімділігін кеңейтеді. Шахмат стратегиялық ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Жоба зияткерлік дамуға және Қазақстанның халықаралық шахмат аренасындағы позициясын одан әрі нығайтуға ықпал етеді деп күтіледі.



Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер

Есепті кезең аяқталғаннан кейін Freedom Holding Corp. өзінің негізгі бағыттары бойынша қызметін жалғастырды. Есепті кезеңнен кейін доктор Қайрат Келимбетов Компанияның Директорлар кеңесінің құрамынан шықты, нәтижесінде Директорлар кеңесі мүшелерінің саны алтыға дейін қысқарды.

4-қосымша: Терминдер сөздігі

Аббревиатура/қысқартылған сөздер	Толық атауы
AI	Artificial Intelligence / Жасанды интеллект
AIX	Astana International Exchange / Астана халықаралық биржасы
CEO	Chief Executive Officer / Бас атқарушы директор
CFO	Chief Financial Officer / Бас қаржы директоры
CH_4	Methane / Метан
CHRO	Chief Human Resources Officer / Персоналды басқару жөніндегі бас директор
CI	Conservation International / Табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық қоғам
CIF	Cypriot Investment Firm / Кипр инвестициялық компаниясы
CO_2	Carbon dioxide / Көмірқышқыл газы
COSO ERM:2017	Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission — Enterprise Risk Management / Тредвей комиссиясының демеуші ұйымдар комитеті — Кәсіпорын тәуекелдерін басқару
CPA	Certified Public Accountant / Сертификатталған аудитор
CSI	Customer Satisfaction Index / Клиенттердің қанағаттану индексі
EMIR	European Market Infrastructure Regulation / Биржадан тыс деривативтер, орталық контрагенттер және сауда репозиторийлері туралы регламент
ESG	Environmental Social Governance / Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару
ETF	Exchange-Traded Fund / Биржалық инвестициялық қор
EU	European Union / Еуропалық Одақ
EURIBOR	The Euro Interbank Offered Rate / Еуропалық банкаралық ұсыныс мөлшерлемесі
FAIR	Factor Analysis of Information Risk / Ақпараттық тәуекелдерді факторлық талдау
FIDE	Federation Internationale des Echecs / Халықаралық шахмат федерациясы
FRHC	Freedom Holding Corp.
FY	Fiscal year / Қаржы жылы
GHG	Greenhouse gas / Парниктік газдар
GRI	Global Reporting Initiative / Жаһандық есептілік бастамасы

Аббревиатура/қысқартылған сөздер	Толық атауы
HR	Human Resources / Персоналды басқару
HRDD	Human Rights Due Diligence / Адам құқықтары саласындағы тиісті тексеру
ICMA	International Capital Market Association / Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы
ICT	Information and Communication Technology / Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
IE	Individual entrepreneurs / Жеке кәсіпкер
Inc.	Incorporated Company / Корпорация (тіркелген компания)
ISO	International Organization for Standardization / Халықаралық стандарттау ұйымы
ISO/IEC 27001:2022	Information security management systems / Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандарт
ITS	International Trading System / Халықаралық сауда
JSC	Joint Stock Company / Акционерлік қоғам (АҚ)
KASE	Kazakhstan Stock Exchange / Қазақстан қор биржасы
KZT	Kazakhstani Tenge / Қазақстан теңгесі
LLC	Limited Liability Company / Жауапкершілігі шектеулі қоғам
LLP	Limited Liability Partnership / Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Ltd.	Limited Company / Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
MiFIR	Markets in Financial Instruments Regulation / Қаржы құралдары нарығын реттеу
MBA	Master of Business Administration / Іскерлік әкімшілендіру магистрі
N_2O	Nitrous oxide / Азот тотығы
NACD	National Association of Corporate Directors / Корпоративтік директорлардың ұлттық қауымдастығы
NGFS	Network for Greening the Financial System / Қаржы жүйесін экологияландыру желісі
NIST	National Institute of Standards and Technology / Ұлттық стандарттар және технологиялар институты
NPS	Net Promoter Score / Тұтынушылардың адалдық индексі
NYSE	New York Stock Exchange / Нью-Йорк қор биржасы
PCAF	The Partnership for Carbon Accounting Financials / Қаржы секторындағы көміртекті есепке алу жөніндегі әріптестік

Аббревиатура/қысқартылған сөздер	Толық атауы
PLC	Public limited company / Жауапкершілігі шектеулі ашық жария компания
RCP	Representative Concentration Pathway / Концентрацияның репрезентативтік траекториялары
SASB	Sustainability Accounting Standards Board / Тұрақты даму саласындағы есеп стандарттары жөніндегі кеңес
SDG	Sustainable Development Goal / Тұрақты даму мақсаттары
SEC	Securities and Exchanges Commission / Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия
SOFR	Secured Overnight Financing Rate / Қамтамасыз етілген овернайт қаржыландыру мөлшерлемесі
SOX	Sarbanes-Oxley Act / Сарбейнс-Оксли заңы
STEM	Science, technology, engineering, and mathematics / Ғылым, технологиялар, инженерия және математика
UECIT	Union of Employers of Information and Communication Technology / Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жұмыс берушілерінің одағы
UNGC	United Nations Global Compact / БҰҰ Жаһандық шарты
US GAAP	United States Generally Accepted Accounting Principles/Общепринятые принципы бухгалтерского учета / АҚШ-тағы жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаттары
USAID	United States Agency for International Development / АҚШ Халықаралық даму агенттігі
USD	US Dollar / АҚШ доллары
WWF	World Wide Fund for Nature / Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры

Аббревиатура/қысқартылған сөздер	Толық атауы
АЖ/ТҚҚ	Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
АҚ	Акционерлік қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕМС	Ерікті медициналық сақтандыру
ЖИ	Жасанды интеллект
ЖИТС	Жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы
ЖК	Жария компания
ЖПЖПӨОШ	Жерді пайдалану, жер пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
КӨҮСТ	Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы
МВтсағ	Мегаватт-сағат
Мл	Мегалитр
РЕПО мәмілесі	Дилер базалық активті инвесторға сататын және тараптардың келісімі бойынша оны қысқа мерзімнен кейін кері сатып алуға міндеттенетін қысқа мерзімді қарыз алу нысаны
СК	Сақтандыру компаниясы
т	Тонна
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
т CO_2-экв.	Көмірқышқыл газының эквивалент тоннасы
ҰОК	Ұлттық Олимпиада комитеті
ФК	Футбол клубы
ШОК	Шағын және орта кәсіпорындар

5-қосымша: Тәуелсіз тәжірибеші маманның есебі

Deloitte.

«Делойт» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы 36
Алматы, 050059,
Қазақстан Республикасы

Тел: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
deloitte.kz

Freedom Holding Corp. компаниясының Тұрақты даму туралы есебі бойынша тәуелсіз тәжірибеші маманның шектеулі сенімділік есебі

Freedom Holding Corp. акционерлеріне және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларына

Шектеулі сенімділік есебі

Біз Freedom Holding Corp. компаниясының («Компания») 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша және 2025 жылғы 1 сәуірден 2026 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең бойынша Тұрақты даму туралы есебіне енгізілген 1-127 беттерде ұсынылған тұрақты даму туралы ақпараттың ашылуына («Тұрақты даму туралы есеп») қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындадық.

Орындалған рәсімдер мен алынған дәлелдемелер негізінде Тұрақты даму туралы есеп барлық маңызды аспектілер бойынша Жаһандық есептілік бастамасының (GRI) мазмұны индексінде (Тұрақты даму туралы есептің 1-қосымшасы) көрсетілген GRI стандарттарына («Қолданылатын критерийлер») сәйкес ақпаратты шынайы көрсететініне күмән тудыратын фактілер біздің назарымызға түскен жоқ.

Шектеулі сенімділік есебінің негізі

Біз Халықаралық аудит және сенімділікті қамтамасыз ету тапсырмаларының стандарттары бойынша кеңес шығарған Халықаралық сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар стандарты 3000 (қайта қаралған) «Аудиттен немесе өткен кезеңдердің қаржылық ақпаратын шолып тексеруден басқа ақпараттың дұрыстығын растау жөніндегі тапсырмалар» («ХСҚТС 3000 (қайта қаралған)») сәйкес шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындадық.

Аталған стандартқа сәйкес біздің жауапкершілігіміз осы есептің «Тәжірибеші маманның жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне («БХӘСК кодексі») сәйкес тәуелсіздік талаптарын және басқа да әдеп талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында біздің тапсырмамызға қолданылатын әдеп талаптары мен тәуелсіздік талаптарын сақтаймыз. Бұл талаптар адалдық, объективтілік, кәсіби құзыреттілік пен тиісті мұқияттылық, құпиялылық және кәсіби мінез-құлықтың іргелі қағидаттарына негізделген.

Біз Халықаралық аудит және сенімділікті қамтамасыз ету тапсырмаларының стандарттары бойынша кеңес шығарған Халықаралық сапаны басқару стандартын 1 («ХСС») қолдандық. Бұл стандарт фирмадан әдеп талаптарын, кәсіби стандарттарды және қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтауға қатысты саясаттар мен рәсімдерді қамтитын сапаны басқару жүйесін әзірлеуді, енгізуді және оның жұмыс істеуін талап етеді.

Біздің пікірімізше, біз алған дәлелдемелер шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін есебімізге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» («ДТТЛ») құрамына кіретін заңды тұлғалардың және олардың үлестес тұлғаларының біріне не кез келген санына жатады. ДТТЛ (сондай-ақ «Делойт» халықаралық желісі» деп те аталады) және ДТТЛ-ға қатысушы әрбір фирма дербес және тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. ДТТЛ клиенттерге қызметтерді тікелей көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты www.deloitte.com/about сайтынан табуға болады.

©2026 «Делойт» ЖШС. Барлық құқықтар қорғалған

Deloitte.

Өзге мәліметтер

Тұрақты даму туралы есептегі сыртқы ақпарат көздері мен веб-сайттарға жасалған сілтемелер шектеулі сенімділікті қамтамасыз ету жөніндегі біздің тапсырмамыздың мәні болып табылмайды. Осыған байланысты біз аталған ақпаратқа қатысты сенімділік білдірмейміз.

Тұрақты даму туралы есепті дайындаудағы ажырамас шектеулер

Қолданылатын критерийлерге сәйкес болжамды ақпаратты ұсынған кезде Компания басшылығы осындай болжамды ақпаратты болашақта орын алуы мүмкін оқиғаларға, сондай-ақ Компанияның ықтимал болашақ әрекеттеріне қатысты ашып көрсетілген жорамалдар негізінде дайындауға міндетті. Нақты нәтижелер өзгеше болуы ықтимал, себебі болжалды оқиғалар күткендей орын алмауы мүмкін.

Әртүрлі ұйымдар арасында және әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі Тұрақты даму туралы есептің салыстырмалылығы осындай ақпаратты бағалау мен өлшеудің бірыңғай тәжірибесінің болмауы салдарынан шектеулі болуы мүмкін. Бұл әртүрлі, бірақ қолайлы өлшеу әдістемелерін қолдануға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, Тұрақты даму туралы есеп Қолданылған критерийлермен бірге қарастырылып, түсінілуі тиіс.

Бұл жағдайлар біздің пікірімізде ескертпе жасауға әкелген жоқ.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі
Компания басшылығы Тұрақты даму туралы есепті Қолданылатын критерийлерге сәйкес дайындауға және оның шынайы ұсынылуына жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Тұрақты даму саласында есептілікті дайындаудың тиісті әдістерін таңдауға және қолдануға;
- Қолданылатын критерийлерге сәйкес Тұрақты даму туралы есептегі тұрақты даму туралы ақпаратты дайындауға, өлшеуге, ұсынуға және ашып көрсетуге, сондай-ақ нақты жағдайларда орынды болған осындай ашуларға қатысты негізделген жорамалдар мен бағалаулар жасауға;
- басшылықтың пікірінше ықылассыз әрекеттер немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын Тұрақты даму туралы есептің дайындалуын қамтамасыз етуге қажет болатын ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмамызды табысты орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті қолжетімділікті ұсынуға және барлық қажетті жазбаларды, хат-хабарларды, ақпарат пен түсіндірмелерді ұсынуға жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Freedom Holding Corp. компаниясының тұрақты даму саласындағы есептілігін дайындау процесін қадағалауға жауапты.

Deloitte.

Тәжірибеші маманның жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан есебіміздің ауқымына кіретін Тұрақты даму туралы есепте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы жоспарлау мен орындау және біздің есебімізді қосатын шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма бойынша Есеп шығару болып табылады. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттер немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың Тұрақты даму туралы есеп негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХСҚТС 3000 (қайта қаралған) сәйкес жүргізілетін шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл тапсырма барысында кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Біз Тұрақты даму туралы есепке қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма бойынша тәуелсіз есеп ұсынуға мүмкіндік беретін жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алуға арналған рәсімдерді жоспарлаймыз және орындаймыз.

Біз сондай-ақ төмендегілерге жауаптымыз:

- Компанияның ішкі бақылау жүйесін, Тұрақты даму туралы есебін дайындауға қатысты процестері мен ақпараттық жүйелерін түсіну, алайда нақты бақылау рәсімдерінің әзірленуін бағаламау, олардың енгізілу дәлелдерін алмау немесе операциялық тиімділігін тексермеу;
- Ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан елеулі бұрмалаулар туындауы ықтимал ашуларды анықтау үшін Тұрақты даму туралы есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат ашуларды және тапсырманың өзге жағдайларын түсіну;
- Тұрақты даму туралы есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат ашуларда елеулі бұрмалаулардың туындауы ықтимал деп айқындалған салаларды есепке ала отырып рәсімдерді әзірлеу және орындау. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалаудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмалаудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- Тұрақты даму туралы есепке қатысы болуы мүмкін мәселелер туралы тиісті тараптарға хабарлау, оның ішінде заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамаудың, ықылассыз әрекеттердің, сондай-ақ Тұрақты даму туралы есепті дайындау кезіндегі ағат пікірліліктің анықталған немесе болжалды жағдайлары;
- Басшылыққа және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма бойынша тәуелсіз есеп нысанындағы біздің есебімізді ұсыну.

Орындалған жұмыстардың қысқаша мазмұндамасы

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма Тұрақты даму туралы есепке қатысты дәлелдерді алуға арналған рәсімдерді орындауды қамтиды. Таңдалған рәсімдердің сипаты, мерзімдері және ауқымы кәсіби пайымдау негізінде анықталады, оның ішінде ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан Тұрақты даму туралы есепте елеулі бұрмалануы мүмкін ашуларды айқындау да қамтылады.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма аясындағы рәсімдер сипаты мен мерзімдері бойынша өзгешеленеді, орынды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға қарағанда олардың ауқымы азырақ болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынатын сенімділік деңгейі орынды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма орындалған жағдайда алынатын сенімділік деңгейінен төменірек болады.

Deloitte.

Біздің шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмамызды орындау барысында біз:

- Тұрақты даму туралы есептің жалпы ұсынылуын бағаладық және тұрақты даму мәселелері мен тиісті ақпарат ашуларды қоса алғанда, Тұрақты даму туралы есептің тұтастай алғанда Қолданылатын критерийлерге сәйкес дайындалуын қарастырдық.
- Қолданылатын критерийлердің орындылығын, олардың дәйекті қолданылуын және Тұрақты даму туралы есептегі тиісті ақпарат ашуларды бағаладық. Бұған Компания жүргізген елеулілікті бағалауды, сондай-ақ басшылық дайындаған бағалау мәндерінің негізділігін талдау кірді.
- Сауалдар жолдау арқылы Компанияның бақылау ортасын, есептілікті дайындау процестерін, ақпараттық жүйелер мен Тұрақты даму туралы есепті дайындауға қатысы бар тәуекелдерді бағалау процесі туралы жалпы түсінік алдық, алайда ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тексеруді жүргізген жоқпыз;
- Тұрақты даму туралы есептің жаңылыстыратын не теңгерімсіз ақпараттың, немесе ықылассыз әрекеттер не қателесу салдарынан елеулі бұрмалаудың туындау ықтималдығы бар салаларын айқындадық;
- Жүргізілген тәуекелдерді талдау нәтижелерін есепке ала отырып, Тұрақты даму туралы есептің негізділігін бағалауға бағытталған сенімділікті қамтамасыз етудің қосымша рәсімдерін әзірлеп, орындадық. Бұл рәсімдер, басқалармен қатар, төмендегілерді қамтыды:
    - Компанияның тұрақты даму саласындағы стратегиясына, саясатына және қызмет нәтижелеріне жауапты корпоративтік басқару деңгейіндегі Компания басшылығынан түсіндірмелер алу;
    - Тұрақты даму туралы есепке енгізілген ақпаратты дайындауға, ішкі рәсімдерді орындауға және деректерді шоғырландыруға жауапты тиісті қызметкерлерден түсіндірмелер алу;
    - тұрақты даму саласындағы ақпарат ашулар Компанияның бастапқы есептік деректеріне сәйкестігіне сенімділікті қамтамасыз ететін дәлелдемелер алу;
    - қолданылатын жағдайларда бастапқы растау құжаттарын тексеруді қоса алғанда, деректердің тиісті түрде жиналып, есептілікте көрсетілгенін бағалау мақсатымен іріктемелі негізде тұрақты даму саласындағы ақпарат ашуларды тексеру.
- Тұрақты даму туралы есепте ұсынылған ақпараттың біздің тексеруіміздің ауқымына енбеген қаржылық есептіліктегі ақпаратпен сәйкестігін бағаладық.

Deloitte LLP

Алматы, Қазақстан Республикасы

17 тамыз 2026 жыл

FREEDOM

Байланыс ақпараты

Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7,
Esentai Tower бизнес-орталығы
Сұрақтарыңызды ESG Басқармасына жолдауға болады

esg@frhc.group
+7 (727) 355 75 55
www.freedomholdingcorp.com